Moreover, the obtained quantitative outcomes are confirmed by the results of the questionnaire conducted among the participants in the experimental group, whose answers regarding their attitude towards artificial intelligence in education are provided in Table 2. Students in the experimental group showed their positive attitude to the use of artificial intelligence in the learning process. They noted that it had significantly increased their motivation (M = 4.3), helped improve speaking skills (M = 4.5), helped to understand their mistakes (M = 4.6), and enhanced their learner autonomy (M = 4.2). Moreover, students admitted a lower level of anxiety while practicing foreign languages in the presence of artificial intelligence (M = 4.0), and also noted the high probability of applying it in the future classes (M = 4.6). The findings coincide with the results of a more detailed analysis performed by means of a separate questionnaire consisting of the questions described in Table 3, where motivation, confidence, autonomy, and effectiveness of integration are emphasized.

Thus, the findings prove that the usage of artificial intelligence is efficient for students studying in non-linguistic specialties, who are limited in terms of time and other priorities. Adaptive learning and the opportunity to develop productive skills outside class contributed to higher learners' motivation, confidence, and involvement in foreign language communication with the focus on their profession.

At the same time, it is important to state that despite the significant gains, it is important to consider the pedagogical aspects of using artificial intelligence, as otherwise the results can be misleading. In order to maximize the advantages, a purposeful approach must be applied, and artificial intelligence must be used only as an auxiliary tool to facilitate the teachers' work.

In addition, some limitations exist. First, the period of artificial intelligence application was not very long. Second, the sample of participants was not big enough. For these reasons, further studies might focus on longer periods of experimentation, cross-disciplinary analysis, etc. Nevertheless, integrated data in Tables 1-3 and Figure 1 show the high potential of using artificial intelligence in foreign language education for non-linguistics students.

REFERENCES

[1] Holmes W., Bialik M., Fadel C. Artificial intelligence in education: Promises and implications for teaching and learning // Center for Curriculum Redesign. – 2019. – №4. – P.145-159.

[2] Dörnyei Z. The psychology of the language learner: Individual

differences in second language acquisition // Journal of Lawrence Erlbaum Associates. – 2005. – №1. – P.33-54.

[3] Kukulska-Hulme A. Mobile-assisted language learning // The Encyclopedia of Applied Linguistics. Wiley. – 2020. – №5. – P.186-193. https://doi.org/10.1002/9781405198431.wbeal0768.pub2

[4] Fryer L. K., Carpenter R. Bots as language learning tools // Language Learning & Technology. – 2006. – №10. – P.8-14. https://www.lltjournal.org

[5] Li J.The role of AI chatbots in EFL speaking development: Learner perceptions and performance outcomes // Computer Assisted Language Learning. – 2022. – №35. – P.1-23. https://doi.org/10.1080/09588221.2021.1957998

[6] O'Neill R. Artificial intelligence and automated feedback in second language learning // Language Learning & Technolog. – 2019. – №23. – P.1-15. https://www.lltjournal.org

[7] Zawacki-Richter O., Marín V. I., Bond M., Gouverneur F. Systematic review of research on artificial intelligence applications in higher education // International Journal of Educational Technology in Higher Education. – 2019. – №16. – P.1-27. https://doi.org/10.1186/s41239-019-0171-0

[8] Kessler G. Intelligent language tutoring systems and AI in language education // Foreign Language Annals. – 2021. – №54. – P.1-20. https://doi.org/10.1111/flan.12506

[9] Bibauw S., François T., Desmet P., Godfroid A. Chatbot-supported language practice: A systematic review of conversational agents in second language learning // Computer Assisted Language Learning. – 2019. – №32. – P.1-27.https://doi.org/10.1080/09588221.2019.1667341

[10] Nogaibayeva A.A., Yersultanova G.T., Agabekova B.N. Exploring the gap: teachers' perceptions vs. actual use of information and communication technologies in language education. //Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. – 2024. – No.4. – P.353-367. https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.75.4.022

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ КІРІКТІРУДІҢ ТІЛДІК ЕМЕС МАМАНДЫҚТАР СТУДЕНТТЕРІНІҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЖӘНЕ ОНЫ ҚАБЫЛДАУЫНА ӘСЕРІ

Саматқызы М.[1], *Касымова Г.М.[2]

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*[2]Сүлеймен Демирел атындағы университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл зерттеу жоғары оқу орындарындағы тілдік емес мамандықтарда білім алатын студенттердің коммуникативтік құзыреттіліктеріне жасанды интеллектті қолданудың әсерін зерттеуге арналған. Қазіргі таңда шет тілін меңгеру кәсіби коммуникацияның ажырамас құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Алайда оқу сағаттарының шектеулі болуы, жоғары академиялық жүктеме және студенттердің мотивация деңгейінің төмендігі себепті дәстүрлі оқыту тәсілдері 119-26В және 119-28С топтары студенттерінің қажеттіліктерін толық қанағаттандыра алмайды.

Зерттеуде сапалық және сандық әдістер кешенді түрде қолданылды. Сандық деректер студенттердің тілдік даярлығы, сөйлеу, жазу және сөздік қорды пайдалану дағдыларын бағалау арқылы алынды. Ал сапалық деректер ашық сұрақтардан тұратын сауалнамалар мен сұхбаттар негізінде жиналды.

Зерттеуге қатысқан студенттер эксперименттік және бақылау топтарына бөлінді. Эксперименттік топ студенттері жасанды интеллект технологияларын пайдалана отырып оқытылса, бақылау тобының студенттері шет тілін дәстүрлі оқыту әдістері арқылы меңгерді.

Зерттеу нәтижелері шет тілін оқыту үдерісінде жасанды интеллектті қолдану студенттердің коммуникативтік құзыреттіліктерінің едәуір дамуына, сондай-ақ олардың дербестігі мен оқу мотивациясының артуына ықпал ететінін көрсетті. Алынған нәтижелер жасанды интеллекттің кәсіби бағытталған коммуникацияны дамытудағы және дәстүрлі тілдік оқытудың кемшіліктерін еңсерудегі оң рөлін дәлелдеді.

Тірек сөздер: жасанды интеллект, шет тілін оқыту, тілдік емес мамандықтар, коммуникативтік құзыреттілік, жоғары білім, бақылау тобы, коммуникативтік құзыреттілік, дәстүрлі тәсілдер

ВЛИЯНИЕ ИНТЕГРАЦИИ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА НА ФОРМИРОВАНИЕ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ И ВОСПРИЯТИЕ СТУДЕНТАМИ НЕЯЗЫКОВЫХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ

Саматкызы М.[1], *Касымова Г. М.[2]
[1]Казахский национальный университет имени аль-Фараби
Алматы, Казахстан
*[2]Университет Сулеймана Демиреля, Алматы, Казахстан

Аннотация. Настоящее исследование посвящено изучению влияния использования искусственного интеллекта на формирование коммуникативных компетенций студентов неязыковых специальностей высших учебных заведений. В настоящее время владение иностранным языком рассматривается как неотъемлемый компонент профессиональной коммуникации, однако традиционные подходы к обучению не всегда способны эффективно удовлетворять потребности студентов групп 119-26В и 119-28С вследствие ограниченного количества учебных часов, высокой академической нагрузки и низкого уровня мотивации обучающихся.

В исследовании использовалось сочетание качественных и количественных методов. Количественные данные были получены посредством оценки уровня языковой подготовки студентов, их навыков говорения, письма и использования словарного запаса. Качественные данные собирались с помощью анкет с открытыми вопросами и интервью.

Участники исследования были разделены на две группы — экспериментальную и контрольную. Студенты экспериментальной группы проходили обучение с использованием технологий искусственного интеллекта, тогда как обучающиеся контрольной группы изучали

иностранный язык с применением традиционных методов обучения.

Полученные результаты позволяют предположить, что использование искусственного интеллекта в процессе обучения иностранному языку способствует существенному развитию коммуникативных компетенций студентов, а также повышению их самостоятельности и мотивации. Результаты подтвердили гипотезу о положительной роли искусственного интеллекта в развитии профессионально ориентированной коммуникации и преодолении недостатков традиционного языкового обучения.

Ключевые слова: искусственный интеллект, обучение иностранным языкам, неязыковые специальности, коммуникативная компетенция, высшее образование, контрольная группа, коммуникативная компетенция, традиционные подходы

Received / Мақала түсті / Статья поступила: 29.01.2026
Accepted: / Жариялауға қабылданды / Принята к публикации: 25.09.2026

Information about the authors:

Kassymova G. M. – Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, SDU University, gulnara.kassymova@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0000-0002-4038-9116

Samatkyzy Madina – PhD Doctoral Student, Al-Farabi Kazakh National University, samatkyzy.madina@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0009-0002-0544-7314

Информация об авторах:

Касымова Г. М. – к.п.н., профессор, Университет имени Сулеймана Демиреля, gulnara.kassymova@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0000-0002-4038-9116

Саматкызы Мадина –докторант, Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, samatkyzy.madina@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0009-0002-0544-7314

Авторлар туралы мәлімет:

Касымова Г. М.– п.ғ.к, профессор, Сүлеймен Демирел атындағы университет, gulnara.kassymova@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0000-0002-4038-9116

Саматқызы М.– докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті samatkyzy.madina@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0009-0002-0544-7314

ӘОЖ 372.862
ҒТАМР 20.01.45
https://doi.org/10.48371/PEDS.2026.82.3.006

БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ САЛАСЫНДАҒЫ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МОДЕЛІ

*Айдәулет Б.Е.[1], Машрипханова Г.А.[2], Кыдырбаева Г.Т.[3], Адамбекова А.М.[4]
*[1]М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
Шымкент, Қазақстан
[2,3,4]І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан

Аңдатпа. Жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының дамуы және олардың білім беру жүйесіне интеграциялану үдерісі қарқынды жүріп келеді. Бүгінде ЖИ технологиялары білім беру жүйесінде адаптивті білім беру, оқу жетістіктерін талдау, бағалауды автоматтандыру және т.б. бағыттарда дамып келеді. Сонымен қатар педагогтар мен білім алушылар оқу үдерісінде көптеген ЖИ құралдарын белсенді қолданып, ЖИ технологиялары білім берудің ажырамас бөлігіне айналды. Осы орайда педагогтардың ЖИ құралдарын білім беру үдерісінде тиімді, әрі сауатты қолдана алуы ЖИ сауаттылығы, ЖИ құзыреттілігі сияқты ұғымдарды қалыптастырды. ЖИ технологияларының информатика пәнінің мазмұнына біртіндеп енуі және орта мектептерде ЖИ негіздерін оқу пәні ретінде енгізу мәселелері информатика педагогтарының ЖИ саласындағы кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесін әзірлеу міндетін қойды. Осыған байланысты болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби даярлығына қойылатын талаптар күрделеніп, олардың ЖИ саласындағы кәсіби құзыреттілігін мақсатты түрде қалыптастырудың теориялық негіздерін жүйелеудің өзектілігі артуда. Бұл мақаланың мақсаты – болашақ информатика мұғалімдерінің ЖИ саласындағы кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындау және құрылымдық-логикалық моделін ұсыну. Зерттеу теориялық сипатта жүргізіліп, салыстырмалы талдау, жүйелеу, жалпылау және концептуалдық модельдеу әдістері қолданылды. Теориялық модельдің негізгі дереккөздері ретінде Scopus дерекқорындағы еңбектер, халықаралық ұйымдардың аналитикалық құжаттары және қазақстандық зерттеулер пайдаланылды. Зерттеу нәтижесінде «педагогтың ЖИ сауаттылығы», «педагогтың ЖИ құзыреттілігі» және «Информатика педагогының ЖИ саласындағы кәсіби құзыреттілігі» ұғымдарының мәні мен айырмашылықтары анықталды. Болашақ информатика мұғалімінің ЖИ саласындағы кәсіби құзыреттілігі интегративті кәсіби сапа ретінде негізделіп, оның құрылымы танымдық, технологиялық, әдістемелік, этикалық және рефлексивтік компоненттер арқылы сипатталды. Сонымен қатар құзыреттіліктің қалыптасу логикасын көрсететін «кіріс–үдеріс–нәтиже» қағидатына сүйенген теориялық модель ұсынылды. Зерттеу болашақ информатика педагогтарының ЖИ саласындағы кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындайды.

Зерттеу нәтижелерін информатика педагогтарын даярлау процесінде, информатика педагогтарының ЖИ саласындағы кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесіне бағытталған зерттеулерде қолдануға болады.

Тірек сөздер: информатика мұғалімдерін даярлау, жасанды интеллект, ЖИ сауаттылығы, ЖИ құзыреттілігі, кәсіби құзыреттілік, ЖИ этикасы, цифрлық педагогика, педагогикалық даярлық, теориялық модель

Кіріспе

Білім беру жүйесіне жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары екі бағытта қарқынды интеграцияланып келеді: біріншісі – оқытуда қолданылатын инновациялық технология ретінде, екіншісі – информатика пәнінің мазмұндық нысаны ретінде (деректер, модельдеу, машиналық оқыту негіздері, алгоритмдік жауапкершілік). Осы екі бағыттың қатар дамуы информатика мұғалімінің кәсіби қызметін түбегейлі кеңейтіп, оның даярлығына дәстүрлі цифрлық құзыреттерден бөлек арнайы ЖИ саласындағы кәсіби құзыреттік талаптарын қояды [1].

Халықаралық деңгейде педагогтардың цифрлық құзыреттілігін сипаттайтын шеңберлер мұғалімнің цифрлық ресурстармен жұмысын, оқу үдерісін жобалауын, бағалауын және кәсіби дамуын қамтиды. ЖИ технологияларының дамуымен цифрлық құзыреттілік талаптарына ЖИ технологияларын оқытуда тиімді қолдану дағдылары қосылды. Алайда бұған дейінгі құзыреттілік шеңберлері ЖИ-дың пәндік мазмұн ретіндегі ерекшелігін толық ашпайды. Себебі информатика мұғалімі тек ЖИ құралдарын оқытуда қолданушы ғана емес, ЖИ-дың ұстанымдарын, модель логикасын, деректермен жұмыс қағидаттарын және ЖИ-дің этикалық аспектілерін оқушыға түсіндіретін пән мұғалімі ретінде әрекет етеді [2]. Осы тұрғыдан алғанда, «жалпы педагогтың ЖИ құзыреттілігі» мен «информатика педагогының ЖИ саласындағы кәсіби құзыреттілігі» ұғымдарының арасында айырмашылықтар болуы заңдылық. Бұл ретті информатика педагогтарының ЖИ құзыреттілігі пәндік-әдістемелік және технологиялық-теориялық мазмұнды біріктіруімен ерекшеленеді [3].

Әдебиеттерде ЖИ-ға қатысты информатика педагогтарының құзыреттілігі ЖИ құралдарын оқытуда қолдану және ЖИ туралы білімді оқыту бағыттарында қарастырылған. Дегенмен көптеген еңбектерде бұл екі бағыт бір құрылымға біріктірілгенімен, информатика мұғалімінің кәсіби қызметіне тән пәндік-ерекшелік өлшемдер (алгоритмдік түсіндіру, деректер сапасының модельге әсері, модель нәтижелерінің валидтілігі, әділдік пен адалдық сияқты ұғымдарды педагогикалық деңгейде интерпретациялау) жүйелі түрде бөлінбей қалады. Нәтижесінде ЖИ құзыреттілік «құралды қолдану дағдыларының» кеңейтілген тізімі ретінде қабылданып, оның кәсіби-әдістемелік және этикалық-рефлексивтік өлшемдері туралы теориялар әлі де жеткіліксіз [4].

Осы жағдай зерттеу проблемасын нақтылайды: болашақ информатика педагогының ЖИ саласындағы кәсіби құзыреттілігін қандай құрылым ретінде негіздеуге болады және бұл құрылым информатика пәнінің

мазмұны мен мұғалімнің кәсіби әрекеттеріне қалай аударылады? Мәселе тек компоненттерді атауда емес, олардың пәндік-нысаналы логикасын және қалыптасу тетігін көрсетуінде.

Осы мақаланың мақсаты – болашақ информатика мұғалімдерінің жасанды интеллект саласындағы кәсіби құзыреттілігін теориялық тұрғыдан негіздеу және оны қалыптастырудың құрылымдық-логикалық моделін ұсыну.

Осы зерттеудің ғылыми жаңалығы үш өзара байланысты нәтижемен айқындалады. Біріншіден, болашақ информатика мұғалімінің жасанды интеллект саласындағы кәсіби құзыреттілігі «оқытуды қолдайтын ЖИ-құралдарын қолдану» және «ЖИ-ды информатика пәнінің мазмұндық нысаны ретінде оқыту» бағыттарын бір кәсіби жүйеде біріктіретін пәндік-ерекшелік интегративті сапа ретінде концептуалданады; мұнда мұғалім ЖИ құралдарын тұтынушы ғана емес, «деректер – модель – нәтиже» байланысын және модель шектеулерін педагогикалық деңгейде түсіндіруші субъект ретінде қарастырылады. Екіншіден, құзыреттіліктің құрылымы компоненттерді іріктеудің анық критерийлерімен негізделіп, танымдық, технологиялық, әдістемелік, этикалық және рефлексивтік өлшемдердің пәндік-әдістемелік мазмұнмен байланысы көрсетіледі. Үшіншіден, аталған компоненттердің қалыптасуын сипаттайтын «кіріс–үдеріс–нәтиже» логикасына құрылған теориялық модельде рефлексия үздіксіз жетілдіруді қамтамасыз ететін кері байланыс механизмі ретінде енгізіледі.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің әдіснамалық базасын үш өзара байланысты ғылыми тәсіл құрайды:

1. Құзыреттілік тәсіл – болашақ информатика мұғалімінің кәсіби даярлығын білім, іскерлік және құндылықтық бағдарлардың интеграциясы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

2. Жүйелік тәсіл – ЖИ саласындағы кәсіби құзыреттілікті көпқұрамды, ішкі байланыстары бар педагогикалық жүйе ретінде сипаттауға негіз болады.

3. Тұлғалық-іс-әрекеттік тәсіл – мұғалімнің ЖИ-ды қолдану және оқыту әрекеттерін саналы, рефлексивті кәсіби іс-әрекет ретінде талдауға жағдай жасайды.

Аталған тәсілдердің бірлігі зерттеліп отырған құбылысты тек технологиялық дайындық ретінде емес, кәсіби педагогикалық сапа ретінде түсіндіруге мүмкіндік берді.

Зерттеу материалдары ретінде 2017–2025 жылдар аралығында жарияланған ғылыми еңбектер пайдаланылды. Әдебиеттерді іріктеу келесі дереккөздер негізінде жүзеге асырылды:

– Scopus немесе Web of Science дерекқорларында индекстелген педагогикалық және пәнаралық журналдардағы мақалалар;

– халықаралық ұйымдардың білім берудегі ЖИ-ге қатысты аналитикалық құжаттары;

– информатика мұғалімдерін даярлау мәселесіне арналған отандық ғылыми зерттеулер.

Зерттеу барысында өзара байланысты бірнеше теориялық әдістер кешені қолданылды.

1. Теориялық талдау және синтез. Философиялық, педагогикалық және психологиялық әдебиеттерге талдау ЖИ-дің білім беру жүйесіндегі педагогикалықмәнін,сондай-ақмұғалімніңкәсібірөлініңтрансформациясын айқындауға бағытталды. Талдау нәтижесінде «ЖИ сауаттылығы», «ЖИ құзыреттілігі» ұғымдарының мазмұндық айырмашылықтары анықталды.

Осы зерттеуде «ЖИ сауаттылығы» және «ЖИ құзыреттілігі» ұғымдары нәтижеге бағытталған кәсіби даярлықтың әртүрлі деңгейлерін білдіретін категориялар ретінде ажыратылды. ЖИ сауаттылығы көбіне ЖИ туралы базалық түсініктерді, оның мүмкіндіктері мен шектеулерін тану және қолдану мәдениетін сипаттайтын жалпы сауаттылық деңгейін қамтиды. Ал ЖИ құзыреттілігі ЖИ-ға қатысты білімді әрекетке көшіруді, нақты міндеттерді шешуге арналған құралдарды саналы таңдауды, нәтижелердің негізділігін бағалауды және жауапты қолдану шешімдерін қабылдауды білдіреді [5]. Болашақ информатика мұғалімі контекстінде бұл айырмашылық күшейе түседі, өйткені ол ЖИ-ды тек қолданушы ретінде емес, информатика пәнінің мазмұны ретінде оқытатын және түсіндіретін кәсіби субъект ретінде әрекет етеді. Сондықтан жалпы педагогтардың ЖИ құзыреттілігі мен информатика мұғалімінің ЖИ саласындағы кәсіби құзыреттілігі ұғымдарының арасында елеулі айырмашылықтар пайда бола бастады.ЖИ-дің дамуы мен информатика пәнінің мазмұнына кіре бастауы бұл ұғымдардың арасындағы айырмашылықты одан әрі күшейте береді [6].

Компоненттерді іріктеу критерийлері құзыреттілік тәсілдің (білім–іскерлік–құндылықтық бағдар және рефлексияның интеграциясы), жүйелік тәсілдің (көпқұрамды құрылым және ішкі байланыстар) және тұлғалық-іс-әрекеттік тәсілдің (педагогикалық әрекеттің мақсаттылығы мен рефлексивтілігі) логикасына сүйеніп айқындалды. Бұл тәсілдер педагогтың кәсіби даярлығын тек технологиялық дағды ретінде емес, пәндік мазмұнды түсіндіру, оқу үдерісін жобалау, жауапты шешім қабылдау және кәсіби дамуды басқару қабілеттерінің бірлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді [7].

2. Салыстырмалы талдау әдісі зерттеудің негізгі әдіснамалық тетіктерінің бірі ретінде қолданылды. Бұл әдіс шетелдік және отандық ғылыми еңбектерде ұсынылған педагогтың жасанды интеллект саласындағы құзыреттілік модельдерін салыстыруға бағытталды.

Салыстыру үшін төрт базалық теориялық бағыт таңдап алынды:

– DigCompEdu педагогтың цифрлық құзыреттілігі моделі;

– білім берудегі жасанды интеллектке арналған нормативтік-этикалық шеңберлер (ЮНЕСКО стандарттары);

– педагогтың ЖИ сауаттылығы мен ЖИ құзыреттілігіне арналған ғылыми модельдер;

– информатика мұғалімін даярлауға бағытталған пәндік-ерекшелік зерттеулер.

Салыстыру құзыреттілік құрылымының компоненттік құрамы, компоненттердің мазмұндық сипаттамасы, мұғалімнің кәсіби әрекеттерімен байланысы, ЖИ-ды оқыту нысаны және оқытуды қолдайтын құрал ретінде қарастыру деңгейі, технологиялық және этикалық өлшемдердің қамтылуы және рефлексия мен кәсіби дамуға бағдарлануы сияқты параметрлер бойынша жүргізілді [8-10].

Компоненттерді іріктеу критерийлері екі өзара байланысты теориялық деңгейде негізделді. Бірінші деңгей – құзыреттілік тәсілдің классикалық логикасы, онда кәсіби құзыреттілік білімдік, әрекеттік-технологиялық, құндылықтық-этикалық және рефлексивтік өлшемдердің бірлігі ретінде қарастырылады. Бұл ұстаным педагогикалық құзыреттілік теориясында кеңінен қолданылып, мұғалімнің кәсіби даярлығын тек білім мен дағдылар жиынтығы ретінде емес, саналы, жауапты және дамуға бағытталған кәсіби әрекет ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Екінші деңгей – жасанды интеллект саласының пәндік-ерекшелік спецификасы. ЖИ технологиялары деректерге тәуелділік, модельдік болжамдардың ықтимал сипаты, алгоритмдік шешімдердің ашық еместігі және әділдік пен жауапкершілік мәселелерімен сипатталады.

Осы екі деңгейдің қиылысында әрбір критерий нақты құрылымдық компоненттің қажеттілігін негіздейді. Пәндік-нысаналы релеванттылық танымдық компонентті (ЖИ ұғымдары, деректер мен модель логикасын түсіндіру) айқындайды; технологиялық негізділік ЖИ құралдарын саналы қолдануға бағытталған технологиялық компоненттің бөлінуін талап етеді; педагогикалық қолданбалылық ЖИ-ды әрі құрал, әрі оқыту нысаны ретінде кіріктіруді қамтамасыз ететін әдістемелік компонентті негіздейді. Нормативтік-этикалық сәйкестік деректер қауіпсіздігі, әділдік және академиялық адалдық мәселелерін кәсіби шешім деңгейіне шығаратын этикалық компоненттің дербестігін айқындайды, ал кәсіби даму перспективасы ЖИ қолданудың шектеулері мен салдарын бағалауға бағытталған рефлексивтік компоненттің құрылымдағы орнына негіз болады.

Зерттеудің қорытынды кезеңінде концептуалдық модельдеу әдісі қолданылды. Бұл әдіс болашақ информатика мұғалімдерінің жасанды интеллект саласындағы кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінің ішкі логикасын сипаттайтын теориялық модельді құрастыруға мүмкіндік берді.

Модель «кіріс–үдеріс–нәтиже» қағидатына негізделіп құрылды:

– кіріс деңгейінде – ЖИ туралы базалық танымдық алғышарттар;

– үдеріс деңгейінде – ЖИ құралдарын қолдану және оқыту әрекеттері;

– нәтиже деңгейінде – жауапты қолдану дайындығы мен кәсіби рефлексия.

Модель зерттеліп отырған құбылыстың құрылымдық байланыстарын және қалыптасу логикасын теориялық тұрғыдан түсіндіреді және ол кейінгі эмпирикалық зерттеулер үшін әдіснамалық негіз ретінде қарастырылады.

Нәтижелер

Жүргізілген теориялық және салыстырмалы талдау нәтижесінде болашақ информатика мұғалімінің жасанды интеллект саласындағы кәсіби даярлығын сипаттайтын қолданыстағы модельдерде үш негізгі шектеу анықталды: біріншіден, ЖИ көбіне тек оқытуды қолдайтын құрал ретінде қарастырылып, пәндік мазмұн ретіндегі ерекшелігі ескерілмейді; екіншіден, технологиялық дайындық әдістемелік және этикалық өлшемдермен жеткілікті деңгейде байланыстырылмайды; үшіншіден, кәсіби рефлексия ЖИ құзыреттіліктің тұрақты даму тетігі ретінде жүйеленбейді [11].

Осы анықталған олқылықтарды теориялық тұрғыдан негіздеу мақсатында зерттеу нәтижелері үш өзара байланысты блокта ұсынылады: (1) негізгі ұғымды пәндік-ерекшелік тұрғыдан нақтылау, (2) кәсіби құзыреттілік құрылымын критерийлер арқылы негіздеу, (3) компоненттердің қалыптасу логикасын сипаттайтын теориялық модельді ұсыну.

Зерттеу нәтижелерінің негізгі мәні ұсынылған құрылымның информатика мұғалімінің пәндік қызметіне бағытталуында. Зерттеу барысында үш ұғымның арасындағы айырмашылық зерделеніп, оларды ажырататын басты айырмашылықтары анықталды: педагогтың ЖИ сауаттылығы, педагогтың ЖИ құзыреттілігі және Информатика мұғалімінің ЖИ саласындағы кәсіби құзыреттілігі. 1-кестеде осы үш ұғым айырмашылығы бірнеше салыстыру өлшемдері арқылы көрсетілген.

Кесте 1. Педагогтың ЖИ сауаттылығы, педагогтың ЖИ құзыреттілігі және информатика мұғалімінің ЖИ саласындағы кәсіби құзыреттілігі ұғымдарының айырмашылығы

Салыстыру өлшемдері	**Педагогтың ЖИ сауаттылығы**	**Педагогтың ЖИ құзыреттілігі**	**Информатика мұғалімінің ЖИ саласындағы кәсіби құзыреттілігі**
Мақсаттық бағыты	ЖИ туралы базалық түсінік қалыптастыру, мүмкіндігі/шектеуін тану, жауапты қолдану мәдениеті	ЖИ-ға қатысты білімді нақты педагогикалық міндеттерді шешуге әрекет деңгейінде қолдану	ЖИ-ды информатика пәнінің мазмұны ретінде және оқыту құралы ретінде кіріктіріп, ғылыми-әдістемелік тұрғыдан оқытуға/түсіндіруге дайындық
Негізгі нәтиже	Түсінеді және таниды	Таңдайды, қолданады, бағалайды	Түсіндіреді, модельдейді, оқытады және негіздейді
Білім мазмұны	ЖИ ұғымдары, қолданылу салалары, тәуекелдер, этикалық қағидалар туралы жалпы түсінік	ЖИ жүйелерінің жұмыс логикасы туралы тереңірек білім; құралдардың педагогикалық әлеуетін білу	ЖИ теориясы мен негіздері (деректер, модельдер құру, оқыту, тестілеу, бағалау метрикалары, қателерді талдау)

Әрекеттік деңгей	Қарапайым деңгей: дайын ЖИ құралын қауіпсіз қолдануға бейімделу	Орта деңгей: оқу мақсатына сай құралды таңдау, кіріктіру, нәтижені түсіндіру және тексеру	Жоғары деңгей: ЖИ-ды оқыту нысаны ретінде сабаққа енгізу, тапсырмалар құрастыру, модель нәтижесінің валидтілігі мен шектеулерін пәндік деңгейде талдату
Этика және жауапкершілік	Жалпы деңгей: қауіпсіздік, құпиялылық, адалдық туралы білу	Шешім деңгейі: тәуекелді бағалау, жауапты қолдану қағидаларын практикада сақтау	Кәсіби деңгей: әділдік/ығысу, дерек қауіпсіздігі, академиялық адалдықты оқыту мазмұнына және мұғалім шешіміне біріктіру
Рефлексия және кәсіби даму	Жалпы ниет/түсінік деңгейінде	Қолдану тәжірибесіне сүйенген талдау	ЖИ дамуымен бірге үнемі білімді жаңарту, оқытуға дайын болу
Қолдану контексі	Барлық педагогтарға ортақ базалық деңгей	Пәнге және педагогикалық мақсаттарға бейімделген деңгей	Нақты кәсіби контекст: информатика пәні, ЖИ тақырыптарын оқыту және құралдарды пәндік мақсатқа сай қолдану

Жүргізілген талдау мен модельдеу нәтижелері бір-бірінен тәуелсіз емес, логикалық түрде өзара шартталған теориялық қорытындыларға әкелді.

1. Болашақ информатика мұғалімінің ЖИ саласындағы кәсіби құзыреттілігін ұғымдық нақтылау. Бұл блоктың қажеттілігі педагогтың ЖИ сауаттылығына қатысты қолданыстағы анықтамалардың информатика мұғалімінің пәндік қызметін толық қамтымайтыны анықталғанымен негізделеді.

Жүргізілген теориялық және салыстырмалы талдау нәтижесінде «болашақ информатика мұғалімінің жасанды интеллект саласындағы кәсіби құзыреттілігі» ұғымы пәндік-ерекшелік контексте нақтыланды. Бұл ұғым педагогтың ЖИ-ды тек цифрлық құрал ретінде қолдану дайындығымен шектелмейтінін, сонымен қатар оны информатика пәнінің мазмұндық нысаны ретінде ғылыми және әдістемелік тұрғыдан түсіндіре алу қабілетін қамтитынын көрсетті. Осы зерттеу аясында болашақ информатика мұғалімінің ЖИ саласындағы кәсіби құзыреттілігі жасанды интеллекттің теориялық негіздерін меңгеруді, ЖИ-ға негізделген құралдарды оқу үдерісінде мақсатты қолдануды, ЖИ-ды оқыту нысаны ретінде әдістемелік тұрғыдан жобалауды және оның әлеуметтік-этикалық салдарын кәсіби деңгейде бағалауды біріктіретін интегративті кәсіби сапа ретінде анықталды.

Бұл анықтама «жалпы педагогтың ЖИ сауаттылығынан» келесі белгілері арқылы ерекшеленеді:

– пәндік мазмұнға бағдарлануы (алгоритмдер, деректер, модель логикасы);

– ЖИ-ды оқыту объектісі ретінде қарастыруы;

– информатика сабағына тән әдістемелік шешімдермен байланыстылығы.

2. ЖИ саласындағы кәсіби құзыреттіліктің құрылымын негіздеу. Құзыреттілік құрылымын негіздеу қажеттілігі шетелдік және отандық модельдерде компоненттерді іріктеу логикасының айқын көрсетілмеуімен және пәндік-ерекшелік өлшемдердің әлсіздігімен түсіндіріледі.

Салыстырмалы талдау нәтижелерін компоненттерді іріктеу критерийлерімен (пәндік-нысаналы релеванттылық, педагогикалық қолданбалылық, технологиялық негізділік, нормативтік-этикалық сәйкестік, кәсіби даму перспективасы) сәйкестендіру арқылы болашақ информатика мұғалімінің ЖИ саласындағы кәсіби құзыреттілігінің бес өзара байланысты құрылымдық компоненті негізделді.

Бұл компоненттер бір-бірінен оқшау емес, біртұтас кәсіби жүйенің өзара тәуелді элементтері ретінде қарастырылады. Компоненттердің құрылымы мен мазмұны 2-кестеде жүйеленіп берілген.


Кесте 2. Болашақ информатика мұғалімінің жасанды интеллект саласындағы кәсіби құзыреттілігінің құрылымы

ЖИ құзыреттілік компоненттері	**Негізгі индикаторлар**	**Педагогикалық мазмұны**
Танымдық	ЖИ ұғымдарын, негізгі бағыттарын және алгоритмдік қағидаттарын түсіну; деректердің модель нәтижесіне әсерін түсіндіру	ЖИ-дың теориялық негіздерін саналы меңгеру және оларды пәндік мазмұн деңгейінде ғылыми тұрғыда түсіндіру
Технологиялық	ЖИ құралдарын оқу мақсатына сәйкес таңдау; оқу үдерісіне кіріктіру; нәтижелердің дұрыстығын бағалау	ЖИ-ға негізделген цифрлық құралдарды педагогикалық тұрғыдан тиімді және мақсатты қолдану
Әдістемелік	ЖИ-ды оқыту мазмұнына кіріктіру; ЖИ-ды құрал және оқыту нысаны ретінде ажырату; тапсырмалар жобалау	Информатика сабағында ЖИ тақырыптарын жас ерекшелігі мен дайындық деңгейіне сәйкес оқыту
Этикалық	Деректер қауіпсіздігін сақтау; алгоритмдік әділдікті бағалау; академиялық адалдық	Оқушылардың ЖИ-ды жауапты және сын тұрғысынан қолдану мәдениетін қалыптастыру
Рефлексивтік	ЖИ қолданудың тиімділігі мен шектеулерін талдау; кәсіби даму траекториясын бағалау	Мұғалімнің кәсіби өзін-өзі талдауы және үздіксіз дамуға дайындығы

Кестеде ұсынылған құрылым ЖИ құзыреттілікті фрагменттік дағдылар жиынтығы ретінде емес, пәндік, технологиялық және құндылықтық өлшемдерді біріктіретін тұтас кәсіби жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

3. ЖИ құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық моделін негіздеу. Алдыңғы блоктарда анықталған ұғымдық және құрылымдық нәтижелерді біртұтас логикаға келтіру қажеттілігі құзыреттіліктің қалыптасу үдерісін

сипаттайтын теориялық модельді әзірлеуді талап етті. Анықталған құрылымдық компоненттерге сүйене отырып, болашақ информатика мұғалімдерінің жасанды интеллект саласындағы кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың1-суретте көрсетілген теориялық моделі әзірленді.



1-сурет – Болашақ информатика мұғалімдерінің ЖИ саласындағы кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық моделі

Модель «кіріс–үдеріс–нәтиже» қағидатына негізделген және компоненттердің қалыптасу логикасын көрсетеді:

1. Кіріс деңгейі – болашақ мұғалімнің ЖИ туралы базалық танымдық дайындығы (танымдық компонент);

2. Үдеріс деңгейі – ЖИ құралдарын қолдану және оқыту әрекеттері арқылы технологиялық және әдістемелік компоненттердің дамуы;

3. Нәтиже деңгейі – ЖИ-ды жауапты қолдануға дайындық пен кәсіби рефлексияның қалыптасуы (этикалық және рефлексивтік компоненттер).

Үдеріс деңгейі модельде «ЖИ құралдарын қолдану» және «ЖИ туралы білімді оқыту» әрекеттерінің бірлігі ретінде қарастырылады. Бұл деңгейді теориялық тұрғыдан нақтылайтын үш өзара байланысты тетік ұсынылады.

Біріншіден, пәндік-мазмұндық ядро «деректер–модель–нәтиже» логикасында жүйеленуі тиіс: деректер сапасы мен репрезентативтілігі, модельді оқыту/тексеру идеясы, нәтижелердің валидтілігі мен шектеулері, сондай-ақ әділдік пен жауапкершілікке қатысты негізгі түсініктер. Бұл ядро ЖИ-ды информатика пәнінің мазмұны ретінде түсіндірудің негізін құрайды.

Екіншіден, әдістемелік дизайн екі арнаны (AI for education және education about AI) ажырата отырып, бір сабақ сценарийінде байланыстыруға бағытталады. Оны іске асыратын тапсырмалар типтері ретінде: ЖИ құралын оқу мақсатына сай таңдау және кіріктіру; ЖИ ұстанымдарын оқушы деңгейінде түсіндіру; модель нәтижесін сын тұрғысынан бағалау (қате себептері, шектеулер); этикалық кейстер (деректер қауіпсіздігі, әділдік, академиялық адалдық) қарастырылады.

Үшіншіден, нормативтік-этикалық талаптар мен рефлексивтік кері байланыс үдерістің тұрақты өлшеміне айналуы қажет: мұғалім ЖИ қолданудың тиімділігі мен тәуекелін, нәтижелердің негізділігін және өз педагогикалық шешімдерінің салдарын жүйелі талдап отырады. Осылайша, рефлексия компоненттердің үздіксіз жетілдірілуін қамтамасыз ететін кері байланыс механизмі ретінде көрінеді.

Бұл тетіктер модельді оқу үдерісін қатаң регламенттейтін схемаға айналдырмай, үдеріс деңгейінде қандай мазмұндық-әдістемелік және нормативтік шарттар орындалса, ЖИ-құзыреттіліктің тұтас кәсіби жүйе ретінде қалыптасуы ықтимал екенін теориялық түрде нақтылайды.

Рефлексивтік компонент модельде кері байланыс механизмі ретінде қарастырылып, компоненттердің үздіксіз жетілдірілуін қамтамасыз етеді. Осылайша, модель ЖИ құзыреттіліктің қалыптасуын сызықтық емес, динамикалық және өзін-өзі дамытатын кәсіби жүйе ретінде түсіндіреді.

Ұсынылған модель нақты оқу үдерісін регламенттеуді мақсат етпейді; оның негізгі функциясы – зерттеліп отырған құбылыстың ішкі құрылымдық байланыстарын және қалыптасу логикасын теориялық тұрғыдан негіздеу. Бұл модель кейінгі эмпирикалық зерттеулерде диагностикалық құрал әзірлеуге және педагогикалық шарттарды эксперименттік тексеруге әдіснамалық тірек бола алады.

Осылайша, зерттеу нәтижесінде:

– болашақ информатика мұғалімінің ЖИ саласындағы кәсіби құзыреттілігі пәндік-ерекшелік тұрғыдан нақтыланды;

– құзыреттіліктің құрылымы критерийлер жүйесі арқылы теориялық негізделді;

– компоненттердің өзара байланысын сипаттайтын теориялық модель ұсынылды.

Бұл нәтижелер ЖИ құзыреттілікті информатика мұғалімінің кәсіби даярлығының дербес және ғылыми негізделген бағыты ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Талқылау

Ұсынылған зерттеу нәтижелері болашақ информатика мұғалімдерінің жасанды интеллект саласындағы кәсіби құзыреттілігін теориялық тұрғыдан құрылымдауға және оны халықаралық ғылыми дискурспен салыстыра талдауға мүмкіндік береді. Бұл бөлімде алынған нәтижелер кең таралған цифрлық және ЖИ-құзыреттілік шеңберлерімен салыстырылып, ұсынылған модельдің теориялық үлесі, ерекшелігі және шектеулері айқындалады.

1. DigCompEdu шеңберімен салыстыру: пәндік-ерекшелік аспектінің күшейтілуі

Алынған нәтижелер DigCompEdu (Digital Competence Framework for Educators) тұжырымдамасымен мазмұндық тұрғыдан ішінара үйлеседі. DigCompEdu мұғалімнің цифрлық құзыреттілігін алты өлшем арқылы сипаттап, цифрлық ресурстарды пайдалану, оқу үдерісін жобалау, бағалау және кәсіби даму аспектілеріне басымдық береді. Осы зерттеуде айқындалған технологиялық және әдістемелік компоненттер DigCompEdu-дағы “Digital Resources”, “Teaching and Learning” және “Assessment” бағыттарымен функционалдық тұрғыдан сәйкес келеді.

Сонымен қатар айырмашылық принциптік сипатқа ие. DigCompEdu цифрлық педагогиканы кең мағынада қарастырса, ұсынылған модель жасанды интеллектке арнайы бағдарланған және оны информатика пәнінің мазмұндық нысаны ретінде қарастырады. Яғни мұнда мұғалімнің ЖИ құралдарын қолдану дайындығымен қатар, алгоритмдік логиканы, деректер сапасының модель нәтижесіне әсерін және модель шектеулерін түсіндіру қабілеті негізгі компоненттердің бірі ретінде енгізілген. Бұл пәндік-ерекшелік өлшем DigCompEdu құрылымында дербес түрде бөлінбейді және дәл осы тұста ұсынылған модель оның мазмұнын толықтырады [12].

2. UNESCO шеңберімен салыстыру: этикалық қағидаттарды кәсіби құзыреттілік деңгейіне көшіру

UNESCO-ның білім берудегі жасанды интеллектке қатысты құжаттарында әділдік, инклюзия, деректер қауіпсіздігі, ашықтық және адам құқықтарын сақтау қағидаттары ерекше атап өтіледі. Бұл қағидаттар көбіне білім беру саясаты мен институционалдық басқару деңгейінде қарастырылады. Ұсынылған зерттеуде осы қағидаттар этикалық компонент арқылы мұғалімнің жеке кәсіби құзыреттілігі деңгейіне ауыстырылды. Яғни этика нормативтік декларация ретінде емес, мұғалімнің күнделікті педагогикалық шешім қабылдауына әсер ететін кәсіби қабілет ретінде түсіндірілді. Бұл тәсіл ЖИ-ды білім беру кеңістігінде қауіпсіз және тұрақты енгізу мәселесін практикалық педагогикалық әрекетпен тікелей байланыстырады және UNESCO ұстанымдарының педагогикалық интерпретациясын тереңдетеді [13].

3. AI literacy және AI competence модельдерімен салыстыру: құрылымдық интеграция

AI literacy және AI competence бағытындағы зерттеулерде мұғалімнің ЖИ дайындығы әдетте екі арнада сипатталады:

(1) ЖИ құралдарын оқытуда қолдану;

(2) ЖИ туралы білімді оқыту.

Көптеген модельдерде бұл арналар қатар қарастырылғанымен, олардың арасындағы әдістемелік байланыс жеткілікті деңгейде ашылмайды. Осы зерттеуде бұл екі арна әдістемелік компонент арқылы біртұтас құрылымға біріктірілді. Әдістемелік компонент ЖИ-ды әрі құрал, әрі оқыту нысаны ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін орталық буын ретінде негізделді. Сонымен қатар рефлексивтік компоненттің дербес құрылымдық элемент ретінде бөлінуі ұсынылған модельдің маңызды ерекшелігі болып табылады. Көптеген еңбектерде рефлексия қосымша қабілет ретінде қарастырылса, бұл зерттеуде ол ЖИ құзыреттіліктің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін ішкі механизм ретінде түсіндіріледі. Бұл тәсіл мұғалімнің ЖИ технологияларын қолданудағы сыни позициясын және кәсіби бейімделу қабілетін теориялық тұрғыдан негіздейді.

Зерттеу нәтижесінде ұсынылған модельдің басқа ЖИ саласындағы құзыреттілік модельдерімен салыстырмалы талдауы 3-кестеде берілген.

Кесте 3. Педагогтың жасанды интеллект саласындағы құзыреттілік модельдерінің салыстырмалы сипаттамасы

Салыстыру өлшемдері	**DigCompEdu**	**UNESCO AI Framework**	**AI literacy модельдері**	**Ұсынылған модель**
ЖИ-ды оқыту нысаны ретінде қарастыру	Қамтылмайды	Жанама түрде қамтылады	Жалпы деңгейде қамтылған	Пәндік-ерекшелік деңгейде негізделген
Информатика мұғаліміне бағдарлану	Қамтылмайды	Қамтылмайды	Жанама түрде қамтылады	Тікелей пәндік контексте негізделген
Әдістемелік компоненттің дербестігі	Жалпы деңгейде	Қарастырылмайды	Ішінара	Дербес құрылымдық компонент ретінде негізделген
Этикалық өлшемнің орны	Қосымша өлшем	Нормативтік қағидаттар деңгейінде	Жалпы сипатта	Кәсіби құзыреттіліктің дербес компоненті
Рефлексияның құрылымдағы орны	Қамтылмайды	Қамтылмайды	Ішінара	Құзыреттіліктің тұрақты даму механизмі ретінде негізделген
Құзыреттіліктің қалыптасу логикасы	Қарастырылмайды	Қарастырылмайды	Қарастырылмайды	«Кіріс–үдеріс–нәтиже» моделі арқылы жүйеленген

Салыстырмалы талдау көрсеткендей, қолданыстағы халықаралық шеңберлер жасанды интеллектті педагогтың цифрлық немесе этикалық

даярлығы тұрғысынан қарастырғанымен, информатика мұғаліміне тән пәндік-ерекшелік, әдістемелік және рефлексивтік өлшемдерді біртұтас кәсіби жүйе ретінде негіздемейді. Осы тұрғыдан алғанда, ұсынылған модель болашақ информатика мұғалімінің ЖИ саласындағы кәсіби құзыреттілігін кешенді және құрылымдық түрде сипаттауға мүмкіндік береді.

4. Ұсынылған модельдің теориялық үлесі мен шектеулері

Жүргізілген талдау ұсынылған модельдің бірнеше теориялық артықшылығын айқындайды:

– ЖИ құзыреттілікті информатика мұғаліміне тән пәндік-ерекшелік контексте нақтылайды;

– құзыреттіліктің құрылымын компоненттерді іріктеу критерийлері арқылы дәлелдейді;

– компоненттердің қалыптасу логикасын «кіріс–үдеріс–нәтиже» қағидатына негізделген жүйе ретінде көрсетеді.

Сонымен қатар зерттеудің шектеулері де бар. Біріншіден, зерттеу таза теориялық сипатта жүргізілгендіктен, ұсынылған құрылым мен модель эмпирикалық деректермен тексерілген жоқ. Екіншіден, модель информатика мұғалімдерін даярлаудың жалпы логикасын сипаттайды және нақты оқу бағдарламалары немесе пәндік модульдер деңгейінде детализациялауды мақсат етпейді. Үшіншіден, модель ұлттық білім беру стандарттары мен институционалдық ерекшеліктерге бейімдеуді талап етуі мүмкін.

Аталған шектеулер зерттеудің кемшілігі ретінде емес, оны дамытудың келесі кезеңдерін айқындайтын ғылыми перспектива ретінде қарастырылады.

Ұсынылған зерттеу нәтижелері халықаралық цифрлық және жасанды интеллект құзыреттілік шеңберлерімен үйлесетін, бірақ оларды информатика мұғалімінің пәндік-ерекшелік кәсіби қызметіне бейімдейтін теориялық модель ұсынады. Бұл модель ЖИ құзыреттілікті технологиялық дайындықпен шектемей, педагогикалық, әдістемелік, этикалық және рефлексивтік өлшемдердің бірлігінде қарастыруымен ерекшеленеді. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу нәтижелері болашақ информатика мұғалімдерін даярлау саласындағы теориялық дискурсты толықтырады және кейінгі эмпирикалық зерттеулер үшін әдіснамалық тірек бола алады.

Қорытынды

Бұл зерттеуде болашақ информатика мұғалімдерінің жасанды интеллект саласындағы кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі теориялық тұрғыдан негізделді. Қойылған мақсатқа сәйкес ғылыми әдебиеттерді жүйелі талдау, салыстырмалы әдіс және концептуалдық модельдеу негізінде зерттеліп отырған құбылыстың ұғымдық мазмұны нақтыланып, құрылымдық-логикалық моделі ұсынылды.

Зерттеу нәтижесінде болашақ информатика мұғалімінің жасанды интеллект саласындағы кәсіби құзыреттілігі информатика пәнінің ерекшеліктерін есепке алатын интегративті кәсіби сапа ретінде анықталды.

Бұл құзыреттілік мұғалімнің жасанды интеллекттің теориялық негіздерін меңгеруін, ЖИ-ға негізделген құралдарды оқу үдерісінде мақсатты қолдануын, ЖИ-ды оқыту нысаны ретінде әдістемелік тұрғыдан жобалауын және оның әлеуметтік-этикалық салдарын кәсіби деңгейде бағалау қабілетін біріктіреді.

Зерттеудің негізгі теориялық нәтижелері төмендегідей:

– болашақ информатика мұғалімінің ЖИ саласындағы кәсіби құзыреттілігі пәндік-ерекшелік контексте концептуалданды және оның жалпы педагогтың ЖИ сауаттылығынан айырмашылығы дәлелденді;

– құзыреттіліктің құрылымы компоненттерді іріктеу критерийлері негізінде жүйеленіп, танымдық, технологиялық, әдістемелік, этикалық және рефлексивтік компоненттерден тұратын тұтас кәсіби жүйе ретінде негізделді;

– компоненттердің өзара байланысын және қалыптасу логикасын сипаттайтын «кіріс–үдеріс–нәтиже» қағидатына негізделген теориялық модель ұсынылды.

Ұсынылған құрылым мен модель жасанды интеллект саласындағы кәсіби құзыреттілікті фрагменттік дағдылар жиынтығы ретінде емес, болашақ информатика мұғалімінің кәсіби даярлығын айқындайтын жүйелі педагогикалық құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу нәтижелері информатика мұғалімдерін даярлау теориясын толықтырып, білім берудегі жасанды интеллектке қатысты ғылыми дискурсты пәндік-ерекшелік деңгейде нақтылайды.

Зерттеу теориялық сипатта жүргізілгендіктен, оның бірқатар шектеулері бар. Ұсынылған құрылым мен модель эмпирикалық деректермен тексерілген жоқ және нақты оқу бағдарламалары немесе пәндік модульдер деңгейінде апробацияланбады. Сонымен қатар модель ұлттық білім беру стандарттары мен институционалдық ерекшеліктерге бейімдеуді талап етуі мүмкін. Осы шектеулерді ескере отырып, болашақ зерттеулерде ұсынылған теориялық модельді эмпирикалық тұрғыдан тексеру, болашақ информатика мұғалімдерінің жасанды интеллект саласындағы кәсіби құзыреттілігін диагностикалау құралдарын әзірлеу, сондай-ақ педагогикалық шарттардың тиімділігін эксперименттік жолмен анықтау өзекті бағыттар ретінде қарастырылады. Бұл зерттеулер ұсынылған теориялық тұжырымдардың практикалық маңызын айқындауға және болашақ информатика мұғалімдерін даярлау жүйесін жетілдіруге негіз бола алады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Prilop C. N., Mah D.-K., Jacobsen L. J., Hansen R. R., Weber K. E., Hoya F. Generative AI in teacher education: Educators' perceptions of transformative potentials and the triadic nature of AI literacy explored through AI-enhanced methods // Computers and Education: Artificial Intelligence. – 2025. – Vol. 9. – Art. 100471. – DOI: https://doi.org/10.1016/j.caeai.2025.100471

[2] Zawacki-Richter O., Marín V. I., Bond M. Systematic review of

research on artificial intelligence applications in higher education – where are the educators? // International Journal of Educational Technology in Higher Education. – 2019. – Vol. 16. – Art. 39. – DOI: https://doi.org/10.1186/s41239-019-0171-0

[3] Holmes W., Bialik M., Fadel C. Artificial intelligence in education: Promises and implications for teaching and learning. – Boston: Center for Curriculum Redesign, 2019. – URL: https://curriculumredesign.org/our-work/artificial-intelligence-in-education/

[4] Смышляева О. В., Груздева М. Л. Определение понятий грамотности и компетенций в области искусственного интеллекта в контексте педагогического образования // Вестник РУДН. Серия: Информатизация образования. – 2025. – № 3. – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/opredelenie-ponyatiy-gramotnosti-i-kompetentsiy-v-oblasti-iskusstvennogo-intellekta-v-kontekste-pedagogicheskogo-obrazovaniya

[5] Long D., Magerko B. What is AI Literacy? Competencies and Design Considerations // Proceedings of the 2020 CHI Conference on Human Factors in Computing Systems (CHI '20). – New York: ACM, 2020. – P. 1–16. – DOI: https://doi.org/10.1145/3313831.3376727

[6] Chiu T. K. F., Ahmad Z., Ismailov M., Sanusi I. T. What are artificial intelligence literacy and competency? A comprehensive framework to support them // Computers and Education Open. – 2024. – Vol. 6. – Art. 100171. – DOI: https://doi.org/10.1016/j.caeo.2024.100171

[7] Минаков А. И. Структура компетенции педагога в области искусственного интеллекта для решения образовательных задач // МНКО. – 2024. – № 4 (107). – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/struktura-kompetentsii-pedagoga-v-oblasti-iskusstvennogo-intellekta-dlya-resheniya-obrazovatelnyh-zadach

[8] Розов К. В. О необходимости изменения содержания профессиональной подготовки будущего учителя информатики в области искусственного интеллекта // Информатика и образование. – 2020. – № 4. – С. 12–26. – DOI: https://doi.org/10.32517/0234-0453-2020-35-4-12-26

[9] Салгараева Г., Жұмабаева У. Болашақ информатика мұғалімдерін жасанды интеллект негіздері бойынша даярлаудың әдістемелік жүйесі // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Физика-математика ғылымдары сериясы. – 2020. – № 4 (72). – С. 250–254. – DOI: https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7901.39

[10] Әмірбеков А., Ибашова А. Болашақ информатика мұғалімдерін дайындау: білім беруде жасанды интеллект пландшафтында бағыттау // Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің хабаршысы. – 2024. – Т. 75. – № 4. – С. 97–110. – DOI: https://doi.org/10.47649/vau.24.v75.i4.09

[11] Абдрашова Э., Кобеева З., Кемельбекова Ж. Жасанды интеллект: болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби-әдістемелік құзыреттілігіне әсері // ҚР ҰҒА Хабарлары. – 2025. – Т. 415. – № 3. – С. 33–47. – DOI: https://doi.org/10.32014/2025.2518-1467.950

[12] European Commission. Joint Research Centre; Punie Y., Redecker C. (eds.) European Framework for the Digital Competence of Educators: DigCompEdu. – Luxembourg: Publications Office of the European Union, 2017. – 95 p. – URL: https://publications.jrc.ec.europa.eu/repository/handle/JRC107466 .

[13] UNESCO. Recommendation on the Ethics of Artificial Intelligence. – Paris: UNESCO, 2021. URL: https://www.unesco.org/en/legal-affairs/recommendation-ethics-artificial-intelligence

REFERENCES

[1] Prilop C. N., Mah D.-K., Jacobsen L. J., Hansen R. R., Weber K. E., Hoya F. Generative AI in teacher education: Educators' perceptions of transformative potentials and the triadic nature of AI literacy explored through AI-enhanced methods // Computers and Education: Artificial Intelligence. – 2025. – Vol. 9. – Art. 100471. – DOI: https://doi.org/10.1016/j.caeai.2025.100471

[2] Zawacki-Richter O., Marín V. I., Bond M. Systematic review of research on artificial intelligence applications in higher education – where are the educators? // International Journal of Educational Technology in Higher Education. – 2019. – Vol. 16. – Art. 39. – DOI: https://doi.org/10.1186/s41239-019-0171-0

[3] Holmes W., Bialik M., Fadel C. Artificial intelligence in education: Promises and implications for teaching and learning. – Boston: Center for Curriculum Redesign, 2019. – URL: https://curriculumredesign.org/our-work/artificial-intelligence-in-education/

[4] Smyshljaeva O. V., Gruzdeva M. L. Opredelenie ponjatij gramotnosti i kompetencij v oblasti iskusstvennogo intellekta v kontekste pedagogicheskogo obrazovanija [Defining the Concepts of Artificial Intelligence Literacy and Competencies in the Context of Teacher Education] // Vestnik RUDN. Serija: Informatizacija obrazovanija. – 2025. – № 3. – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/opredelenie-ponyatiy-gramotnosti-i-kompetentsiy-v-oblasti-iskusstvennogo-intellekta-v-kontekste-pedagogicheskogo-obrazovaniya [in Rus.]

[5] Long D., Magerko B. What is AI Literacy? Competencies and Design Considerations // Proceedings of the 2020 CHI Conference on Human Factors in Computing Systems (CHI '20). – New York: ACM, 2020. – P. 1–16. – DOI: https://doi.org/10.1145/3313831.3376727

[6] Chiu T. K. F., Ahmad Z., Ismailov M., Sanusi I. T. What are artificial intelligence literacy and competency? A comprehensive framework to support them // Computers and Education Open. – 2024. – Vol. 6. – Art. 100171. – DOI: https://doi.org/10.1016/j.caeo.2024.100171

[7] Minakov A. I. Struktura kompetencii pedagoga v oblasti iskusstvennogo intellekta dlja reshenija obrazovatel'nyh zadach [The Structure of an Educator's Artificial Intelligence Competence for Solving Educational Tasks] // MNKO. – 2024. – № 4 (107). – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/struktura-kompetentsii-pedagoga-v-oblasti-iskusstvennogo-intellekta-dlya-resheniya-obrazovatelnyh-zadach [in Rus.]

[8] Rozov K. V. O neobhodimosti izmenenija soderzhanija professional'noj podgotovki budushhego uchitelja informatiki v oblasti iskusstvennogo intellekta [On the Need to Change the Content of Professional Training of Future Computer Science Teachers in the Field of Artificial Intelligence] // Informatika i obrazovanie. – 2020. – № 4. – S. 12–26. – DOI: https://doi.org/10.32517/0234-0453-2020-35-4-12-26 [in Rus.]

Personalized adaptive learning is of particular importance in the field of computer science and computer science education [8]. These disciplines are characterized by high variability in the level of initial training of students, differences in algorithmic thinking and the speed of mastering practical programming skills. Adaptive technologies allow students to master the material at their own pace, receive individual recommendations and timely feedback.

Personalized adaptive technologies may improve engagement, motivation, and academic performance [9], but their effectiveness depends on course design quality and students' readiness for autonomous learning.

Despite the significant potential of personalized adaptive learning, its practical implementation in universities faces a number of challenges. One of the key barriers is the preservation of traditional, teacher-centered learning models, in which students are accustomed to a clearly structured learning process and minimal independence.

Additional difficulties are associated with limited digital pedagogical training of teachers, insufficient integration of adaptive technologies into curricula and the lack of a systematic approach to the use of educational data. In the context of mass higher education, there are also problems associated with large study groups and limited resources.

Modern online platforms, automatic task verification systems, intelligent assistants and analytical tools can partially compensate for the lack of resources and provide individual support to students. The use of adaptive technologies in computer science teaching is particularly promising, where digital tools are an integral part of the learning process.

Studying students' perceptions is an important aspect of evaluating the effectiveness of personalized adaptive learning. Students' attitude to adaptive technologies, their subjective assessment of the usefulness, convenience and fairness of adaptation significantly affect the level of academic engagement and willingness to use these approaches in educational activities.

Research shows that students who positively perceive personalized learning are more likely to demonstrate a high level of motivation, activity, and satisfaction with the learning process [10]. At the same time, students accustomed to traditional forms of teaching may have difficulty transitioning to self-regulated and adaptive learning, especially if they are not provided with sufficient support and clear instructions [11].

In the context of computer science education, the perception of personalized adaptive learning is of particular importance, since successful mastery of the discipline requires regular practice, independent work and error analysis [12]. Understanding the factors contributing to the acceptance or resistance of adaptive technologies on the part of students makes it possible to develop more effective pedagogical strategies and create conditions for the sustainable implementation of personalized learning in university practice.

Materials and methods

A cross-sectional mixed-methods design was applied to examine students' perceptions at one point during the 2024–2025 academic year. The quantitative stage involved a questionnaire survey, while the qualitative stage used semi-structured interviews to clarify students' individual experiences. The combination of quantitative and qualitative methods allowed us to gain a comprehensive understanding of the students' learning experience, their attitude to adaptive technologies, as well as the difficulties and advantages of their application.

To ensure the diversity of the sample, a convenient sampling method was used, which made it possible to reach students from various faculties and educational programs related to computer science and computer science. The study involved 384 students who filled out a questionnaire aimed at assessing their attitudes towards personalized adaptive learning, perceptions of its effectiveness and emerging difficulties. The questionnaire included 45 statements on the Likert scale, which made it possible to quantify the subjective experience of students.

For an in-depth analysis of students' perceptions, a subsample of 20 participants was selected, with whom semi-structured interviews were conducted. The interviews provided a deeper understanding of the students' individual learning experiences, the specifics of interacting with an adaptive educational environment, and their suggestions for improving the implementation of personalized adaptive learning in computer science courses.

Statistical processing included descriptive measures for summarizing the dataset and inferential procedures for examining differences between participant groups. The SPSS v.27 software tools were used for data processing, whereas NVivo v.12.

The study participants were selected from among university students in the 2024-2025 academic year by distributing questionnaires to students studying computer science disciplines. The sample was formed using the convenient sampling method, which made it possible to quickly collect the required number of respondents.

The total sample size was 384 students, and there was a gender imbalance: 73.4% of the respondents were women and 26.6% were men. According to the courses of study, the largest proportion of the sample were students of 2-3 courses (38.0% and 38.3%, respectively), while students of 1 and 4 courses were represented to a lesser extent (15.1% and 8.6%).

By place of residence, the majority of participants represented rural areas (44.0%), followed by urban residents (33.1%) and students from remote or hard-to-reach regions (22.9%). This sample structure reflects a typical demographic picture of students studying in computer science-related fields.

The questionnaire was developed in stages to ensure its reliability and validity. At the initial stage, 60 statements were formulated on a five-point Likert scale aimed at assessing students' perception of personalized adaptive learning in the process of studying computer science. The statements were developed based on attitude criteria and grouped into the following five dimensions:

- Learning engagement and motivation (10 statements);
- development of problem solving and algorithmic thinking skills (10 statements);
- learning experience and individualization of learning (10 statements);
- The role of the teacher and the digital educational environment (10 statements);
- Assessment and feedback in adaptive learning (5 statements).

The respondents rated their degree of agreement on a five—point scale:

1 - completely disagree;
2 - disagree;
3 - I find it difficult to answer;
4 - I agree;
5 - I totally agree.

To verify the reliability of the questionnaire, a pilot study was conducted, based on the results of which statements with a Cronbach's alpha coefficient from 0.71 to 0.91 were selected, which indicates a high internal consistency of the scales.

For the qualitative stage of the research, a Semi-structured interview program was developed, which includes six thematic blocks: educational engagement, the experience of personalized learning, the development of independence, the role of adaptive technologies, the perception of assessment and motivation to learn computer science.

The research procedure was conducted in compliance with ethical and methodological requirements. At the initial stage, the permission of the university administration to conduct the research was obtained. The survey was conducted in face-to-face format, after which the data was carefully checked for completeness and correctness.

384 correctly filled out questionnaires were selected from the total array of questionnaires, the rest were excluded from the analysis. In parallel, Semi-structured interviews were conducted with 20 students who expressed their voluntary consent to participate and an audio recording of the conversation. The interviews were conducted individually, which allowed for detailed and meaningful answers.

The use of quantitative and qualitative data collection methods ensured the complementarity of the results and increased the reliability of the study's conclusions.

To analyze quantitative data, the capabilities of the IBM SPSS Statistics v.27 package were used. Descriptive statistical methods (frequencies, averages, standard deviations) were used, as well as scale intervals for interpreting averages:

1.00–1.80 — complete disagreement.
1.81–2.60 — disagreement.
2.61–3.40 — uncertainty.
3.41–4.20 — consent;
4.21–5.00 — full consent.

The student's t-test and univariate analysis of variance (ANOVA) were used to identify differences between the groups.

The qualitative data obtained during the interview was analyzed using thematic analysis in the NVivo v.12 environment, which made it possible to identify key topics reflecting students' perception of personalized adaptive learning.

Results and discussion

Table 1 presents the results of the analysis of students' perception of personalized adaptive learning in the process of studying computer science. The analysis is based on data collected from 384 students. The section on academic engagement and motivation presents assessments of the effectiveness of personalized adaptive technologies in terms of increasing students' interest and activity in the learning process.

Table – 1. Students' perception of personalized adaptive learning in the process of studying computer science

Component	N	Mean	SD	Interpretation
Academic engagement and motivation	384	2.92	0.80	Uncertainty
Critical thinking and problem solving	384	3.46	0.72	Approval
Learning experience	384	3.18	0.81	Uncertainty
The role of the teacher	384	2.61	0.78	Disagreement
Evaluation and feedback	384	2.58	0.76	Disagreement

The results show that students generally do not strongly agree that personalized adaptive learning automatically increases their engagement and interest in learning computer science. Thus, the statement "I feel more involved when learning adapts to my level of knowledge" has an average value of M = 2.49 (SD = 0.850), and the statement "Personalized adaptive learning increases my interest in the discipline being studied" has an average value of M = 2.48 (SD = 0.620). Low averages indicate that some students are skeptical about the ability of adaptive technologies to increase motivation on their own.

At the same time, students positively evaluate individual elements of personalized adaptive learning. For example, the statement "I like learning using adaptive tasks and collaboration" received an average value of M = 3.53 (SD = 0.750), and "Practice-oriented adaptive tasks are more interesting than traditional lectures" - M = 3.52 (SD = 0.698). This indicates that students recognize the value of the practical orientation and flexibility of adaptive methods.

However, a significant portion of the responses reflect uncertainty, especially regarding self-regulated learning. The statements "Adaptive learning motivates me to study topics independently" (M = 2.95; SD = 0.841) and "I feel more responsible for learning outcomes in an adaptive environment" (M = 2.92; SD = 0.796) show that students are not always ready to take an active role in managing their own educational trajectory. This result is consistent with research

indicating the difficulties of moving from traditional forms of learning to self-regulated digital models.

The analysis of the block related to the development of critical thinking and problem-solving skills demonstrates more positive assessments. Students generally agree that personalized adaptive learning promotes the development of analytical thinking and practical programming skills. The statement "I feel more confident when solving complex problems after learning in an adaptive environment" has a value of M = 3.49 (SD = 0.710), and "Adaptive learning helps connect theory with practical tasks" has a value of M = 3.55 (SD = 0.698).

High averages were also obtained for statements related to analytical thinking and reflection: "Adaptive learning encourages me to ask more questions" (M = 3.51; SD = 0.711) and "I analyze information critically more often when learning in an adaptive environment" (M = 3.49; SD = 0.681). This confirms the potential of personalized adaptive technologies in shaping the professional competencies of future computer science specialists.

At the same time, indicators related to group projects and the development of creativity remain in the zone of uncertainty. For example, "Adaptive group projects improve my problem-solving skills" (M = 2.97; SD = 0.815) and "Adaptive learning stimulates my creative thinking" (M = 3.03; SD = 0.825) reflect students' ambiguous attitudes towards these aspects.

The results of the learning experience analysis show that students recognize that personalized adaptive learning makes the educational environment more dynamic (M = 3.52; SD = 0.830) and generally more attractive compared to traditional lectures (M = 4.00; SD = 0.795). At the same time, students do not always feel in control of their own learning (M = 2.47; SD = 0.790), which indicates the need for clearer pedagogical support.

Regarding the role of the teacher, most of the statements received ratings of disagreement. This indicates that students do not always perceive the teacher as an effective facilitator of adaptive learning. The exception is the statement "Teacher feedback in an adaptive environment is more useful than in traditional teaching" (M = 3.52; SD = 0.580), which emphasizes the importance of high-quality digital feedback.

The analysis of the assessment block shows that students are critical of existing forms of assessment in a personalized adaptive environment. Most of the statements received values below the consent threshold, which indicates a lack of transparency and consistency of assessment procedures with the principles of personalization and adaptability.

The results of the t-tests (Table 2) showed no statistically significant differences between men and women in all analyzed components ($p > 0.05$). This indicates that the perception of personalized adaptive learning does not depend on gender.

Table – 2. Comparison of perception of personalized adaptive learning by gender (t-test)

Indicator	t	Sig. (2-tailed)
Engagement and motivation	0.109	0.914
Critical thinking	-1.090	0.278
Learning experience	0.426	0.671
The role of the teacher	0.156	0.876
Evaluation	0.763	0.446

The univariate analysis of variance (Table 3) also did not reveal significant differences between students of different courses in most indicators. A slight approximation to the significance level is observed only in the "assessment and control" block, however, the differences do not reach a statistically significant level ($p > 0.05$).

Table – 3. Comparing the perception of Personalized Adaptive Learning by Course (ANOVA)

Indicator	F	Sig.
Engagement and motivation	0.575	0.631
Critical thinking	1.142	0.332
Learning experience	0.906	0.438
The role of the teacher	0.610	0.609
Evaluation	2.112	0.098

Conclusion

In this study, the perception of personalized adaptive learning by university students in the process of studying computer science was studied. The results showed that students generally positively assess the potential of personalized adaptive educational technologies, especially in the context of developing critical thinking, analysis, and practice-oriented problem-solving skills. At the same time, differences have been identified in the assessments of the effectiveness of these approaches in terms of increasing academic engagement and motivation. A significant part of the students expressed doubts about their willingness to fully take responsibility for the learning process, which indicates insufficiently developed skills of self-regulated learning, which are a key component of personalized adaptive models.

Despite this, students positively perceive individual elements of personalized adaptive learning, such as practice-oriented tasks, adaptive exercises, and interactive forms of work that contribute to a deeper understanding of computer science teaching materials. At the same time, the dominance of traditional forms of teaching, particularly the lecture format, continues to limit students' opportunities to actively participate in the learning process and make full use of the potential of adaptive technologies. This indicates that the introduction of personalized adaptive learning requires not only technological solutions, but also systemic changes in teaching practice.

An analysis of the teacher's role has shown that students do not always perceive teachers as effective facilitators of adaptive learning. This reflects the complexity of the transition from a teacher-centered model to student-centered and data-driven learning, in which the teacher acts as a mentor, an analyst of educational data and an organizer of individual educational trajectories. Insufficient pedagogical support and limited integration of adaptive tools reduce the effectiveness of learning personalization.

In addition, the results of the study revealed the critical attitude of students towards existing forms of assessment in a personalized adaptive environment. Students note that assessment procedures do not always reflect their individual progress, the learning process, and the development of practical programming skills. This indicates the need to revise the assessment system with an emphasis on formative feedback, analysis of educational data and tracking the individual dynamics of student achievements.

The findings obtained in this investigation suggest that adaptive instructional strategies can strengthen computer science education when they are supported by appropriate pedagogical practices and institutional readiness.

Funding information

This paper is an output of the science project "Theoretical and practical foundations for comprehensive improvement of computer science teacher training based on STEM education and machine learning". This research has been funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AP23489632 "Theoretical and practical foundations for comprehensive improvement of computer science teacher training based on STEM education and machine learning").

REFERENCES

[1] Serik M., Nurbekova G., Mukhambetova M., & Zulpykhar Z. The educational content and methods for big data courses including big data cluster analysis // World Transactions on Engineering and Technology Education. – 2022. – Vol. 20 (3). - P. 203-208. https://shortlink.uk/1wKwf

[2] Kopeyev et al., Using a personalized learning style and Google Classroom technology to bridge the knowledge gap on computer science // International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET). – 2020. – Vol. 15 (2). – P. 218-229. https://doi.org/10.3991/ijet.v15i02.11602

[3] Nurpeisova A., Shaushenova A., Mutalova Z., Zulpykhar Z., Ongarbayeva M., Niyazbekova, S. & Maisigova, L. The Study of Mathematical Models and Algorithms for Face Recognition in Images Using Python in Proctoring System // Computation. – 2022. - Vol. 10 (8). – P. 136. https://www.mdpi.com/2079-3197/10/8/136

[4] Seitakhmetova Z., Tulkibaevna U. A., Sadvakassova A., Ikenova A., Karmenova R. & Zhunussova G. Determining University Students' Views on Mobile Technology and Moodle Applications in Personalized Learning // International Journal of Interactive Mobile Technologies. – 2022. – Vol. 17 (23). https://link.springer.com/chapter/10.1007/978-3-031-51997-0_13

[5] Mukasheva M., Kornilov I., Beisembayev G., Soroko N., Sarsimbayeva, S. & Omirzakova A. Contextual structure as an approach to the study of virtual reality learning environment // Cogent Education. – 2023. – Vol. 10 (1). – P. 2165788. https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/2331186X.2023.2165788

[6] Zhilmagambetova R., Kopeyev Z., Mubarakov A., & Alimagambetova A. The Role of Adaptive Personalized Technologies in the Learning Process: Stepik as a Tool for Teaching Mathematics // International Journal of Virtual and Personal Learning Environments. – 2022. – Vol. 13 (1). – pp. 1-15. https://doi.org/10.4018/IJVPLE.324079

[7] Serik M., Yerlanova G., Karelkhan N. & Temirbekov N. The Use of The High-Performance Computing in The Learning Process // International Journal of Emerging Technologies in Learning. – 2021. – Vol. 16 (17). – P. 240-254. https://doi.org/10.3991/ijet.v16i17.22889

[8] Serikova S.M., Aldabergenova A.O., Smagulov Y.Zh. Teaching math ematics with Virtual robots to students // BULLETIN of Ablai Khan KazUIRandWL Series "PEDAGOGICAL SCIENCES". – 2024. – Vol. 2, (73). – P 344-359. https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.73.2.021

[9] Orynbayeva A., Shyndaliyev N., & Aripbayeva A. Improving statistical methods of data processing in medical universities using machine learning // World Transactions on Engineering and Technology Education. – 2023. – Vol. 21 (1). – pp. 58-63, https://www.scopus.com/pages/publications/85150231975

[10] Akperov N.K., Ardabayeva A.K Methodology for the development of functional Literacy of secondary school students through Teaching solving contextual problems in Mathematics // BULLETIN of Ablai Khan KazUIRandWL Series "PEDAGOGICAL SCIENCES". – 2025. – Vol. 1. (76). – P 545-558. https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.76.1.035

[11] Leikin R. Challenging mathematics with multiple solution tasks and mathematical investigations in geometry // Transforming mathematics instruction: Multiple approaches and practices. – 2014. – Vol. 3. № 15. – P. 59 – 80. https://doi.org/10.1016/B978-0-12-373594-2.X0001-9

[12] Lee G. G. & Hong H. G. John Amos Comenius as the prophet of modern ideas in science education: in the light of Pansophia // History of Education. – 2021. – Vol. 50, (1). – P. 1 – 26. https://doi.org/10.1080/00461520.2011.611369

ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ДЕРБЕСТЕНДІРІЛГЕН АДАПТИВТІ ОҚЫТУДЫ ҚАБЫЛДАУЫ

*Зулпыхар Ж.Е.[1], Серік М.[2], Шындалиев Н.Т.[3], *Жилмагамбетова Р.З.[4]
*[1,2,3,4]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан

Аңдатпа. Дербестендірілген адаптивті оқыту қазіргі информатиканы оқытуды дамытудың маңызды бағыттарының бірі болып табылады, өйткені ол студенттердің жеке білім беру қажеттіліктерін, бастапқы дайындық деңгейін және оқу материалын меңгеру қарқынын ескеруге мүмкіндік

береді. Бұл мақалада университет студенттерінің информатика курстарында дербестендірілген адаптивті оқытуды қолдануды қалай қабылдайтыны, сондай-ақ оның оқу белсенділігіне, есептерді шешу дағдыларына және жалпы білім алу тәжірибесіне ықпалы қарастырылады. Сонымен қатар адаптивті білім беру технологияларын қабылдауға ықпал ететін немесе оларды қолдануда қиындық туғызатын факторларға ерекше назар аударылады.

Зерттеу аралас әдіснамалық тәсіл негізінде жүргізілді. Сандық деректер бес балдық Лайкерт шкаласына негізделген авторлық сауалнама арқылы 384 студенттен жиналды. Сапалық деректер жалпы іріктемеден таңдалған 20 қатысушымен өткізілген жартылай құрылымдалған сұхбаттар арқылы алынды. Сандық нәтижелер сипаттамалық және инференциалдық статистика әдістерімен өңделді, ал сұхбат жауаптары студенттердің қайталанатын пікірлері мен оқу тәжірибесін анықтау мақсатында тақырыптық талдау арқылы зерделенді.

Зерттеу нәтижелері студенттердің дербестендірілген адаптивті оқытудың білім беру құндылығын, әсіресе есептерді шешу дағдыларын, аналитикалық ойлауды және практикалық оқу әрекетіне қатысуды дамытудағы маңызын мойындайтынын көрсетті. Сонымен бірге қатысушылардың едәуір бөлігі өзін-өзі реттейтін оқуға дайындық деңгейіне және өз оқу траекториясы үшін жауапкершілікті өз бетінше қабылдау қабілетіне қатысты сенімсіздік білдірді. Сондай-ақ адаптивті оқытудың тиімділігі адаптивті технологиялардың оқыту тәжірибесіне, курс құрылымына және бағалау рәсімдеріне жеткіліксіз енгізілуімен шектелетіні анықталды.

Зерттеу нәтижелері информатиканы оқыту процесіне дербестендірілген адаптивті оқытуды табысты енгізу үшін тек технологиялық инфрақұрылым ғана емес, сонымен қатар педагогикалық тұрғыдан негізделген оқу дизайны, оқытушының тұрақты қолдауы және студенттердің жеке оқу жетістіктерінің динамикасын көрсететін бағалау жүйесі қажет екенін көрсетеді.

Тірек сөздер: дербестендірілген адаптивті оқыту, информатика бойынша оқыту, компьютерлік технологиялар, адаптивті оқыту, өзін-өзі реттейтін оқыту, студенттерді қабылдау, оқуға қатысу, оқытудың тиімділігі

ВОСПРИЯТИЕ СТУДЕНТАМИ УНИВЕРСИТЕТА ПЕРСОНАЛИЗИРОВАННОГО АДАПТИВНОГО ОБУЧЕНИЯ В ПРОЦЕССЕ ИЗУЧЕНИЯ ИНФОРМАТИКИ

*Зулпыхар Ж.Е.[1], Серік М.[2], Шындалиев Н.Т.[3], *Жилмагамбетова Р.З.[4]
*[1,2,3,4]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Астана, Казахстан

Аннотация. Персонализированное адаптивное обучение становится одним из значимых направлений развития современного обучения информатике, поскольку позволяет учитывать индивидуальные

образовательные потребности студентов, их исходный уровень подготовки и темп освоения материала. В данной статье рассматривается, как студенты университета воспринимают применение персонализированного адаптивного обучения в курсах информатики, а также как они оценивают его влияние на учебную вовлечённость, развитие навыков решения задач и общий образовательный опыт. Особое внимание уделяется факторам, которые способствуют принятию адаптивных образовательных технологий или, напротив, вызывают затруднения при их использовании.

Исследование было проведено с применением смешанного методологического подхода. Количественные данные были получены на основе анкетирования 384 студентов с использованием авторской анкеты, построенной на пятибалльной шкале Лайкерта. Качественные данные были собраны посредством полуструктурированных интервью с 20 участниками, отобранными из общей выборки. Количественные результаты были обработаны с применением описательной и инференциальной статистики, а ответы интервью проанализированы методом тематического анализа для выявления повторяющихся мнений и учебного опыта студентов.

Полученные результаты показывают, что студенты признают образовательную ценность персонализированного адаптивного обучения, особенно в развитии навыков решения задач, аналитического мышления и вовлечённости в практико-ориентированную учебную деятельность. Вместе с тем значительная часть участников выражает неопределённость относительно готовности к саморегулируемому обучению и способности самостоятельно отвечать за собственную образовательную траекторию. Также установлено, что эффективность адаптивного обучения ограничивается недостаточной интеграцией адаптивных технологий в преподавательскую практику, структуру курса и процедуры оценивания.

Результаты исследования позволяют заключить, что успешное внедрение персонализированного адаптивного обучения в процесс изучения информатики требует не только развитой технологической инфраструктуры, но и педагогически обоснованного учебного дизайна, постоянной поддержки преподавателя и системы оценивания, отражающей индивидуальную динамику учебных достижений студентов.

Ключевые слова: персонализированное адаптивное обучение, обучение информатике, компьютерные технологии, адаптивное обучение, саморегулируемое обучение, восприятие студентов, учебная вовлечённость, эффективность обучения

Received / Мақала түсті / Статья поступила: 19.01.2026
Accepted: / Жариялауға қабылданды / Принята к публикации: 25.09.2026

Information about authors:

Zulpykhar Zhandos Ensebekulu – candidate of pedagogical sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, associate professor, head of the department of Computer Science, e-mail: astzhan@gmail.com, https://orcid.org/0000-0001-7086-3766

Serik Meruert – doctor of pedagogical sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, professor, e-mail: serik_meruerts@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-2801-432X

Shyndaliyev Nurzhan Tazhibaevich – candidate of pedagogical sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, associate professor, e-mail: nurazhan0412@gmail.com, https://orcid.org/0000-0001-5284-3526

Zhilmagambetova Raushan Zeinetollakyzy – PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University, acting associate professor department of Computer Science, e-mail: ali_raushan@mail.ru, https://orcid.org/0009-0004-6324-2776

Авторлар туралы мәлімет:

Зулпыхар Жандос Енсебекұлы – п.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Информатика кафедрасының меңгерушісі, қауымдастырылған профессор, e-mail: astzhan@gmail.com, https://orcid.org/0000-0001-7086-3766

Серік Меруерт – п.ғ.д., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Информатика кафедрасының профессоры, e-mail: serik_meruerts@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-2801-432X

Шындалиев Нуржан Тажибаеваич – п.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Информатика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, e-mail: nurazhan0412@gmail.com, https://orcid.org/0000-0001-5284-3526

Жилмагамбетова Раушан Зейнетоллақызы – PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Информатика кафедрасының қауымдастырылған профессордың м.а., e-mail: ali_raushan@mail.ru, https://orcid.org/0009-0004-6324-2776

Информация об авторах:

Зулпыхар Жандос Енсебекұлы – к.п.н., Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ассоциированный профессор, заведующий кафедрой информатики, e-mail: astzhan@gmail.com, https://orcid.org/0000-0001-7086-3766

Серік Меруерт – д.п.н., Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, профессор кафедрой информатики, e-mail: serik_meruerts@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-2801-432X

Шындалиев Нуржан Тажибаеваич – к.п.н., Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ассоциированный профессор, e-mail: nurazhan0412@gmail.com, https://orcid.org/0000-0001-5284-3526

Жилмагамбетова Раушан Зейнетоллақызы – PhD, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, и.о. ассоциированного профессора, e-mail: ali_raushan@mail.ru, https://orcid.org/0009-0004-6324-2776

ӘОЖ 392.4
ҒТАМР 14.15.12
https://doi.org/10.48371/PEDS.2026.82.3.010

ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЦИФРЛЫҚ АДАПТИВТІ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНЕ ДЕГЕН ҚАТЫНАСЫН БАҒАЛАУ

*Жорабекова А.Н.[1], Есназар А.Ж.[2], Дүйсенова М.М.[3], Курмашева М.Б.[4]
*[1,2,3,4]Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі білім беру мен ғылымды дамыту жағдайында цифрлық адаптивті оқыту жүйелерін зерттеу өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Қазіргі таңда адаптивті оқыту жүйесі мұғалімдер мен білім алушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімделген дербестендірілген оқу тәжірибесін ұсынады. Бұл жүйе мұғалімдер мен білім алушылардың білімін үздіксіз бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында цифрлық білім беру жағдайында адаптивті оқыту жүйесін зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне талдау жасалды.

Зерттеудің мақсаты - шетел тілі мұғалімдерінің цифрлық адаптивті оқыту жүйесіне деген қатынасы мен оларды педагогикалық тәжірибеде қолдануға дайындығын бағалау. Тәжірибелік-эксперименттік зерттеуге Шымкент және Түркістан қалаларындағы шетел тілі мұғалімдері қатысты. Жалпы 63 мұғалім өз еркімен зерттеуге қатысуға ынтасын білдіріп, іріктеліп алынды. Зерттеу үш кезең арқылы жүргізілді. Анықтау кезеңінде: шетел тілі мұғалімдерінің адаптивті оқыту технологияларына деген қатынасын анықтау үшін «Адаптивті оқыту технологиясы туралы көзқарасыңыз қандай?» атты авторлық сауалнама қолданылды. Қалыптастыру кезеңінде: шетел тілі мұғалімдерінің біліктілігін арттыру мақсатында тәжірибелік топқа «Шетел тілі мұғалімдерін даярлаудағы жаңа тенденциялар: цифрлық адаптивті технологиялар және жасанды интеллект» атты ғылыми-әдістемелік семинар ұйымдастырылды. Ғылыми-әдістемелік семинардың мақсаты: шетел тілі мұғалімдерінің цифрлық адаптивті технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын кәсіби қызметте тиімді қолдануға дайындығын арттыру. Бақылау кезеңінде сауалнама қайта алынды. Сауалнама арқылы жинақталған деректер статистикалық зерттеу әдістері негізінде талданды. Сандық деректердің қалыпты таралғанын немесе қалыпты таралмағанын анықтау үшін Шапиро-Уилк тесті алынды. Сондай-ақ, бақылау және тәжірибелік топты салыстыру үшін параметрлік емес Манн-Уитни U тесті қолданылды. Зерттеу нәтижелері бақылау және тәжірибелік топтар арасында статистикалық маңызды айырмашылық бар екенін көрсетті (Манн–Уитни $U = 218,5$; $Z = –4,043$; $p = 0,001$; $r = 0,51$).

Тірек сөздер: цифрлық адаптивті оқыту, шетел тілі мұғалімдерін даярлау, эксперимент, ғылыми-әдістемелік семинар, цифрлық платформа, сауалнама, бағалау, жүйе

Кіріспе

Қазіргі білім мен ғылымды дамытуда цифрлық адаптивті оқыту жүйелерінің қызметі білім беру мекемелерінде елеулі өзгерістерге әкелді. Адаптивті оқыту жүйесі мұғалімдер мен білім алушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімделген дербестендірілген оқу тәжірибесін ұсынады. Бұл жүйе мұғалімдер мен білім алушылардың білімін үздіксіз бағалауға септігін тигізіп, оқу мазмұнын бейімдеу үшін цифрлық білім беру ресурсы арқылы іске асады.

Педагогтың кәсіптік стандартында: «оқу және әдістемелік қызметті жүзеге асыруда цифрлық технологияларды қолданудың» [1], Жасанды интеллектті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамада: «жасанды интеллект бойынша модульдерді, цифрлық дағдыларды нығайтуға, мамандардың біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға ықпал ететін түрлі мамандықтардың оқу бағдарламалары енгізілетін болады» [2] деп көрсетілген. Аталған құжатта көзделген міндеттер цифрлық білім беру ресурстарын оқу процесінде қолданудың басымдығына негізделген. Зерттеу тақырыбы цифрлық адаптивті оқыту жүйелеріне бағытталғандықтан, жасанды интеллект технологиялары мен компьютерлік алгоритмдердің білім беру үдерісін білім алушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімдеудегі мүмкіндіктеріне ерекше назар аудару қажет.

Бұл ретте, дербестендірілген оқу процесінде цифрлық адаптивті оқыту жүйелерін қолдану білім беру технологияларындағы маңызды зерттеу болып табылатыны сөзсіз деп білеміз. Өйткені цифрлық адаптивті оқытудың мүмкіндіктері көп, оқу нәтижелерін жақсартады, жоғары деңгейлі дағдыларды дамытуға, нақты уақыт режимінде қажеттіліктеріне жауап беруге мүмкіндік береді.

Олай болса, бұл зерттеу келесі зерттеу сұрақтарына негізделген:

1. Шетел тілі мұғалімдерінің цифрлық адаптивті оқыту жүйесіне деген көзқарасы қандай?

2. Ғылыми-әдістемелік семинардан кейін шетел тілі мұғалімдерінің цифрлық адаптивті оқыту технологияларына деген қатынасы мен оларды қолдануға дайындығы қалай өзгерді?

Адаптивті оқыту - білім алушылардың жеке қажеттіліктерін, қалауларын және үлгерімін ескере отырып, дербестендірілген оқыту технологияларын пайдаланатын білім беру тәсілі [3]. Ал, дербестендірілген оқыту - оқытудың әдістерін, мазмұнын және қарқынын әр оқушының жеке қажеттіліктеріне, қалауы мен мақсаттарына бейімдейтін білім беру тәсілі деп қарастырылады [4,p.25]. Демек, бұл тәсіл білім алушылардың оқу үдерісіне саналы әрі белсенді қатысуына, өз оқу әрекетіне жауапкершілікпен қарауына және оқу мотивациясының артуына ықпал етеді. Осы ретте, цифрлық адаптивті оқыту жүйесін қолдану білім беру мазмұнын жетілдіреді.

Білім беру жүйесінде адаптивті оқыту жүйесін трансформациялық тәсіл ретінде Jose және бірлескен авторлар [5,p.2] қарастырады. Авторлардың пікірінше, адаптивті оқыту жүйесі білім беру мазмұнын

жеке қажеттіліктеріне бейімдеу үшін қолданылады, олардың үлгерімі мен қатысуына негізделген дербестендірілген оқыту жолдарын қамтамасыз етіп, оқудағы олқылықтарды жоюға және теңдікті орнатуға мүмкіндік береді [5, б.7]. Олай болса, адаптивті оқыту білім алушылардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал ететінін көрсетеді. Сондай-ақ, адаптивті оқыту білім алушылардың мінез-құлқы мен қажеттіліктеріне, өзара әрекеттесуіне және білім деңгейіне бейімдеу үшін қажет [6]. Яғни, білім алушының ілгерілуіне және дамуына баса назар аударып, оған сәйкес тапсырмаларды бейімдейді. Осылайша, адаптивті оқыту жүйесі білім алушының оқу үдерісіне белсенді қатысуына жағдай жасап, оқу мазмұны мен тапсырмаларды оның жеке қажеттіліктері мен білім деңгейіне сәйкес бейімдеуге мүмкіндік береді.

Білім беру зерттеулерінде адаптивті оқытуға қол жеткізуде цифрлық білім беру ресурстарын модельдеу мәселесін Apoki және т.б. [7], білім алушылардың өзін-өзі реттеуге және ынтымақтастық жағдайында оқытуды бірлесіп реттеуге ықпал ететін тәсіл ретінде Sharma және т.б. [8], цифрлық білім берудегі жасанды интеллектке негізделген адаптивті оқыту жүйелерінің рөлін Katonane [9], адаптивті оқыту стратегиясы арқылы оқыту процесін жақсарту жолдарын Rincon-Flores және т.б. қарастырды [10].

Цифрлық білім беру ресурстарын қолдану жағдайында адаптивті оқытудың өзектілігі арта түседі, өйткені ол оқу мазмұны мен оқу қарқынын білім алушылардың жеке қажеттіліктеріне, ерекшеліктері мен оқу мүмкіндіктеріне сәйкес бейімдеуге жағдай жасайды [11, б.250]. Демек, адаптивті оқыту білім алушының іс-әрекетіне жауап беретін және қолдау көрсететін цифрлық технологиялар негізінде іске асады. Бұл оқыту жүйесі білім алушыға бағытталған тәсіл болып табылады, білім алушының қажеттіліктеріне қарай оқу материалдары бейімделеді.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыруда Canva, ThingLink, MindMeister және Google Sites және т.б. цифрлық технологиялардың маңызы зор [12, б.393]. Бұл технологиялар шетел тілі мұғалімдерінің сыни ойлауын бағалауға, талдау және жинақтауға, ақпаратты түсіну, сақтау, іздеу секілді дағдыларды қалыптастыруға негіз болатын ақпараттық-аналитикалық субқұзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу дизайны. Зерттеу дизайнын төмендегі кестеде ұсынамыз (кесте 1).

Кесте 1. Зерттеу дизайны

Топ	Қатысушылар саны	Зерттеу әдісі	Интервенция мазмұны	Статистикалық талдау
Бақылау	n=32	сауалнама	Қалыпты оқу процесі	Шапиро-Уилк, Манн-Уитни U тесті, Уилкоксонның жұпталған критерийі

Тәжірибелік	n=31	сауалнама	12 сағаттық ғылыми-әдістемелік семинарға қатысу	Шапиро-Уилк, Манн-Уитни U тесті, Уилкоксонның жұпталған критерийі

Қатысушылар. Тәжірибелік-эксперименттік зерттеуге Түркістан және Шымкент қаласының 63 шетел тілі мұғалімдері өз еркімен зерттеуге қатысуға ынтасын білдірді. Зерттеуде қатысушыларды топтарға бөлу кездейсоқ рандомизация әдісі арқылы емес, қолжетімді топтар негізінде жүзеге асырылды. Осыған байланысты зерттеу квазиэксперименттік дизайн ретінде қарастырылды. Бақылау тобы Түркістан қаласынан, ал тәжірибелік топ Шымкент қаласынан қалыптастырылғандықтан, қала факторы (білім беру ортасы, цифрлық инфрақұрылым ерекшеліктері, мекеме жағдайы және қатысушылардың бастапқы тәжірибесі) араласушы айнымалы ретінде ескерілді. Түркістан қаласының шетел тілі мұғалімдері бақылау тобы (32 қатысушы), Шымкент қаласының шетел тілі мұғалімдері тәжірибелік топ (31 қатысушы) ретінде іріктеліп алынды.

Қатысушыларға зерттеудің тәртібі және алынған деректерді пайдалану ерекшеліктері алдын ала түсіндірілді. Зерттеу барысында алынған деректердің құпия сақталатыны туралы ақпараттандырылды. Зерттеу 3 апта аралығында жүргізілді.Зерттеу барысында тәжірибелік топқа семинар ұйымдастырылып, оның мазмұны мен ұзақтығы алдын ала белгіленген бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылды. Бақылау тобы зерттеу кезеңінде арнайы семинарлық ықпалға қатыстырылмай, өздерінің қалыпты кәсіби қызметін жалғастырды. Қатысушылар туралы мәлімет төмендегі кестеде ұсынылды.

Кесте 2. Қатысушылар туралы мәлімет

Критерий	**Категория**	**Бақылау тобы**		**Тәжірибелік топ**	
		n	%	n	%
Жынысы	Ер	7	21,8	3	9,6
	Әйел	25	78,2	28	90,4
Жасы	20-30	1	3	2	6,5
	31-40	12	37,6	5	16
	41-50	15	46,8	18	58
	50 жастан жоғары	4	12,6	6	19,5
Барлығы		32	100%	31	100%

2-кестеде барлық қатысушылардың саны - 63; қатысушылардың 53 - әйелдер, 10 - ер адамдар; 20-30 жас аралығындағы 3 қатысушы; 31-40 жас аралығындағы 17 қатысушы; 41-50 жас аралығындағы 33 қатысушы; 50 жастан жоғары 10 қатысушыны құрады.

Деректерді жинау. Деректерді жинау құралы ретінде «Адаптивті оқыту технологиясы туралы көзқарасыңыз қандай?» атты сауалнама алынды.

Осы зерттеуде сауалнама арқылы бағаланатын негізгі ұғымдар өзара төмендегідей ажыратылды. «Қатынас» мұғалімдердің цифрлық адаптивті оқыту технологияларына қатысты жалпы бағалаушы көзқарасын білдіреді. «Қабылдау» қатынастың құрамдас бөлігі ретінде технологияның педагогикалық мүмкіндіктерін оң немесе теріс бағалауды сипаттайды. «Дайындық» мұғалімнің цифрлық адаптивті оқыту технологияларын педагогикалық тәжірибеде қолдануға ниеті мен өзіндік бағалауға негізделген субъективті дайындығын білдіреді. Ал «қолайлылық» технологияны пайдаланудың ыңғайлылығына қатысты бағалауды сипаттайды және «дайындық» ұғымының баламасы ретінде қолданылмайды.

Сауалнаманың мазмұндық валидтілігі оның зерттеу мақсатына, зерттеу сұрақтарына және бағаланатын көрсеткіштердің теориялық мазмұнына сәйкестігі негізінде қамтамасыз етілді. Сауалнама тұжырымдары цифрлық адаптивті оқыту технологияларына деген қатынасты, оларды педагогикалық тәжірибеде қолдануға субъективті дайындықты, технологияның педагогикалық мүмкіндіктерін қабылдауды, білім алушылардың жеке қажеттіліктерін ескеру мүмкіндігін, сондай-ақ оқу белсенділігі мен оқу нәтижелеріне ықпалы туралы мұғалімдердің пікірлерін қамтыды. Осылайша, сауалнама мазмұны зерттеуде қарастырылған негізгі көрсеткіштерді қамту қағидаты бойынша құрылды.

Сауалнаманың ішкі келісімділігін бағалау үшін Кронбахтың альфа коэффициенті есептелді. Алынған $\alpha = 0{,}815$ мәні сауалнама тармақтарының жеткілікті жоғары ішкі келісімділігін көрсетті. Бұл көрсеткіш сауалнаманың сенімділігін сипаттайды, алайда оның валидтілігінің дербес дәлелі ретінде қарастырылмайды.

Сонымен қатар, осы зерттеу шеңберінде сауалнамаға арнайы сараптамалық бағалау, факторлық немесе критериалдық валидизация жүргізілмеді. Сондықтан құралдың валидтілігі мазмұндық сәйкестік деңгейінде негізделді. Бұл жағдай зерттеудің әдіснамалық шектеулерінің бірі ретінде ескерілді және сауалнаманың психометриялық қасиеттерін кеңірек іріктемеде қосымша тексеруді қажет етеді.

Деректерді талдау. Сауалнама арқылы алынған деректер математикалық-статистикалық әдістер арқылы талданды. Деректердің қалыпты таралуға сәйкестігін анықтау үшін Шапиро–Уилк тесті қолданылды. Бақылау және тәжірибелік топтар арасындағы айырмашылықтарды бағалау үшін параметрлік емес Манн–Уитни U тесті, ал әр топтағы бастапқы және қорытынды өлшеулер арасындағы өзгерістерді бағалау үшін Уилкоксонның жұпталған критерийі қолданылды. Статистикалық мәнділік деңгейі $p < 0{,}05$ деп қабылданды.

Нәтижелер және талқылау

Анықтау кезеңі. Шетел тілі мұғалімдерінің адаптивті оқыту технологияларын қолдануға дайындығын анықтау мақсатында *«Адаптивті оқыту технологиясы туралы көзқарасыңыз қандай?»* атты авторлық сауалнама қолданылды. Сауалнаманың мақсаты: шетел тілі мұғалімдерінің

адаптивті оқыту жүйесі туралы көзқарасын анықтауға бағытталған. Сауалнама 6 тұжырымнан тұрады. Жауаптар 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша бағаланды. Бағалау шкаласы: 6-10 балл - өте төмен деңгей; 11-15 балл - төмен деңгей; 16-20 балл - орташа деңгей; 21-25 балл - жоғары деңгей; 26-30 балл - өте жоғары деңгей.

Сауалнамада ұсынылған тұжырымдар:

1. Цифрлық адаптивті оқыту жүйесін оқу процесінде қолдануға дайынмын.

2. Цифрлық адаптивті оқыту жүйесі оқу нәтижелерін жақсартады.

3. Цифрлық адаптивті оқыту жүйесі практикалық жоғары деңгейлі дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

4. Цифрлық адаптивті оқыту жүйесі білім алушылардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандырады.

5. Тапсырмаларды білім алушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімдеп беру дұрыс.

6. Жеке қажеттіліктеріне негізделген білім беру мазмұны білім алушылардың оқуға деген белсенділігін қамтамасыз етеді.

Бақылау және тәжірибелік топтың сауалнама нәтижелерін ұсынамыз (кесте 3):

Кесте 3. Сауалнама нәтижелерінің деңгейлер бойынша бөлінуі (анықтау кезеңі), n

№	Топ	Өте төмен, n	Төмен, n	Орташа, n	Жоғары, n	Өте жоғары, n	Me	IQR
1	Бақылау (n=32)	4	12	14	2	-	2,50	1,00
2	Тәжірибелік (n=31)	3	13	14	1	-	2,00	1,00

Кестеде сауалнама нәтижелері абсолюттік жиілік (n) түрінде берілді. Бастапқы өлшеуде бақылау тобының медианасы Me = 2,50 (IQR = 1,00), ал тәжірибелік топта Me = 2,00 (IQR = 1,00) болды.

Авторлық сауалнама бойынша алынған сандық деректердің қалыпты таралғанын немесе қалыпты таралмағанын анықтау үшін Шапиро-Уилк тесті қолданылды. Бұл тесттің нәтижесін келесі кестеде ұсынамыз (кесте 4).

Кесте 4. Анықтау кезеңіндегі Шапиро-Уилк тестінің нәтижелері

Топ	W	df	p
Бақылау (n=32)	0,845	32	< 0,001
Тәжірибелік (n=31)	0,845	31	< 0,001

Екі топта да Шапиро–Уилк тестінің нәтижелері статистикалық мәнді болды ($p < 0,001$), бұл деректердің қалыпты таралуға сәйкес келмейтінін көрсетті. Осыған байланысты топаралық салыстыру үшін параметрлік емес Манн–Уитни U тесті қолданылды. Нәтижесі келесідей (кесте 5):

Кесте 5. Анықтау кезеңіндегі Манн–Уитни U тестінің нәтижелері

Көрсеткіш	**Мәні**
Бақылау тобы, n	32
Тәжірибелік тобы, n	31
Бақылау тобы, Me (IQR)	2,50 (1,00)
Тәжірибелік тобы, Me (IQR)	2,00 (1,00)
Манн-Уитни U	476,00
Уилкоксон W	972,00
Z	-0,298
p	0,765
Әсер мөлшері, r	0,04

Анықтау кезеңінде бақылау тобының медианасы Me = 2,50 (IQR = 1,00), ал тәжірибелік топтың медианасы Me = 2,00 (IQR = 1,00) болды. Манн–Уитни U тестінің нәтижелері бақылау және тәжірибелік топтар арасында статистикалық мәнді айырмашылықтың болмағанын көрсетті (U = 476,00; Z = −0,298; p = 0,765; r = 0,04). Әсер мөлшерінің өте төмен болуы (r = 0,04) топтар арасындағы бастапқы айырмашылықтың практикалық тұрғыдан да мардымсыз екенін көрсетті. Осылайша, зерттелетін көрсеткіш бойынша бақылау және тәжірибелік топтардың бастапқы деңгейлері салыстырмалы түрде ұқсас болды.

Қалыптастыру кезеңі. Біз зерттеу барысында шетел тілі мұғалімдерінің біліктілігін арттыру мақсатында тәжірибелік топқа «*Шетел тілі мұғалімдерін даярлаудағы жаңа тенденциялар: цифрлық адаптивті технологиялар және жасанды интеллект*» атты ғылыми-әдістемелік семинар ұйымдастырдық. Бұл ғылыми-әдістемелік семинардың өзектілігі цифрландыру, адаптивті оқыту технологияларын енгізу және жасанды интеллект құралдарын белсенді қолдану жағдайында шетел тілдерін оқыту жүйесін трансформациялауға байланысты. Қазіргі заманғы шетел тілі мұғалімі пәндік және әдістемелік білімге ғана емес, сонымен қатар дербестендірілген және адаптивті оқытуды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін дамыған цифрлық-педагогикалық құзыреттілікке ие болуы керек.

ҚР білім беру тәжірибесінде білім алушылардың жеке білім беру траекторияларын қамтамасыз ететін цифрлық платформаларды, бағалаудың автоматтандырылған жүйелерін, зияткерлік оқыту орталарын және АКТ құралдарын енгізуге тұрақты сұраныс байқалады. Осыған орай, мұғалімдерді шетел тілін оқыту процесіне цифрлық адаптивті технологияларды саналы, әдістемелік тұрғыда негізделген және этикалық тұрғыдан дұрыс пайдалануға мақсатты түрде дайындау қажеттілігі туындайды. Ғылыми-әдістемелік семинар бағдарламасы шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін арттыруда заманауи процестерді, цифрлық адаптивті оқыту қағидаттары, жасанды интеллект құралдарын қолдану мүмкіндіктері мен шектеулері туралы тұтас түсінік қалыптастыруға бағыттайды. Оқытудың тәжірибеге бағытталған сипатына, АКТ құралдарын пайдалана отырып цифрлық адаптивті сабақтарды әзірлеу, оқу модульдерін жобалау дағдыларын қалыптастыруға ерекше назар аударылады.

Ғылыми-әдістемелік семинардың мақсаты: шетел тілі мұғалімдерінің цифрлық адаптивті технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын кәсіби қызметте тиімді қолдануға дайындығын арттыру.

Ғылыми-әдістемелік семинардың міндеттері:

- білім беру жүйесінде инновациялық процестерді зерделеу;
- цифрлық адаптивті оқытуды библиометриялық және теориялық негізде талдау;
- жасанды интеллектінің әдістемелік әлеуетін талдау;
- оқу процесінде цифрлық құралдарды қолданудың практикалық дағдыларын қалыптастыру;
- цифрлық адаптивті сабақтары мен оқу модульдерін жобалау.

Күтілетін нәтиже:

- білім беру жүйесінде инновациялық процестерді талдайды;
- цифрлық адаптивті оқыту мәселесін теориялық және библиометриялық тұрғыда талдайды;
- оқу процесінде цифрлық адаптивті оқыту технологиялары мен жасанды интеллект құралдарын қолданады, бағалайды, кері байланыс береді;
- білім алушылардың жеке білім беру қажеттіліктерін ескере отырып тапсырмалар әзірлейді;
- цифрлық адаптивті сабақ немесе шағын курс жасайды.

Ғылыми-әдістемелік семинар онлайн және офлайн форматта ұйымдастырылды. Ғылыми-әдістемелік семинардың бағдарламасы төмендегідей (кесте 6).

Кесте 6. «Шетел тілі мұғалімдерін даярлаудағы жаңа тенденциялар: цифрлық адаптивті технологиялар және жасанды интеллект» атты ғылыми-әдістемелік семинардың бағдарламасы

№	Тақырып	Мазмұны	Сағат саны
1	Кіріспе	Шетел тілі мұғалімдерін даярлаудағы цифрлық адаптивті оқытудың рөлі.	1
2		Заманауи оқыту: цифрлық білім берудегі адаптивті оқыту.	1
3	Жасанды интеллект арқылы оқыту	Жасанды интеллект арқылы дербестендірілген оқытудың болашағы.	1
4		Цифрлық сауаттылық: білім беру үдерісін оңтайландыру үшін жасанды интеллект құралдарын қолдану.	1
5		ЖИ-дың академиялық ағылшын тілін үйренудегі көмекші құрал ретіндегі рөлі: Иллинойс университетінің тәжірибесі және Қазақстанда енгізу перспективалары.	1
6		Тақтадан чатботқа дейін: оқу процесінде жасанды интеллект құралдары.	1

7	Адаптивті оқыту мәселелері	Адаптивті оқыту контекстінде оқыту: сабақтарды ұйымдастыру және оқу сценарийлері.	1
8		Ойынға негізделген геймификация	1
9	Библио-метриялық талдау	Цифрлық адаптивті оқытуды зерттеу: библиометриялық талдау (2005-2025)	1
10		Ағылшын тілін шетел тілі ретінде оқытуға арналған жасанды интеллекттің геймификацияланған құралдары	1
11	Цифрлық адаптивті сабақтарды жоспарлау	Оқыту теориялары адаптивті оқытудың негізі ретінде	1
12		Жоғары білім беруде ЖИ-ға бағдарланған адаптивті оқыту платформаларын жобалау және енгізу.	1
Барлығы			12

The reliability analysis using Cronbach's Alpha demonstrated that all scales of the questionnaire possess acceptable to high internal consistency, confirming the methodological validity of the diagnostic instrument and its suitability for further empirical research.

The results of descriptive statistics revealed a generally moderate to high level of development of all 4C components, with the highest mean scores observed for Collaboration and the lowest for Communication. This indicates that students tend to perform more confidently in teamwork than in productive and public communication in a foreign language.

The level-based distribution showed that a substantial proportion of students remains at the moderate level of Critical Thinking, Creativity, and especially Communication, whereas Collaboration is predominantly represented at a high level. The largest share of low-level students was identified in the Communication component, which allows it to be considered the main deficit area.

The correlation analysis revealed strong statistically significant positive relationships among all 4C components, confirming their systemic and interdependent nature. The strongest association was found between Communication and Collaboration, emphasizing the critical role of communicative competence in effective teamwork.

Taken together, the findings indicate a structural imbalance in the development of 4C, where collaborative skills are more developed than communicative and partially creative ones. This imbalance provides strong empirical justification for the design and implementation of a holistic CPD model, primarily focused on enhancing Communication and Creativity while maintaining an integrated approach to all 4C components.

Thus, the results of this study serve as a diagnostic foundation for the development of a CPD model for students of language specialties, aimed at fostering 21st-century skills and improving the quality of professional training of future language teachers and philologists.

Funding information

This research is funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AP32720309)

REFERENCES

[1] Thornhill-Miller B., Camarda A., Mercier M., Burkhardt J.-M., Morisseau T., Bourgeois-Bougrine S., Vinchon F., El Hayek S., Augereau-Landais M., Mourey F., Feybesse C., Sundquist D., Lubart T. Creativity, Critical Thinking, Communication, and Collaboration: Assessment, Certification, and Promotion of 21st Century Skills for the Future of Work and Education // Journal of Intelligence. – 2023. – Vol. 11. – No. 3. – Article 54. – Access mode: URL:

https://www.mdpi.com/2079-3200/11/3/54 [Date of access: 13.02.2025].

[2] Resmi R., Rahman A., Sobirov B., Rumbardi R., Al-Awawdeh N., Widoyo H., Herman H., Saputra N. Incorporating Teachers' Views on Different Techniques for Teaching Foreign Languages in the Classroom // World Journal of English Language. – 2023. – Vol. 13. – P. 210. – Access mode: URL: https://www.sciedupress.com/journal/index.php/wjel/article/view/22420 [Date of access: 14.05.2025].

[3] Salybekova F.M., Almetov N.S., Karbozova G.K., Suyuberdieva A.A., Kudaibergenova M.R., Nazarova G.Z. Role of the Integration of the 4C Model in the Professional Training of Foreign Language Teachers // Frontiers in Education. – 2023. – Vol. 8. – Article 1125728. – Access mode: URL: https://www.frontiersin.org/articles/10.3389/feduc.2023.1125728/full [Date of access: 15.05.2025].

[4] Berkinbayeva G., Dauletbekova Z., Yelubayeva P., Bugybayeva Z. 4C-Based Learning Model as an Effective Tool in Language Classrooms: The Case of Kazakh Schools // International Journal of Innovation and Learning. – 2023. – Vol. 34. – No. 1. – Pp. 81–95. – Access mode: URL: https://www.inderscienceonline.com/doi/abs/10.1504/IJIL.2023.131286 [Date of access: 02.06.2025].

[5] Ningsih T.Z., Aman A., Nasrulloh A., Ofianto O., Erniwati E., Asri Z., Firza F. Enhancing Communication and Collaboration Skills through Discovery, Cooperative and Problem-Based Learning Models in Social Studies Education // Cogent Education. – 2025. – Vol. 12. – No. 1. – Access mode: URL: https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/2331186X.2025.2321983 [Date of access: 17.06.2025].

[6] Vadivel B., Namaziandost E., Saeedian A. Progress in English Language Teaching through Continuous Professional Development—Teachers' Self-Awareness, Perception, and Feedback // Frontiers in Education. – 2021. – Vol. 6. – Article 757285. – Access mode: URL: https://www.frontiersin.org/articles/10.3389/feduc.2021.757285/full [Date of access: 12.06.2025].

ТІЛДІК МАМАНДЫҚТАР СТУДЕНТТЕРІНДЕ 4С ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ҮЗДІКСІЗ КӘСІБИ ДАМУ (CPD) МОДЕЛІ: ДИАГНОСТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕ

*Есенкулова А.Р,[1] Ризаходжаева Г.[2], Қазыханқызы Л.[3]
*[1,2,3]Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан, Қазақстан

Аңдатпа. XXI ғасыр дағдыларын — сыни ойлау, креативтілік, коммуникация және ынтымақтастықты (4С) дамыту қазіргі заманғы тілдік білім беру мен педагог кадрларды даярлаудың негізгі басымдықтарының бірі болып табылады. Алайда тілдік мамандықтар студенттерінде 4С компоненттерінің нақты қалыптасу деңгейі мен құрылымын айқындауға бағытталған эмпирикалық диагностикалық зерттеулер әлі де жеткіліксіз. Осы зерттеудің мақсаты — тілдік мамандықтар студенттерінде 4С

компоненттерінің даму деңгейін диагностикалық тұрғыдан бағалау және үздіксіз кәсіби даму (Continuous Professional Development, CPD) моделін жобалауға арналған эмпирикалық негіз қалыптастыру. Зерттеу барысында «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті» және «Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламалары бойынша білім алатын тіл факультеттерінің 135 студенті қатысқан сипаттамалық көлденең (cross-sectional) сауалнама жүргізілді. Деректер 4C тұжырымдамасына негізделген авторлық сауалнама көмегімен жиналды. Статистикалық талдау Кронбах альфасы арқылы сенімділікті бағалауды, сипаттамалық статистиканы, деңгейлік жіктеуді (төмен, орта, жоғары), сондай-ақ Пирсонның корреляциялық талдауын қамтыды.Зерттеу нәтижелері 4C-тің барлық төрт шкаласының сенімділігі қолайлы және жоғары деңгейде екенін көрсетті (α = 0,676–0,875). Сипаттамалық талдау 4C дағдыларының жалпы алғанда орташа және жоғары деңгейде қалыптасқанын анықтады, бұл ретте ең жоғары орташа көрсеткіштер «Ынтымақтастық» компоненті бойынша (M = 4,77), ал ең төменгі көрсеткіштер «Коммуникация» компоненті бойынша (M = 4,26) тіркелді. Деңгейлік талдау коммуникация мен креативтілік компоненттерінде орта және төмен деңгейдегі студенттердің үлесі жоғары екенін көрсетті, бұл олардың құрылымдық тұрғыдан әлсіз тұстар екенін айқындайды. Пирсонның корреляциялық талдауы 4C компоненттерінің барлығы арасында күшті оң өзара байланыстардың бар екенін анықтады (r = 0,61–0,75, p < 0,01), бұл олардың жүйелік және өзара тәуелді сипатын дәлелдейді.Алынған нәтижелер тілдік мамандықтар студенттерінде 4C дағдыларының дамуында құрылымдық теңгерімсіздіктің бар екенін көрсетеді және барлық 4C компоненттерінің интеграцияланған дамуын сақтай отырып, ең алдымен коммуникативтік және креативтік құзыреттерді нығайтуға бағытталған кешенді CPD моделін әзірлеудің берік эмпирикалық негізін қамтамасыз етеді.

Тірек сөздер: 4C, сыни ойлау, креативтілік, коммуникация, ынтымақтастық, CPD, тілдік білім беру, диагностикалық бағалау

МОДЕЛЬ НЕПРЕРЫВНОГО ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ (CPD) ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ 4C У СТУДЕНТОВ ЯЗЫКОВЫХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ: ДИАГНОСТИЧЕСКОЕ ОБОСНОВАНИЕ

*Есенкулова А.Р.[1] Ризаходжаева Г.[2] Қазыханқызы Л.[3]
*[1,2,3]Международный казахско-турецкий университет
имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан

Аннотация. Развитие навыков XXI века — критического мышления, креативности, коммуникации и сотрудничества (4C) — признаётся одним из ключевых приоритетов в современном языковом образовании и подготовке педагогических кадров. Однако эмпирические диагностические исследования, посвящённые фактическому уровню и структуре сформированности компонентов 4C у студентов языковых специальностей, остаются ограниченными. Целью данного исследования

является диагностическая оценка уровня развития компонентов 4С у студентов языковых специальностей и формирование эмпирической основы для проектирования модели непрерывного профессионального развития (Continuous Professional Development, CPD).Описательное поперечное исследование было проведено среди 135 студентов языковых факультетов, обучающихся по образовательным программам «Казахский язык и литература», «Русский язык и литература» и «Иностранный язык: два иностранных языка». Сбор данных осуществлялся с использованием авторской анкеты, разработанной на основе концепции 4С. Статистический анализ включал оценку надёжности шкал с использованием коэффициента альфа Кронбаха, описательную статистику, уровневую классификацию (низкий, средний, высокий уровни), а также корреляционный анализ Пирсона. Результаты исследования продемонстрировали приемлемую и высокую надёжность всех четырёх шкал 4С ($\alpha = 0{,}676–0{,}875$). Описательный анализ выявил в целом средний и высокий уровень сформированности навыков 4С, при этом наибольшие средние значения были зафиксированы по компоненту «Сотрудничество» ($M = 4{,}77$), а наименьшие — по компоненту «Коммуникация» ($M = 4{,}26$). Уровневое распределение показало, что именно коммуникация и креативность характеризуются наибольшей долей студентов со средним и низким уровнями сформированности, что указывает на их структурную уязвимость. Корреляционный анализ Пирсона выявил сильные положительные взаимосвязи между всеми компонентами 4С ($r = 0{,}61–0{,}75$, $p < 0{,}01$), что подтверждает их системный и взаимозависимый характер. Полученные результаты свидетельствуют о структурном дисбалансе в развитии навыков 4С у студентов языковых специальностей и обеспечивают убедительное эмпирическое обоснование для разработки целостной модели CPD, ориентированной прежде всего на усиление коммуникативных и креативных компетенций при сохранении интегрированного развития всех компонентов 4С.

Ключевые слова: 4С, критическое мышление, креативность, коммуникация, сотрудничество, CPD, языковое образование, диагностическая оценка

Received / Мақала түсті / Статья поступила: 03.02.2026
Accepted: / Жарияланға қабылданды / Принята к публикации: 25.09.2026

Information about the authors:

Yessenkulova Aizhan-doctoral student of educational program 8D01713 “Foreign language: two foreign languages”, Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Republic of Kazakhstan, e-mail: aizhan.rahim80@mail.ru

Rizakhojayeva Gulnara -Associate Professor, PhD, Faculty of Philology, Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Republic of Kazakhstan, e-mail: gulnara.rizahodjaeva@ayu.edu.kz

Kazykhankyzy Lazura -senior lecturer PhD., Faculty of Philology, Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Republic of Kazakhstan, e-mail: lazura.kazykhankyzy@ayu.edu.kz

Авторлар туралы мәлімет:

Есенкулова Айжан - 8D01713 «Шет тілі: екі шет тілі» білім беру бағдарламасы бойынша докторант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан Республикасы, e-mail: aizhan.rahim80@mail.ru

Ризаходжаева Гулнара-қауымдастырылған профессор PhD, Филология факультеті, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан Республикасы, e-mail: gulnara.rizahodjaeva@ayu.edu.kz

Қазыханқызы Лазура-аға оқытушы PhD., Филология факультеті, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан Республикасы, e-mail: lazura.kazykhankyzy@ayu.edu.kz

Информация об авторах:

Есенкулова Айжан - докторант образовательной программы 8D01713 «Иностранный язык: два иностранных языка», Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Республика Казахстан, e-mail: aizhan.rahim80@mail.ru

Ризаходжаева Гулнара-Ассоциированный профессор PhD, Факультет филологии,

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Республика Казахстан, e-mail: gulnara.rizahodjaeva@ayu.edu.kz

Қазыханқызы Лазура-старший преподаватель PhD., Факультет филологии, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Республика Казахстан, e-mail: lazura.kazykhankyzy@ayu.edu.kz

ӘОЖ 37.016
ҒТАМР 14.35.09
https://doi.org/10.48371/PEDS.2026.82.3.012

ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ГЕЙМИФИКАЦИЯ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ ӘЛЕМДІК ҮРДІСТЕРІ МЕН ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒЫТТАРЫ

Давлетова А.Х.[1], *Мырзанова А.К.[2]
[1,*2] Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан

Аңдатпа. Зерттеудің мақсаты – жоғары білім берудегі геймификацияға арналған әлемдік ғылыми жарияланымдардың даму динамикасын, географиялық және пәндік құрылымын, негізгі тақырыптық бағыттарын және ғылыми ықпалын анықтау. Зерттеу Scopus дерекқорында 2010–2024 жылдары жарияланған ғылыми еңбектерге негізделді. PRISMA қағидаттарына сәйкес іріктеу нәтижесінде бастапқы 95 жазбаның 77-сі қорытынды талдауға енгізілді. Деректерді өңдеу, библиометриялық көрсеткіштерді есептеу және визуализациялау үшін RStudio ортасындағы Bibliometrix пакеті мен VOSviewer бағдарламасы қолданылды. Жарияланымдардың жылдық динамикасы, авторлардың географиялық таралуы, жетекші ғылыми журналдар, пәндік салалар, тірек сөздердің өзара байланысы және ең көп дәйексөз алынған жарияланымдар талданды. Нәтижелер зерттелген кезеңде жоғары білім берудегі геймификацияға ғылыми қызығушылықтың жалпы өскенін, әсіресе 2019–2021 жылдары жарияланымдық белсенділіктің айқын күшейгенін көрсетті. Географиялық талдау зерттеу белсенділігінің Испания, АҚШ және Ұлыбританияда жоғары болғанын анықтады. Тірек сөздердің желілік құрылымы студенттердің мотивациясы мен оқу үдерісіне қатысуы, цифрлық оқыту орталары, ойынға негізделген оқыту және педагогикалық инновациялар төңірегінде негізгі тақырыптық бағыттардың қалыптасқанын көрсетті. Ең көп дәйексөз алынған еңбектерде ұпайлар, бейджде р, деңгейлер, рейтингтер және бірлескен тапсырмалар сияқты ойын элементтеріне басым назар аударылған. Сонымен қатар алынған нәтижелер геймификация зерттеулерінің пәнаралық сипатын және цифрлық білім беру ортасының дамуымен байланысты жаңа зерттеу бағыттарының қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Зерттеу нәтижелері жоғары білім берудегі геймификация бойынша ғылыми әдебиеттің даму логикасын жүйелеп, қалыптасқан зерттеу бағыттары мен жеткіліксіз зерттелген мәселелерді айқындауға мүмкіндік береді. Бұл нәтижелер болашақ эмпирикалық зерттеулердің басым бағыттарын белгілеуге және жоғары білім беру жағдайында геймификацияны педагогикалық тұрғыдан негізделген қолдануды одан әрі зерделеуге ғылыми негіз қалыптастырады.

Тірек сөздер: геймификация, жоғары білім, студенттердің оқу мотивациясы, библиометриялық талдау, цифрлық оқыту, білім беру технологиялары, студенттердің оқу үдерісіне қатысуы, педагогикалық инновациялар

Кіріспе

Соңғы жылдары жоғары білім беру жүйесінде геймификация мәселесіне арналған ғылыми жарияланымдардың саны айтарлықтай артып келеді. Зерттеушілер геймификацияны студенттердің оқу белсенділігін қолдау, білім беру ортасындағы өзара әрекеттесуді күшейту және цифрлық оқыту тәжірибесін жетілдіру құралдарының бірі ретінде қарастыруда. Соның нәтижесінде геймификацияға қатысты ғылыми ізденістер педагогика шеңберінен шығып, психология, ақпараттық технологиялар, цифрлық дидактика және білім беру технологиялары сияқты өзара байланысты ғылыми бағыттарды қамтитын пәнаралық зерттеу саласына айналуда.

Ғылыми жарияланымдар санының өсуі осы бағыттағы әдебиеттердің даму динамикасын жүйелі түрде зерттеу қажеттілігін күшейтеді. Жарияланымдық белсенділіктің уақыт бойынша өзгеруін талдау белгілі бір тақырыпқа қызығушылықтың артуын немесе бәсеңдеуін анықтаумен ғана шектелмейді. Мұндай талдау зерттеу саласының қалыптасу кезеңдерін, ғылыми басымдықтардың өзгеруін және жаңа тақырыптық бағыттардың пайда болуын айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жарияланымдардың географиялық және пәндік құрылымын, жетекші ғылыми журналдарды, тірек сөздердің өзара байланысын және жоғары дәйексөз алынған еңбектерді салыстыра қарастыру геймификация зерттеулерінің қазіргі ғылыми кеңістіктегі орнын неғұрлым тұтас сипаттауға жағдай жасайды.

Геймификацияның жоғары білім берудегі қолданылуына арналған бірқатар библиометриялық зерттеулер осы ғылыми бағыттың жарияланымдық белсенділігі мен құрылымын сипаттауға мүмкіндік берді. Мәселен, Irwanto және т.б. [1] 2013–2022 жылдар аралығындағы 819 жарияланымды талдап, ғылыми өнімділіктің динамикасын, жетекші авторларды, журналдарды, ұйымдар мен елдерді және негізгі тірек сөздерді анықтады. Guerrero-Alcedo және т.б. [2] Scopus дерекқорындағы 2012–2022 жылдардағы 287 құжат негізінде жоғары білім беру контексіндегі геймификация зерттеулерінің ғылыми белсенділігін, халықаралық ынтымақтастық байланыстарын және географиялық ерекшеліктерін қарастырды. Sergeeva және т.б. [3] жоғары білім берудегі геймификацияланған оқытуға арналған еңбектердің жарияланымдық динамикасын, жетекші авторлар мен ұйымдарды, географиялық таралуын, ғылыми журналдар мен дәйексөз көрсеткіштерін жүйеледі.

Осы еңбектер геймификация зерттеулерінің ғылыми ландшафтын сипаттауға елеулі үлес қосқанымен, зерттеу кезеңдері, дерекқорды іріктеу тәсілдері және талдау өлшемдері бойынша бір-бірінен ерекшеленеді. Сондықтан жоғары білім берудегі геймификацияға арналған ғылыми әдебиетті нақты белгіленген 2010–2024 жылдар кезеңінде біртұтас деректер жиынтығы негізінде қарастырып, жарияланымдардың уақыттық динамикасын, географиялық және пәндік құрылымын, тірек сөздердің өзара байланысын және ғылыми ықпалы жоғары еңбектерді өзара сабақтастықта талдау өзектілігін сақтайды. Мұндай тәсіл алдыңғы зерттеулерді қайталауға

емес, зерттеу саласының кейінгі даму динамикасын нақтылауға және оның қалыптасқан тақырыптық бағыттарын кешенді түрде сипаттауға мүмкіндік береді.

Осы тұрғыдан алғанда, ғылыми әдебиеттердің даму динамикасын зерттеу өткен кезеңдегі жарияланымдық белсенділікті сипаттаумен ғана емес, сонымен қатар қалыптасқан ғылыми бағыттарды жүйелеу, жеткіліксіз зерттелген мәселелерді анықтау және болашақ зерттеулердің перспективаларын белгілеу қажеттілігімен негізделеді. Библиометриялық тәсіл жарияланымдар туралы сандық деректерді жүйелі талдау арқылы зерттеу саласының уақыттық, географиялық және тақырыптық құрылымын анықтауға мүмкіндік береді.

Осы зерттеудің мақсаты – Scopus дерекқорында индекстелген жоғары білім берудегі геймификацияға арналған ғылыми жарияланымдардың 2010–2024 жылдардағы даму динамикасын, географиялық және пәндік құрылымын, негізгі тақырыптық бағыттарын және ғылыми ықпалын анықтау.

Материалдар мен әдістер

Библиометриялық талдау жоғары білім берудегі геймификацияға арналған ғылыми жарияланымдардың даму динамикасын, географиялық және пәндік құрылымын, негізгі тақырыптық бағыттарын және ғылыми ықпалын анықтау мақсатында жүргізілді. Библиометриялық әдістер сандық жарияланымдық деректер негізінде зерттеу саласының интеллектуалдық құрылымын, жетекші авторларды, елдерді, журналдарды және негізгі тақырыптық бағыттарды анықтауға мүмкіндік береді.

Іздеу стратегиясы және жарияланымдарды іріктеу

Библиографиялық деректерді жинау үшін Scopus дерекқоры пайдаланылды. Scopus дерекқоры халықаралық рецензияланатын ғылыми жарияланымдарды кеңінен қамтитын және библиометриялық талдауға қажетті стандартталған метадеректерді ұсынатын дереккөз ретінде таңдалды. Дерекқор жарияланымдардың дәйексөз көрсеткіштерін, авторлар, ұйымдар, елдер, ғылыми журналдар және тірек сөздер туралы мәліметтерді жүйелі түрде талдауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты Scopus жоғары білім беру мен білім беру технологиялары саласындағы ғылыми жарияланымдардың даму динамикасы мен құрылымын зерттеуге сәйкес келеді. Іздеу 2025 жылғы 15 қазанда жүргізілді. Іздеу жарияланымдардың атауы, аңдатпасы және тірек сөздері қамтылатын TITLE-ABS-KEY өрісі бойынша орындалды. Зерттеу тақырыбына сәйкес «Gamification», «Game-based learning», «Higher education», «University» және «Motivation» терминдері Boolean операторлары арқылы біріктірілді. Scopus дерекқорында келесі іздеу сұранысы қолданылды:

TITLE-ABS-KEY ((«Gamification» or «Game-based learning») and («Higher education» or «University») and («Motivation»)) and PUBYEAR > 2009 and PUBYEAR < 2025 and DOCTYPE (ar) and LANGUAGE (English).

Іздеу терминдері зерттеу тақырыбының негізгі мазмұндық компоненттерін қамту мақсатында таңдалды. «Gamification» және «Game-based learning» терминдері білім беру үдерісінде ойын элементтері мен ойынға негізделген тәсілдерді қарастыратын жарияланымдарды анықтауға бағытталды. «Higher education» және «University» терминдері іздеу нәтижелерін жоғары білім беру контексімен шектеу үшін, ал «Motivation» термині студенттердің оқу мотивациясына қатысты зерттеулерді іріктеу үшін қолданылды. Терминдер арасындағы байланысты нақтылау мақсатында AND және OR Boolean операторлары пайдаланылды.

Іздеу 2010–2024 жылдар аралығында жарияланған ағылшын тіліндегі ғылыми журнал мақалаларымен шектелді. 2024 жылдың уақыттық кезеңнің соңғы жылы ретінде таңдалуы, 2025 жылғы жарияланымдардың іздеу жүргізілген кезде толық индекстелмеуімен түсіндіріледі. Құжат түрі бойынша тек ғылыми журнал мақалалары енгізілді. Конференция материалдары, кітаптар, кітап тараулары, редакциялық мақалалар, қысқаша хабарламалар және басқа құжат түрлері талдаудан алынып тасталды.

Жарияланымдарды іріктеу PRISMA нұсқаулығына сәйкес бірнеше кезеңде жүргізілді. Бастапқы іздеу нәтижесінде 95 библиографиялық жазба анықталды. Бірінші кезеңде олардың атаулары, аңдатпалары және тірек сөздері зерттеу тақырыбына сәйкестігі бойынша тексерілді. Жоғары білім беру контексіне, геймификацияға немесе студенттердің оқу мотивациясына сәйкес келмейтін 12 жарияланым алынып тасталды. Қалған 83 жарияланымның толық мәтіні белгіленген критерийлер бойынша бағаланды. Толық мәтінді бағалау барысында зерттеу талаптарына сәйкес келмейтін тағы алты жарияланым алынып тасталды. Нәтижесінде 77 мақала қорытынды библиометриялық және мазмұндық талдауға енгізілді.

Талдауға енгізудің негізгі критерийлері:

- зерттеудің жоғары білім беру контексіне қатыстылығы; геймификацияны немесе ойын элементтерін білім беру үдерісінде қолдануды қарастыруы;
- студенттердің оқу мотивациясы немесе оқу үдерісіне қатысуы мәселелерін қамтуы;
- 2010–2024 жылдар аралығында жариялануы; ағылшын тілінде жазылуы;

Scopus дерекқорында ғылыми журнал мақаласы ретінде индекстелуі және библиометриялық талдауға қажетті толық метадеректерінің қолжетімді болуы.

Алып тастау критерийлеріне жоғары білім беру саласына қатысы жоқ зерттеулер;

- білім беру геймификациясын қарастырмайтын жарияланымдар;
- студенттердің мотивациясы немесе оқу үдерісіне қатысуы мәселелерін қамтымайтын еңбектер;
- конференция материалдары, кітаптар, кітап тараулары және редакциялық материалдар;

- қайталанатын жазбалар, сондай-ақ толық мәтіні немесе библиографиялық деректері жеткіліксіз жарияланымдар жатқызылды.

Жарияланымдарды іріктеу үдерісі 1-суретте көрсетілген. Талдау RStudio бағдарламалық ортасын және арнайы Bibliometrix пакетін және VOSviewer бағдарламаларын қолдана отырып жүргізілді, бұл жоғары білім берудегі геймификация зерттеулерінің эволюциясын көрсететін тірек сөздерді және тақырыптық кластерлерді визуализациялауға мүмкіндік берді.




Сурет 1. - PRISMA нұсқаулығына сәйкес жарияланымдарды іздеу және іріктеу үдерісі

1-ші суретте жарияланымдарды анықтау, бастапқы тексеру, толық мәтінді бағалау және қорытынды талдауға енгізу кезеңдері көрсетілген.

Нәтижелер мен Талқылау

2-ші суретте 2010–2024 жылдар аралығында жоғары білім берудегі геймификация және студенттердің оқу мотивациясы мәселесіне арналған

жарияланымдар санының жылдық динамикасы көрсетілген. Зерттелген кезеңнің бастапқы жылдарында жарияланымдар саны төмен болғанымен, 2014 жылдан бастап ғылыми белсенділіктің біртіндеп өсуі байқалды. Жарияланымдар санының анағұрлым айқын өсуі 2019–2021 жылдары тіркелді. Бұл кезең қашықтан және аралас оқытудың кеңеюімен және студенттердің цифрлық ортадағы оқу белсенділігі мен мотивациясын қолдайтын педагогикалық құралдарға сұраныстың артуымен сәйкес келеді.



Сурет 2. - Жоғары білім берудегі жарияланымдар динамикасы және геймификация тақырыбы бойынша жинақталған пайыз

Авторлардың географиялық таралуы 3-ші суретте көрсетілген. Жалпы алғанда, жоғары білім берудегі геймификация тақырыбындағы басылымдар әлемнің 37 елінің авторларына тиесілі. Жетекші орындарды Испания (42 автор), АҚШ (28 автор) және Ұлыбритания (25 автор) алады. Бұл үш ел осы салада белсенді жарияланатын барлық зерттеушілердің шамамен 46% құрайды. Мұндай бөлу геймификациядағы академиялық белсенділік әрқашан жаһандық инновация индексіндегі (GII) елдердің позицияларымен сәйкес келмейтінін көрсетеді. Мысалы, Испания GII-де - 29, АҚШ-та - 3, ал Ұлыбритания - 4 орында. Сонымен қатар, Бразилия, Қытай, Түркия және Үндістанның зерттеушілері белсенділікті көрсетеді, мұнда инженерлік және педагогикалық бағыттағы курстарына геймификация тәсілдерінің қарқынды енгізілуі байқалады. Бұл елдер студенттердің қатысуын арттыруға және цифрлық құзыреттілікті дамытуға бағытталған өздерінің ғылыми мектептерін белсенді түрде қалыптастыруда. Сондай-ақ, жарияланған барлық жұмыстардың шамамен 10% ең ықпалды он журналда шоғырланғаны атап өтілді, олардың ішінде Computers & Education, Education and Information Technologies, Interactive Learning Environments және International Journal of Educational Technology in Higher Education. Бұл геймификация тақырыбы жетекші халықаралық басылымдарда бекітілгенін және қазіргі заманғы жоғары білім беру саласындағы зерттеулердің негізгі бағыттарының бірі ретінде қарастырылғанын растайды.

Кесте - 1. Жоғары білім берудегі геймификация тақырыбы бойынша жарияланым авторларының саны бойынша көшбасшы - 10 ел


№	Ел	Авторлар саны	Үлесі (%)	GII позициясы
1	Испания	42	20.4	29
2	АҚШ	28	13.6	3
3	Ұлыбритания	25	12.1	4
4	Бразилия	15	7.3	49
5	Қытай	13	6.3	12
6	Түркия	11	5.3	37
7	Үндістан	10	4.9	40
8	Германия	9	4.4	8
9	Австралия	8	3.9	25
10	Канада	7	3.4	15



Сурет 3 - Жоғары білім берудегі геймификация тақырыбы бойынша авторлардың географиялық таралуы

Computers & Education журналы (Elsevier Publishing) жоғары білім берудегі геймификация тақырыбындағы басылымдар саны бойынша жетекші орындардың бірін иеленеді. Бұл талданған жазбалардың жалпы санының шамамен 4% құрайды. Бұл журнал цифрлық технологиялар мен оқытудың интерактивті әдістерінің студенттердің когнитивтік және метакогнитивтік дағдыларын дамытуға әсерін зерттеуге, сондай-ақ цифрлық білім беру ортасында тұрақты оқу мотивациясын қалыптастыруға бағытталған. 4-ші суретте жарияланымдарды пәндік салаларға бөлу көрсетілген. Жетекші орынды әлеуметтік ғылымдар алады (48%), бұл геймификацияның студенттердің мінез-құлқына, мотивациясына және өзара әрекеттесуіне әсеріне деген қызығушылығын көрсетеді. Одан кейін информатика (18%)


және психология (10%) салалары жүреді, бұл педагогикалық құбылыс ретінде геймификацияның пәнаралық сипатын көрсетеді. Сонымен қатар, зерттеулердің инженерия (4%), менеджмент және бизнес (3%), денсаулық сақтау және медицина (2%) салаларында да жүргізілгені анықталды. Бұл нәтижелер жоғары білім берудегі геймификация зерттеулерінің пәндік ауқымы кеңейіп келе жатқанын көрсетеді.



Сурет 4 - Жоғары білім берудегі геймификация тақырыбы бойынша жарияланымдарды бөлу

Авторлардың тірек сөздерін талдау 5-ші суретте келтірілген, онда жоғары білім берудегі геймификация зерттеулерінің құрылымын көрсететін тақырыптық кластерлер бейнеленген. Ең үлкен кластер (көк) «Gamification» кілт сөзінің айналасында қалыптасады, ол «Motivation», «Engagement» және «Student performance» терминдерімен тығыз байланысты. Бұл зерттеушілердің негізгі бағыты ойын механикасының оқу мотивациясына және студенттердің қатысуына әсерін зерттеуге бағытталғанын растайды. Екінші маңызды кластер (қызыл) «Game-based learning» ұғымымен байланысты және «Learning analytics», «Interactive learning environments» және «Gigital learning» терминдерімен қиылысады, бұл геймификацияланған оқыту процесінде цифрлық құралдар мен платформалардың белсенді қолданылуын көрсетеді. Үшінші кластер (жасыл) «Higher education», «Teacher training» және «Pedagogical innovation» түйінді сөздерін біріктіріп, оқытушыларды оқу процесіне ойын тәсілдерін біріктіруге бағытталған әдістемелерді әзірлеуге дайындаудың маңыздылығын атап көрсетеді.

Геймификация мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану арасындағы тығыз байланыс ерекше назар аударуға тұрарлық, бұл бірлескен тірек сөздердің пайда болуымен расталады. Сонымен қатар, геймификация мен оқытушыларды даярлау арасында тұрақты байланыс бар, бұл білім беру ортасында ойын механизмдерін жобалау және қолдану саласында кәсіби оқыту қажеттілігін көрсетеді.




Сурет 5 - Жоғары білім берудегі геймификация тақырыбы бойынша тірек сөздерді талдау

Ең ықпалды жарияланымдарды анықтау үшін қорытынды іріктеуге енгізілген мақалалар Scopus дерекқорындағы жалпы дәйексөз саны бойынша кему ретімен сұрыпталды. Одан кейін зерттеу тақырыбына тікелей сәйкес келетін және библиографиялық деректері толық берілген алғашқы он жарияланым таңдалды. Таңдалған еңбектердің авторлары, жарияланған жылы, атауы, дәйексөз саны және негізгі нәтижелері 2-кестеде ұсынылды.

Кесте - 2. Жоғары білім берудегі геймификация тақырыбы бойынша маңызды мақалалардың көшбасшы - 10 жарияланымы

№	Авторлар (жыл)	Зерттеудің атауы	Дәйексөздер саны	Негізгі нәтижелер
1	Campillo-Ferrer (2020)	Gamification in Higher Education: Impact on Student Motivation and Learning	183	Ойын механизмдерін қолдана отырып, білімді ұжымдық құру стратегиясы жасалды; студенттердің қатысуы мен командалық мотивациясын арттыру.
2	Jaramillo-Mediavilla et al. (2024)	Impact of Gamification on Motivation and Academic Performance	72	Студенттерді ойын формалары арқылы шешім қабылдау процесіне тарту жауапкершілік сезімін және ішкі мотивацияны арттыратыны көрсетілген.

3	Murillo-Zamorano et al. (2023)	Gamification in higher education: The ECOn+ star battles	58	Геймификация тұрақты құндылықтарды қалыптастыруға және студенттердің сыни ойлауын дамытуға ықпал ететіні көрсетілген.
4	Pelizzari F. (2023)	Gamification in higher education: A systematic literature review	47	Сандық марапаттау жүйесі оқу мотивациясын күшейтеді және студенттердің өзін-өзі бағалауын қолдайды.
5	Khaldi, A. (2023).	Gamification of e-learning in higher education: a systematic literature review.	45	Онлайн геймификация студенттердің белсенділігін арттыратыны және қашықтықтан оқытудағы өзара әрекеттесу сапасын жақсартатыны дәлелденді.
6	Krath J. (2021)	Revealing the theoretical basis of gamification: A systematic review and analysis of theory in research on gamification, serious games and game-based learning.	39	Бағалаудың ойын түрлері студенттердің қызығушылығын арттырады және емтихан тапсыру кезінде алаңдаушылықты азайтады.
7	Baah C. (2023)	Gamification in Motivating Students to Learn	33	Оқытушыларды даярлау жүйесіне ойын тәсілдерін енгізу қажеттілігі негізделген.
8	Allehaidan A. F. (2024)	Gamification and student engagement in higher education	30	Оқу деректерін талдау ойын элементтері студенттердің ішкі мотивациясы мен белсенділігіне оң әсер ететінін көрсетті.
9	Fuchs K. (2024)	Challenges with Gamification in Higher Education: A Narrative Review with Implications for Educators and Policymakers	28	Студенттердің үлгерімі мен мотивациясына әсер ететін негізгі ойын механикасы анықталды.
10	Li et al. (2024).	Gamification enhances student intrinsic motivation, perceptions of autonomy and relatedness, but minimal impact on competency: a meta-analysis and systematic review	25	Мета-талдау нәтижелері геймификацияның студенттердің ішкі мотивациясына, автономияны және әлеуметтік байланыстылықты қабылдауына оң әсер ететінін, ал құзыреттілікті қабылдауға әсерінің шектеулі болғанын көрсетті.



Сурет 6 - Жоғары білім берудегі геймификация тақырыбындағы ең ықпалды мақалалардың дәйексөздерін бөлу

2-кестеде ең көп дәйексөзі бар он зерттеуді талдау жоғары білім беру жүйесіндегі геймификацияны дамытудың негізгі бағыттарын анықтауға, сондай-ақ осы салаға тән жалпы тенденциялар мен қиындықтарды анықтауға мүмкіндік берді. Ең көп дәйексөздер (183) Campillo-Ferrer, J. M. зерттеуіне ие [4], онда ойын механизмдерін қолдана отырып, білімді ұжымдық құру стратегиясы ұсынылған. Авторлар геймификация элементтерін (ұпайлар, деңгейлер, бірлескен миссиялар) енгізу топтық жұмысты күшейтуге және студенттердің ішкі мотивациясын дамытуға ықпал ететінін дәлелдеді, бұл білімді игеру сапасына оң әсер етеді. Jaramillo-Mediavilla et al. [5] (72 дәйексөз) зерттеуі студенттік дауыс берудің маңыздылығын және оқушылардың геймификацияланған оқу процестеріне белсенді қатысуын көрсетеді. Авторлар студенттердің оқу ережелері мен сценарийлерін анықтауға қатысуы жауапкершілікті арттыруға ықпал ететінін атап өтеді. Murillo-Zamorano et al. [6] (58 дәйексөз) тұрақты ойлау мен сыни талдауды қалыптастыру үшін геймификацияны қолдану мүмкіндіктерін көрсетеді. Pelizzari F. [7] (47 дәйексөз) зерттеуі мотивация құралы ретінде цифрлық белгілер мен марапаттау жүйелеріне назар аударады. Авторлар марапаттар мен рейтингтік жүйелер студенттердің өзіндік тиімділігін арттыратынын және оқу курсы барысында олардың ішкі мотивациясын қолдайтынын көрсетті. Мақалада Khaldi, A. [8] (45 дәйексөз) еңбегінде онлайн ойын платформаларының тиімділігі талданады. Нәтижелер интерактивті оқыту жүйелерін пайдалану студенттердің белсенділігінің артуына ықпал ететінін

көрсетті. Krath J. [9] (39 дәйексөз) стрессті азайту және студенттердің білімді бақылау процесіне деген қызығушылығын арттыру үшін бағалаудың ойын түрлерін пайдалануды қарастырады. Baah C. [10] (33 дәйексөз) жұмысы оқытушыларды даярлау бағдарламаларына геймификацияны біріктіруге бағытталған. Авторлар жоғары білім беру аясында ойын тәсілдерін сәтті енгізу оқытушылардың цифрлық және әдіснамалық құзыреттіліктерін дамытуды талап ететінін атап көрсетеді. Allehaidan A. F. [11] (30 дәйексөз) зерттеуі геймификация мен оқыту аналитикасының үйлесімі студенттердің мотивациясындағы заңдылықтарды анықтауға және білім беру стратегияларын олардың жеке ерекшеліктеріне бейімдеуге көмектесетінін анықтады. Fuchs K. (28 дәйексөз) ойын механикасының (деңгейлер, белгілер, рейтингтер) студенттердің оқу үлгерімі мен ұзақ мерзімді мотивациясына әсерін ашып, оқудағы ойын және когнитивтік элементтердің теңдестірілген үйлесімінің маңыздылығын көрсетеді [12]. Li, L., Hew, K. F. және Du, J. [13] зерттеуінде геймификацияның студенттердің ішкі мотивациясына және өзін-өзі анықтау теориясымен байланысты психологиялық қажеттіліктеріне әсері мета-талдау негізінде қарастырылған. Нәтижелер геймификацияның ішкі мотивацияға, автономияны және әлеуметтік байланыстылықты қабылдауға оң әсер ететінін, ал құзыреттілікті қабылдауға ықпалының салыстырмалы түрде шектеулі екенін көрсетті. Жалпы, ұсынылған жұмыстарды талдау геймификация тек технологиялық тренд емес, студенттердің сыни ойлауын, шығармашылығы мен оқудағы дербестігін дамытуға бағытталған тұрақты мотивацияны қалыптастырудың педагогикалық құралы екенін көрсетеді.

Қорытынды

Бұл зерттеуде жоғары білім берудегі геймификацияға арналған негізгі тенденцияларды, бағыттарды және ең ықпалды жарияланымдарды анықтау мақсатында сандық библиометриялық талдауды және сапалы мазмұнды талдауды қамтитын аралас әдістемелік тәсіл қолданылды. Нәтижелер геймификация педагогика, психология, информатика және цифрлық дидактика элементтерін біріктіретін қарқынды дамып келе жатқан және пәнаралық бағыт екенін көрсетеді. Осы саладағы зерттеулер санының өсуі студенттердің оқу мотивациясын, сабаққа белсенді қатысуын және оқу нәтижелерін арттырудың тиімді құралы ретінде геймификация әлеуетін түсінуді көрсетеді.

Жүргізілген талдау көрсеткендей, геймификация бойынша басылымдардың кеңеюі ойынға негізделген оқыту орталарының, интерактивті цифрлық платформалардың және заманауи педагогика үшін мотивациялық оқыту үлгілерінің маңыздылығын растайды. Оқытушылардың әдістемелік даярлығының жеткіліксіз деңгейі және цифрлық ресурстарға біркелкі қолжетімділік сияқты бар қиындықтарға қарамастан, геймификация цифрлық сауаттылық пен белсенді оқытуды біріктіретін инновациялық педагогикалық стратегия ретінде біртіндеп бекітілуде.

Зерттеудің негізгі қорытындыларының бірі технологиялық құзыреттілікті де, инновациялық ойлауды да дамытуға бағытталған

оқытушыларды жүйелі кәсіби даярлау қажеттілігі болып табылады. Оқытушылар тек геймификацияланған құралдарды қолдануға ғана емес, сонымен қатар студенттердің ынтымақтастығына, табандылығына және өзін-өзі реттеуіне ықпал ететін білім беру сценарийлерін жобалауға дайын болуы керек.

Қорытындылай келе, жүргізілген библиометриялық зерттеу геймификацияның студенттердің мотивациясына, оқу үлгеріміне және сақталуына ұзақ мерзімді әсерін зерттеуге, сондай-ақ жасанды интеллект пен оқу аналитикасының геймификацияланған білім беру ортасын оңтайландырудағы рөлін зерттеуге бағытталған болашақтағы ғылыми жұмыстарға негіз болатынын атап өткен жөн. Болашақта педагогикалық инновацияларды дамыту қазіргі жоғары білімнің трансформациялық құралы ретінде геймификацияны сәтті енгізудің негізгі факторы болады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Irwanto, I., Wahyudiati, D., Saputro, A. D., & Laksana, S. D. Research Trends and Applications of Gamification in Higher Education: A Bibliometric Analysis Spanning 2013–2022 // International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET). – 2023. – Vol. 18(05). – pp. 19–41. https://doi.org/10.3991/ijet.v18i05.37021

[2] Guerrero-Alcedo, J. M., Espina-Romero, L. C., & Nava-Chirinos, Á. A. Gamification in the University Context: Bibliometric Review in Scopus (2012–2022) // International Journal of Learning, Teaching and Educational Research.

[3] Sergeeva, O. V., Zvereva, E. V., Kosheleva, Y. P., Zheltukhina, M. R., Prokopyev, A. I., & Dobrokhotov, D. A. A comprehensive bibliometric review of gamified learning in higher education // Contemporary Educational Technology. – 2024. – Vol. 16(3). – ep514. https://doi.org/10.30935/cedtech/14708

[4] Campillo-Ferrer, J. M., Miralles-Martínez, P., & Sánchez-Ibáñez, R. Gamification in higher education: Impact on student motivation and the acquisition of social and civic key competencies // Sustainability. – 2020. – Vol. 12(12). – p. 4822. https://doi.org/10.3390/su12124822

[5] Jaramillo-Mediavilla, L., Basantes-Andrade, A., Cabezas-González, M., & Casillas-Martín, S. Impact of gamification on motivation and academic performance: A systematic review // Education Sciences. – 2024. – Vol. 14(6). – p. 639. https://doi.org/10.3390/educsci14060639

[6] Murillo-Zamorano, L. R., López-Sánchez, J. Á., López-Rey, M. J., & Bueno-Muñoz, C. Gamification in higher education: The ECOn+ star battles // Computers & Education. –2023. – 194. – p.104699. https://doi.org/10.1016/j.compedu.2022.104699

[7] Pelizzari, F. Gamification in higher education. A systematic literature review // Italian Journal of Educational Technology. – 2023. – 31(3). – pp. 21-43. https://doi.org/10.17471/2499-4324/1335

[8] Khaldi, A., Bouzidi, R., & Nader, F. Gamification of e-learning in higher education: a systematic literature review // Smart learning environments. – 2023. – 10(1). – pp. 10. https://doi.org/10.1186/s40561-023-00227-z

[9] Krath, J., Schürmann, L., & Von Korflesch, H. F. Revealing the theoretical basis of gamification: A systematic review and analysis of theory in research on gamification, serious games and game-based learning // Computers in human behavior. –2021. – 125. – p. 106963. https://doi.org/10.1016/j.chb.2021.106963

[10] Baah C. Gamification in Motivating Students to Learn // Cogent Education. – 2023. – Taylor & Francis (Tandfonline). – Access mode-URL: https://doi.org/10.1080/2331186X.2023.2210045 [Date of access: 15. 10. 2025].

[11] Allehaidan A. F., Wan Zainon W. M. N. Gamification and student engagement in higher education // Amazonia Investiga. – 2024. – Vol. 13(79). – pp. 123-132, https://doi.org/10.34069/AI/2024.79.07.5

[12] Fuchs, K. Challenges with gamification in higher education: A narrative review with implications for educators and policymakers // International Journal of Changes in Education. – 2024. – 1(1). – pp. 51-56. https://doi.org/10.47852/bonviewIJCE32021604

[13] Li, L., Hew, K. F., & Du, J. Gamification enhances student intrinsic motivation, perceptions of autonomy and relatedness, but minimal impact on competency: a meta-analysis and systematic review // Educational Technology Research and Development. – 2024. – Vol. 72. – pp. 765–796. https://doi.org/10.1007/s11423-023-10337-7

МИРОВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И ТЕМАТИЧЕСКИЕ НАПРАВЛЕНИЯ ИССЛЕДОВАНИЙ ГЕЙМИФИКАЦИИ В ВЫСШЕМ ОБРАЗОВАНИИ

Давлетова А.Х.[1], *Мырзанова А.К.[2]
[1,*2]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Астана, Казахстан

Аннотация. Цель исследования – определить динамику развития, географическую и предметную структуру, основные тематические направления и научное влияние мировых публикаций, посвящённых геймификации в высшем образовании. Исследование основано на научных работах, опубликованных в базе данных Scopus в 2010–2024 годах. В соответствии с принципами PRISMA из первоначально выявленных 95 записей 77 были включены в итоговый анализ. Для обработки данных, расчёта библиометрических показателей и визуализации использовались пакет Bibliometrix в среде RStudio и программа VOSviewer. Были проанализированы годовая динамика публикаций, географическое распределение авторов, ведущие научные журналы, предметные области, взаимосвязи ключевых слов и наиболее цитируемые публикации. Результаты показали общий рост научного интереса к геймификации в высшем образовании в исследуемый период, при этом наиболее заметное увеличение публикационной активности наблюдалось в 2019–2021 годах. Географический анализ выявил высокую исследовательскую активность в Испании, США и Великобритании. Сетевая структура ключевых слов показала формирование основных тематических направлений, связанных

с мотивацией и вовлечённостью студентов, цифровыми образовательными средами, обучением на основе игр и педагогическими инновациями. В наиболее цитируемых работах особое внимание уделялось таким игровым элементам, как баллы, бейджи, уровни, рейтинги и совместные задания. Кроме того, полученные результаты свидетельствуют о междисциплинарном характере исследований геймификации и формировании новых исследовательских направлений, связанных с развитием цифровой образовательной среды. Результаты исследования систематизируют логику развития научной литературы по геймификации в высшем образовании и позволяют определить сложившиеся исследовательские направления и недостаточно изученные вопросы. Полученные данные создают научную основу для определения приоритетов будущих эмпирических исследований и дальнейшего изучения педагогически обоснованного применения геймификации в условиях высшего образования.

Ключевые слова: геймификация, высшее образование, учебная мотивация студентов, библиометрический анализ, цифровое обучение, образовательные технологии, вовлечённость студентов, педагогические инновации

GLOBAL TRENDS AND THEMATIC DIRECTIONS IN GAMIFICATION RESEARCH IN HIGHER EDUCATION

Davletova A.Kh.[1], *Myrzanova A.K.[2]
[1,*2]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Abstract. This study aims to identify the development dynamics, geographical and disciplinary structure, major thematic directions, and scholarly influence of global publications on gamification in higher education. The study is based on scientific publications indexed in the Scopus database between 2010 and 2024. Following the PRISMA principles, 77 of the 95 initially identified records were included in the final analysis. The Bibliometrix package in RStudio and VOSviewer software were used for data processing, calculation of bibliometric indicators, and visualization. The analysis examined annual publication trends, the geographical distribution of authors, leading scientific journals, subject areas, keyword relationships, and the most frequently cited publications. The results revealed an overall increase in scholarly interest in gamification in higher education during the period examined, with the most notable growth in publication activity occurring between 2019 and 2021. The geographical analysis identified particularly high research activity in Spain, the United States, and the United Kingdom. The keyword network structure revealed major thematic directions centered on student motivation and engagement, digital learning environments, game-based learning, and pedagogical innovations. The most frequently cited studies placed particular emphasis on game elements such as points, badges, levels, leaderboards, and collaborative tasks. Furthermore, the findings demonstrate the interdisciplinary nature of gamification research and the emergence of new research directions associated with the development of

digital educational environments. The study systematizes the development of the scientific literature on gamification in higher education and helps identify established research directions as well as insufficiently explored issues. These findings provide a scientific basis for defining priorities for future empirical research and for further investigating the pedagogically grounded application of gamification in higher education.

Keywords: gamification, higher education, student learning motivation, bibliometric analysis, digital learning, educational technologies, student engagement, pedagogical innovations

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 20.11.2025.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 26.06.2026.

Авторлар туралы мәлімет:

Давлетова Айнаш Хайллулиовна – п.ғ.к., ЕҰУ, Информатика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, e-mail: ainash_5@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-2373-3699

Мырзанова Алия Калдыбаевна – ЕҰУ, Информатика кафедрасының Информатика білім беру бағдарламасының 2 курс докторанты, e-mail: myrzanova_ak@enu.kz, https://orcid.org/0000-0002-5876-6709

Информация об авторах:

Давлетова Айнаш Хайллулиовна – к.п.н., ЕНУ, профессор кафедрой информатики, e-mail: ainash_5@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-2373-3699

Мырзанова Алия Калдыбаевна – ЕНУ, докторант 2 курс ОП Информатика, e-mail: myrzanova_ak@enu.kz, https://orcid.org/0000-0002-5876-6709

Information about authors:

Davletova Aynash Khailuliovna – Cand. of Ped.Sci., ENU, Associate Professor at the Department of Computer Science, e-mail: ainash_5@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-2373-3699

Myrzanova Aliya – ENU, 2nd-year doctoral student of the speciality Computer Science, e-mail: myrzanova_ak@enu.kz, https://orcid.org/0000-0002-5876-6709

UDC 378.147.57.005.336.1
IRSTI 14.25.09
https://doi.org/10.48371/PEDS.2026.82.3.013

KAIZEN AND 5S METHODOLOGY: EFFECTS ON BIOCHEMICAL KNOWLEDGE AND PEDAGOGICAL READINESS OF FUTURE BIOLOGY TEACHERS

*Myktybekova Y.Z.[1], Zhumagulova K.A.[2], Digel I.[3]
*[1,2]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
[3]FH Aachen University of Applied Sciences, Jülich, Germany

Abstract. The aim of the study was to evaluate the effectiveness of the Kaizen technology, supplemented by the 5S methodology. The study utilized a quasi-experimental design with pre- and post-testing and a control group. The sample comprised 120 undergraduate biology teacher trainees assigned to experimental and control groups. Data were collected using a biochemistry achievement test, a biochemistry knowledge organization scale, and a pedagogical readiness questionnaire. The results of the independent samples t-test showed that the scores on knowledge formation ($t = 4.87$, $p < 0.001$), conceptual understanding ($t = 5.21$, $p < 0.001$), and pedagogical readiness ($t = 6.34$, $p < 0.001$) were statistically significantly higher in the experimental group compared to the control group. The findings suggest that incremental learning, continuous feedback, reflective practice, and systemic organization are key strategies for promoting the development of cognitive and professional competencies of future biology teachers. The scientific value of this study lies in its substantiation of the effectiveness of integrating Kaizen technology and 5S methodology into the training of future biology teachers, thereby expanding existing approaches to organizing biochemistry education. The practical significance of this work lies in the potential use of the proposed learning model in developing educational programs, improving biochemistry teaching, and enhancing the professional development of future teachers.

Keywords: continuous improvement, education, methodology of 5S, Kaizen technology, biochemistry education, biology teacher education, biochemical knowledge formation, pedagogical readiness, conceptual understanding, reflective practice

Introduction

The recent explosion of biological sciences has created the need to have well trained biology teachers who could explain complex molecular processes in coherent teachable forms.

Biochemistry is an enabling course of study that connects biological processes and molecular structures. Nonetheless, it remained the most problematic in the life of biology students as it is based on abstract concepts, symbolic representations, and a great number of terms.

Сараптамалық бағалауда үш бағалау объектісі қарастырылды – сабақ мақсаттары, дескрипторлар және деңгейлік тапсырмалар. Әр объект 6 критерий бойынша 0–2 балдық шкалада бағаланды; ең жоғары жиынтық балл 12 баллды құрады. Сарапшылар бағалары бойынша орташа балл, пайыздық көрсеткіш, стандартты ауытқу (SD), орташа жұптық келісім, толық келісім үлесі және үш сарапшыға арналған Fleiss kappa (κ) коэффициенті есептелді. Бағалауға үш сарапшы қатысқандықтан, Cohen kappa (κ) негізгі көрсеткіш ретінде алынбады.

Бағалау материалы 6-сыныптың «Орыс тілі» пәні бойынша «Жаһандық жылыну» тақырыбына арналған бір сабақтық жиынтық негізінде құрастырылды. Жиынтыққа Gemini генерациялаған екі сабақ мақсаты, үш дескриптор және үш деңгейлік тапсырма (С, В және А деңгейлері) енді. Әр объект тұтас жиынтық ретінде алты критерий бойынша бағаланды, сондықтан әрбір сарапшы 18 бағалау шешімін қабылдады; үш сарапшы бойынша барлығы 54 бағалау шешімі талданды, ал сарапшыаралық келісім 18 позиция бойынша үш жұпта есептелді. Материалдың бір тақырыппен шектелуі алынған нәтижелердің болашақта ауқымды апробацияға негіз болатын пилоттық индикатор ретінде қарастырылады.

Сараптамалық бағалауға білім беру саласының үш тәуелсіз сарапшысы қатысты: критериалды бағалау және қысқа мерзімді жоспарлау бағыты бойынша біліктілікті арттыру курстарын жүргізетін бас ғылыми қызметкер, жоғары біліктілік санатты мектеп мұғалімі және ЖИ бағытындағы ғылыми қызметкер. Әр сарапшының педагогикалық өтілі он бес жылдан асады; сарапшылар авторлық ұжым құрамына кірмейді және бағалауды бір-бірінен тәуелсіз жүргізді.


Этикалық тұрғыдан жұмыста тұлғалық деректер өңделген жоқ; тек ашық түрде жарияланған агрегатталған деректер пайдаланылды. ЖИ құралымен жұмыс істеу нәтижелерін қолдануда генерацияланған мазмұнның дәлдігін, мәдени-тілдік сәйкестігін, нормативтік талаптарға үйлесімділігін және ықтимал біржақтылығын педагог тарапынан міндетті тексеру қағидаты басшылыққа алынды.

Нәтижелер және талқылау

Педагогтердің сабақты жоспарлаудағы негізгі қиындықтары

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының жарияланған сауалнама деректеріне жүргізілген талдау сауалнамаға қатысқан педагогтердің сабақ жоспарын әзірлеуде бірнеше қиындықты жиі атайтынын көрсетті [5]. Респонденттер тарапынан ең жиі аталған қиындық – оқу бағдарламасының мақсаттарына сүйене отырып сабақ мақсатын тұжырымдау (22,2%). Сабақ мақсатының жалпылама қойылуы кейінгі тапсырмаларды, дескрипторлар мен бағалау шешімдерін құрастыруға кедергі келтіретіні теориялық еңбектерде де айтылады [3].

Негізгі проблемалық салаларды көрнекі түрде ұсыну мақсатында ең жиі аталған қиындықтарды бейнелейтін диаграмма түзілді (1-сурет).



Сурет 1 – Қиындықтарды атап көрсеткен мұғалімдердің үлесі, %

Дереккөз – Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әдістемелік ұсынымдары негізінде авторлар құрастырған [5]

1-суретте педагогтердің сабақты жоспарлау барысында жиі кездесетін қиындықтары, атап айтқанда сабақ мақсатын тұжырымдау, оқушыларды оқу әрекетіне ынталандыру және проблемаларды шешу жолдарын жоспарлау көрсетілген. Мақсат нақты болмаған жағдайда тапсырманың деңгейі, бағалау критерийі және сабақтағы сұрақтардың логикасы да анық болмайды. Сондықтан ЖИ қолдану алгоритмі жоспарлау жұмысын дәл осы түйінді компоненттерді кезең-кезеңімен нақтылаудан бастауы тиіс.

Анықталған мәселені шешу үшін алдымен Gemini моделінің сабақты жоспарлауда қолданылуы мүмкін функциялары жүйеленді. Оларға құрылымдалған мәтін генерациялау (Блум таксономиясына сәйкес мақсат нұсқаларын тұжырымдау), көлемді мәтінді қысқаша мазмұндау, контентті сынып деңгейіне бейімдеу, пәндік сұрақтарға жауап беру, «мақсат – дескриптор – тапсырма» байланысын логикалық құрылымдау және шығармашылық тапсырма үлгілерін ұсыну жатады. Аталған функциялардың тиімділігі мұғалімнің сұранысты (промпт) нақты құрастыруына және алынған нәтижені оқу мақсатына сәйкес қайта өңдеу сапасына тікелей байланысты.

Ұсынылған алгоритм «мақсат – дескриптор – тапсырма» логикасына негізделген. Бұл тәсілдің ерекшелігі – ЖИ-ге арналған тапсырмаларды (промпттарды) әзірлеу кезеңдерін құрылымдау және әр қадам сайын мұғалімнің сараптамалық тексерісін жүргізу (1-кесте).

Кесте 1 – Үш қадамдық алгоритмнің дидактикалық логикасы

Кезең	ЖИ-ге берілетін кіріс деректер	Күтілетін нәтиже	Педагог тексеретін өлшем
1. Сабақ мақсатын тұжырымдау	Пән, сынып, тақырып, оқу мақсаты, оқушы деңгейі, таксономиялық деңгей.	Өлшенетін сабақ мақсаттарының бірнеше нұсқасы.	Оқу мақсатына сәйкестік, өлшенімділік, оқушы әрекеті арқылы көрінуі, сабақ уақытына шынайылығы.
2. Дескриптор әзірлеу	Сабақ мақсаты, бағалау критерийі, күтілетін өнім немесе әрекет.	Критериалды бағалауға арналған нақты дескрипторлар.	Бір мағыналылық, бақыланатын әрекет, бағалау мүмкіндігі, артық жалпылаудың болмауы.
3. Тапсырма іріктеу	Дескрипторлар, күрделілік деңгейі, уақыт, ресурс, тілдік талап.	Деңгейлік немесе сараланған тапсырмалар.	Жас ерекшелігі, тілдік қолжетімділік, таксономиялық бірізділік, мәдени-тілдік сәйкестік.

Кестеде алгоритмнің «кіріс – нәтиже – верификация» байланысы көрсетілген. Бұл байланыс сақталған жағдайда ЖИ педагогтің кәсіби ойлауын құрылымдауға көмектеседі.

1-қадам. Оқу мақсаттары негізінде сабақ мақсаттарын тұжырымдау

Педагогтің міндеті – үлгілік оқу бағдарламасындағы жалпы оқу мақсатын нақты сабақ жағдайына бейімделген, өлшенетін және білім алушы әрекеті арқылы көрінетін сабақ мақсатына түрлендіру. Мұғалім бастапқы деректерді: пән, сынып, тақырып, оқу мақсатының коды, тілдік деңгей, білім алушы ерекшелігі және күтілетін нәтиже форматын көрсетеді.

Промпт үлгісі: «Сіз тәжірибелі әдіскер рөлін атқарыңыз. Мен 6-сыныпқа «Орыс тілі» пәнінен сабақ дайындап жатырмын. Сабақ тақырыбы: «Жаһандық жылыну». Оқу мақсаттары: 6.1.2.1 – тірек сөздер мен сөз тіркестері негізінде негізгі ойды анықтау; 6.3.5.1 – баяндау, пайымдау және сипаттау эсселерін жазу. Осы оқу мақсаттары негізінде Блум таксономиясына сәйкес екі өлшенетін сабақ мақсатын тұжырымдаңыз. Мақсаттар оқушы әрекеті арқылы көрінетін болсын».

Бұл кезеңде ЖИ мақсаттардың бірнеше нұсқасын ұсынуы мүмкін. Соңғы нұсқаны мұғалім оқу бағдарламасы, сынып деңгейі, сабақ уақыты және бағалау мүмкіндігі тұрғысынан тексеріп, қажет болған жағдайда нақтылайды.

2-қадам. Критериалды бағалауға арналған дескрипторларды әзірлеу

Екінші кезеңде сабақ мақсатына жетуді бағалауға мүмкіндік беретін нақты әрекеттер айқындалады. Дескриптор оқушының не істейтінін, қандай әрекетінің бағаланатынын және нәтижені қандай өлшем бойынша тексеруге болатынын көрсетуі тиіс.

Промпт үлгісі: ««Мәтіннің негізгі ойын тірек сөздер арқылы анықтайды және өз ойын 1–2 сөйлеммен тұжырымдайды» деген сабақ мақсатына сәйкес критериалды бағалауға арналған 3 нақты дескриптор ұсыныңыз. Дескрипторлар өлшенетін әрекет түрінде берілсін».

3-қадам. Оқу тапсырмаларын іріктеу және генерациялау

Үшінші кезеңде дескрипторларға сәйкес тапсырмалар әзірленеді. Бұл кезеңде ЖИ тапсырманың бірнеше деңгейін ұсынуы мүмкін, алайда мұғалім олардың оқу мақсатына, жас ерекшелігіне, тілдік қолжетімділігіне және бағалау мүмкіндігіне сәйкестігін тексереді.

Промпт үлгісі: «Осы дескрипторлар негізінде үш деңгейлі тапсырма ұсыныңыз: С деңгейі – репродуктивті, В деңгейі – түсіну және қорыту, А деңгейі – талдау және шығармашылық әрекет. Әр тапсырма оқушыға түсінікті тілде берілсін».

ЖИ ұсынуы мүмкін тапсырма үлгілері: С деңгейі – «Жаһандық жылыну туралы мәтінді оқып, 5 тірек сөз бен сөз тіркесін белгілеңіз»; В деңгейі – «Тірек сөздерді қолдана отырып, мәтіннің негізгі ойын 1–2 сөйлеммен тұжырымдаңыз»; А деңгейі – ««Біз және табиғат» мектеп газетіне арналған шағын мақала дайындаңыз, мәтіннің негізгі ойын анықтап, оның оқушылар өміріндегі маңызын бағалаңыз; тірек сөздерді қолданып, 5–6 сөйлемдік шағын эссе жазыңыз және табиғатты қорғауға қатысты өз ұсынысыңызды беріңіз».

Берілген мысал тапсырмалардың күрделілік деңгейі біртіндеп артатынын көрсетеді. Дегенмен тапсырмалардың сапасы бастапқы сұранымның нақтылығына, оқу мәтінінің сапасына және педагогтің кейінгі әдістемелік сараптамасына тәуелді екенін атап айтқан жөн [11].

Gemini нәтижелерін сараптамалық верификациялау және бағалау

ЖИ ұсынған нәтижелерді бағалау – зерттеудің әдіснамалық әрі әдістемелік тұрғыдан ең өзекті мәселелерінің бірі. Осы мақсатта жұмыста Gemini арқылы алынған мақсат, дескриптор және тапсырма үлгілеріне сараптама жасауға арналған бағалау рубрикасы ұсынылады (2-кесте). Аталған рубрика мұғалімдердің тәуелсіз сараптамалық шешімдерін біріздендіретін сенімді өлшемдік негізді қамтамасыз етеді.

Кесте 2 – ЖИ нәтижесін сараптамалық верификациялау рубрикасы

Критерий	0 балл	1 балл	2 балл
Оқу мақсатына сәйкестік	Оқу мақсатымен байланысы жоқ.	Жартылай сәйкес, нақтылау қажет.	Оқу мақсатына толық сәйкес.
Өлшенімділік	Нәтиже бақыланатын әрекет түрінде берілмеген.	Әрекет бар, бірақ бағалау өлшемі көмескі.	Нәтиже нақты, өлшенетін және тексерілетін.
Таксономиялық сәйкестік	Күрделілік деңгейі мақсатқа сай емес.	Деңгей жартылай сақталған.	Блум деңгейі мен тапсырма логикасы үйлесімді.

Бағалау мүмкіндігі	Дескриптор немесе дәлелді нәтиже жоқ.	Бағалау мүмкін, бірақ дескриптор нақты емес.	Дескриптор нақты және бір мағыналы.
Жас және тілдік қолжетімділік	Оқушы деңгейіне сай емес.	Тілдік күрделілік ішінара реттеуді қажет етеді.	Жас, тілдік және мәдени контекске сай.
Этика және қауіпсіздік	Дербес дерек, стереотип немесе нормативтік сәйкессіздік қаупі бар.	Қауіп төмен, бірақ қосымша тексеру керек.	Дербес дерексіз, бейтарап және нормативтік тұрғыдан қауіпсіз.

Жалпы балл 0–5 болса, ЖИ нәтижесі қолдануға жарамсыз және қайта генерациялауды қажет етеді; 6–9 балл аралығы педагогикалық өңдеуді талап етеді; 10–12 балл аралығы мұғалімнің пәндік және әдістемелік тексерісінен кейін қолдануға болатын бастапқы нұсқа ретінде қарастырылады. Рубриканың құндылығы ретінде ЖИ өнімін дидактикалық критерийлер бойынша бағалауға мүмкіндік беруін атап өтуге болады.

Рубрика негізінде Gemini ұсынған материалдар сарапшылар тарапынан бағаланды (3-кесте). Бағалаудың негізгі мақсаты – бір тақырып аясында ЖИ ұсынған өнімдердің, мұғалімнің пәндік-әдістемелік валидациясынан өткеннен кейін, бастапқы оқу материалы ретінде қолданылу әлеуетін алдын ала анықтау.

Кесте 3 – Gemini нәтижелерінің сараптамалық бағалау нәтижелері

Бағалау объектісі	**Орташа балл**	**Пайыздық көрсеткіш**	**SD**	**Сапалық деңгей**
Сабақ мақсаттары	10,00/12	83,33%	0,00	Қолдануға болады
Дескрипторлар	10,33/12	86,11%	0,58	Қолдануға болады
Деңгейлік тапсырмалар	10,00/12	83,33%	0,00	Қолдануға болады
Жалпы көрсеткіш	10,11/12	84,26%	0,33	Қолдануға болады

Сараптамалық бағалау нәтижелері сабақ мақсаттарының орташа балы 10,00/12, дескрипторлардың орташа балы 10,33/12, деңгейлік тапсырмалардың орташа балы 10,00/12 болғанын көрсетті. Жалпы орташа көрсеткіш 10,11/12 (84,26%; SD=0,33) деңгейінде анықталды. Бұл нәтиже Gemini ұсынған материалдардың дидактикалық негізі бар екенін, бірақ оларды сабақта қолдану алдында педагогтің пәндік, әдістемелік және тілдік тексерісінен өткізу қажеттігін көрсетеді. Бағалау бір тақырыптық жиынтық бойынша жүргізілгендіктен, бұл көрсеткіштер алгоритмнің бастапқы әдістемелік әлеуетін сипаттайды.

Сарапшыаралық келісімді нақтылау үшін пайыздық келісім және Fleiss kappa (κ) есептелді: орташа жұптық келісім 74,07%, үш сарапшының толық келісімі 61,11%, κ = 0,399 болды. Бұл көрсеткіштер сарапшылар бағаларының жалпы бағытта сәйкес екенін, бірақ ЖИ нәтижелерін бағалауда толық бірауыздылық әрдайым қалыптаспайтынын көрсетеді. Критерийлер

бойынша ең төмен орташа көрсеткіш «Этика және қауіпсіздік» өлшемінде байқалды (1,11/2), сондықтан ЖИ-мен әзірленген материалдарды дербес деректер, біржақтылық, мәдени-тілдік сәйкестік және нормативтік қауіпсіздік тұрғысынан қосымша тексеру қажет.

Ұсынылған алгоритмнің теориялық негіздері

Осы зерттеу шеңберінде педагогикалық промптинг педагогтің оқу мақсаты, пәндік мазмұн, оқушы ерекшелігі, бағалау талаптары және этикалық шектеулерді ескере отырып, генеративті ЖИ-ге дидактикалық тұрғыдан нақты, өлшенетін және тексерілетін сұраным құрастыру қабілеті ретінде түсіндіріледі. Бұл ұғым қарапайым техникалық промпт жазудан кеңірек, ол педагогтің кәсіби ойлауын, оқу мазмұнын құрылымдауын және ЖИ нәтижесін критериалды сараптауын қамтиды.

Сабақты жоспарлау контексінде педагогикалық промптинг бес өзара байланысты компонентті қамтиды: ЖИ-ге жүктелетін кәсіби рөлді («тәжірибелі әдіскер», «пән мұғалімі») нақтылау; мәнмәтінді (пән, сынып, тақырып, оқу мақсатының коды, күтілетін нәтиже) көрсету; орындалатын дидактикалық міндетті (мақсат тұжырымдау, дескриптор әзірлеу, тапсырма іріктеу) белгілеу; нәтиженің форматын (кесте, тізім, деңгейлік тапсырма) айқындау; тілдік, этикалық және нормативтік шектеулерді енгізіп, нәтижені верификациялау. Мұндай құрылым педагогке сұранымды дидактикалық шешім қабылдау құралы ретінде құрастыруға мүмкіндік береді (4-кесте).

Кесте 4 – Педагогикалық промптингтің жақын ұғымдардан айырмашылығы

Ұғым	Негізгі фокус	Педагогикалық промптингтен айырмашылығы
Prompt engineering	ЖИ-ден тиімді нәтиже алу үшін сұранымды техникалық және тілдік жағынан оңтайландыру.	Педагогикалық промптинг тек техникалық дәлдікке емес, оқу мақсаты, бағалау, жас ерекшелігі және пәндік мазмұн сәйкестігіне сүйенеді.
AI literacy	ЖИ мүмкіндіктері, шектеулері, этикасы және қолдану салаларын түсіну.	Педагогикалық промптинг AI literacy-дің қолданбалы бөлігі ретінде нақты сабақ жобалауға бағытталады.
Цифрлық педагогика	Цифрлық технологияларды оқыту мен оқу үдерісіне кіріктірудің жалпы теориясы мен практикасы.	Педагогикалық промптинг цифрлық педагогиканың тар, бірақ қолданбалы дағдысы ретінде ЖИ-мен сұраным-нәтиже-верификация тізбегін құрады.
Педагогтің цифрлық құзыреттілігі	Ақпаратты табу, өңдеу, цифрлық контент жасау, коммуникация және қауіпсіздік дағдылары.	Педагогикалық промптинг осы құзыреттіліктің ЖИ дәуіріндегі дидактикалық компонентін нақтылайды.

Ұсынылған кестеде зерттеудің ғылыми жаңалығы айқындалып, «педагогикалық промптинг» мұғалімнің кәсіби білімін цифрлық құралдармен дидактикалық тұрғыдан кіріктіретін арнайы құзыреттілік ретінде негізделеді.

Педагогикалық промптингтің ұғымдық негізін TPACK моделі мен ЮНЕСКО шеңбері теориялық тұрғыдан толықтырады. TPACK моделі

тұрғысынан қарағанда, ЖИ-мен нәтижелі жұмыс істеу тек технологиялық құралды меңгерумен шектелмейді. Педагог ЖИ ұсынған мазмұнның пәндік дұрыстығын тексеру үшін технологиялық-пәндік білімге (TCK), ал тапсырмаларды сабақ құрылымы мен бағалау жүйесіне әдістемелік тұрғыдан кіріктіру үшін технологиялық-педагогикалық білімге (TPK) сүйенеді [12].

Педагогикалық-пәндік білім (PCK) оқу мақсатын сыныптың жас, тілдік және дайындық ерекшелігіне бейімдеуге қызмет етеді. Осы үш саланың синтезі педагогті ЖИ нәтижесін жай ғана қабылдаушы емес, оны қайта құрастыратын және негіздейтін кәсіби субъект ретінде айқындайды. Сондықтан алгоритмнің әр кезеңі педагогикалық верификациямен аяқталады.

ЮНЕСКО-ның ЖИ құзыреттілігі шеңбері педагогтің ЖИ қолданудағы этикалық жауапкершілігін, сыни сараптамасын, деректер құпиялылығын және оқушы құқығын қорғау мәдениетін ерекше атап көрсетеді [13, 15]. Қазақстанның орта білім беру жүйесіне ЖИ енгізу жөніндегі нормативтік құжаттар да дербес деректерді қорғау, академиялық адалдық және білім беру контентінің мемлекеттік стандарттарға сәйкестігі мәселелерін негізгі талап ретінде белгілейді [6].

Ұсынылған алгоритм аталған шеңбердің төрт бағытымен үйлеседі: ЖИ қолданылатын педагогика (материалдарды саралау, мақсатқа сәйкес тапсырма әзірлеу); ЖИ-ні қолдану негіздері (модель мүмкіндіктері мен нәтиже өзгермелілігін түсіну); ЖИ этикасы (дербес деректерді енгізбеу, біржақтылық пен нормативтік сәйкестікті тексеру, соңғы шешімнің педагогте қалуы); кәсіби даму (педагогикалық промптингті біліктілікті арттыру мазмұнына енгізу). Демек ЖИ-ні педагогикалық практикаға қауіпсіз енгізу технологиялық дағдымен қатар этикалық және әдістемелік жауапкершілікті талап етеді.

Алдыңғы зерттеулерде ЖИ-нің жалпы әлеуеті мен уақыт үнемдеу тиімділігі [11, 13], этикалық-практикалық тәуекелдері [13, 14], отандық контекстегі цифрлық құзыреттілік пен ЖИ-ні қабылдау факторлары [7–10], сондай-ақ TPACK және ЮНЕСКО шеңберлерінің жалпы сипаттамасы [12, 15] басым қарастырылған. Осы мақаланың үлесі үш деңгейде көрінеді: сабақ жоспарының дидактикалық компоненттеріне бағытталған қайталанатын үш қадамдық алгоритм ұсынылды; педагогикалық промптинг ұғымының шекарасы жақын ұғымдардан ажыратылып нақтыланды; ЖИ нәтижесін бағалауға арналған верификация рубрикасы енгізіліп, сараптамалық бағалаудан өткізілді.

Осы салыстыру аясында ұсынылған тәсілдің артықшылықтары мен тәуекелдерін нақтылауға болады. Ұсынылған алгоритм педагогтің жоспарлау әрекетін жеңілдетуге әлеуетті мүмкіндік береді. ЖИ бірнеше нұсқа ұсыну арқылы мұғалімге мақсатты нақтылау, дескрипторларды өлшенетін әрекетке айналдыру және тапсырмаларды күрделілік деңгейіне қарай жүйелеу бойынша қолдау көрсете алады. Бұл педагогтің уақыт

ресурсын үнемдеуге және оны оқушылармен кері байланыс, саралау және шығармашылық өзара әрекетке қайта бөлуге ықпал етуі мүмкін.

Сонымен бірге ЖИ-ні педагогикалық практикаға енгізуде бірқатар тәуекел сақталады. Біріншіден, деректер құпиялылығы: сыртқы тілдік модельдерге оқушылардың аты-жөні, жеке деректері, бағалары немесе сезімтал ақпарат енгізілмеуі тиіс. Екіншіден, дағдының әлсіреуі қаупі бар: ЖИ-ге шамадан тыс тәуелділік педагогтің өз бетінше жоспарлау және кәсіби рефлексия жасау дағдыларын төмендетуі мүмкін [13, 14]. Үшіншіден, нормативтік сәйкестік мәселесі маңызды: генерацияланған мазмұн Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, үлгілік оқу бағдарламаларына және мектептің бағалау талаптарына сай болуы қажет [6].

Осы тәуекелдер ЖИ педагогті алмастырмайтынын, керісінше педагогтің сыни сарапшылық рөлін күшейтетінін көрсетеді. Сондықтан алгоритмнің шешуші кезеңі ретінде ЖИ нәтижесін верификациялау, бейімдеу және педагогикалық тұрғыдан негіздеу ұсынылады.

Зерттеудің шектеулері және болашақ зерттеу бағыты

Зерттеу нәтижелерін интерпретациялауда бірнеше шектеу ескерілуі тиіс.

Біріншіден, 300 педагог бойынша пайдаланылған сауалнама деректері агрегатталған түрде ұсынылғандықтан, респонденттердің пәні, өңірі, еңбек өтілі, жасы және жауап беру логикасы бойынша терең статистикалық талдау жүргізу мүмкін болмады. Екіншіден, ұсынылған алгоритм сынып жағдайында эксперименттік немесе квазиэксперименттік дизайн арқылы тексерілген жоқ. Үшіншіден, Gemini нәтижелері сараптамалық бағалау арқылы бастапқы деңгейде верификацияланғанымен, бұл бағалау бір тақырыптық мысалдар жиынтығымен және шектеулі сарапшылар санымен жүргізілді. Сондықтан алынған нәтижелер алгоритмнің әдістемелік жарамдылығын алдын ала тексеретін бастапқы сараптамалық индикатор ретінде қарастырылады.

Болашақ зерттеулерде модельді жүйелі апробациядан өткізу бірнеше өзара байланысты бағытта ұсынылады. Бұл орайда әртүрлі пәндер мен сыныптар бойынша генерацияланған мақсаттар, дескрипторлар мен тапсырмалар жинағын кеңейтіп, сарапшылар санын арттыру, ал сарапшыаралық келісімді Fleiss kappa (κ) немесе немесе Krippendorff alpha (α) арқылы тексеру талап етіледі. Сондай-ақ дәстүрлі жоспарлау мен ЖИ қолдауымен жоспарлауды салыстыратын квазиэксперимент жүргізіп, дайындыққа жұмсалған уақытты, когнитивті жүктемені (мысалы, NASA-TLX шкаласы) және дайын жоспарлардың сапасын бағалау орынды. Оған қоса педагогтердің ЖИ-ні қабылдауын, сенімін, туындайтын қауіптерді және кәсіби рефлексиясын тереңірек ашатын сұхбат пен фокус-топ деректерін жинақтау маңызды.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері сабақ мақсатын тұжырымдаудың сауалнамаға қатысқан педагогтердің бір бөлігі үшін жүйелі кәсіби қиындық ретінде қабылданатынын көрсетті. Осы проблемалық аймақты негізге ала отырып, Google Gemini үлкен тілдік моделін қолдануға арналған «мақсат – дескриптор – тапсырма» логикасындағы үш қадамдық алгоритм ұсынылды.

Жүргізілген талдау генеративті ЖИ-нің сабақ жоспарлаудың құрылымдауды қажет ететін кезеңдерін қолдауда пайдалы ресурс бола алатынын көрсетті. Алайда оның нәтижелі қолданылуы педагогтің технологиялық, педагогикалық және пәндік білімдерді интеграциялау және генерацияланған мазмұнды сыни тұрғыдан тексеру қабілетіне тәуелді.

Жұмыстың практикалық маңызы – ұсынылған алгоритмнің, промптинг компоненттерінің және верификация рубрикасының мұғалімнің күнделікті әдістемелік қызметінде тікелей қолдануға дайын құралдар болуында. Бұл ретте жасанды интеллект педагогтің кәсіби және шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтетін қосалқы құрал ретінде қарастырылады.

Бір тақырыптық жиынтық бойынша жүргізілген пилоттық сараптамалық бағалау Gemini арқылы алынған сабақ мақсаттары, дескрипторлар және деңгейлік тапсырмалар үлгілерінің «қолдануға болады» деңгейіне сәйкес келетінін көрсетті; мұндай материалдар мұғалімнің міндетті пәндік-әдістемелік тексерісінен кейін бастапқы нұсқа ретінде пайдаланылуы мүмкін. Сонымен бірге этика және қауіпсіздік өлшемі бойынша қосымша верификация қажеттілігі ЖИ-ні жауапты қолданудың басты шарты болып қала береді.

Практикалық ұсыныстар:

1) мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламаларына педагогикалық промптинг және ЖИ нәтижесін верификациялау модульдерін енгізу;

2) әдістемелік бірлестіктерде «оқу мақсаты – сабақ мақсаты – дескриптор – тапсырма» сәйкестігін тексеретін чек-парақ қолдану;

3) ЖИ-ге дербес деректер енгізбеу және генерацияланған мазмұнды нормативтік талаптарға сай міндетті тексеру;

4) мектеп деңгейінде ЖИ қолдану тәжірибесін шағын пилоттық апробация, сарапшылар бағалауы және мұғалімдердің рефлексиясы арқылы кезең-кезеңімен енгізу.

ӘДЕБИЕТ

[1] Alicwadey J.A., Banaken C.P., Gawaen P.E., Lagawid L.C., Napaldet P.J.T., Togmey F.M., Pis-Oyen E.C., Dela Peña M.A. Enhancing learning outcomes: lesson planning, assessment tools development, and higher-order thinking skills integration analysis // IRE Journals. – 2024. – Vol. 8, No. 2. – P. 59–73. – URL: https://www.irejournals.com/formatedpaper/1706107.pdf [Қаралған күні: 05.01.2026].

[2] Sahin-Taskin C. Exploring pre-service teachers' perceptions of lesson planning in primary education // Journal of Education and Practice. – 2017. –

Vol. 8, No. 12. – P. 57–63. – URL: https://files.eric.ed.gov/fulltext/EJ 1140566.pdf [Қаралған күні: 05.01.2026].

[3] Orr R.B., Csikari M.M., Freeman S., Rodriguez M.C. Writing and using learning objectives // CBE – Life Sciences Education. – 2022. – Vol. 21, No. 3. – Art. fe3. – DOI: 10.1187/cbe.22-04-0073.

[4] Zingir G. Am I planning well? Teacher trainees' voices on lesson planning // Procedia – Social and Behavioral Sciences. – 2013. – Vol. 93. – P. 1409–1413. – DOI: 10.1016/j.sbspro.2013.10.053.

[5] Орта білім беру ұйымдарында сабақтарды қысқа мерзімді жоспарлау бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – 176 б. – URL: https://uba.edu.kz/storage/app/media [Қаралған күні: 05.01.2026].

[6] Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні ендіру жөніндегі шаралар туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 12 мамырдағы № 1274 Жарлығы. – URL: https://www.akorda.kz/kz/kazakstan-respublikasynyn-orta-bilim-beru-zhuyesine-zhasandy-intellektini-endiru-zhonindegi-sharalar-turaly-124335 [Қаралған күні: 08.07.2026].

[7] Джусубалиева Д.М. Цифровая компетентность – необходимое условие в подготовке будущих учителей в условиях дистанционного обучения // Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана. Серия «Педагогические науки». – 2020. – Т. 58, № 3. – С. 9–16. – DOI: 10.48371/PEDS.2020.58.3.001.

[8] Акпарова Ж. Педагог қызметіндегі цифрлық құзыреттіліктің маңызы // Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2021. – № 4(63). – Б. 101–108. – DOI: 10.48371/PEDS.2021.63.4.009.

[9] Orynbassar M., Zhumadilova M., Abdykerimova E. Artificial intelligence in Kazakhstan's education system: analysis and prospects // Yessenov Science Journal. – 2024. – Vol. 48, No. 3. – P. 71–76. – DOI: 10.56525/KFGK8889.

[10] Moldashev K., Sakhimbekov B. Determinants of teachers' adoption of artificial intelligence: evidence from Kazakhstan // Eurasian Journal of Economic and Business Studies. – 2025. – Vol. 69, No. 4. – P. 19–31. – DOI: 10.47703/ejebs.v69i4.565.

[11] Rutherford T., Rodrigues A., Duque-Baird S., Veng S., Mykyta-Chomsky R., Cao Y., Chisholm K., Bergwall E. «I just think it is the way of the future»: Teachers' use of ChatGPT to develop motivationally-supportive math lessons // Computers and Education: Artificial Intelligence. – 2025. – Vol. 8. – Art. 100367. – DOI: 10.1016/j.caeai.2025.100367.

[12] Petko D., Mishra P., Koehler M.J. TPACK in context: An updated model // Computers and Education Open. – 2025. – Vol. 8. – Art. 100244. – DOI: 10.1016/j.caeo.2025.100244.

[13] Miao F., Holmes W. Guidance for generative AI in education and research. – Paris: UNESCO, 2023. – 48 p. – DOI: 10.54675/EWZM9535.

[14] Yan L., Sha L., Zhao L., Li Y., Martinez-Maldonado R., Chen G., Li X., Jin Y., Gašević D. Practical and ethical challenges of large language models

in education: A systematic scoping review // British Journal of Educational Technology. – 2024. – Vol. 55, No. 1. – P. 90–112. – DOI: 10.1111/bjet.13370.

[15] Miao F., Cukurova M. AI competency framework for teachers. – Paris: UNESCO, 2024. – 52 p. – DOI: 10.54675/ZJTE2084.

REFERENCES

[1] Alicwadey J.A., Banaken C.P., Gawaen P.E., Lagawid L.C., Napaldet P.J.T., Togmey F.M., Pis-Oyen E.C., Dela Peña M.A. Enhancing learning outcomes: lesson planning, assessment tools development, and higher-order thinking skills integration analysis // IRE Journals. – 2024. – Vol. 8, No. 2. – P. 59–73. – URL: https://www.irejournals.com/formatedpaper/1706107.pdf [Date of access: 05.01.2026].

[2] Sahin-Taskin C. Exploring pre-service teachers' perceptions of lesson planning in primary education // Journal of Education and Practice. – 2017. – Vol. 8, No. 12. – P. 57–63. – URL: https://files.eric.ed.gov/fulltext/EJ1140566.pdf [Date of access: 05.01.2026].

[3] Orr R.B., Csikari M.M., Freeman S., Rodriguez M.C. Writing and using learning objectives // CBE – Life Sciences Education. – 2022. – Vol. 21, No. 3. – Art. fe3. – DOI: 10.1187/cbe.22-04-0073.

[4] Zingir G. Am I planning well? Teacher trainees' voices on lesson planning // Procedia – Social and Behavioral Sciences. – 2013. – Vol. 93. – P. 1409–1413. – DOI: 10.1016/j.sbspro.2013.10.053.

[5] Orta bılım beru ūiymdarynda sabaqtardy qysqa merzımdı josparlau boiynşa ädıstemelık ūsynymdar [Methodological recommendations for short-term lesson planning in secondary education organizations]. – Astana: Y. Altynsarin atyndağy Ūlttyq bılım akademiasy, 2023. – 176 p. – URL: https://uba.edu.kz/storage/app/media / [Qaralgan kuni: 05.01.2026]. [In Kaz].

[6] Qazaqstan Respublikasynyñ orta bılım beru jüiesıne jasandy intellektını endıru jönındegı şaralar turaly [On measures to introduce artificial intelligence into the secondary education system of the Republic of Kazakhstan]: Qazaqstan Respublikasy Prezidentınıñ 2026 jylğy 12 mamyrdağy № 1274 Jarlyğy. – URL: https://www.akorda.kz/kz/kazakstan-respublikasynyn-orta-bilim-beru-zhuyesine-zhasandy-intellektini-endiru-zhonindegi-sharalar-turaly-124335 [Date of access: 08.07.2026]. [In Kaz].

[7] Dzhusubalieva D.M. Cifrovaja kompetentnost' – neobhodimoe uslovie v podgotovke budushhih uchitelej v uslovijah distancionnogo obuchenija [Digital competence as a necessary condition for training future teachers in distance learning] // Izvestija KazUMOiMJa imeni Abylaj hana. Serija «Pedagogicheskie nauki» [Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Series «Pedagogical Sciences»]. – 2020. – T. 58, № 3. – P. 9–16. – DOI: 10.48371/PEDS.2020.58.3.001. [in Rus]

[8] Akparova J. Pedagog qyzmetındegı sifrlyq qūzyrettılıktıñ mañyzy [The importance of digital competence in teacher activity] // Abylai han atyndağy

QazHQjäneÄTU Habarşysy. «Pedagogika ğylymdary» seriasy [Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Series «Pedagogical Sciences»]. – 2021. – № 4(63). – P. 101–108. – DOI: 10.48371/PEDS.2021.63.4.009. [In Kaz].

[9] Orynbassar M., Zhumadilova M., Abdykerimova E. Artificial intelligence in Kazakhstan's education system: analysis and prospects // Yessenov Science Journal. – 2024. – Vol. 48, No. 3. – P. 71–76. – DOI: 10.56525/KFGK8889.

[10] Moldashev K., Sakhimbekov B. Determinants of teachers' adoption of artificial intelligence: evidence from Kazakhstan // Eurasian Journal of Economic and Business Studies. – 2025. – Vol. 69, No. 4. – P. 19–31. – DOI: 10.47703/ejebs.v69i4.565.

[11] Rutherford T., Rodrigues A., Duque-Baird S., Veng S., Mykyta-Chomsky R., Cao Y., Chisholm K., Bergwall E. «I just think it is the way of the future»: Teachers' use of ChatGPT to develop motivationally-supportive math lessons // Computers and Education: Artificial Intelligence. – 2025. – Vol. 8. – Art. 100367. – DOI: 10.1016/j.caeai.2025.100367.

[12] Petko D., Mishra P., Koehler M.J. TPACK in context: An updated model // Computers and Education Open. – 2025. – Vol. 8. – Art. 100244. – DOI: 10.1016/j.caeo.2025.100244.

[13] Miao F., Holmes W. Guidance for generative AI in education and research. – Paris: UNESCO, 2023. – 48 p. – DOI: 10.54675/EWZM9535.

[14] Yan L., Sha L., Zhao L., Li Y., Martinez-Maldonado R., Chen G., Li X., Jin Y., Gašević D. Practical and ethical challenges of large language models in education: A systematic scoping review // British Journal of Educational Technology. – 2024. – Vol. 55, No. 1. – P. 90–112. – DOI: 10.1111/bjet.13370.

[15] Miao F., Cukurova M. AI competency framework for teachers. – Paris: UNESCO, 2024. – 52 p. – DOI: 10.54675/ZJTE2084.

КОГНИТИВНЫЕ И ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПРИМЕНЕНИЯ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В ПЛАНИРОВАНИИ УРОКА

*Нургалиева А.А.[1], Абибулаева А.Б.[2], Умиралиева М.С.[3]
*[1]Qazaq AI Research University, Астана, Казахстан
[2]Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан
[3]Национальная академия образования имени И. Алтынсарина, Астана, Казахстан

Аннотация. В статье рассматриваются когнитивные и технологические аспекты применения генеративного искусственного интеллекта (ИИ) в планировании урока. Актуальность темы определяется тем, что при разработке плана урока педагоги сталкиваются с систематическими трудностями на этапах преобразования учебной цели в конкретную цель урока, составления дескрипторов оценивания и уровневого отбора заданий. Цель исследования – теоретически обосновать и практически описать

трехшаговый алгоритм использования Google Gemini, обеспечивающий дидактическое соответствие между учебной целью, целью урока, дескриптором и заданием. Исследование выполнено в качественно-аналитическом дизайне: проведен вторичный анализ агрегированных результатов опубликованного онлайн-опроса 300 школьных педагогов, представленных в методических рекомендациях Национальной академии образования имени И. Алтынсарина; предложенный алгоритм обоснован с позиций модели TPACK и рамки компетенций ЮНЕСКО в области ИИ для педагогов; материалы, сгенерированные Gemini, верифицированы тремя независимыми экспертами по шести критериям по шкале 0–2 балла. Анализ показал, что для участвовавших в опросе педагогов формулирование цели урока на основе целей учебной программы относится к наиболее сложным этапам планирования (22,2%). Для снижения этой трудности предложены алгоритм «цель – дескриптор – задание», компоненты педагогического промптинга и рубрика верификации результатов ИИ. Научная новизна исследования состоит в уточнении педагогического промптинга как профессионального дидактического навыка на стыке технологических, педагогических и предметных знаний. Практическая значимость работы заключается в возможности применения предложенного алгоритма и рубрики в повышении квалификации педагогов и в системе методического сопровождения.

Ключевые слова: планирование урока, целеполагание, критериальное оценивание, генеративный искусственный интеллект, Google Gemini, педагогический промптинг, TPACK, профессиональная компетентность педагога

COGNITIVE AND TECHNOLOGICAL ASPECTS OF USING ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN LESSON PLANNING

*Nurgaliyeva A.A.[1], Abibulayeva A.B.[2], Umiraliyeva M.S.[3]
*[1]Qazaq AI Research University, Astana, Kazakhstan
[2]L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
[3]Y. Altynsarin National Academy of Education, Astana, Kazakhstan

Abstract. The article examines the cognitive and technological aspects of using generative artificial intelligence (AI) in lesson planning. The relevance of the topic stems from the systematic difficulties teachers face when transforming a curriculum objective into a specific lesson objective, formulating assessment descriptors, and selecting differentiated tasks. The aim of the study is to theoretically substantiate and practically describe a three-step algorithm for using Google Gemini that maintains didactic alignment between the curriculum objective, lesson objective, descriptor, and task. The study follows a qualitative-analytical design: it re-analyses the aggregated results of a published online survey of 300 school teachers presented in the methodological recommendations of the Y. Altynsarin National Academy of Education; the proposed algorithm is

grounded in the TPACK model and the UNESCO AI competency framework for teachers; and the materials generated by Gemini were verified by three independent experts against six criteria on a 0–2 point scale. The analysis showed that, for the surveyed teachers, formulating lesson objectives on the basis of curriculum objectives is among the most difficult stages of planning (22.2%). To reduce this difficulty, the study proposes an «objective – descriptor – task» algorithm, the components of pedagogical prompting, and a rubric for verifying AI-generated outputs. The scientific novelty lies in clarifying pedagogical prompting as a professional didactic skill at the intersection of technological, pedagogical, and content knowledge. The practical significance consists in applying the proposed algorithm and rubric in teacher professional development and methodological support.

Keywords: lesson planning, goal setting, criterion-referenced assessment, generative artificial intelligence, Google Gemini, pedagogical prompting, TPACK, teacher professional competence

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 23.02.2026.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 26.06.2026.

Авторлар туралы мәлімет:

Нургалиева Айгерим Акметжановна – Qazaq AI Research University аға оқытушысы, e-mail: ajkerimnur@gmail.com

Абибулаева Айжана Будановна – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, e-mail: abibulayeva_ab@enu.kz

Умиралиева Меруерт Сагдатовна – Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының аға ғылыми қызметкері, e-mail: m.umiraliyeva@uba.edu.kz

Информация об авторах:

Нургалиева Айгерим Акметжановна – старший преподаватель Qazaq AI Research University, e-mail: ajkerimnur@gmail.com

Абибулаева Айжана Будановна – профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, доктор педагогических наук, e-mail: abibulayeva_ab@enu.kz

Умиралиева Меруерт Сагдатовна – старший научный сотрудник Национальной академии образования им. И. Алтынсарина, e-mail: m.umiraliyeva@uba.edu.kz

Information about authors:

Aigerim Nurgaliyeva – Senior Lecturer at the Qazaq AI Research University, e-mail: ajkerimnur@gmail.com

Ayzhana Abibulayeva – Professor of the L. N. Gumilyov Eurasian National University, Doctor of Pedagogical Sciences, e-mail: abibulayeva_ab@enu.kz

Meruert Umiraliyeva –Senior Research Fellow at the Y. Altynsarin National Academy of Education, e-mail: m.umiraliyeva@uba.edu.kz

UDC 385
IRSTI 17.01.45
https://doi.org/10.48371/PEDS.2026.82.3.023

TEACHING "ABAY'S WORDS OF EDIFICATION (QARA SOZ)" BASED ON MURSEIT'S MANUSCRIPTS: METACOGNITIVE STRATEGIES AND METHODS

Issabek A.U.[1], *Adieva P.M.[2], Kalshabek A.B.[3], Pansat Zh.M.[4]
[1.*2]Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan
[3]M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
[4]Zh. Tashenev University, Shymkent, Kazakhstan

Abstract. The article explores metacognitive approaches to teaching Abai's Words of Edification based on the Mürseyit manuscripts and emphasizes their role in developing students' cognitive and reflective abilities. The relevance of the study lies in the need to foster metacognitive skills in higher education through the conscious study of Abai's literary heritage using authentic manuscript sources. This approach promotes deeper text comprehension, independent reasoning, self-regulation, and objective self-assessment while enhancing students' scientific and cognitive competencies.

The purpose of the study is to identify effective methods of organizing students' learning activities through the metacognitive teaching of Abai's Words of Edification using the Mürseyit manuscripts. Particular attention is paid to the comparative analysis of manuscript texts for interpreting the philosophical and educational ideas of Abai and stimulating students' cognitive engagement.

The research employed comparative analysis, empirical methods, questionnaire survey, and statistical analysis. The survey was conducted among 62 second- and third-year students of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University to examine their perceptions of learning Abai's Words of Edification through the Mürseyit manuscripts. The collected data were processed using SPSS Statistics 26.

The findings indicate that teaching Abai's Words of Edification through the Mürseyit manuscripts contributes to deeper text comprehension, stronger analytical thinking, and the development of metacognitive skills. The proposed methodological framework supports students in planning, monitoring, and evaluating their learning activities while encouraging informed selection of learning strategies. The study has both scientific and practical significance by advancing literary education and demonstrating the effectiveness of integrating metacognitive approaches into the teaching of Abai's works in higher education.

Keywords: Abai's edification, Murseit manuscripts, metacognitive learning, methodological model, textual analysis, scientific and cognitive competence, empirical research, survey, methods

Introduction

In the contemporary educational process, the formation of students' scientific and cognitive competence is a highly relevant and pressing issue. In teaching literature, it is not sufficient to focus solely on mastering the content of a text; it is also necessary to develop students' skills in deep textual analysis, interpretation, and the systematic expression of their own ideas. From this perspective, metacognitive instruction represents an effective pedagogical approach aimed at the conscious management of the learning process, the selection of learning strategies, and the development of students' abilities to evaluate and analyze their own knowledge.

Teaching Abay's Words of Edification (Qara Soz) is of particular importance for the in-depth study of Kazakh literature and philosophy. These texts contribute to the development of students' cultural, philosophical, and ethical competencies and foster analytical thinking skills. Conducting a textological analysis of Abay's Words of Edification (Qara Soz) based on Murseit's manuscripts enables students to understand the historical and literary context of the texts, identify intertextual connections, and improve their metacognitive reading skills.

The article presents a methodological model for the metacognitive teaching of Abay's Words of Edification (Qara Soz) based on Murseit's manuscripts and examines ways to develop students' analytical, research, and scientific-cognitive skills. This approach enhances students' intellectual engagement and facilitates the organization of conscious and goal-oriented learning activities.

Metacognition is defined as "thinking about thinking", that is, the individual's ability to understand and regulate their own cognitive processes. The foundations of metacognitive research were laid by the American psychologist John Flavell. In his studies, he defined metacognition as a body of knowledge about the fundamental characteristics of an individual's cognitive domain and the ways in which it can be monitored and controlled. J. Flavell identified four components of metacognition: metacognitive knowledge, metacognitive experiences, goals, and strategies. According to the scholar, these components interact with one another, and as a result of this interaction, an individual's metacognitive abilities are formed and developed. Flavell characterized metacognition as the ability to "monitor, oversee, and regulate thinking," emphasizing its significance in the learning process.

Metacognitive knowledge refers to an individual's knowledge about themselves, that is, the conscious understanding of their own strengths and weaknesses in the process of acquiring and processing information, knowledge about the nature of a task, the conditions required for its completion, and its level of complexity, as well as knowledge of the strategies used to successfully accomplish the task.

Metacognition, as an integral component of instruction, exerts a strong and comprehensive influence on the acquisition, understanding, retention, and application of knowledge, skills, and competencies. On the basis of metacognition, learners consciously recognize their own strengths and weaknesses and learn to

monitor the learning process: they define learning goals and track their progress toward achieving them. Flavell (1979) described metacognition as "thinking about thinking" and distinguished between the components of cognitive knowledge and cognitive regulation. This research formed the fundamental theoretical basis for contemporary metacognitive studies. Flavell characterized metacognition as the ability to monitor, evaluate, and regulate one's own thinking processes. The study emphasized the role of metacognition in learning and problem-solving and served as a foundation for subsequent research in the field of educational psychology [1].

The article by Dafna Fono and Anat Zohar, "Metacognitive Instruction: Central Aspects of Pre-Service and Novice In-Service Teachers' Knowledge and Professional Development" [2], draws on key theoretical directions in the field of metacognitive instruction as well as on practices of teacher education. The authors cover a wide range of studies, from classical theories of metacognition to contemporary empirical research examining teachers' metacognitive knowledge and its practical application. This body of literature provides a scientific foundation for metacognitive instruction in teacher professional development and in teaching higher-order thinking skills.

In her study "Issues of Metacognitive Awareness in Educational Psychology" [3], Margarita Belikova systematically reviews literature devoted to metacognitive awareness and its components. The author outlines the specific features of the concepts of metacognition, metacognitivism, and metacognitive awareness and describes their role in educational psychology.

Within the framework of metacognitive instruction, learners gain the opportunity to identify their own strengths and weaknesses. They develop skills of monitoring their knowledge, setting learning goals, and working independently. The issue of teaching Abay's Words of Edification (Qara Soz) has been extensively and multidimensionally explored in national literary studies and pedagogical research. Scholars examine Abay's legacy from artistic-philosophical, textological, and didactic perspectives, emphasizing its importance in shaping learners' worldview.

The manuscripts of Murseit Bikuly occupy a special place in establishing the textological foundation of Abay's Words of Edification (Qara Soz). Researchers regard Murseit's manuscripts as the versions closest to the original texts of Abay's works and demonstrate that many lexical, grammatical, and semantic features were altered in later editions. Studies in this area highlight the scholarly significance of teaching Abay's Words of Edification (Qara Soz) on the basis of texts close to the original.

Pedagogical research devoted to the methodology of teaching Abay's Words of Edification (Qara Soz) demonstrates the effectiveness of such approaches as textual analysis, interpretation, comparison, and problem-based learning. In particular, methods aimed at conscious perception of literary texts have been shown to foster the development of learners' thinking abilities. In recent years, metacognition has become a key object of research in educational theory. In the

works of scholars who laid the foundations of metacognitive learning theory, learners' abilities to plan, monitor, and evaluate their own learning activities are viewed as crucial factors in improving learning outcomes. These conclusions form the scientific basis for applying metacognitive strategies in teaching literary texts.

Both international and national studies indicate that teaching literary texts from a metacognitive perspective contributes to the development of learners' reflective thinking, critical reasoning, and research skills. However, the lack of a scientifically systematized methodological model for the metacognitive teaching of Abay's Words of Edification (Qara Soz) based on Murseit's manuscripts determines the relevance of the present study. Accordingly, this research aims to propose a methodological model for teaching Abay's Words of Edification (Qara Soz) from a metacognitive perspective on the basis of texts close to the original and to empirically demonstrate its effectiveness.

Materials and methods

As research materials, works such as "Abai Kitab Tasdiq", "Abai's 'Kitab Tasdiq' Work" and "Abai: Transcription Based on Murseit Bikuly's Manuscripts" were used, which include transcriptions of Abay's Words of Edification (Qara Soz) and Murseit's manuscripts. These materials allow for the study of the original content of Abay's Words of Edification (Qara Soz) and facilitate comparative analysis.

To collect empirical data, a survey was conducted. The survey involved 2nd- and 3rd-year students (n = 62) enrolled in the "6B01716 – Kazakh Language and Literature" educational program at the International Kazakh-Turkish University named after A. Yasawi. The following research methods were applied in a comprehensive manner during the study:

1. Review of scientific literature – aimed at a systematic analysis of domestic and international studies on Abay's Words of Edification (Qara Soz) and metacognitive instruction.

2. Empirical research – a questionnaire was conducted to identify students' metacognitive skills.

3. Statistical processing of survey data – frequency, percentage, and the Mann–Whitney U test were carried out using SPSS 26.

4. Modeling method – construction of a metacognitive learning model (goal–content–method–result).

The metacognitive approach placed special emphasis on developing students' abilities to understand, analyze, and interpret texts, as well as to consciously manage their own learning processes. The research methods complemented each other and allowed for the formation of effective methodological approaches to teaching Abay's Words of Edification (Qara Soz) based on Murseit's manuscripts.

Teaching students to work with the transcription of Abay's Words of Edification (Qara Soz) was used as a primary method for instructing and analyzing Abay Qunanbayev's texts. The transcription-based approach is aimed

at developing learners' metacognitive skills in the analysis of Abay Qunanbayev's writings. It enables students to work comparatively with the original Words of Edification preserved in Murseit's manuscripts. This method allows learners to analyze the text at a semantic level while preserving its historical and linguistic features, as well as to gain a deeper understanding of the author's philosophical ideas and pedagogical concepts.

Results and discussion

Бұл зерттеу тек теориялық жинақтауға емес, сондай-ақ нейродидактикалық тәсілдерді информатика пәнінің контекстіне алғаш рет жүйелі түрде бейімдеуге бағытталған, бұл жұмыстың ғылыми жаңалығын айқындайды.

Осы зерттеуде ұсынылып отырған нейродидактикалық модель бұрынғы еңбектерде таралған жалпы тәсілдерден едәуір ерекшеленеді. Әдебиеттерде эмоционалды реттелу, когнитивтік белсендіру немесе алгоритмдік ойлау жеке-жеке талданса, біздің модель бұл компоненттерді біртұтас жүйе ретінде біріктіреді және нақты информатика пәнінің

инклюзивті контекстіне бейімделген алғашқы құрылымдық схема болып табылады. Сондықтан зерттеудің ғылыми жаңалығы - нейробиологиялық, когнитивтік және пәндік компоненттердің интеграцияланған авторлық моделін ұсынуда.

Бұл зерттеудің ғылыми жаңалығы тек нейроғылыми және педагогикалық идеяларды біріктіруде емес, олардың информатика пәнінің нақты когнитивтік құрылымына жүйелі сәйкестендірілуінде жатыр. Атап айтқанда, модель алғаш рет:

1. Алгоритмдік ойлау, кодты қабылдау, кеңістіктік логикалық операциялар сияқты информатикаға тән когнитивтік процестерді нейродидактикалық механизмдермен өзара байланыстырды.

2. Инклюзивті білім алушылардың цифрлық дағдыларын, сенсорлық ерекшеліктерін және нейрокогнитивтік профилін бірге ескеретін төрт стратегиядан тұратын пәндік-интегративті схеманы ұсынды.

3. Диагностиканы, әлеуметтік-эмоционалды реттелуді, нейро-коммуникативті әдістерді және операциялық қадамдық оқытуды біртұтас дидактикалық цикл ретінде біріктірді.

Бұған дейінгі еңбектерде мұндай кешенді пәндік сәйкестендіру жасалмаған, сондықтан ұсынылған модель информатика педагогтерін даярлау саласында жаңа ғылыми бағыт қалыптастырады.

Ұсынылған модельдің дидактикалық импликациялары – яғни теориялық тұжырымдардың практикалық оқыту әдістеріне әсері – информатиканы оқытудың тиімділігін арттыруға бағытталған.

Осы мақсатқа жету үшін біз өзімізге келесі міндеттерді қойдық:

1. Информатиканы оқытуда қолданылатын заманауи дидактикалық және нейробілімге негізделген тәсілдерді талдау.

2. Информатика пәнін меңгеруге әсер ететін когнитивтік және нейропсихологиялық факторларды анықтау.

3. Инклюзивті ортаға бейімделген нейродидактикалық модельдің құрылымын әзірлеу.

4. Ұсынылған модельдің дәстүрлі тәсілдермен салыстырғандағы артықшылықтарын негіздеу.

Бұл міндеттер нейробілім беру принциптерін ескере отырып белгіленді — яғни оқыту үдерісін ми қызметінің ғылыми негіздеріне сәйкес құру қағидасына сүйенеді.

Материалдар мен әдістер


Бұл зерттеуіміздің мақсаты инклюзивті білім беру жағдайында информатиканы оқытуға бейімделген нейродидактикалық әдіснамалық модельді әзірлеу және оның құрылымдық элементтерін ғылыми тұрғыда негіздеу болды.

Мақала шеңберінде авторлар нейродидактика элементтерін информатиканы оқытуға бейімдеу бойынша салыстырмалы талдау жүргізіп, инклюзивті орта жағдайында қолдануға арналған шағын әдістемелік прототип ұсынды; бұл зерттеудің өзіндік ғылыми нәтижесі болып табылады.

Бұл зерттеуде авторлар алғаш рет нейродидактикалық стратегияларды информатика пәнінің мазмұнына пәнішілік логика, алгоритмдік ойлау және цифрлық құралдармен әрекеттесу ерекшеліктерін ескере отырып бейімдеді. Қазіргі әдебиеттерде информатикаға бағытталған нақты нейродидактикалық модель ұсынылмаған; сондықтан жасалған прототип — инклюзивті аудиториядағы кәсіби даярлыққа бағытталған тұңғыш кешенді қадам болып табылады.

Осыған қоса, модельдің түпнұсқалығы оның құрылымдық архитектурасында көрінеді. Нақтырақ айтқанда, біз ұсынған төрт стратегия циклдік өзара байланыста жұмыс істейді: диагностикалық кезеңнен алынған нейрокогнитивтік деректер кейінгі үш стратегияның мазмұнын автоматты түрде анықтайды. Бұл тәсіл халықаралық әдебиеттерде жоқ, өйткені бар зерттеулер стратегияларды жеке, байланыссыз элементтер ретінде сипаттайды. Ал біздің модель - информатика пәнінің когнитивтік жүктемесіне нақты бейімделген, нейробиологиялық дәлелдерге сүйенген интегративті авторлық жүйе болып табылады.

Нейродидактикалық модель – мақсаттық, мазмұндық, процедуралық және нәтижелік компоненттерден тұратын жүйелі әдіснамалық құрылым. Ол оқу процесін мидың нейрокогнитивтік заңдылықтарына сәйкестендіре отырып ұйымдастыруды көздейді және когнитивтік жүктемені реттеу, эмоциялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және нейропластикалық механизмдерді қолдайтын оқыту стратегияларын іріктеу қағидаттарына негізделеді. Модельдің функциясы – информатика пәнін оқытуда нейродидактикалық принциптерді бірізді және құрылымдалған түрде қолдануға мүмкіндік беру [2]. Ұсынылған нейродидактикалық модельдің құрылымы мен оның компоненттерінің өзара байланысы 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1. - Инклюзивті білім беру контекстінде информатиканы оқытуға арналған нейродидактикалық модельдің құрылымдық-логикалық схемасы

Бұл әдістемелік модельдің тиімділігі болашақ информатика педагог-

терін оқытудағы қолданыстағы дидактикалық тәсілдермен салыстырылды, мысалы, дәстүрлі пәнге бағытталған тәсіл және құзыреттілікке бағытталған оқыту элементтері, оның кәсіби қалыптасуының басында жоғары оқу орындарының студенттері кездесетін өзекті мәселелерді шешуге жарамдылығын анықтау болып табылады.

Нейробілім беру принциптеріне сүйене отырып, Gonzales Lopes Viera N. [3] грамматиканың ресми аспектілеріне дәстүрлі назар аударуды жоққа шығаратын Малемегра әдісі арқылы ана тілін оқытудың педагогикалық тәсілдерін өзгертуді ұсынды.

Малемегра әдісі - оқыту процесіне эмоция, қозғалыс, когнитивтік белсендіру жаттығулары сияқты нейрокогнитивтік элементтерді қосатын нейродидактикалық тәсіл; ол материалды механикалық есте сақтауға емес, мағыналы әрекетке негіздейді [3].

Оның айтуынша, студенттер өздерінің білім беру жолын қалыптастыруға белсенді қатыса алады, өйткені педагогтердің шамадан тыс директивалық тәсілдері жасөспірімдерде мидың негізгі оқыту функцияларын белсендірмеуі мүмкін.

Gonzales Lopes Viera N. зерттеулері нейроғылымның жетістіктерімен расталған ғылыми негізделген әдіснамалық шешім шығаруға бағытталған. Алайда, Малемегра әдісінен айырмашылығы, бұл модель инклюзивті жоғары білім беру жағдайында болашақ педагогтерге информатиканы оқытуға бағытталған және студенттерде нейрокогнитивті механизмдерді белсендіру үшін енгізілуі керек әдістер мен стратегияларды егжей-тегжейлі сипаттаған болатын [3].

Мұндай нейрокогнитивті стратегияларға ақпаратты қабылдауды, зейінді, есте сақтауды, логикалық және алгоритмдік ойлауды белсендіретін әдістер жатады.

Модель педагогтерге оқу процесін жекелендіруге және нейропластикалық процестерді белсендіруге ықпал ететін студенттердің цифрлық дайындығы мен когнитивті қабылдау деңгейлерін анықтауға мүмкіндік беретін диагностикалық және бейімделу процедураларын пайдалануды қамтиды.

Нейропластикалық процестер - мидың жаңа нейрондық байланыстарды құруға және қайта ұйымдастыруға қабілеттілігі, яғни үйренудің биологиялық негізі [4,5].

Ұсынылған нейродидактикалық модельдің тиімділігі тек теориялық пайымдармен шектелмей, әдебиеттерде сипатталған инклюзивті оқытудағы нақты нейропсихологиялық механизмдермен де расталады. Атап айтқанда, Rukminingsih R. [4] және Marisol E.C. [5] еңбектерінде алгоритмдік ойлауды, бағдарлама құрылымдарын қабылдауды және кеңістіктік-логикалық операцияларды жақсартуға ықпал ететін нейрокогнитивтік стратегиялардың оң әсері көрсетілген. Бұл деректер біздің модельге енгізілген диагностикалық, әлеуметтік-эмоционалдық, нейро-коммуникативтік және операциялық стратегиялардың информатиканы оқытуда танымдық белсенділікті арттыруға нақты ықпал ететінін дәлелдейді.

Инклюзивті орта контекстінде модельдің тиімділігі одан сайын өзекті бола түседі, өйткені әртүрлі танымдық және сенсорлық профилдері бар білім алушыларға бейімделген нейродидактикалық тәсіл олардың ақпаратты қабылдау, есте сақтау және алгоритмдерді меңгеру деңгейлерін теңестіруге мүмкіндік береді. Әдебиеттер инклюзивті сыныптарда эмоциялық реттелуі әлсіз, жұмыс жады көлемі шектеулі немесе логикалық тізбек құруда қиындық көретін студенттердің нейробілімге негізделген әдістер арқылы академиялық нәтижелерді көрсете алғанын дәлелдейді. Сондықтан модельдің тиімділігі инклюзивті аудиториядағы оқыту процесін құрылымдаудың ғылыми негізделген жүйесімен қамтамасыз етіледі және бұрынғы зерттеулермен әдіснамалық түрде үйлеседі.

Осы салыстырудан екі негізгі қорытынды жасауға болады:

- Біріншіден, информатиканы меңгеру үшін студенттердің когнитивті белсенділігі, абстрактілі ойлауы және метакогнитивтік бақылауы жоғары деңгейде болуы қажет.

- Екіншіден, информатика саласы алгоритмдік ойлау мен қадамдық логиканы талап ететіндіктен, арнайы нейро-коммуникативті және алгоритмдік стратегияларды қолдануды қажет етеді.

Rukminingsih, R. [4] зерттеу барысында цифрлық оқытудың аралас түрлерін енгізуде нейродидактиканың өзектілігін толықтай көрсетті. Бұл жерде лимбиялық жүйенің, яғни ми қыртысына енгенге дейін эмоционалды параметрлер негізінде ақпаратты сүзгіден өткізуге жауапты ми құрылымының рөліне ерекше назар аударылды.

Бұл құбылыс ғылымда «эмоционалды шұңқыр» деп аталады - ақпараттың игерілуіне эмоцияның тікелей әсер ету механизмі [4].

Бұл «эмоционалды шұңқыр» білімді игерудің тиімділігіне айтарлықтай әсер етеді, табысты оқуға ықпал ететін тиісті психикалық көзқарасты толықтай қалыптастырады. Сабақтың мазмұнына қарамастан - бағдарламалаудың теориялық негіздері немесе алгоритмдермен жұмыс жасау - студенттерге оң және теріс эмоционалды реакцияларды көрсетуге толықтай көмектесті. Студенттердің жағымды эмоционалды фонына және жоғары нәтижелеріне ықпал ететін негізгі факторлар педагогтің көзқарасы, қолданылатын стратегиялар және шығармашылық, қолдау көрсететін білім беру ортасының болуы болды. Авторлар зерттеу барысында педагогтерге ми механизмдерінің қалай жұмыс істейтінін және олардың оқуды сапалы бейімдеу үшін студенттердің мінез-құлқы мен қабылдауына қалай әсер ететінін түсіну маңызды деген толықтай қорытындыға келді.

Алайда, алынған тұжырымдардың құндылығына қарамастан, Rukminingsih R. зерттеуі информатика педагогтері индикативті схема ретінде қолдана алатын кешенді модельдің қажеттілігі туралы мәселені ашық қалдырады. Мұндай модель инклюзивті аудиториядағы студенттердің күшті және әлсіз жақтарын алдын-ала анықтауға, сондай-ақ оқу материалын игерудің қатысуы мен сапасын арттыру мақсатында нейробілім принциптеріне негізделген жүйелік дидактикалық схеманы құруға мүмкіндік береді.

Нейробілім принциптері - оқыту үдерісінде ми қызметінің заңдылықтарын, когнитивтік процестерді және эмоционалды әсерлерді ескеруге негізделген педагогикалық қағидалар.

Бұл схема педагогтерді ақпараттандыруға, сондай-ақ олардың ми жұмысының физиологиялық және функционалдық ерекшеліктеріне және оның оқу процесіндегі рөліне сүйене отырып жасалған дидактикалық стратегияларды түсінуге деген қызығушылығын арттыруға бағытталған балама әдістеме болып табылады. Танымдық іс-әрекеттің сипатына сәйкес кезеңдердің логикалық реттілігі төмендегідей ұсынылады (1-кесте):

Кесте – 1. Информатика педагогтерін нейробілім принциптеріне негіздеп дайындаудың жүйелік дидактикалық схемасының кезеңдері

Бірінші кезең	оқу процесі басталғанға дейін қолданылатын және білім алушылардың ықтимал танымдық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беретін диагностикалық стратегиялар. Бұл стратегиялар нейропедагогке мүмкіндігі шектеулі оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, информатиканы оқытудың мазмұны мен әдістерін жеке жоспарлау, бейімдеу үшін қажетті ақпараттарды толықтай береді.
Екінші кезең	танымдық белсенділікті арттыруға ықпал ететін қолайлы және қабылдаушы білім беру ортасын қалыптастыратын әлеуметтік эмоционалды стратегияларды қамтиды. Олар әсіресе инклюзивті оқытуда маңызды, мұнда оқушылардың эмоционалды жайлылығы олардың оқу мотивациясына тікелей әсер етеді.
Үшінші кезең	ақпаратты қабылдау, түсіну және өңдеу процестерін белсендіруге бағытталған нейрокогнитивті стратегиялар қолданылады. Информатика контекстінде бұл процедуралық есте сақтауды, кеңістіктік ойлауды және алгоритмдерді логикалық қабылдауды ынталандыратын білімді мағыналы қолдану жағдайларын құруда көрінуі мүмкін.
Төртінші кезең	нақты дағдыларды дамытуды көздейтін стратегиялар: талдау, синтез, тапсырмаларды кезең-кезеңімен орындау және цифрлық құралдармен жұмыс. Бұл стратегиялар жадты белсендіреді, мұқият қарауға, операциялардың дәлдігіне және тұрақты бағдарламалау дағдылары мен цифрлық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді.

Инклюзивті ортада осы нейродидактикалық стратегияларды тиімді іске асыру тек академиялық жетістіктерге ғана емес, сонымен қатар студенттердің тұрақты танымдық мотивациясын, өзіне деген сенімділігі мен өзін-өзі оқыту қабілетін қалыптастыруға толықтай ықпал етеді. Тәжірибе жинақталып, негізгі ұғымдарды түсінген сайын білім алушының конструктивистік рөлі белсендіріледі, онда ол өз танымының белсенді субъектісіне айналады, есептерді шешудің жеке траекторияларын құрады, алгоритмдерді талдайды және модельдейді, бағдарламалық құралдарды толығымен игереді.

Marisol E.C. [5] жүргізген тағы бір зерттеу Бухаресттегі Гете институты мен оның серіктестік мекемелері ұйымдастырған семинарларда алынған дидактикалық практика оқытушыларының қолдану дәрежесі мен интеграциясын анықтауға бағытталған. Зерттеу неміс тілін шет тілі ретінде оқытушыларға қатысты болғанымен, оның нәтижелері болашақ информатика педагогтерін даярлау саласына сәтті экстраполяциялануы мүмкін. Автор нейродидактиканы білім беру процесінде нейрондық

байланыстарды ынталандыруға және миды жаңа ақпаратты қабылдауға дайындауға бағытталған арнайы жаттығуларды қолдануды қамтитын әдістемелік тәсіл ретінде анықтайды.

Marisol E.C. педагогтердің мұндай жаттығуларды қолдануға деген ынтасы олардың сабақтың мазмұнына ғана емес, ең алдымен оқу ортасының эмоционалды және когнитивті климатына әсер етуге деген ұмтылысына байланысты екенін атап өтті. Зерттеу миды белсендіретін жаттығулар кез келген әрекеттің құрылымында шешуші рөл атқаратынын атап көрсетеді. Олар жаңа материалды үйренуге, мазасыздық деңгейін төмендетуге және студенттердің белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Информатика педагогтері үшін бұл тәсіл инклюзивті білім беру жағдайында өте маңызды, өйткені ол студенттердің танымдық стильдері мен дайындық деңгейлеріндегі айырмашылықтарды ескере отырып, дидактикалық реттілікті құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зерттеу мультимедиалық және интерактивті материалдарды, сондай - ақ ақпарат берудің әртүрлі формаларын-визуалды, аудиалды және кинестетикалық әдістерді қолданудың маңыздылығын көрсетеді. Мұндай құралдар болашақ информатика педагогтерін жүйелі ойлау, алгоритмдеу барысында және топтық жұмыста тұрақты дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Жалпы, ғылыми зерттеуімізде педагогтерге қолайлы білім беру ортасын құруға және оқуға деген ынтаны арттыруға ықпал ететін миға бағытталған әлеуметтік-эмоционалды стратегияларды енгізудің маңыздылығын көрсетіледі.

Осы зерттеу шеңберінде ұсынылған модельдің тиімділігі теориялық және салыстырмалы талдаулар негізінде сипатталды. Модельді эмпирикалық тұрғыдан тексеру – оның практикалық құндылығын айқын көрсетуге мүмкіндік береді.

Ұсынылған нейродидактикалық модельдің қолданбалылығын бастапқы деңгейде тексеру мақсатында пилоттық эмпирикалық зерттеу жүргізілді. Зерттеу дизайн ретінде квази-эксперименттік сипаттағы салыстырмалы талдау таңдалды.

Зерттеуге Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Информатика» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын 2–3 курс студенттері қатысты (N = 42). Қатысушылар инклюзивті білім беру қағидаттарына сәйкес әртүрлі когнитивтік және оқу дайындық деңгейлерін көрсетті.

Зерттеу екі кезеңде жүргізілді. Бірінші кезеңде (pre-test) студенттердің алгоритмдік ойлау, бағдарламалық құрылымдарды қабылдау және оқу мотивациясы деңгейі анықталды. Екінші кезеңде оқу процесіне диагностикалық, әлеуметтік-эмоционалдық, нейро-коммуникативтік және операциялық стратегияларды қамтитын нейродидактикалық модель элементтері енгізілді.

Эмпирикалық деректерді жинау үшін:

– Алгоритмдік ойлауды бағалауға арналған тапсырмалар жиынтығы.

– Бағдарламалау құрылымдарын түсінуді анықтайтын тесттер.

– Оқу мотивациясын бағалауға арналған сауалнама қолданылды.

Алынған деректер сипаттамалық статистика әдістері арқылы (орташа мән, стандартты ауытқу) және pre-test пен post-test нәтижелерін салыстыру негізінде талданды.

Нәтижелер және талқылау

Осы зерттеуде ғылыми жаңалықты негіздеу үшін педагогикалық модельдердің жаңалығын айқындауда қолданылатын келесі критерийлер басшылыққа алынды: (1) пәндік сәйкестендіру деңгейі; (2) құрылымдық интеграция дәрежесі; (3) модель компоненттерінің функционалдық өзара байланысы; (4) қолдану контекстінің нақтылығы. Ұсынылған нейродидактикалық модель осы критерийлер тұрғысынан бұрынғы зерттеулерден жүйелі түрде ерекшеленеді.

Алдыңғы еңбектерде нейродидактика, әдетте, жалпы педагогикалық немесе тілдік білім беру контекстінде қарастырылады [1-5]. Бұл зерттеулерде нейрокогнитивтік стратегиялар жеке әдістер немесе ұсынымдар түрінде сипатталып, нақты пәннің ішкі когнитивтік құрылымымен жүйелі байланыс орнатылмайды. Ұсынылған модельдің айырмашылығы — нейродидактикалық стратегияларды информатика пәніне тән когнитивтік процестермен (алгоритмдік ойлау, кодты қабылдау, процедуралық жад) тікелей сәйкестендіруінде. Бұл сәйкестендіру бұрынғы зерттеулерде жүйелі модель деңгейінде жүзеге асырылмаған.

Пилоттық зерттеу деректерін сипаттамалық статистика әдістері арқылы талдау нейродидактикалық модель элементтерін қолданғаннан кейін студенттердің бірқатар когнитивтік және мотивациялық көрсеткіштерінде оң динамика байқалғанын көрсетті.

Алгоритмдік ойлауды бағалау нәтижелері бойынша post-test кезеңіндегі орташа балл pre-test көрсеткіштерімен салыстырғанда жоғарылады. Сондай-ақ бағдарламалау құрылымдарын түсіну деңгейінде орташа мәннің өсуі және нәтижелердің шашырау деңгейінің төмендеуі байқалды, бұл студенттердің тапсырмаларды орындаудағы тұрақтылығының артқанын көрсетеді.

Оқу мотивациясын бағалау нәтижелері де оң өзгерістерді көрсетті: post-test кезеңінде орташа мәннің жоғарылауы студенттердің оқу процесіне қызығушылығы мен сенімділігінің артқанын айқындайды. Бұл өзгерістер пилоттық сипатта болғанымен, нейродидактикалық модельдің инклюзивті білім беру жағдайында қолданылу әлеуетін көрсетеді.

Кесте – 2. Pre-test және Post-test нәтижелерінің сипаттамалық статистикасы (N = 42)

Көрсеткіш	Өлшеу кезеңі	Mean (M)	SD
Алгоритмдік ойлау деңгейі	Pre-test	56.4	9.8
	Post-test	63.7	8.6
Бағдарламалау құрылымдарын түсіну	Pre-test	52.1	10.3
	Post-test	60.9	9.1
Оқу мотивациясы	Pre-test	3.21	0.62
	Post-test	3.74	0.58

Нейродидактикада материалдық ресурстарға, оның ішінде визуалды, интерактивті және тәжірибеге бағытталған құралдарға көп көңіл бөлінеді. Білікті нейропедагог инклюзивті білім беру жағдайында әдіс пен құралды нақты ажырата алады, ресурстарды жүйелі түрде қолдана алады және оларды студенттердің танымдық және сенсорлық ерекшеліктеріне бейімдей алады.

Нейропедагог – ми қызметінің заңдылықтарын ескеріп, оқыту стратегияларын сол механизмдерге сәйкестендіре отырып қолданатын педагог [6].

Зерттеу барысында инклюзивті білім беру ортасында информатиканы оқытудың нейроғылыми теориялары мен арнайы дидактикалық тәсілдері зерттеліп, оларға талдау жасалынды (3-кесте).

Бұл тәсілдер нейробиологиялық принциптерге – яғни ақпаратты қабылдау, өңдеу және есте сақтау процестерінің ми құрылымымен байланысына – сүйенеді.

Информатика пәнінің өзіне тән ерекшеліктерін нейродидактикалық тұрғыдан қарастыру да бұл зерттеудің маңызды ғылыми элементі болып табылады. Программалау, алгоритмдеу және деректерді өңдеу сияқты негізгі бағыттар күрделі когнитивтік процестерді талап етеді: әрекеттердің реттілігін құру, шарттарды салыстыру, рекурсивті ойлау, ақпаратты құрылымдау және қателерді талдау. Осы процестердің барлығы ми қыртысының орындаушы функцияларына – жұмыс жадысына, когнитивті икемділікке, тежелу бақылауына – тікелей байланысты. Нейродидактикалық модель аясында бағдарламалау тапсырмаларына нейрокогнитивтік белсендірушілер (интервалды қайталау, сенсорлық кодтау, визуалды схемалар), алгоритмдік ойлауға арналған нейро-коммуникативтік әдістер (кодты дыбыстық-вербалды репрезентациялау, когнитивтік карталар) және деректерді өңдеу барысында процедуралық жадты іске қосатын операциялық стратегиялар интеграцияланды. Бұл информатикаға тән дағдыларды тек теориялық емес, нейробиологиялық механизмдерге сәйкестіре оқытуға мүмкіндік береді. Сондықтан ұсынылған модель информатика пәнінің когнитивтік құрылымына толық бейімделіп, бағдарламалау мен алгоритмдеудің табиғи нейропроцестермен өзара байланысын көрсететін алғашқы жүйеленген тәсілдердің бірі болып табылады.

Кесте – 3. Инклюзивті білім беру ортасында информатиканы оқытудың нейроғылыми теориялары мен арнайы дидактикалық тәсілдері


Нейроғылым теориясы	Сипаттама	Информатиканы оқытудағы дидактикалық импликациялар
Үштік ми принципі (Triune Brain) MacLean P.D. (1990), Herrmann N. (1991) [6]	Мидың эволюциялық құрылымы: бауырымен жорғалаушылар миы (күнделікті, автоматизм), лимбиялық жүйе (эмоциялар), неокортекс (рационалды ойлау). Herrmann N. миды төрт квадрантқа бөледі: A-логика; B-құрылым; C-эмоциялар; D-шығармашылық.	Информатиканы оқытуда мидың барлық аймақтарын, соның ішінде эмоционалды тарту мен логикалық тапсырмаларды тарту маңызды. Құрылымдық, бірақ қызықты тапсырмалар жасау ұсынылады, оларды нақты мәселелермен және оқушылардың жеке мүдделерімен байланыстырады. Бұл әсіресе арнайы инклюзивті білім алушылармен жұмыс істеу кезінде өте маңызды.

Хеллер жарты шарларының гипер-мамандануы (2006) [7]	Сол жақ жарты шар-логика, тіл, математика; оң жақ-бейнелер, кеңістіктік ойлау, түйсігі.	Информатиканы оқыту кезінде ауызша-логикалық және визуалды-кеңістіктік тәсілдерді теңестіру қажет. Мысалы, кодтауды (сол жағы) блок-схемалармен, визуализациялармен және интерактивті модульдермен (оң жағы) біріктіруге болады. Бұл әртүрлі танымдық стильдері бар білім алушылардың материалды игеруін жеңілдетеді.
Бірнеше интеллект теориясы Гарднер (1997) [8]	Әр бір адамда интеллекттің әртүрлі түрлері бар: логикалық-математикалық, визуалды-кеңістіктік, дене-кинестетикалық, музыкалық, тұлғааралық және т. б.	Инклюзивті ортада интеллектуалды профильдердің әртүрлілігін тану және пайдалану маңызды. Мысалы, кейбір білім алушылар алгоритмдерді визуализация арқылы, ал басқалары практикалық орындау арқылы жақсы түсінеді. Бұл тапсырмаларды саралауға және оқуды жекелендіруге мүмкіндік береді.

3-ші-Кестеде инклюзивті ортада информатиканы оқытудың нейродидактикалық әдіснамалық моделінің динамикалық эталоны ретінде әрекет ететін төрт стратегия сипатталған. Осы стратегиялардың әрқайсысы (2-сурет) нейродидактиканың негізінде жатқан нейрокогнитивтік принциптерді және тиісінше осы модельдің стратегиялық іс-қимылдарын ескере отырып, информатика саласындағы когнитивтік және практикалық дағдыларды дамытуға ықпал ететін әдістер мен тәсілдерді қамтиды.

Ұсынылған төрт стратегияның басты айырмашылығы - олардың иерархиялық және деректерге негізделген өзара байланысында. Диагностикалық кезеңде алынған нейрокогнитивтік деректер кейінгі үш стратегияның мазмұнын, қарқынын және күрделілік деңгейін анықтайды. Осылайша, модель статикалық тәсілдердің жиынтығы емес, бейімделетін әдіснамалық механизм ретінде жұмыс істейді. Мұндай деректерге тәуелді циклдік құрылым нейродидактика бойынша қолданыстағы модельдерде жүйелі түрде сипатталмаған.

Нейрокогнитивтік принциптер - қабылдау, зейін, есте сақтау, кеңістіктік және алгоритмдік ойлау сияқты танымдық процестердің нейрондық негізін түсіндіретін ғылыми қағидалар [8].



Сурет 2. – Инклюзивті білім беру контекстінде нейродидактикалық модельдің құрылымдық-логикалық визуализациясы

Нейрограф — модельдің компоненттері мен олардың функционалдық байланыстарын мидың ақпарат өңдеу процестерімен сәйкестендіріп визуалды түрде көрсететін графикалық схема [9].

Информатиканы оқыту контекстінде нейродидактика студенттердің қабылдау, зейін, есте сақтау және мотивация ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді, бұл әсіресе білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайында маңызды.

Бұл процестердің әрқайсысы нейропластикалық өзгерістермен байланысты, яғни жаңа дағдылар қалыптасқан сайын нейрондық жолдар күшейеді немесе қайта құрылады.

Кесте 4-те информатиканы оқытуда қолданылатын нейродидактикалық стратегиялардың негізгі модальділігі келтірілген.

Кесте – 4. Информатиканы оқытудағы нейродидактикалық стратегиялардың модальділігі

Модальділік	**Анықтама**
Диагностикалық стратегиялар [9]	Диагностикалық стратегиялар студенттің танымдық профилін анықтауға мүмкіндік береді, бұл жекелендірілген оқыту үшін негізгі шарт болып табылады. Негізгі когнитивті және цифрлық дағдылар контекстінде студенттердің күшті және әлсіз жақтарын анықтауға бағытталған нейрокогнитивті әдістер мен тесттер жиынтығын, сондай-ақ есте сақтау күйімен анықталатын оқу қабілеттерін қамтиды. Олардың ішінде: зейін мен есте сақтау сынақтары, визуалды-кеңістіктік тапсырмалар, цифрлық сауаттылықты диагностикалау, алгоритмдік есептерді шешуді бақылау, сондай-ақ оқытушылардан кері байланыспен әдістемелік бақылау жатады.
Әлеуметтік эмоционалды стратегиялар [10]	Әлеуметтік-эмоционалды стратегиялар эмоциялық реттелу мен мотивацияны күшейтіп, «эмоционалды шұңқыр» әсерін оңтайландырады. Оқытудың бұл аспектісі ақпараттың есте сақталу деңгейін тікелей арттырады. Демотивацияны, мазасыздықты және стрессті, әсіресе инклюзивті ортада азайту арқылы өзара әрекеттесуге, есте сақтауға және оқуға ықпал ететін орнату және функционалдық механизмдер. Оларға: эмпатикалық оқыту, рефлексия, кері байланыс, релаксация әдістері, суггестопедия, дене байланысы, жеке тәлімгерлік жатады.
Нейро коммуникативті стратегиялар [11]	Нейро коммуникативті стратегиялар ақпаратты кодтау, интервалды қайталау, сенсорлық ұйымдастырушылар арқылы жүретін нейрондық белсендіру жолдарына негізделеді. Бұл тәсілдер кодты, алгоритмді немесе бағдарламалық құрылымды жүйелі түрде есте сақтауға көмектеседі. Информатиканы меңгеру үшін қажетті негізгі когнитивті дағдыларды дамытуды ынталандыратын әдістерді, соның ішінде алгоритмдік және логикалық ойлауды санадан тыс меңгеруді, цифрлық еркін сөйлеуді қамтиды. Олардың ішінде: «аудио кодтау» әдісі, интервалды қайталау техникасы, сенсорлық ұйымдастырушылар, эвристикалық сұрақтармен бағдарламалау, кодты визуализациялау жатады.
Операциялық стратегиялар [12]	Операциялық стратегиялар — мидың моторлы, сенсорлы және логикалық өңдеу орталықтарын белсендіретін қадамдық әрекеттерге негізделген. Бұл әсіресе бағдарламалау тілдерін меңгеруде маңызды. Оларға алгоритмдік, логикалық және техникалық операциялардың дәлдігін автоматтандыруға және пысықтауға бағытталған процедуралар жатады. Информатика ұғымдары мен процедураларын игерудің тиімділігін арттыру көзделеді. Операциялық стратегияларға сенсоримоторлы тәжірибе әдістері, есту мнемотехникасы, есептерді шешуге жоғары көзқарас (bottom-up), тактильді кодтау, символдық ұқсастықтар және қадамдық оқыту кіреді.

Біздің зерттеуіміз бойынша, ұсынылған модель ақпараттық технологиялар аясындағы пәндерді оқытуда қолданылатын дәстүрлі тәсілдерді толықтыратын және нейробиологиялық принциптерге бағытталған информатика педагогтерін дайындаудағы алғашқы тұтас дидактикалық ұсыныстардың бірі болып табылады.

Модельдің нейробиологиялық бағыты оның артықшылығы болып табылады, себебі ол оқыту үдерісін ми қызметінің табиғи механизмдерімен үйлестіреді.

Нейродидактикалық стратегияларды енгізу арқылы инклюзивті білім беру жағдайында информатиканы оқыту кезінде бастапқы деңгейдегі студенттердің негізгі когнитивті және коммуникативтік дағдыларын тиімді қалыптастыруға бағытталған нейродидактикалық әдістеме әзірленді және ұсынылды, бұл оқыту сапасын жақсартуға, сондай-ақ оқу материалын игеру процесінде дәлдік пен когнитивті икемділікті дамытуға ықпал етеді [13].

Когнитивті икемділік - жаңа ақпаратты түсіну, бейімделу және қайта құрылымдау қабілеті, ол нейродидактикалық тәсіл арқылы айтарлықтай күшейеді.

Талдау барысында информатиканы оқытуға арналған нейродидактикалық компоненттердің жүйеленген авторлық моделі ұсынылды. Бұған дейінгі зерттеулерде бар тәсілдер (когнитивтік, эмоционалдық, коммуникативтік стратегиялар) дара сипатталған болса, біздің моделіміз оларды пәннің ішкі қатетерімен — алгоритмдік ойлау, кодты қабылдау, кеңістіктік логикалық операциялар — біріктіруімен ерекшеленеді [14]. Бұл интеграция авторлық жаңалық болып табылады және информатика педагогтеріне арналған нақты қолданбалы құрылым ұсынады.

Талдау нәтижелері информатикадағы нейродидактикалық әдістерді жүйелеу арқылы инклюзивті аудиторияда қолдануға болатын нақты стратегиялық бағыттарды айқындауға мүмкіндік берді, бұл жұмыстың қолданбалы құндылығын арттырды.

Қорытынды

Алынған сипаттамалық статистика нәтижелері нейродидактикалық модель элементтерін қолдану кезеңінен кейін студенттердің алгоритмдік ойлау, бағдарламалау құрылымдарын қабылдау және оқу мотивациясы көрсеткіштерінде оң динамика бар екенін көрсетеді. Дегенмен зерттеу пилоттық сипатта болғандықтан, бұл өзгерістерді себеп-салдарлық байланыс ретінде интерпретациялауға болмайды. Нәтижелер ұсынылған модельдің инклюзивті білім беру жағдайында қолданылу мүмкіндігін және оны кеңейтілген эксперименттік зерттеулерде тексерудің мақсатқа сай екенін көрсетеді.

Қорытындылай келе, нейродидактикалық модель жобасы төрт стратегияға негізделген әдіснамалық құрылымды құруға бағытталған, оны қолдану студенттердің нейропсихологиялық аспектілері мен жеке танымдық ерекшеліктерін ескереді. Нейропсихологиялық аспектілер – зейін, есте

сақтау, қабылдау, эмоциялық реттелу және когнитивтік өңдеу сияқты оқу тиімділігін анықтайтын ми функцияларының ерекшеліктері.

Бірінші стратегия студенттердің когнитивті диагностикасы болып табылады, содан кейін келесі үш стратегияға негізделген нейродидактикалық әрекеттер жүзеге асырылады. Когнитивті диагностика студенттің танымдық профилін (зейін деңгейі, есте сақтау көлемі, алгоритмдік ойлауы, қабылдау стилі) анықтауға мүмкіндік береді және жекелендірілген оқытудың негізін қалайды.

Мұндай құрылым нейроғылым элементтерін информатикадағы оқу процесінің негізіне біріктіре отырып, студенттерді тиімді оқытуды толықтай қамтамасыз етеді. Бұл интеграция нейропластикалық процестердің табиғи жүруін қолдайды, яғни жаңа білімді меңгеру барысында нейрондық байланыстардың күшеюіне ықпал етеді.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері болашақ информатика педагогтерін дайындауда нейродидактикалық тәсілдің маңыздылығын анықтайды. Нейродидактикалық тәсіл педагогтің «нейроқұзыреттілігін» арттырады — яғни оқыту үдерісін мидың жұмыс принциптеріне сәйкестендіру қабілетін қалыптастырады.

Заманауи педагогикалық практикада нейроқұзыреттіліктерді дамыту – болашақ педагогтердің кәсіби табысы мен инклюзивті білім берудің тиімді кепілі болып табылады. Нейроқұзыреттіліктер эмоционалды климатты басқару, когнитивті белсендіруді жоспарлау, оқытудағы нейро-коммуникативті стратегияларды қолдану, ақпаратты мағыналы кодтау және оқытуды нейробиологиялық заңдылықтарға бейімдеу сияқты дағдыларды қамтиды.

Зерттеу нәтижесінде информатика пәнінің ерекшеліктеріне бейімделген жаңа нейродидактикалық модель әзірленді. Оның түпнұсқалығы -нейропсихологиялық механизмдерді, алгоритмдік ойлауды және цифрлық құралдармен әрекеттесуді біріктірген пәндік-интегративті құрылымда. Бұған дейінгі еңбектерде мұндай кешенді тәсіл ұсынылмаған. Осылайша, бұл модель информатика педагогтерін даярлау саласындағы жаңа ғылыми бағыт қалыптастырады және болашақ эмпирикалық зерттеулер үшін авторлық негіз болып табылады.

Жүргізілген талдау нәтижесінде информатика педагогтеріне арналған нейродидактикалық тәсілдің құрылымдық моделі нақтыланып, оның инклюзивті ортада қолдануға лайықталған практикалық элементтері ұсынылды. Бұл мақалада алынған нәтижелер болашақ эмпирикалық зерттеулер үшін әдіснамалық негіз бола алады.

Ұсынылған модельдің ғылыми жаңалығы - нейропсихологиялық механизмдер мен информатика пәнінің алгоритмдік табиғатын біртұтас педагогикалық жүйеге біріктіруінде. Бұл интеграция шетелдік немесе отандық әдебиеттерде кездеспейтін жаңа авторлық үлес болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Willis J. The current impact of neuroscience on teaching and learning // Mind, brain and education: Neuroscience implications for the classroom. – 2010. – P. 45 – 68.

[2] Anderson, M.L. After phrenology: Neural reuse and the interactive brain // MIT Press, – 2021.

[3] Gonzales Lopes Viera, N. Formação Docentes e os Desafios da Diversidade na Prática Pedagogica. – 2020.

[4] Rukminingsih, R. Portrait of Indonesian and Pakistan EFL Students' Engagement in Online Classroom Based on Neuroscience Approach // Journal of Languages and Language Teaching, – 2024. – 12 (1). – P. 21 – 38.

[5] Marisol, E.C. Didactic trends and perceived teachers' training needs in higher education: A case study // International Journal of Cognitive Research in Science, Engineering and Education. – 2019. – Vol. 7. – № 3. – P. 71 – 85.

[6] MacLean, P.D. The triune brain in evolution: Role in paleocerebral functions // Springer Science & Business Media, – 1990.

[7] Barbosa, E.Y. A neurodidactic model for teaching elementary EFL students in a college context // English Language Teaching. – 2021. – Vol. 14. – № 3. – P. 42 – 58.

[8] Davis, K. The theory of multiple intelligences // The theory of multiple intelligences. In RJ Sternberg & SB Kaufman (Eds.), Cambridge Handbook of Intelligence. – 2011. – P. 485 – 503.

[9] Cubillos, C. Digital cognitive assessment tests for older adults: systematic literature review // JMIR mental health. – 2023. – Vol. 10. – № 1. – P. e47487.

[10] Sridevi, R., Ashokkumar, P., Sathish, V. Empowering Minds: Cognitive Learning Strategies for Higher Education Success // Implementing Interactive Learning Strategies in Higher Education. – IGI Global, 2024. – P. 123 – 150.

[11] Goot, D.K. Exploring Human Adaptations in M-RTC (Music Real-Time Communications): A Qualitative Study // Indiana University Indianapolis, – 2024.

[12] Yetunde, T.F. Taking First Year College Students' Programming Skills from the Visual to the Procedural // University of Pretoria (South Africa), – 2018.

[13] Молдаханова М.М., Кариев А.Д., Лекерова Г.Ж., Жунусбекова А. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды университет жағдайына бейімдеудің кешенді тәсілі: бірінші курс студенттерінің сауалнамасына негізіделген сипаттамалық зерттеу // «Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы», «Педагогика ғылымдары» сериясы. - 2024. - No 3 (74) – Б. 234 – 250.

[14] Parmankulova P., Zholdasbekova S., Akhmetova E. Diagnosing the readiness level of future educators For inclusive teaching // «BULLETIN of Ablai khan KazUIRandWL», Series "Pedagogical Sciences" - 2024. - No 4 (75) – P. 129 – 143.

REFERENCES

[1] Willis J. The current impact of neuroscience on teaching and learning // Mind, brain and education: Neuroscience implications for the classroom. – 2010. – P. 45 – 68.

[2] Anderson, M.L. After phrenology: Neural reuse and the interactive brain // MIT Press, – 2021.

[3] Gonzales Lopes Viera, N. Formação Docentes e os Desafios da Diversidade na Prática Pedagogica. – 2020.

[4] Rukminingsih, R. Portrait of Indonesian and Pakistan EFL Students' Engagement in Online Classroom Based on Neuroscience Approach // Journal of Languages and Language Teaching, – 2024. – 12 (1). – P. 21 – 38.

[5] Marisol, E.C. Didactic trends and perceived teachers' training needs in higher education: A case study // International Journal of Cognitive Research in Science, Engineering and Education. – 2019. – Vol. 7. – № 3. – P. 71 – 85.

[6] MacLean, P.D. The triune brain in evolution: Role in paleocerebral functions // Springer Science & Business Media, – 1990.

[7] Barbosa, E.Y. A neurodidactic model for teaching elementary EFL students in a college context // English Language Teaching. – 2021. – Vol. 14. – № 3. – P. 42 – 58.

[8] Davis, K. The theory of multiple intelligences // The theory of multiple intelligences. In RJ Sternberg & SB Kaufman (Eds.), Cambridge Handbook of Intelligence. – 2011. – P. 485 – 503.

[9] Cubillos, C. Digital cognitive assessment tests for older adults: systematic literature review // JMIR mental health. – 2023. – Vol. 10. – № 1. – P. e47487.

[10] Sridevi, R., Ashokkumar, P., Sathish, V. Empowering Minds: Cognitive Learning Strategies for Higher Education Success // Implementing Interactive Learning Strategies in Higher Education. – IGI Global, 2024. – P. 123 – 150.

[11] Goot, D.K. Exploring Human Adaptations in M-RTC (Music Real-Time Communications): A Qualitative Study // Indiana University Indianapolis, – 2024.

[12] Yetunde, T.F. Taking First Year College Students' Programming Skills from the Visual to the Procedural // University of Pretoria (South Africa), – 2018.

[13] Moldaxanova M.M., Kariev A.D., Lekerova G.Zh., Zhunusbekova A. Erekshe bilim beru kazhettilikteri bar bilim alushy`lardy` universitet zhagdajy`na bejimdeudin keshendi tasili: birinshi kurs studentterinin saualnamasy`na negizidelgen sipattamaly`k zertteu (An integrated approach to the adaptation of students with special educational needs to the conditions of the University: a descriptive study based on a survey of first-year students) // Bulletin of Abai KazNPU. series of Pedagogical Sciences. - 2024. - No 3 (74) – Б. 234 – 250. [in Kaz].

[14] Parmankulova P., Zholdasbekova S., Akhmetova E. Diagnosing the readiness level of future educators For inclusive teaching // Bulletin of Abai KazNPU. series of Pedagogical Sciences. - 2024. - No 4 (75) – P. 129 – 143.

РАЗРАБОТКА НЕЙРОДИДАКТИЧЕСКОЙ МОДЕЛИ ОБУЧЕНИЯ ИНФОРМАТИКЕ В УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Мубараков А.М.[1], *Плалов Н.Т.[2]
[1,*2] Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Аннотация. Нейродидактика составляет прочную основу для подготовки будущих педагогов информатики, способных эффективно работать в инклюзивной образовательной среде с учетом как нейропсихологических аспектов обучения, так и индивидуальных особенностей учащихся. В статье рассматривается возможность разработки нейродидактического подхода к обучению информатике в условиях инклюзивного образования в направлении формирования инновационной образовательной практики и на основе анализа актуальных теорий обучения. Эта модель основана на сочетании нейробиологических, педагогических и когнитивных теорий с упором на адаптацию содержания, целей, принципов и этапов обучения к различным образовательным потребностям. Особое внимание в статье уделяется дидактическим импликациям, представленным в стратегическом и процедурном аспектах, направленным на создание методов и технологий, способствующих эффективному обучению информатике. Эти подходы были ориентированы на индивидуальные и коллективные особенности обучающихся с различными образовательными возможностями, обеспечивая гибкость, доступность и нейропсихологическую обоснованность учебного процесса в инклюзивной среде. Модель, подготовленная авторами исследования, является одним из первых целостных дидактических предложений в подготовке педагогов информатики, дополняющих традиционные подходы, применяемые при изучении дисциплин в рамках информационных технологий, и ориентированных на нейробиологические принципы.

Ключевые слова: нейродидактика, инклюзивное образование, нейродидактическая модель, диагностические стратегии, социально-эмоциональные стратегии, нейрокоммуникативные стратегии, операционные стратегии, подготовка педагогов информатики

DEVELOPMENT OF A NEURODIDACTIC MODEL FOR TEACHING COMPUTER SCIENCE IN THE CONTEXT OF INCLUSIVE EDUCATION

Mubarakov A.M.[1], * Plalov N.T. [2]
[1,*2]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Abstract. Neurodidactics forms a solid foundation for the training of future computer science teachers who can effectively work in an inclusive educational environment, taking into account both the neuropsychological aspects of learning and the individual characteristics of students. The article discusses the possibility

of developing a neurodidactic approach aimed at teaching computer science in the context of inclusive education in the direction of the formation of innovative educational practices and based on the analysis of current learning theories. This model is based on the integration of neuroscientific, pedagogical and cognitive theories, with an emphasis on adapting the content, objectives, principles and stages of learning to different educational needs. The article pays special attention to the didactic implications presented in strategic and procedural aspects aimed at creating methods and technologies that contribute to the effective teaching of Computer Science. These approaches were aimed at the individual and collective characteristics of students with different educational opportunities, ensuring flexibility, accessibility and neuropsychological validity of the educational process in an inclusive environment. The model prepared by the authors in the course of the study is one of the first holistic didactic proposals in the training of computer science teachers, complementing the traditional approaches used in teaching disciplines in the field of Information Technology and focused on neurobiological principles.

Keywords: neurodidactics, inclusive education, neurodidactic model, diagnostic strategies, socio-emotional strategies, neuro-communicative strategies, operational strategies, computer science teacher education

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 04.02.2026.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 26.06.2026.

Авторлар туралы мәлімет:

Мубараков Акан Мукашевич – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, e-mail: akan-m@mail.ru, https://orcid.org/0000-0001-8009-282X

Плалов Нурхат Турсынбекович – докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, e-mail: nurkhat90@mail.ru, https://orcid.org/0009-0005-7476-899X

Информация об авторах:

Мубараков Акан Мукашевич – доктор педагогических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, e-mail: akan-m@mail.ru, https://orcid.org/0000-0001-8009-282X

Плалов Нурхат Турсынбекович – докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, e-mail: nurkhat90@mail.ru, https://orcid.org/0009-0005-7476-899X

Information about authors:

Mubarakov Akan Mukashevich – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, e-mail: akan-m@mail.ru, https://orcid.org/0000-0001-8009-282X

Plalov Nurkhat Tursynbekovich – Doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, e-mail: nurkhat90@mail.ru, https://orcid.org/0009-0005-7476-899X

ӘОЖ 372.881.111.1
ҒТАМР 14.25.09
https://doi.org/10.48371/PEDS.2026.82.3.025

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҒЫЛШЫН ТІЛІ БОЙЫНША ЕМТИХАНҒА ДАЙЫНДАУДАҒЫ ТӘЖІРИБЕ

*Ахметова Г.С.[1], Рыспаева Д.С.[2], Шакабаева В.Б.[3]
*[1,3]Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан
[2]Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан

Аңдатпа. Қазақстанда ағылшын тілін оқытуға деген қызығушылықтың артуы оны халықаралық мүмкіндіктерді кеңейтудің маңызды құралына айналдырды. Осыған байланысты оқушылардың рецептивті және продуктивті дағдыларын дамытуға бағытталған IELTS (Ағылшын тілі деңгейін халықаралық бағалау жүйесі) бойынша элективті курсты енгізу мектеп бағдарламасында өзекті мәселеге айналып отыр. IELTS академиялық ағылшын тілін меңгеру деңгейін бағалайды және шетелдік жоғары оқу орындарына түсу мен халықаралық бағдарламаларға қатысу кезінде кеңінен талап етіледі. Мектептегі IELTS-қа дайындық оқушыларға тілдік дағдыларды жүйелі түрде дамытуға, емтихан стратегияларын меңгеруге және тестілеуге байланысты қобалжуды төмендетуге мүмкіндік береді. Мақалада мектеп түлектерінің ағылшын тілін меңгеру деңгейін арттыруға бағытталған элективті курс арқылы оқушыларды IELTS емтиханына дайындаудың артықшылықтары мен қиындықтары қарастырылады. Зерттеуде сандық әдістер қолданылып, авторлық «IELTS-қа қажетті дағдыларды дамыту» бағдарламасын жүзеге асыру барысында сауалнама мен педагогикалық бақылау жүргізілді. Зерттеуге Астана қаласындағы мектеп-лицейлердің бірінде білім алатын, ағылшын тілін меңгеру деңгейлері әртүрлі 76 оқушы қатысты. Зерттеу нәтижелері мектеп бағдарламасы аясындағы жүйелі дайындықтың продуктивті және рецептивті дағдылардың айтарлықтай дамуына және оқушылардың оқу мотивациясының артуына оң ықпалын көрсетті. Продуктивті тілдік дағдыларды дамытудағы қиындықтарға, оқу уақытының шектеулілігіне және психологиялық қысымға қарамастан, оқушылар жоғары қызығушылық пен табандылық танытты. Зерттеудің практикалық маңыздылығы мектеп тәжірибесінде IELTS-қа дайындықты тиімді ұйымдастырудың мүмкіндіктерін айқындауымен ерекшеленеді. Бағдарлама тыңдалым, оқылым, жазылым және айтылым дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Тұрақты тәжірибе, жеке кері байланыс және құрылымдалған оқыту оқушылардың ойды жүйелі жеткізуіне, еркін сөйлеуіне, сөздік қорының кеңеюіне және айтылымының жақсаруына

оң әсер етті. Осылайша, әдістемелік тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылып, психологиялық қолдау көрсетілген жағдайда, осындай элективті курс Қазақстан мектептеріндегі тілдік білім берудің тиімді құрамдас бөлігіне айналып, оқушыларды халықаралық емтихандарға тиімді дайындауға ықпал ете алады.

Тірек сөздер: халықаралық емтихан, түлектер, продуктивті дағдылар, перцептивті дағдылары, жетілдіру, қиындықтар, артықшылықтар, оқу бағдарламасы

Кіріспе

Жаһандық шекаралардың кеңеюі Қазақстандық түлектердің шетелде білім алу мүмкіндіктерін кеңейтті. Шетел тілдерін меңгеру халықаралық білім алуға қол жеткізудің негізгі талаптарына жататындықтан, соңғы жылдары көптеген мектеп түлектерінің халықаралық ағылшын тілі тестілеу жүйесі (IELTS) емтиханын тапсыруға дайындалып жүргені белгілі. Шетелде жоғары білім алып, халықаралық бағдарламаларға қатысуға мүдделі Қазақстандық білім алушылар IELTS емтиханында жоғары ұпай жинауды мақсат етеді.

IELTS емтиханы әртүрлі шәкіртақылар мен бағдарламаларға қатысу үшін тілдік біліктілікті өлшеудің стандартты құралы болып саналады. Бұл емтихан білім алушылыр мен түлектердің академиялық ағылшын тілін меңгеру деңгейін бағалауға арналған, сондықтан оны ағылшын тілінде білім беретін университеттерге оқуға қабылдау үшін жиі талап етеді.

Қазіргі кезде көптеген қазақстандық ұлттық, аймақтық және жекеменшік университеттер де IELTS сертификатын түлектерді оқуға қабылдауда талап етуде. Бұл үрдіс отандық жоғары білім беру стандарттарын халықаралық деңгейдегі талаптармен үйлестіруге бағытталған. Соның нәтижесінде, шетелде білім алуды көздейтін түлектермен қатар Қазақстанда білімін жалғастыруды жоспарлап отырған білім алушылар арасында да IELTS дайындығына сұраныс айтарлықтай өсті. Мектептерде IELTS-қа негізделген шетел тілін оқытуды енгізу арқылы оқушыларды ұлттық және халықаралық контексте бәсекеге қабілетті болуға қажетті академиялық тілдік дағдылармен қамтамасыз ету көзделуде [1].

H. A. Noor IELTS емтиханы барысында, яғни ағылшын тілін меңгеру деңгейін бағалауда төрт дағдының, яғни тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылымның маңызы зор дейді [2]. R. L. S. Narayanan мен P. Mathew IELTS емтиханы әлемдік университеттерге түсуге өтініш білдіретін студенттер ең жиі тапсыратын емтихандардың бірі деп есептейді [3]. Ал M. Shobeiry пікірінше, IELTS ағылшын тілі деңгейін бағалаудың ең сенімді, әрі стандартталған түрлерінің бірі, сондай-ақ бұл емтиханның нәтижелерін әлемдегі білім беру мекемелерінің басым көпшілігі мойындап, талап етеді

[4]. Сондықтан жалпы орта білім беру жүйесіне IELTS-қа дайындықты енгізу қазақстандық оқушылар үшін айтарлықтай артықшылықтар бере алады. Біріншіден, бұл оқушыларға ерте кезеңнен бастап негізгі тілдік дағдыларды жүйелі түрде қалыптастыруға және емтиханды сәтті тапсыру үшін қажетті тестілеу стратегияларын меңгеруге мүмкіндік береді. Мұндай ықпалдастыру оқушылардың сабақтан тыс уақытта өз бетінше, соңғы сәтте дайындалудан туындайтын күйзелісті азайтып, қолайлы оқу ортасын қамтамасыз етеді. Екіншіден, оқу бағдарламасына негізделген тәсіл мұғалімдерге IELTS емтиханында бағаланатын барлық төрт тілдік дағдыға, яғни тыңдалым, оқылым, жазылым және айтылымға бірдей көңіл бөлуге мүмкіндік беріп, академиялық және кісіби-бағытталған ағылшын тілін меңгеруге көмектеседі. Алайда Қазақстандағы мектеп оқу бағдарламасына IELTS-қа дайындықты енгізуде бірқатар қиындықтар да туындауы мүмкін. Бұл мақалада IELTS-қа дайындықты қазақстандық мектеп бағдарламасына таңдау компоненті ретінде енгізудің артықшылықтары мен қиындықтары қарастырылады. Зерттеу мұндай ықпалдастырудың оқушылардың ағылшын тілі деңгейін арттыруға және олардың жаһандық академиялық әрі кәсіби мүмкіндіктерге дайындығын күшейтуге ықпалын талдай отырып, сонымен қатар қазақстандық білім беру жүйесіне тән практикалық және педагогикалық қиындықтарды ескеруге мүмкіндік береді. Осы факторларды талдау арқылы мақала IELTS-қа дайындықты Қазақстанның білім беру кеңістігіне тиімді енгізу жолдары жөнінде ғылыми негізделген тұжырымдар ұсынуды мақсат етеді.

Материалдар мен әдістер

Аталмыш мақалада сандық зерттеу әдісі (сауалнама) және педагогикалық бақылау әдісі қолданылады. Сауалнаманың негізгі мақсаты Астана қаласының мектеп-лицейінің бірінде оқитын оқушылардың IELTS-қа дайындықты мектеп бағдарламасына элективті курс ретінде енгізуге қатысты көзқарастарын анықтау болып табылады. Арнайы әзірленген құрылымдалған сауалнама жетпіс алты жоғары сынып оқушысына таратылды. Сауалнама IELTS-қа бағытталған тілдік оқыту бойынша оқушылардың тәжірибесін, артықшылықтары мен қиындықтарын және олардың жалпы дайындық деңгейін анықтауға арналған көп жауабы бар сұрақтарды қамтиды. Зерттеу материалы ретінде автор әзірлеген, тілдік бағыттағы 10–11 сынып оқушыларына арналған «IELTS-ке дайындық дағдыларын дамыту» атты авторлық бағдарлама пайдаланылды. Аталған авторлық бағдарлама оқу үдерісінде апробациядан өтті. IELTS-қа бағытталған оқыту жүргізіліп жатқан таңдаулы сыныптарда сабақ педагогикалық бақылау жүзеге асырылады. Бұл әдіс оқыту тәжірибесін, оқушылардың белсенділігін, сондай-ақ мұғалімдердің тестке бағытталған

тапсырмаларды жалпы тілдік оқыту мақсаттарымен үйлестіру барысында кездесетін қиындықтарды тіркеуге мүмкіндік береді. Дайындық барысында British Council, IDP: IELTS Australia, Cambridge University Press & Assessment және басқа да ресми дереккөздердің тілдік оқу материалдары пайдаланылды. Сабақтарды бақылау кезінде IELTS-қа дайындыққа байланысты оқыту әдістерін, оқушылар арасындағы өзара әрекеттестікті және сыныптағы оқу үдерісінің ерекшеліктерін жүйелі түрде тіркеу үшін құрылымдалған бақылау парағы (checklist) қолданылды. Осы әдістер мен материалдарды қолдану арқылы зерттеу Қазақстанның мектептік оқу бағдарламасына IELTS-қа дайындықты енгізу мүмкіндіктерін жан-жақты қарастырып, нақты білім беру жағдайындағы оның артықшылықтары мен қиындықтарын айқындауды мақсат етеді. Кіріс тесттің қорытындысы бойынша зерттеуге қатысқан сыныптар әрдеңгейлі болғаны анықталды. Оқушылардың басым бөлігі (46 оқушы) ағылышын тілі деңгейі – «Intermediate», 17 оқушының ағылшын тілі деңгейі – «Upper-intermediate», 13 оқушының ағылшын тілі деңгейі – «Pre-intermediate».

Нәтижелер

Авторлық бағдарламаны енгізу және IELTS-қа бағытталған оқу материалдарын ықпалдастыру алдында білім алушылардың ағылшын тілі деңгейін анықтау мақсатында тілдік құзыреттілікті анықтайтын тест өткізілді. Аталған тест әрбір білім алушының бастапқы деңгейін анықтауға және оқушылардың ілгерілеуін объективті түрде өлшеуге мүмкіндік береді. Оқушылардың тілдік деңгейін білу мұғалімдерге тапсырмаларды білім алушылардың қабілеттеріне қарай саралап ұсынуға көмектесіп, оқу үдерісінің тиімділігін арттырады. Білім алушылардың тілдік деңгейі туралы ақпарат топтың ерекшеліктеріне сәйкес SMART мақсаттар мен аралық көрсеткіштерді белгілеуге негіз болады. Сонымен қатар, оқушылардың бастапқы тест нәтижелерінен хабардар болуы олардың өз деңгейін жақсартуға деген уәжін арттырып, жеке даму динамикасын нақты бақылауына мүмкіндік береді.


Сауалнаманың бірінші сұрағы «Сіз болашақта IELTS емтиханын тапсыруды жоспарлайсыз ба?» деген сұраққа респонденттердің басым бөлігі (71%) болашақта IELTS емтиханын тапсыруды жоспарлап отыр, бұл ағылшын тілін меңгеру деңгейін ресми түрде растауға деген жоғары қызығушылықты көрсетеді. Респонденттердің аз үлесі (9 %) бұл емтиханды тапсыруды жоспарламаған, бұл кейбір білім алушылардың өзге мақсаттары бар екенін немесе IELTS-қа деген шұғыл қажеттіліктің жоқтығының белгісі. Оқушылардың 20 % нақты шешім қабылдамаған, бұл дайындықтың күрделілігі, қаржылық шектеулер немесе болашақтағы академиялық және кәсіби жоспарларға қатысты белгісіздік сияқты факторлармен байланысты

болуы мүмкін. Талдау нәтижелері респонденттердің үштен екі бөлігі IELTS емтиханын тапсыруға бейім екенін айқын көрсетеді. Дегенмен, екіұшты және теріс жауаптардың болуы оқушыларға қосымша қолдау көрсету, кеңес беру немесе уәждемелік стратегияларды күшейту арқылы олардың IELTS-қа қатысты шешім қабылдауына ықпал ету қажеттігін білдіреді.

Сауалнаманың екінші сұрағы «IELTS емтиханының қай бөлімі ең күрделі деп ойлайсыз?» деген сұраққа жауап бергендердің (40,8 %) жазылым ең күрделі бөлім деп анықтаған. Жазылым тапсырмаларындағы қиындықтар ойды жүйелі ұйымдастырудың күрделілігі, грамматиканы дәл қолдану, сондай-ақ тиісті сөздік қор мен стильді дұрыс пайдалану сияқты факторларға байланысты, яғни бұл жоғары деңгейдегі когнитивтік күш пен тілдік бақылауды талап етеді. Екінші ең күрделі дағды айтылым болып табылады (27,6 %). Айтылым барысында ақпаратты жедел өңдеу, сөйлеу еркіндігі, сөзді дұрыс дыбыстау және өзіне сенімділік, әсіресе интерактивті жағдайда, маңызды рөл атқарады. Оқушылар бұл дағдыны мазасыздық, тәжірибенің жеткіліксіздігі немесе қате жіберуден қорқу себептеріне байланысты қиын деп қабылдауы мүмкін. Алайда, оқушылар оқылым дағдысын тым күрделі дағдыға жатқызбайды (18,4 %). Оқушылар кейбір бейтаныс сөздерге немесе күрделі мәтіндерге тап болуы мүмкін болғанымен, бұл бөлім көбіне жеңілдеу деп саналады, себебі білім алушылар мәтінді өз қарқынымен оқи алады. Оқушылар тыңдалым дағдысын (13,2 %) ең жеңіл дағды ретінде бағалаған. Бұл көптеген оқушылардың тыңдалым дағдысын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жиі дамытып, перцептивті дағдыларды продуктивті дағдыларға қарағанда жеңілрек дамытады деген болжам бар. Демек, зерттеу нәтижелерінің талдауы білім алушылардың перцептивті дағдыларға (оқылым мен тыңдалым) қарағанда продуктивті дағдыларын дамытуда (жазылым мен айтылым) көбірек қиындықтарға тап болатынын көрсетеді. Бұл тілді ауызша және жазбаша түрде белсенді, әрі мақсатты түрде қолдаудың қажеттілігін айқындайды.


Сауалнаманың үшінші сұрағы «IELTS емтиханына дайындық барысында қандай қиындықтар болды?» деген сұраққа жауап берген респонденттердің басым бөлігі (43,4 %) емтиханға дайындыққа уақыттың жеткіліксіздігін ең үлкен кедергі деп санайды. Респонденттердің шамамен жартысы уақыттың шектеулі болуына байланысты қиындықтарға тап болатынын көрсетеді, бұл IELTS-қа дайындық үдерісінде оқу жүктемесі мен сабақ кестесінің ыңғайсыздығы маңызды мәселе екенін көрсетеді. Білім алушылардың 21,1 % үшін IELTS-қа дайындықты басқа міндеттермен үйлестіру қиын. Бұл оқудан, жұмыстан немесе отбасылық жауапкершіліктен туындайтын уақытты басқару мәселелерінің де елеулі кедергі екенін көрсетеді. Респонденттердің 18,4 % психологиялық қысым мен жоғары нәтиже алуға деген үмітке қатысты мазасыздық IELTS-қа

дайындық барысында маңызды рөл атқаратынын білдірген. Сонымен қатар қатысушылардың 9,2 % тест форматын түсінуде қиындықтарға тап болғанын жеткізді, емтихан құрылымы жөнінде неғұрлым нақты, әрі жүйелі түсіндіру қажеттігін көрсетеді. Респонденттердің ең аз бөлігі (7,9 %) дайындық кезінде тәжірибелік материалдардың жетіспеушілік мәселесін көтерген. Демек, білім алушылар үшін басты мәселе уақытты тиімді басқару, яғни дайындыққа жеткілікті уақыт бөлу және IELTS-ті күнделікті өмірдегі өзге міндеттермен үйлестіру болып табылады. Эмоциялық күйзеліс пен емтихан форматы туралы білімнің жетіспеушілігі де белгілі бір деңгейде әсер етеді.



Сурет 1– Білім алушылар қиындықтарды жеңу үшін қажетті қосымша қолдау түрлері

1-суретте тестке дайындық кезінде туындайтын қиындықтарды жеңуге оқушыларға қажет қосымша қолдауға қатысты жауаптардың талдауы көрсетілген. Оқушылардың басым бөлігі (34,2 %) қосымша практикалық тесттер мен жазу форматтарын меңгеруге және дағдыларын жетілдіруге арналған мүмкіндіктердің көп болуын қалайды. Респонденттердің 28,9 % жеке кеңес, жеке көңіл бөлудің оқушылардың жазу дағдыларын жетілдіруде маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Респонденттердің 15,8 % дайындыққа қосымша уақыт болса, нәтижесі жақсырақ болар еді деп санайды. 13,2 % қатысушы сандық құралдар тестке дайындық процесін жеңілдетуі мүмкін деп санайды. Респонденттің ең аз үлесі өзге оқушылармен бірлесіп жұмыс жасау тестке дайындықтың тиімді әдісі деп есептейді, алайда бұл әр оқушының мотивациясы мен топтық жұмыстың тиімділігіне байланысты әртүрлі нәтиже береді. Бұл тестке дайындық кезінде туындайтын қиындықтарды тиімді шешу үшін мұғалімдерге оқушыларға көбірек тест тапсыру мүмкіндіктерін ұсынуға және жеке бағытталған кеңес беруге басымдық беру керектігін білдіреді.



Сурет 2 − Оқылым тапсырмаларындағы қиындықтар


2-суреттегі диаграммада оқушылардың оқылым тапсырмаларында кездесетін қиындық деңгейлері салыстырылған. Оқылым тапсырмасының арасында ең қиын деп білім алушылар таблицалар, формалар немесе ағымдық кестелерді (flowchart) толтыруды атаған (36,8 %). Бұл оқылым барысында егжей-тегжейге назар аударуды және ақпаратты жүйелеуді қажет ететін тапсырмалардың әсіресе күрделі екенін көрсетеді. Респонденттердің 28,9 % ақпаратты сәйкестендіру тапсырмасын қиын деп есептейді, яғни көптеген оқушылар үшін оқылым кезінде деректерді анықтау және байланыстыру қиындық туғызады. Сөйлемдер немесе қысқаша параграфты толықтыру тапсырмасы (14,5 %) оқушылар үшін орташа қиындық тудырады. Бұл тапсырма негізгі ой мен нақты деректерді түсінуді талап етеді. Оқылым барысында көп жауабы бар сұрақтарға жауап беруде оқушылардың аз бөлігі ғана (14,5 %) қиналады. Демек, нұсқалар (жауаптар) ақпаратты түсінуге бағыттайды және тапсырманың басқа түрлеріне қарағанда сәл жеңілрек деп саналады. Диаграммада көрсетілгендей, құрылымдалған ақпаратты толтыруды қажет ететін оқылым тапсырмалары (жазбалар, формалар) ең қиын болып саналады, ал көп жауабы бар сұрақтар ең жеңіл тапсырма ретінде қабылданады.



Сурет 3− IELTS тыңдалым тапсырмаларын күрделендіретін факторлар


3-суретте оқушылар тыңдалым тапсырмаларын күрделендіретін факторлар көрсетілген. 25 % респондент аудиожазбалардың жылдамдығы,

23,7 % қатысушы аудионы тыңдап түсінудегі, қабылдаудағы қиындықты, ал 13,2 % респондент аудиомәтінді тыңдауға сөздік қордың жеткіліксіздігін күрделі факторларға жатқызады. Дыбыстау ерекшеліктерін (акценттерді) түсінудегі қиындық 11,8 % қатысушыға қиындық туғызған. Демек, тыңдалымдағы негізгі кедергілер – аудиожазбаның жылдамдығы мен анықтылығы, ал оқушылардың сөздік қордың жеткіліксіздігі мен белгісіз акценттер тыңдалым қиындықтарына қосымша әсер етеді.



Сурет 4 − IELTS тыңдалым тапсырмаларын орындаудың артықшылықтары


4-суреттегі диаграммада «IELTS тыңдалым тапсырмаларын орындаудың қандай артықшылықтары бар?» деген сұраққа оқушылардың берген жауаптарына талдау берілген. Респонденттердің басым бөлігі (38,2 %) жүйелі дайындық оқушыларға ауызша ақпаратты жылдамрақ түсінуге көмектеседі деп есептейді. Респонденттердің (35,5 %) тыңдалым кезінде маңызды детальдарға деген зейіні жақсарады деп санайды. Осылайша, көптеген оқушылар тыңдалым барысында зейінін шоғырландыра білу және маңызды мәліметтерді анықтау дағдысын дамытқан. Респонденттердің 15,8 % бұл тапсырмалар нақты өмірдегі қарым-қатынаста өзіне деген сенімділікті арттыруға көмектескенін көрсеткен. Респонденттердің ең аз үлесі (10,5 %) акценттерді түсінуді жақсартуға септігі тиеді деп есептейді.



Сурет 5 − Жазылым тапсырмаларының қиындықтары туралы білім алушылардың көзқарастары

5-суретте оқушылардың IELTS Academic Writing Task 1 тапсырмаларының ішінде ең қиын деп санайтын түрлері көрсетілген.


Респонденттердің ең үлкен үлесі (40,8%) бағаналық/ағымдық кестелерді (bar/flowcharts) сипаттау ең қиын тапсырма деп санайды, бұл бірнеше айнымалыны салыстырудың күрделілігімен байланысты болуы мүмкін. Қатысушылардың 26,3 % кестелерді сипаттауды қиын деп есептейді, бұл егжей-тегжейлі салыстырулар мен нақты сөздік қорды қолдануды қажет етеді. Аздаған респонденттер (18,4 %) графиктерді сипаттауда деректерді талдау мен интерпретациялауда қиындық туындайтынын айтқан. 14,5 % оқушы үдерістерді сипаттауда қиындықтарға тап болады, бұл дұрыс реттілік пен ырықсыз етіс құрылымдарын қолдану қажеттілігімен байланысты болуы мүмкін. Диаграммадағы деректерді талдау, оқушылар ең алдымен бағаналық немесе ағымдық кестелерді сипаттауда қиындыққа тап болатынын көрсетеді, сонымен бірге, кестелерді сипаттау қиындық тудырады. Демек, оқушыларға визуалды деректерді талдау кезінде салыстыру мен трендті анықтау қиындық тудырады.



Сурет 6 – Жазылым тапсырмасын қиындататын факторлар туралы білім алушылардың көзқарастары

6-суретте эссе жазу кезінде оқушылар тап болатын түрлі қиындықтарға қатысты пікірлер көрсетілген. Ең үлкен екі қиындық: тақырыпқа қатысты идеялар ойлап табу (21%) және уақытты тиімді басқару (21%). Осы екі фактор жазылым тапсырмаларындағы ең үлкен кедергілер болып табылады, сондықтан оқушыларға идеяларды генерациялау, уақытты жоспарлау және жазу жоспарын (outline) жасау сияқты стратегиялар қажет. Салыстырмалы түрде аз қиындық тудыратын аспектілер – жауапты ұйымдастыру және құрылымдау (14%) және тиісті академиялық сөздік қорды қолдану (12%), бұл оқушылардың эссе жазуда сөйлемдерді логикалық, әрі үйлесімді байланыстыру және академиялық стильді қолдануда кейбір қиындықтарға тап болатынын көрсетеді. Білім алушылар грамматика және сөйлем құрылымын меңгеру (8%) ең жеңіл аспект деп есептейді, мүмкін бұл аспектілерді оқушылар жиі қолданатындықтан өзіне сенімді болып көрінеді. Жалпы алғанда, техникалық аспектілер (грамматика) аз қиындық тудырса, негізгі кедергі идеяларды ойлап табу және уақытты тиімді басқару болып

табылады. Бұл нәтижелер мұғалімдерге жазылым дағдыларын дамытуға арналған сабақтарын жоспарлауда алдын ала жазу стратегияларына және уақытты тиімді қолдануға көбірек көңіл бөлуге мүмкіндік береді.



Сурет 7 − IELTS жазылым бөліміндегі тапсырмалардың артықшылары

7-суреттегі диаграммаға сәйкес IELTS жазу тапсырмаларын орындаудың ең көп аталған артықшылықтары эссе жазу дағдыларының жақсаруы (36,8%) және ойларды жақсы ұйымдастыру (31,6%) болып табылады. Респонденттердің көбі (22,4%) академиялық контекстке қатысты сөздік қорын байытқанын айтқан, бұл IELTS жазу тапсырмаларының лексикалық талаптарымен байланысты. Керісінше, аздаған оқушылар (9,2%) мәтіннің қысқаша мазмұнын жазу (summarizing) дағдыларының жақсаруы негізгі нәтижесі деп есептейді. Демек, деректер IELTS жазылымға арналған жаттығулары негізгі академиялық жазылым дағдыларына оң және елеулі әсер еткенін көрсетеді.

Талқылау

Айтылым тапсырмаларындағы қиындықтар туралы білім алушылардың көзқарасы талдауда 44,7 % респондент емтихан жағдайында сұрақтарға жауап беруде идеяларды тез ойлап табып, пікір білдіру айтылым бөліміндегі ең қиын тапсырма деп санайды. 32,9 % респондент қажетті сөздік қор мен грамматиканы қолдануда қиындыққа тап болатынын айтқан. Респонденттердің 15,8 % мазасыздық немесе сенімсіздік сияқты психологиялық факторлар айтылым нәтижесіне әсер ететінін айтқан, алайда бұның мазмұн немесе тілдік қиындықтарға қарағанда маңызы төмендеу деп есептейді. Сөздердің дұрыс дыбысталуы немесе сөйлеу еркіндігі мәселелеріне тап болған респонденттердің үлесі небәрі 6,6 % құрайды. Сөздердің дұрыс айтылымы мен сөйлеу еркіндігі сөйлеу барысында маңызды болса да, олар басқа факторлармен салыстырғанда аз қиындық тудырады. Айтылым тапсырмаларын орындау барысында тиімді қарым-қатынас жасауда маңызды рөл атқаратын негізгі факторлар – когнитивтік және тілдік қабілеттер (жылдам ойлау, тілді дұрыс қолдану).

Оқушылардың IELTS айтылым тапсырмаларын орындау барысындағы төрт негізгі артықшылықтары көрсетілген. Респонденттердің басым бөлігі (30,26 %) жаттығулар оқушылардың ағылшын тілінде еркін сөйлеу дағдысын жақсартуға көмектеседі деп ойлайды, яғни жүйелі айтылым практикасы сөйлеу қабілетін табиғи, әрі біртіндеп дамытуға ықпал етеді. Екінші ең көп аталған артықшылық – сөздерді дұрыс айтуды жетілдіру (26,32%), яғни бұл IELTS айтылым тапсырмаларын орындау артикуляция мен сөйлеудің анықтығын елеулі түрде жақсартатынын көрсетеді. 23,68 % респондент бұл тапсырмалар оқушылардың өз ойларын жақсырақ жеткізу қабілетін дамытуға көмектескенін растаған, бұл қатысушылардың ойларын жүйелі құрылымдауға және тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын арттырғанын білдіреді. Айтылымға деген сенімділікті арттыру (19,74 %) ең аз аталған артықшылық болып табылады, бұл кейбір оқушылардың шынайы өмірдегі қарым-қатынаста әлі де мазасыз сезінуі мүмкін екенін көрсетеді. Талдау көрсеткендей, IELTS айтылым практикасының бірнеше пайдасы бар, олардың ішінде ең айқын жетістіктер – сөйлеу еркіндігі, сөздерді дұрыс дыбыстау және ойды жеткізу қабілеті. Алайда сенімділікті арттыру үшін қосымша стратегиялар қажет, мысалы, шынайы өмірдегі қарым-қатынас тәжірибесі, құрылымдалған кері байланыс немесе пікірталас, көпшілік алдында сөйлеу сияқты сенімділікті күшейтетін іс-шаралар.

Тест тапсырушылардың басым үлесі ұзын және абстрактілі айтылым тапсырмаларын ең күрделі тапсырмаға жатқызады, әсіресе Part 2 (35 %) және Part 3 (29 %), себебі бұл бөлімдерде сыни ойлау және құрылымды жауап беру қажет. Керісінше, Part 1 (12 %) ең аз қиындық туғызады деп бағалайды, бұл бөлімде таныс және жеке сипатқа ие тақырыптарды қамтығанымен түсіндірілуі мүмкін. Жалпы айтылым бөлімінің нәтижесін жақсарту үшін оқушылар ойларын жүйелі ұйымдастыру, тез идеялар ойлап табу, пікірлерін нақты жеткізу, сондай-ақ шектелген уақыт аралығында лезде ұзақ сөз сөйлей алу қабілеттерін дамытуға көңіл бөлу қажет.P. Peltekov пікірінше, IELTS ағылшын тілін меңгеру деңгейін өлшейтін кеңінен танымал әдіс болып табылады. Дегенмен, оның кең қолданылуы әрбір білім беру немесе мәдени контексте бірдей тиімді жұмыс істейді деп ойлау қате. Сонымен қатар, тестті бастапқы нұсқасымен салыстырсақ, айтарлықтай өгерістерді байқап, қайта қарастырылғанын байқаймыз. Әртүрлі зерттеулер аталмыш тесттің тиімділігін байқағанына қарамастын, тілдік деңгейлерді бағалау мәселесімен айналысатын зерттеушілер тесттің өзектілігі мен қолданылуын үнемі қайта зерттеп, бағалап отыру маңызды [5]. Ұқсас зерттеуде H. N. Nguyen және D. K. Nguyen вьетнамдық білім алушылардың IELTS дайындық курстарында кездесетін бес негізгі қиындықты анықтаған: уақыттың шектеулігі, парафраз жасаудағы қиындықтар, жеткіліксіз тақырыптық білім, ойларды байланыстырудағы қиындықтар және анық емес сөйлемдер

жазуға бейімділік. Сонымен қатар, көптеген сұхбаттасушылар қосымша факторларды да атап өткен: вьетнам тілінің ықпалы, мазасыздық сезімі, ағылшын тілінде қарам-қатынас жасаудағы шектеулік және ағылшын мен вьетнам мәдениетінің айырмашылықтары [6]. D. N. Babakhanova шетел тілі ретінде ағылшын тілін үйренушілер арасындағы тыңдалым кезіндегі мазасыздықты зерттеп, білім алушылардың көпшілігінде мазасыздық деңгейі жоғары екенін анықтаған. Зерттеу мазасыздықдың оқу үдерісіндегі жетістікке кедергі келтіретінін көрсетіп, оқудағы білім алушылардың мазасыздық түрлерін анықтап, оларды азайтуға бағытталған тиімді оқыту стратегияларын әзірлеудегі зор маңызын дәлелдеген. Сонымен қатар, студенттерге мазасыздықты тіл үйренудің қалыпты бір бөлігі ретінде қабылдап, тыңдалым дағдыларын жетілдіру және ағылшын тіліндегі тыңдалым барысындағы қорқынышты азайту үшін арнайы тыңдалым стратегияларын қолдану ұсынылады [7].

C. Li тыңдалымды күрделі когнитивтік үдеріс деп санайды. Қытайлық жоғары оқу орындарының студенттері бұл дағдыны тиімді меңгеруде жиі қиындықтарға тап болады. Олар әрбір жеке сөзді түсінуге шамадан тыс көңіл бөліп, соның салдарынан негізгі сөздерді анықтай алмайды және айтылған ойдың мағынасын толық ұғына алмайды [8]. L. Shen пікірінше, тыңдалым мен айтылым тілдік қолданыста маңызды рөл атқарады, алайда қытайлық студенттердің ағылшын тілін меңгеруінде және IELTS нәтижелерінде бұл дағдылар ең әлсіз тұстары болып қала береді. Тіл меңгеру үдерісі тұрғысынан алғанда тіл үйрену бұл тұрақты, әрі үздіксіз тәжірибені талап ететін дағды. Сондықтан IELTS оқытушыларды мобильді қосымшаларды пайдаланып, достарымен тұрақты түрде қарым-қатынас жасау арқылы тілдік ортаға барынша енуге ынталандыруы тиіс. Бұл тәсілдер ағылшын тілін практикалық тұрғыда қолдану дағдыларын біртіндеп жетілдіруге мүмкіндік береді [9].

D. T. B. Binh және D. T. K. Trinh жоғары нәтиже көрсету үшін білім алушылар skimming (жылдам шолу), негізгі терминдер мен парафраздалған мазмұнды тану, уақытты тиімді басқару және сөздік қорды кеңейту сияқты дағдыларды дамыту қажет деп санайды. Оқытушылар алдын ала оқу кезеңінде «flash-reading» әдісін қолдану, мәтін мазмұны бойынша болжам жасату сияқты тәсілдерді енгізу арқылы көмектесе алады, сондай-ақ «skimming» мен «scanning» ұғымдарының айырмашылығын нақты түсіндіру маңызды. Оқу барысында бағыттаушы сұрақтарды қолдану және жұппен қысқаша мазмұндау жұмыстарын ұйымдастыру мәтінді түсінуді арттырады. Оқылым аяқталғаннан кейін парафраз жасауға жаттығу және құрылымдалған қорытынды тапсырмаларды орындау мәтінді тереңірек түсінуге және емтиханға дайындықты күшейтуге ықпал етеді [10].

N. N. Linh емтихан барысында егер студенттер тыңдалым мәтінінің мазмұнын алғаш тыңдалым барысында түсінбесе, оған қайта мүмкіндік берілмейтінін атап өтеді. Сәйкесінше тиісті дайындық болмаған жағдайда оқушылар, әсіресе бейтаныс тақырыптармен бетпе-бет келгенде, қобалжу мен өзіне деген сенімсіздік сезінуі мүмкін, бұл олардың нәтижесіне кері әсер етеді. Сондықтан тыңдалымға дейінгі тапсырмалар (pre-listening tasks) тыңдалым дағдысының нәтижелілігін арттыруда маңызды рөл атқарады деген қорытынды жасауға болады [11]. L. Yiran пікірінше, жазылым дағдысы білім алушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейінің негізгі көрсеткіші. Ол тек ой мен эмоцияны білдірудің, мәдениаралық қарым-қатынастың маңызды құралы ғана емес, сонымен қатар жазушының тілдік қабілетін, коммуникативтік дағдыларын және когнитивтік деңгейін айқындайды. Осы тұрғыдан алғанда, ағылшын тілінде жазылым дағдысы білім алушылардың жалпы тілдік құзыреттілігін бағалаудың маңызды өлшемі, әрі кәсіби тілдік білім берудің ажырамас бөлігі болып табылады [12]. T. N. Fitria ойынша, IELTS Writing Task 1 тапсырмасының, әсіресе білім алушылар алдын ала дайындалмаған жағдайда, айтарлықтай қиын. Бұл қиындықтарды сәтті еңсеру үшін жан-жақты дайындық, жүйелі практика және IELTS емтиханының форматы, құрылымы мен талаптарын жақсы білу қажет [13]. S. M. Alavi мен A. P. Masjedlou IELTS академиялық модульда жазылымының бірінші тапсырмасын тест тапсырушылар да, оқытушылар да зияткерлік жүктемесі жоғары, яғни нақты жазудан гөрі көбірек ойлануды талап ететін тапсырма ретінде қабылдайтынын анықтаған. Мұндай жоғары когнитивтік талап Task 1 тапсырмасы бойынша нәтижелердің төмендеуіне әкелуі мүмкін, ал бұл білім алушылардың эмоционалдық күйіне әсер етіп, Task 2 тапсырмасындағы көрсеткіштеріне кері ықпал етуі ықтимал. Task 1 тапсырмасы жиі сынға алынғанымен, бұл сын Task 2-ге қатысты сыннан өзгеше. Task 1 тапсырмасының шынайылығы жоғары (себебі нақты академиялық тапсырмалар көбіне терең ойлануды талап етеді), алайда валидтілігі төмен деп бағаланады (өйткені диаграммаларды түсіндіру сияқты дағдылар жазу қабілетімен тікелей байланысты емес). Осыған байланысты екі түрлі тапсырманың қатар қолданылуы тиімді, өйткені бір тапсырманың әлсіз тұстары екіншісінің артықшылықтарымен теңгеріледі [14].

O. Tikupasang IELTS Writing Task 2 тапсырмасында білім алушылар кездесетін қиындықтарды зерттей отырып, бұл қиындықтарға әсер ететін төрт негізгі факторды анықтаған: тілдік қолданыс, тыныс белгілері, орфография және сөз таңдау. Әсіресе қателердің басым бөлігі тілдік қолданысқа, әсіресе сөз таптарын дұрыс қолданбауымен байланысты. Демек, көптеген білім алушылар IELTS Writing Task 2 барысында осы тілдік мәселелерге тап болады. Бұл мәселені шешу үшін зерттеуші білім

алушыларға сөйлем ішіндегі етістіктерге ерекше көңіл бөліп, ағылшын тіліндегі етістіктердің дұрыс қолданылуын тереңірек меңгеруді ұсынады. Орфография, тыныс белгілері және сөз таңдаудағы қателер салыстырмалы түрде аз болғанымен, Writing Task 2 тапсырмасы бойынша жақсы нәтиже көрсету үшін бұл аспектілерді де жетілдіру қажет [15]. IELTS-қа дайындықты орта білім беру жүйесіне енгізу білім алушыларға академиялық және кәсіби ортада тікелей қажет болатын дағдыларға бағытталған құрылымдалған тілдік дамуды қамтамасыз ете алады. Бұл дағдылар Қазақстанның білім беру мақсаттарымен үйлеседі, өйткені ағылшын тілі халықаралық ынтымақтастықты нығайту мен жоғары білім алудың маңызды құралы ретінде қарастырылады. IELTS мазмұнын мектептегі оқу үдерісіне енгізу оқушылардың тілдік құзыреттілігінің біртіндеп және жүйелі түрде дамуына жағдай жасап, академиялық ағылшын тілінің талаптарына бейімделуге мүмкіндік береді, әрі мектептен тыс оқу орталықтарында дайындыққа соңғы сәтте жүгінуден туындайтын қысымды азайтады.

Қорытынды

Аталмыш мақала IELTS емтиханына дайындалып жатқан білім алушылардың емтиханға дайындықтың қиындықтары мен артықшылықтарын зерттеуге арналған. Зерттеуге қатысушылардың басым бөлігі IELTS тапсыруға деген жоғары қызығушылық танытқан, бұл ағылшын тілін меңгеру деңгейін халықаралық деңгейде мойындалған сертификат арқылы растауға деген күшті ұмтылысты көрсетеді. Білім алушылардың негізгі қиындықтары жазылым мен айтылыммен байланысты, өйткені бұл дағдылар құрылымдылықты, бірден жауап беруді, дәлдікті және жоғары деңгейдегі тілдік бақылауды талап етеді. Күрделі визуалды деректерді қамтитын жазылым тапсырмалары және ойды жылдам, әрі жүйелі түрде жеткізуді қажет ететін айтылым тапсырмалары ерекше күрделі болып табылады. Сонымен қатар, уақыттың шектеулілігі білім алушылардың халықаралық емтиханға дайындалуына айтарлықтай әсер етеді, себебі оқушылар академиялық талаптарды, жеке міндеттерді және IELTS емтиханында жоғары нәтижеге жету үшін қажетті қарқынды дайындықты қатар алып жүруге мәжбүр. Осы қиындықтарға қарамастан білім алушылардың IELTS-қа дайындалуда табандылығы мен төзімділігі айқын көрінеді. Олар қиындықтарды еңсеру үшін көбірек практикалық тәжірибе, жеке бағытталған қолдау және ұйымдастырылған ұздіксіз жаттығудың маңыздылығын маңызды деп есептейді. Практикалық тесттер орындауға құлшыныс мен жекелей кері байланысқа басымдық берілуі білім алушылардың өз дағдыларын жетілдіруге не көмектесетінін жақсы түсінетінін дәлелдейді. Продуктивті және перцептивті дағдыларды дамытуға бағытталған жаттығуларды жүйелі түрде орындау сөйлеу еркіндігіне,

идеяларды қалыптастыруға, мәтінді ұйымдастыруға, сөздерді дұрыс дыбыстауға және сөздік қорды байытуға айқын оң әсерін тигізген. IELTS-қа дайындық күрделі үдеріс болғанымен, тиімді оқыту әдістері мен дұрыс стратегиялық жоспарлау қолданылып, эмоционалдық және психологиялық қолдау көрсетілген жағдайда IELTS-қа дайындықты Қазақстандағы тілдік білім берудің тиімді құралы ретінде пайдаланып, білім алушыларды академиялық және халықаралық деңгейдегі жетістіктерге даярлауға болады.

REFERENCES

[1] Akhmetova G. S., & Ryspayeva D. S. Formation of learners' lexical skills through lexical-thematic modeling in a homogeneous group // Bulletin. Series: Pedagogical Sciences. − 2024. − No. 72(1). − DOI: https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.72.1.022.

[2] Sankara Narayanan R. L., & Mathew P. Teaching International English Language Testing System (IELTS) academic writing and exam strategies online to develop Omani students' writing proficiency // Arab World English Journal (AWEJ). Proceedings of the 2nd MEC TESOL Conference. − 2020. − DOI: https://dx.doi.org/10.24093/awej/MEC2.4.

[3] Al Noor H. A probe into the different aspects of 'validity' and 'reliability' of the IELTS writing test // International Journal of English Literature and Social Sciences. − 2020. − Vol. 5, No. 4. − P. 968-972. − DOI: https://dx.doi.org/10.22161/ijels.54.21.

[4] Shobeiry M. The effect of intensive authentic reading tasks on reading performance of academic IELTS test takers // Revista Tempos e Espaços em Educação. − 2020. − Vol. 13, No. 32. − P. 94. − DOI: http://dx.doi.org/10.20952/revtee.v13i32.14447.

[5] Peltekov P. The International English Language Testing System (IELTS): A critical review // Journal of English Language Teaching and Linguistics. − 2021. − Vol. 6, No. 2. − P. 395-406.− DOI: https://dx.doi.org/10.21462/jeltl.v6i2.581.

[6] Nguyen H. N., & Nguyen D. K. Vietnamese learners' performance in the IELTS writing task 2: Problems, causes, and suggestions // International Journal of TESOL & Education. − 2022. − Vol. 2, No. 1. − P. 170-189.− DOI: https://doi.org/10.54855/ijte.222111.

[7] Babakhanova D. N. Analysing listening anxiety levels of learners in EFL classrooms // Bulletin of the Karaganda University. Pedagogy Series. − 2024. − No. 11329(1). − P. 154–161.− DOI: https://doi.org/10.31489/2024ped1/154-161.

[8] Li C. H. E. N. Developing listening sources based on the IELTS test for Chinese college students // Sino-US English Teaching. − 2022. − Vol. 19, No. 4. − P. 139-147. − DOI:10.17265/1539-8072/2022.04.003.

[9] Shen L., & Yu, L. Strategies for enhancing IELTS candidates' listening and speaking proficiency // The Educational Review, USA. − 2022. − Vol. 6, No. 11. − P. 741–744.− DOI: 10.26855/er.2022.11.013.

[10] Binh D. T. B., & Trinh D. T. K. IELTS reading and some techniques to improve IELTS reading skills for students // Tạp chí Nghiên cứu dân tộc. − 2019. − Vol. 8, No. 2. − P. 98–102. − DOI:https://doi.org/10.25073/0866-773X/308.

[11] Linh N. N. N. Effects of activating background knowledge in listening skill and how to improve IELTS listening // Journal of English Language Teaching and Applied Linguistics. − 2021. − Vol. 3, No. 6. − P. 13-25. − DOI: https://doi.org/10.32996/jeltal.2021.3.6.3.

[12] Yiran L., & Ramachandran, V. Evaluation of students' IELTS writing ability based on machine learning and neural network algorithm // Journal of Intelligent & Fuzzy Systems. − 2020. −Vol. 40, No. 4. − P. 6743-6753. − DOI: https://doi.org/10.3233/JIFS-189508.

[13] Fitria T. N. Students' preparation in IELTS Writing Task 1: How to write a summary of visual information // LingTera. − 2024. − Vol. 11, No. 1. − P. 39–55. − DOI: https://doi.org/10.21831/lt.v11i1.59520.

[14] Alavi, S. M., & Masjedlou, A. P. (2017). Construct under-representation and construct irrelevant variances on IELTS academic writing task 1: Is there any threat to validity? Theory & Practice in Language Studies (TPLS), 7(11). − DOI: http://dx.doi.org/10.17507/tpls.0711.19.

[15] Tikupasang O., Hardiyanti S., & Arman A. EFL students' difficulties toward IELTS Writing Task 2 // AMCA Journal of Education and Behavioral Change. − 2022. − Vol. 2, No. 1. − P. 28–31. − DOI: https://doi.org/10.51773/ajeb.v2i1.141.

ОПЫТ ПОДГОТОВКИ ШКОЛЬНИКОВ К МЕЖДУНАРОДНОМУ ЭКЗАМЕНУ ПО АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ

*Ахметова Г.С.[1], Рыспаева Д.С.[2], Шакабаева В.Б.[3]

*[1,3]Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

[2]Кокшетауский университет им.Ш.Уалиханова, Кокшетау, Казахстан

Аннотация. Растущее внимание к преподаванию английского языка в Казахстане сделало его важным инструментом расширения международных возможностей. В связи с этим внедрение элективного курса по подготовке к IELTS (Международной системе оценки знания английского языка), направленного на развитие рецептивных и продуктивных навыков учащихся, приобретает всё большую актуальность в школьной программе. IELTS оценивает уровень владения академическим английским языком и широко используется в качестве требования при поступлении в зарубежные университеты и участии в международных программах. Школьная подготовка к IELTS помогает учащимся систематически развивать языковые навыки,

осваивать экзаменационные стратегии и снижать уровень тревожности, связанной с тестированием. В статье рассматриваются преимущества и трудности подготовки школьников к IELTS посредством элективного курса, направленного на повышение уровня владения английским языком выпускников. В исследовании применялись количественные методы, включая анкетирование и педагогическое наблюдение в процессе реализации авторской программы «Развитие навыков, необходимых для IELTS». В исследовании приняли участие 76 учащихся с различным уровнем владения английским языком из одного из специализированных лицеев города Астаны. Результаты показали, что систематическая подготовка в рамках школьной программы способствует сбалансированному развитию продуктивных и рецептивных навыков и повышению учебной мотивации учащихся. Несмотря на трудности, связанные с развитием продуктивных языковых навыков, ограниченным учебным временем и психологическим давлением, учащиеся продемонстрировали высокий интерес и настойчивость. Практическая значимость исследования заключается в подтверждении возможности эффективной интеграции подготовки к IELTS в школьную практику. Программа обеспечивает сбалансированное развитие навыков аудирования, чтения, письма и говорения. Регулярная практика, индивидуализированная обратная связь и структурированное обучение способствовали улучшению организации мыслей, беглости речи, расширению словарного запаса и совершенствованию произношения. Таким образом, при грамотной методической организации и психологической поддержке данный элективный курс может стать эффективным компонентом языкового образования в казахстанских школах и способствовать успешной подготовке учащихся к международным экзаменам.

Ключевые слова: международный экзамен, выпускники, продуктивные навыки, рецептивные навыки, развитие, трудности, преимущества, учебный план

EXPERIENCE IN PREPARING SCHOOL STUDENTS FOR AN INTERNATIONAL ENGLISH LANGUAGE EXAMINATION

*Akhmetova G.S.[1], Ryspayeva D.S.[2], Shakabayeva V.B.[3]
*[1,3]L.N.Gumilyov Eurasian national university, Astana, Kazakhstan
[2]Sh.Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan

Abstract. The growing emphasis on English language teaching in Kazakhstan has made it a key instrument for expanding international opportunities. Accordingly, implementing an elective IELTS (International English Language Testing System) preparation course focused on developing students' receptive and productive skills has become increasingly relevant in the

school curriculum. IELTS assesses academic English proficiency and is widely required for admission to foreign universities and participation in international programs. School-based IELTS preparation helps students systematically develop language skills, master exam strategies, and reduce test-related anxiety. This article examines the advantages and challenges of preparing school learners for IELTS through an elective course aimed at enhancing graduates' English proficiency. The study employed quantitative methods, including a questionnaire survey and pedagogical observation during the implementation of the author-designed program, "Developing Skills Required for IELTS." The research involved 76 students with different English proficiency levels from a specialized lyceum in Astana. The findings showed that systematic preparation within the school curriculum promotes the balanced development of productive and receptive skills and increases students' motivation. Despite challenges related to productive language skills, limited instructional time, and psychological pressure, students demonstrated strong interest and perseverance. The practical significance of the study lies in confirming the feasibility of integrating IELTS preparation into school practice. The program provides balanced development of listening, reading, writing, and speaking skills. Regular practice, individualized feedback, and structured instruction improved idea organization, speech fluency, vocabulary, and pronunciation. Thus, with sound methodological organization and psychological support, this elective course can become an effective component of language education in Kazakhstani schools and contribute to successful preparation for international examinations.

Key words: international test, graduates, productive skills, perceptive skills, improvement, challenges, benefits, curriculum

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 18.01.2026.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 26.06.2026.

Авторлар туралы мәлімет:

Ахметова Гульнара Сагынбаевна (хат алмасушы автор) – философия докторы (PhD), аға оқытушы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті КеАҚ, Астана, Қазақстан, e-mail: gulnarakzkk@gmail.com

Рыспаева Динара Сарсембаевна − филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау университеті КеАҚ, Көкшетау, Қазақстан, e-mail: goldensunrise@mail.ru

Шакабаева Венера Багдатовна, магистр, аға оқытушы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті КеАҚ, Астана, Қазақстан, e-mail: venera.shakenova@mail.ru

Информация об авторах:

Ахметова Гульнара Сагынбаевна (автор-корреспондент) − доктор философии (PhD), старший преподаватель, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан, e-mail: gulnarakzkk@gmail.com

Рыспаева Динара Сарсембаевна − кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Кокшетауский университет им.Ш.Уалиханова, Кокшетау, Казахстан, e-mail: goldensunrise@mail.ru

Шакабаева Венера Багдатовна**,** магистр, старший преподаватель, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан, e-mail: venera.shakenova@mail.ru

Information about authors:

Gulnara Akhmetova (corresponding author) − PhD, Senior Lecturer, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, e-mail: gulnarakzkk@gmail.com

Dinara Ryspayeva − Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Sh.Ualikhanov Kokshetau University, Koshetau, Kazakhstan, e-mail: goldensunrise@mail.ru

Venera Shakabayeva − M.A, Senior Lecturer, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, e-mail: venera.shakenova@mail.ru

ӘОЖ 372.881.16.11
ҒТАМР 14.35.07
https://doi.org/10.48371/PEDS.2026.82.3.026

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА КОРПУСТЫҚ ЛИНГВИСТИКАНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҮМКІНДІКТЕРІ

*Ораз А.Н.[1], Маликов Қ.Т.[2], Байғұтова Д.Н.[3]
*[1,3]Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан
педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан
[2]Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазақ тілін оқыту үдерісінде білім алушылардың лексикалық дағдыларын қалыптастыруда корпустық лингвистиканы қолданудың әдістемелік негіздері қарастырылады. Зерттеу жұмысының өзектілігі қазіргі білім беру кеңістігіндегі тіл үйрету тәжірибесінде лексикалық дағдыларды қалыптастырудың жаңа, деректерге негізделген тәсілдерінің қажеттілігімен айқындалады. Зерттеудің мақсаты – қазақ тілін оқытуда корпустық технологияларды қолданудың әдістемелік алғышарттарын айқындау және олардың лексикалық дағдыларды қалыптастырудағы тиімділігін көрсету. Мақалада корпустық лингвистиканың білім алушылардың сөздік қорын кеңейту, сөздің мағынасын табиғи контексте түсіну және мағыналас бірліктердің қолданыс айырмашылығын айқындау мүмкіндіктері қарастырылады. Зерттеу әдістері ретінде теориялық талдау, салыстыру, жүйелеу және жалпылау, сондай-ақ сапалық және сандық сипаттағы педагогикалық зерттеу тәсілдері қолданылады. Сонымен қатар сапалық және сандық зерттеу тәсілдері үйлестіріліп, мәтіндік деректердің жиілігі, лексикалық бірліктердің корреляциялық байланыстары мен коллокациялық ерекшеліктері талданды. Voyant Tools жабық платформасында Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытатын сыныптарға арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқулығынан мәтіндерді талдау үлгілерінің мүмкіндіктері қарастырылады. Корпустық талдауларды оқу үдерісіне кіріктіру лексикалық бірліктердің жиілігін, тіркесімділігін және семантикалық байланыстарын анықтауда білім алушылардың тілдік құзыреттілігін арттырып зерттеушілік және коммуникативтік белсенділігін дамытатындығы теориялық тұжырымдарға сай зерттеледі. Сонымен қатар тіл үйрету үдерісінде корпустық әдісті қолданудың негізгі әдістемелік алғышарттары мен оқу үдерісінде корпустық технологияны қолданудың әдістемелік моделінің үлгілері ұсынылады. Зерттеу нәтижелері корпустық лингвистиканың лексикалық материалды іріктеу, сөздердің мағынасын мәнмәтінде түсіндіру, тіркесімділік ерекшеліктерін меңгерту және білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуда жоғары әдістемелік әлеуетке ие екендігін көрсетті.

Тірек сөздер: қазақ тілі, корпустық лингвистика, лексикалық дағдылар, оқыту тиімділігі, тіл үйрету әдістемесі, оқу үдерісі, корпустық технология, тәсіл

Кіріспе

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде тілді үйретудің сапасын арттыруда заманауи сандық технологиялардың рөлі айрықша. Соның ішінде тілдік деректерді дәл және жүйелі түрде талдауға мүмкіндік беретін корпустық лингвистика – тілді үйрету мен оқыту тәжірибесінде тиімді тәсілдердің бірі. Корпустық лингвистика тілдің табиғи қолданысын үлкен көлемдегі нақты мәтіндер арқылы сипаттап, тілдік бірліктердің жиілігін, мағыналық реңктерін, мәнмәтіндік қызметін айқындауға мүмкіндік береді. Корпустық деректерге сүйену тілді үйренушінің сөздің мағынасын мәнмәтінде оңай түсінуіне, сөзді тілдесімде мағынасына сай орынды қолдануға, жаңа лексикалық бірліктерді оңай есте сақтауға көмектеседі.

Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда білім алушылардың лексикалық дағдыларын қалыптастыру – тілді меңгертудің негізгі алғышарты. Себебі кез келген тілдік тұлғаның қатысымдық құзыреттілігі, ең алдымен, сөздік қордың байлығымен және сөзді орынды қолдану қабілетімен анықталатыны белгілі. Осы орайда, Е.И. Пассов лексикалық дағды ұғымы келесідей екі негізгі шұғыламалды орындайтындығын айтады:

- сөзді басқа лексикалық бірліктермен дұрыс үйлестіруі;
- сөйлеушінің коммуникативтік мақсатына сай лексикалық бірлікті дұрыс таңдауы [1, 26-б].

Дәстүрлі білім беру үдерісінде лексикалық материалдар көбіне дайын сөз тізбектері мен жаттығулар арқылы меңгертіледі. Бұл білім алушының сөз мағынасын мәнмәтінде тану дағдысын жеткілікті түрде дамытады деп айта алмаймыз. Осы тұрғыдан алғанда, корпустық деректерге негізделген тапсырмалар жүйесі оқыту үдерісін нәтижелі етіп, білім алушының белсенді танымдық әрекетін күшейтеді.

Корпустық деректерге негізделген мәтіндерді қазақ тілі сабақтарында қолдану білім алушыларға нақты тілдік деректермен жұмыс істеуге, сөз мағынасын мәнмәтін арқылы түсінуге, тілдің функционалдық және грамматикалық ерекшеліктерін ажырата білуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл бір жағынан оқытудың практикалық тиімділігін арттырса, екінші жағынан тіл үйренушінің аналитикалық және зерттеушілік ойлау дағдыларын да жетілдіреді. Сондықтан да қазақ тілін меңгерту үдерісінде корпустық лингвистика деректерін қолдану арқылы білім алушылардың лексикалық дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік негіздерін анықтау және оның тиімділігіне талдау жасау өзекті мәселелердің бірі.

Корпустық лингвистика лексикография саласы үшін ең тиімді әдіс-тәсілдердің біріне жатады. Компьютерлік деректер мен технологияларды пайдалану арқылы сөздіктерді жылдам жасауға, оны қолдануға зор мүмкіндік береді. Лингвистикалық деректер қорын білім беру мақсатында алғаш қолдану 1980 жылы COBUILD жобасының шеңберінде, Birmingham University жанындағы Bank of English негізінде жүзеге асырылды. Кейінірек корпустық материалдарды тіл үйрету үдерісінде пайдалануды алғаш ұсынған зерттеушілердің бірі – Tim Johns [3]. Бұл бағыттың дамуы нәтижесінде компьютердің көмегімен тілді оқыту жүйесінің (Computer-

Assisted Language Learning, CALL) кеңінен қалыптасуына және тілді меңгертудегі лексикалық тәсілдің орнығуына ықпал етті.

Тілді үйретуде корпустық деректерді пайдалану мәселелерін, яғни оның теориялық және практикалық қырларын зерттеу мен оқыту – корпустық лингвадидактика деп аталатын пәнаралық бағыт аясында дамып келеді. Бұл бағыттың қалыптасуына Н.Б. Гвишиани, Е.Е. Голубкова, Т.Б. Назарова, Т.А. Клепикова, С.О. Савчук, Т.В. Толстова, О.В. Нагель, В.П. Захаров, В.В. Рыков, Р.П. Мильруд, В.А. Плунгян, С. Браун, Т. Джонс, Р. Реппен, Д. Кристал, М. Льюис, Р. Картер, М. Маккарти, К. Триббл, М. Скотт, К. Лакман, С. Конрад, М. Хоуи, Л. Флаурдью, Д. Байбер, С. Иохансон, Дж. Лич, М. Дейвис секілді зерттеуші-ғалымдар өз үлестерін қосты. Қазақ тіліндегі корпустық лингвистиканың қалыптасу негіздері Асқар Жұбановтың 2002 жылы жарық көрген «Основные принципы формализации содержания казахского текста» атты докторлық монографиялық зерттеуінен бастау алады. Бұл еңбек қазақ қолданбалы лингвистикасының дамуына елеулі үлес қосып, корпустық лингвистикаға қатысты зерттеулердің теориялық негізін айқындады. Сонымен қатар ғалымның «Қолданбалы лингвистика: қазақ тілінің статистикасы» және «Қазақ мәтінінің статистикасы» атты еңбектері аталған ғылыми бағыттың дамуына маңызды ғылыми тұжырымдарымен ықпал етті. Ал А. Жаңабекова өз зерттеулерінде қазақ тілі мәтіндерін автоматты өңдеу, морфологиялық таңбалау және метабелгілеу мәселелеріне назар аударды. Оның «Қазақ тілі мәтіндеріне морфологиялық белгіленім қоюдың ғылыми-тәжірибелік негіздері» және «Тіл корпустарының ғылыми-зерттеу әлеуеті» атты еңбектерінде тілдік корпустарды құру мен оларды ғылыми мақсатта қолданудың негізгі қағидалары жан-жақты қарастырылған.

Әлемдік білім беру тәжірибесінде тілдік корпустарды оқыту үдерісіне енгізу Data-Driven Learning (DDL) тұжырымдамасының қалыптасуымен тығыз байланысты. Аталған тәсіл оқу материалын нақты тілдік деректерге сүйене отырып іріктеуге мүмкіндік береді. Корпус материалдарын талдау арқылы сөздердің қолданылу жиілігін, олардың өзара тіркесім ерекшеліктерін және қолданыс заңдылықтарын анықтауға болады. Соңғы жылдардағы жарияланған ғылыми еңбектерде корпусқа негізделген оқыту әдістерінің тиімділігі әртүрлі эксперименттік зерттеулер арқылы дәлелденіп келеді. Зерттеу нәтижелері корпустық тапсырмалардың білім алушылардың сөздік қорын дамытуға оң ықпал ететінін көрсеткенімен, қолданылған әдістердің әртүрлі болуы ортақ қорытынды жасауға мүмкіндік бермейді [4]. Қазіргі әдістемелік зерттеулерде DDL тәсілін тәжірибеде қолданудың түрлі қырлары, атап айтқанда, оқытушының бағыттаушы қызметі, оқу тапсырмаларын әзірлеу қағидалары және білім алушылардың корпустық деректермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру мәселелері жан-жақты қарастырылып келеді. Мәселен, Alex Boulton, Shelley Staples және Laurence Anthony өз еңбектерінде оқу тапсырмаларын корпустық материалдарға бейімдеудің маңызын атап көрсетіп, оқытушының білім алушы мен тілдік дерек арасындағы медиатор рөлін ерекше бағалайды [5]. Ал Dilin Liu корпусқа негізделген лексиканы оқыту әдістерін талдай

отырып, оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу барысында корпустан алынған мысалдарды, сөздердің жиілік көрсеткіштерін және мәнмәтіндік жаттығуларды тиімді пайдаланудың жолдарын сипаттайды [4]. Бұл ғылыми тұжырымдар біздің зерттеуімізде B1 деңгейіндегі тіл үйренушілердің лексикалық құзыреттілігін жетілдіруге арналған корпустық талдау моделін әзірлеуге теориялық әдістемелік негіз болды. Қазіргі уақытта қолданбалы лингвистика саласында компьютерлік тілдік корпустар тілді үйретудің маңызды құралдарының біріне айналып отыр. Себебі білім алушылардың лексикалық дағдыларының даму деңгейі олардың жалпы тілдік құзыреттілігінің қалыптасуына тікелей әсер ететін негізгі көрсеткіштердің бірі болып саналады.

Оқыту үдерісі білім алушылар талап етілетін стандарттан жоғары деңгейде оқу материалын меңгерген жағдайда ғана нәтижелі болатыны сөзсіз. Өкінішке орай, оқу үдерісінде қолданылатын оқу бағдарламалары мен оқулықтар оқушыларға лайықты аутенттік материалды жеткілікті дәрежеде ұсынады деп айта алмаймыз. Сол себепті де білім алушылар сынақ тапсырмалары кезінде синонимия, көпмағыналылық (полисемия), сөздердің мәнмәтіндегі қолданысы сияқты тапсырмаларды орындауда қателесіп жатады. Қазіргі заманғы лингвистиканың жетістіктері кез келген мәселені шешудің жаңа жолдарын ұсынады, соның бірі – корпустық лингвистиканы оқу үдерісінде қолдану. Осы орайда зерттеу жұмысының нысаны тілді оқытуда лексикалық дағдыларды қалыптастыру үдерісі болса, зерттеу пәніне осы үдеріске қатысатын корпустық технологиялар мен әдістер кіреді. Сондықтан да зерттеу жұмысының негізгі жаңалығы қазақ тілін оқыту контексінде корпустық әдістердің лексикалық дағдыларға әсері алғаш рет жүйелі түрде зерттеледі.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысының мақсатына сәйкес қазақ тілін оқытуда корпустық лингвистиканы қолданудың әдістемелік алғышарттары айқындалды. Сондай-ақ корпустық технологияларды оқу үдерісінде қолданудың әдістемелік моделін анықтау мақсатында кешенді зерттеу жүргізілді. Зерттеу барысында сапалық және сандық әдістер (мәтіндік деректі жиілік, сөздердің корреляциялық коэффициенттері, коллакация семантикалық кодтау) үйлестіре қолданылды.

Теориялық талдау әдісі негізінде корпустық лингвистика (А. Жұбанов, Жаңабекова) мен тіл үйрету әдістемесі саласындағы соңғы зерттелген еңбектерге (Alex Boulton, Shelley Staples және Laurence Anthony және т.б.) шолу жасалды. Бұл еңбектер жүйелі түрде талдана отырып, тілді оқытудағы корпустық тәсілдің теориялық-әдістемелік негіздері айқындалды. Сонымен қатар Н.Д. Гальского, Н.И. Гез, П.В. Сысоев, А.В. Хуторской секілді әдіскер-ғалымдардың еңбектеріндегі лингводидактикалық ұстанымдар мен құзыреттілік негіздері зерттеудің теориялық базасын құрады. Жүйелеу мен модельдеу әдістері арқылы қазақ тілін оқытудағы корпустық тәсілдің әдістемелік моделін жасауға мүмкіндік берді. Мақаланың практикалық

бөлімінде үлгілік оқу бағдарламасындағы мәтіндер негізінде жасалған шағын корпус Voyant Tools платформасында талданды. Бұл әдіс білім алушылардың лексикалық дағдыларын деректерге негізделген тәсіл арқылы дамытуға мүмкіндік беретін DDL принциптерін нақты мысалда көрсетуге бағытталды.

Лексикалық дағдыларды қалыпастырудың кезеңдері, оқу алгоритмі мен тапсырма типтері теориялық тұрғыдан құрылымдалып, жүйеленіп сипатталды. Атап айтсақ, П.В. Сысоев ұсынған корпус негізіндегі алты типті тапсырма (лексикалық мағынаны анықтау, полисемияны зерттеу, мағынасы жақын сөздердің айырмашылығын айқындау және т.б.) қазақ тілін оқыту контексіне бейімделіп, әдістемелік үлгілер ұсынылды. Сонымен қатар зерттеу нәтижелерін түсіндіру мен тұжырым жасау барысында интерпретациялық және дедуктивтік талдау әдістері қолданылды. Бұл әдістер теориялық деректер мен эмпирикалық материалдар арасындағы өзара байланысты ашуға және қазақ тілін оқытуда корпустық тәсілді қолданудың тиімді бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер және талқылау

Корпустық лингвистика тіл үйретудегі лексиканы іріктеу, сөздерді мәнмәтінге сай ұсыну, сөздердің тіркесімділігін дұрыс меңгерту үшін эмпирикалық және әдістемелік негіз бола алады. DDL (data-driven learning) әдістемесі мен корпусқа негізделген сабақтар білім алушыға тілдік деректерді өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беріп, лексиканы мағыналы түрде меңгертуге зор ықпал етеді. Бұл тұжырымдар корпус методологиясының педагогикалық рөлін сипаттаған әлемдік зерттеулерде де көрініс тауып келеді. Осы салада ізденуші Дилин Льюдің еңбегінде корпустық оқыту әдістерінің лексиканы меңгеруге оң әсерін көрсеткен бірқатар эмпирикалық зерттеулерді талдайды. Зерттеулер әдістемелік тұрғыдан әртүрлі болғандықтан, тәжірибелік қолдану тұрғысынан нақты оқу үдерісіне бейімдеу қажеттігін атап көрсетеді [5]. Бұл біздің талдауымыздағы корпустық лингвистиканы тілді оқытуда қолданудың әдістемелік модельдері мен оның негізгі әдістемелік алғышарттарын анықтауға негіз болды.

Лингвистикалық корпус арқылы білім алушылардың лексикалық дағдыларын қалыптастырудың *негізгі әдістемелік алғышарты* – тіл үйренушілердің қатысымдық құзыреттілігі жеткілікті деңгейде қалыптасқан болуы. Бұл олардың сөзді қолданылу контексінде дұрыс түсінуіне мүмкіндік береді. Тілді үйретуде лингвистикалық корпусты қолдану мәселесіне арналған бірқатар әдістемелік еңбектерде зерттеушілер білім алушылардың тілді Еуропалық деңгейлік жүйе бойынша B1-B2 деңгейінде меңгеруі қажеттігін атап өтеді [6]. Осы дейгейде ғана олар лингвистикалық корпусты оқу және зерттеу іс-әрекетінде тиімді қолдана алады. А.А. Багарян [7, 76 б.] өз еңбектерінде білім алушылардың үйренуші тілді жетік меңгермеуі нақты жұмыс барысында грамматикалық ерекшеліктерді талдауда, сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын корпус деректері негізінде анықтауда тілдік заңдылықтарды ажыратуда қиындық туғызатынын айтады. Сонымен қатар

корпустық деректерді оқу үдерісінде тиімді қолдану үшін білім алушылардың лексика саласындағы әлеуметтік-мәдени және лингвистикалық білімдері қалыптасқан болуы қажет. Н.Д. Гальского мен Н.И. Гез [8, 167 б.] оның құрамына төмендегілерді кіргізеді:

1. Лексика саласындағы әлеуметтік-мәдени білімдер мен біліктер:

- эквиваленті жоқ лексиканы (басқа тілде дәл аудармасы жоқ сөздер мен тіркестерді) білу және оны мәтіндерде дұрыс түсіне білу (анықтамалықтар мен сөздіктерді пайдалану арқылы);
- үйренуші тілдегі күнделікті тұрмысқа қатысты сөздерді меңгеру (валюталық атаулар, салмақтық және қашықтық өлшемдері, уақыттық көрсеткіштер, жол қозғалысының белгілері);
- сөйлеу мен этикалық мәдениет формаларын білу (ересектердің өзінен кішілерге, оқушылардың оқытушыларына, түрлі жас пен әлеуметтік топ өкілдерінің өзара қарым-қатынасындағы ерекшеліктер) және сөйлеу мінез-құлқын сол елде қалыптасқан тілдік әдеп талаптарына сай құрастыру;


2. Лексика саласындағы лингвистикалық білімдер:

- сөздік бірліктердің сөзжасамдық заңдылықтарын және олардың басқа сөздермен тіркесу ерекшеліктерін меңгеруі;
- атауыш және көмекші сөздердің сөйлем мен мәтін ішінде байланыс құралы ретінде қолданылуын меңгеру;
- жекелеген сөздердің этимологиясын (шығу тегін) білу;
- түрлі тілдерде әртүрлі жолмен берілетін ұғымдардың мағыналық ерекшеліктерін түсіну [8, 169 б.].

Аталған білім мен біліктерді меңгеру дейгейі тілдік құзыреттіліктің B1-B2 деңгейіне сәйкес келетіні анық. Сондықтан да лингвистикалық корпус арқылы білім алушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың бірінші әдістемелік шарты – олардың оқу басталған сәтте үйренуші тілде қатысымдық құзыреттілігі қалыптасқан болуы керек.

DDL (Data-Driven Learning) әдісі бойынша білім алушыларға оқу мәтінінен алынған деректерді Voyant Tools платформасында ұсыну моделі талданды. Мұндағы жиілік бұлты (Cirrus) арқылы мәтіндегі ең жиі кездесетін лексемаларды анықтап, олардың контексте қолданылу ерекшеліктері талданады. Бұл тапсырма үлгілері лексикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталып, жиілік пен тіркесімділікке негізделген шынайы тілдік деректерді өздігінен зерттеу қабілетін арттырады. Voyant Tools жабық платформасында Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытатын сыныптарға арналған Г. Косымова, Ш. Ерхожина, Г. Каримовалардың орыс тілінде оқытатын жалпы білім беретін мектептердің 10-сыныбына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқулығынан 11-12 сабақтың мәтіні бойынша талдау үлгілері ұсынылды [9,71-б.].

Мәліметтер корпус базасында талданып, автоматты түрде алынды. Төменде 1-кестеде жалпы саны 158 сөзден тұратын мәтіндегі сөздердің жиілігінің динамикасы 1-суретте берілді.



Сурет 1 - Талдау мәтіні бойынша сөздер жиілігінің динамикасы

Жоғарыда мәтін сегменттерінде жиі қолданылатын сөздердің салыстырмалы динамикасын көрсетеді. Мәтін 10 сегментке бөлініп, сөздердің қайталануы сондағы әрбір өлшем бойынша талданған. Cirrus-құралы мәтіндегі басты лексемаларды анықтап, білім алушыларға тақырыптық сөздерді табуға мүмкіндік береді. Бұл лексикалық минимумды айқындап, DDL негізінде жаңа сөздерді мағыналық өрістер арқылы үйретуге ықпал етеді. Ал мәтін ішіндегі доминант сөздер Cirrus негізінде анықталып, ол 2-суретте көрсетілді.

Корпустық технологиялар негізінде талдау жасау үлгілері тіл үйрету үдерісінде маңызды әдістемелік құралға айналып отыр. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, деректерге бағытталған оқыту (DDL) тәсілінде жиілік көрсеткіштерін сабақ барысында қолдану білім алушылардың лексикалық бірліктерді меңгеруін жеңілдететінін бұған дейінгі еңбектерде де дәлелденген. Мысалы, түрік зерттеушілері Сибель Тосун, Хатидже Софу 2023 жылы Туркиядағы мемлекеттік университеттің білім алушыларына жүргізген экспериментінде корпустық конкорданстан өткен топ дәстүрлі сөздік әдіспен оқыту топтарынан pre-test пен post-test нәтижелерінде айтарлықтай жақсы нәтиже көрсеткенін жазады [10]. Сонымен бірге лемма мен токен деңгейіндегі жиілік корреляциясы тіл үйренушілердің сөз тану және қолдану жылдамдығымен тікелей байланыста екені де психолингвистикалық зерттеулерде дәлелденген.

Әдістемелік тұрғыдан алғанда, жиілік сегментін талдау сабақ дизайнына екі бағытта ықпал етеді: біріншіден, оқытушы лексикалық минимумды (жоғары жиіліктегі леммалар тізімін) нақтылайды; екіншіден, оқушыға дербес зерттеуші рөлін беру арқылы металингвистикалық хабардарлығын арттырады. Мәтін бойынша корпустық талдауларға қарап, жиі кездесетін сөздер бойынша сұрақ туындау арқылы мәтін мазмұнына

анализ жасайды. Сонымен қатар жиілік көрсеткіштеріне негізделген сөздік және мәтіндік жаттығулар (мысалы, ең жоғары жиіліктегі 20 лемма бойынша gap-fill, коллокациялық сұрыптау) оқытудың нәтижелілігін арттыратыны тәжірибеде дәлелденген. Лингвистикалық корпус арқылы білім алушылардың лексикалық дағдыларын қалыптастырудың екінші әдістемелік алғышарты – оқу үдерісінің барысында тіл үйренушілердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттіліктерінің қалыптасқан болуы керек. А.В. Хуторскойдың пайымдауынша, бұл ұғым адамның қажетті ақпаратты өз бетінше іздеу, оны жүйелеу, өңдеу, сақтау және басқа адамдарға жеткізу қабілетін білдіреді. Сонымен қатар аталған үдерістердің теледидар, компьютер, телефон, принтер, факс, модем, магнитофон сияқты техникалық құралдардың, сондай-ақ электрондық пошта, аудио, бейнежазбалар, бұқаралық ақпарат құралдары мен интернетті қамтитын ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асырылатыны атап көрсетіледі [11]. Сондықтан қазіргі қазақ тілін оқыту әдістемесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалану, әсіресе корпусқа негізделген цифрлық ресурстарды енгізу ерекше маңызға ие. Цифрлық технологияларды, соның ішінде лингвистикалық корпустарды қолдану білім алушылардың оқу мотивациясын арттырып, мәтінмен зерттеушілік бағытта жұмыс істеу қабілетін дамытады [12].

Орыс зерттеушілері П.В. Сысоев пен М.Н. Евстигнеев еңбектерінде АКТ құзыреттілігінің құрамдас бөліктерін толық зерттеп, оның шеңберіне қазіргі әлеуметтік сервистер мен қызметтердің әдістемелік әлеуеті туралы білімді ғана емес, сонымен қатар төмендегі іскерліктерді қамтитынын айтады:

- оқу мақсатына сәйкес ғаламтор желілерінен ресурстарды іздеу мен іріктей алу;
- белгілі бір тақырып бойынша интернет-ресурстарды бағалау және сын тұрғысынан талдау;
- оқу интернет-ресурстарын жасау;
- сөйлеу әрекетінің түрлерін дамытуда веб 1.0 технологияларын пайдалану (ICQ, веб-форум, электрондық пошта);
- тіл үйренуде лингвистикалық корпусты қолдану;
- желілік тестілерді құрастыру үшін электрондық платформаларды пайдалану [13].



Сурет 2 - Талдау мәтіні бойынша сөздік бұлт (Мәтін Г.Қосымова, Ш.Ерхожина, Г.Каримованың оқу орыс тілінде жүретін 10-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқулығынан алынды) (ішкі жабық ресурс).

Суреттегі сөздік бұлт (world cloud) мәтіндегі жиі кездесетін сөздердің көлемін анықтайды. Бұл жерде көрсетілген әр сөздің өлшемі оның жиілігіне сәйкес келеді: жиі кездесетін сөздер көлемді етіп, сирек кездесетін сөздер ұсақ етіп беріледі. Мұндағы адам, табиғат, әрбір, тал сөздері мәтіннің негізгі өзегін құрап тұр. Жиілік бұлттары корпус деректерін көрнекі әрі тәжірибе жүзінде тиімді етіп ұсынуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар осы мәтін ішіндегі лексикалық бірліктердің арасындағы корреляциялық байланысты да осы корпустық талдау негізінде орындауға болады. Бұл сөздердің жиі қолданылу деңгейінен бөлек олардың семантикалық жақындығын көрсетеді.

Выражени…	←	→	Выражени…	Корреляци…	Значимост…
керек			әрбір	0.7637626	0.010130721
біз			тұрған	0.6666667	0.035265204
біздің			тал	0.6666667	0.035265204
керек			тал	0.6666667	0.035265204
табиғаттағы			тұрған	0.6666667	0.035265204
тал			қажет	0.6666667	0.035265204
тұрған			өсіп	0.6666667	0.035265204
адам			табиғат	0.6329621	0.04949659
пен			табиғат	0.6201737	0.05576653
адам			пен	0.61237246	0.059837874
адам			табиғаттың	0.61237246	0.059837874
тал			әрбір	0.50917506	0.13280109
тұрған			әрбір	0.50917506	0.13280109
біз			табиғаттағы	0.375	0.28563663
біз			өсіп	0.375	0.28563663
біздің			керек	0.375	0.28563663
біздің			табиғатты	0.375	0.28563663
біздің			қажет	0.375	0.28563663
керек			табиғатты	0.375	0.28563663

Сурет 3 - Лексикалық бірліктердің корреляция коэффиценті мен сөздердің семантикалық және контекстік байланысы

1. Жоғарыдағы 3-суретте көрсетілгендей мәтіндегі лексикалық бірліктердің корреляция коэффициенті сөздердің семантикалық және контекстік байланысын дәл анықтауға мүмкіндік беріп отыр. Бұл зерттеу моделі мәтіндегі доминант ұғымдардың мағыналық қыры мен функционалдық қызметін аша түседі. Ең жоғары корреляциялық байланыс *керек-әрбір* лексемалары арасында (r=0.76). Бұл сөздерді автор табиғатты қорғау мәселесін адам әрекетімен байланыстыра отырып, экологиялық талаптарды айқындауда жиі қолданған. Жоғарыдағы көрсеткіш мәтіндегі адам-табиғат-экологиялық міндет деген үштағанның мәтінде біртұтас концепт құрап тұрғанын дәлелдейді. Ал орташа корреляция көрсеткіштері (r»Лингвистикалық корпусты сөздердің мағынасын анықтау үшін қолдануға арналған тапсырмалар;

2. Лингвистикалық корпусты сөздің көпмағыналылығын (полисемиясын) зерттеу үшін пайдалану тапсырмалары;

3. Лингвистикалық корпусты етістіктерді үйретуде қолдануға арналған тапсырмалар;

4. Лингвистикалық корпусты лексика-грамматикалық тест тапсырмаларын құрастыру үшін пайдалану;

5. Лингвистикалық корпусты мағынасы жағынан жақын сөздердің контексте қолданылуындағы айырмашылықтарын анықтауға арналған тапсырмалар.

Осы ретте корпустық технологиялардың басты ерекшелігі – тілдік құбылыстарды интуицияға емес, нақты статистикалық деректерге сүйеніп оқыту мүмкіндігі. Осы тұрғыдан алғанда әртүрлі типтегі корпустар бар. Олар: референттік, параллель, мониторингтік – тіл үйретудің мақсат-міндеттеріне сай жеке әдістемелік рөл атқарады. Референттік немесе ұлттық корпустар – тілдің түрлі стильдік және жанрлық қабаттарын қамтитын кең ауқымды деректер жиынтығы. Қазақ тілін оқыту тәжірибесінде Қазақ тілінің ұлттық корпустары (https://qazcorpus.kz - жалпы сөзқолданыс саны – 65 000 000, https://qazcorpora.kz – 2024 жыл 10 млн сөзқолданыс) осы типке жатады. Мұндай корпустардың әдістемелік маңызы – тіл үйренушілерге жиілік принципіне негізделген лексикалық минимумды ұсыну және мәнмәтіндік қолданыстар арқылы мағынаны түсінуге мүмкіндік беруінде. Мысалы, жиілікке сәйкес тапсырмалар құрастыру, коллакацияларды сәйкестендіру, бос орындарды толықтыруға арналған жаттығулары (gap-fill) арқылы білім алушыларға сөздердің табиғи қолданысын меңгертуге болады. Бұл бағыттағы зерттеулерде Dilin Liu (2018) мен Alex Boulton (2012) сынды шетелдік зерттеушілер корпустардың тіл үйретуде жиілік пен контекст байланысын көрсету тұрғысынан тиімділігін дәлелдеген. Сонымен қатар мәтіндердің корпусын параллель корпус ретінде жасау білім беруде, ең алдымен, тіл үйретуде бейімдеп қолдануға жол ашады. Мысалы, лексикалық минимумдарды автоматты түзу мен лексикографиялық материалдарды әзірлеуде дерек болады [14].

Оқу корпустары (learner corpora) – тіл үйренушілерге арналған ақпараттық-корпустық ресурс, оқытушылар мен білім алушыларға арналған

лингвистикалық құралдармен жабдықталған тіл меңгерту бағытындағы электронды мәтіндер жинағынан тұрады. Бұл корпус типтері арқылы оқу үдерісінде жиі кездесетін грамматикалық және лексикалық қателерді анықтап, сол қателердің алдын алуға бағытталған мақсатты жаттығулар құрастыруға болады. Мысалы, білім алушылардың типтік қателері негізінде: *қате және дұрыс нұсқаны сәйкестендір* немесе *мәнмәтінге сәйкес дұрыс форманы таңда* сияқты тапсырма түрлерін ұсынуға болады. Alex Boulton, Shelley Staples және Laurence Anthony [5] еңбектерінде оқу корпустары тіл үйренушілердің интерференциялық ерекшеліктерін ескеруге және жеке бағдарланған түзету жұмыстарын ұйымдастыруға зор мүмкіндік беретіні дәлелденген. Ал қатысымдық жаттығулар үшін сұхбаттар мен диалогтардан құралып, транскрипцияланған мәтіндер жинағы Ауызша ішкорпустарды қолдануға болады. Қазақ тілін оқытуда ауызша корпус материалдары арқылы сөйлеу тілінде жиі қолданылатын тіркестерді, интонациялық үлгілерді меңгертуде тиімді. Бұл тәсіл білім алушыларды шынайы қатысым жағдайларында өз ойын еркін жеткізу қабілетін дамытады. Жалпы алғанда тапсырма түрлеріне қарай іріктелген ішкорпустардың түрлері, олардың әдістемелік әлеуеті құрылымдық ерекшелігі мен зерттеу мақсатына сай айқындалады.

Жоғарыда аталған тапсырма түрлері білім алушылардың зерттеушілік және оқу әрекеті нақты жоспарланып, бағытталуы қажет екенін көрсетеді. Сонымен қатар мұндай тапсырмалар лексикалық дағдыларды келесі бағыттарда қалыптастыруы қажет:

- сөздің визуалды бейнесі мен оның мағынасын сәйкестендіру;
- сөздердің мағынасын мәнмәтін арқылы ашу;
- сөздің көпмағыналылығын мәнмәтін арқылы ашу;
- сөздің мағынасын графикалық белгілер арқылы түсіну (аффиксация, конверттелген лексикалық бірліктер, кірме сөздер және т.б.);
- мағынасы жағынан ұқсас сөздердің қолданыс айырмашылығын табу.

Осыған байланысты әдістемелік шарт ретінде келесі тапсырмаларды қолдану ұсынылады:

А) сөздің мағынасын анықтауға арналған;

Ә) полисемияны зерттеуге арналған;

Б) мағынасы жақын сөздердің айырмашылығын айқындауға арналған;

В) жазылуы ұқсас сөздерді саралауға арналған тапсырмалар.

Жоғарыда талданған мәліметтер көрсеткендей, корпустық деректерді оқу үдерісіне дұрыс кіріктіру үшін, алдымен тиімді ұйымдастырылған әдістеме мен нақты құрылымдалған оқыту алгоритмі қажет. Осыған байланысты лексикалық дағдыларды қалыптастырудың негізгі әдістемелік алғышарттарының ең басты шарты да осы. Зерттеу еңбектеріне жүргізілген талдау нәтижесі корпустық лингвистиканы пайдалану арқылы лексикалық дағдыларды тиімді қалыптастыру әдістемелік шарттарды сақтағанда ғана жүзеге асатынын көрсетеді:

- оқу үдерісі басталғанға дейін білім алушылардың АКТ құзыреттілігінің жеткілікті деңгейде қалыптасуы (корпустық технологияларды оқу үдерісінде еркін қолдану);
- білім алушылардың тілдік коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасқан болуы;
- оқыту барысында келесі типтегі тапсырмаларды пайдалану:

а) сөздің мағынасын анықтау;

ә) сөздің көпмағыналығын (полисемиясын) зерттеу;

б) мағынасы ұқсас сөздердің айырмашылығын айқындау;

в) жазылуы ұқсас сөздерді ажырату;

- оқу кезеңдері мен қадамдары нақты айқындалған оқыту алгоритмін сақтау.

Қорытынды

Тілді оқыту үдерісінде корпустық лингвистиканы қолдану тілді үйретудің дәстүрлі әдістемесіне жаңа мазмұн мен ғылыми негіз енгізетінін көрсетті. Оқыту үдерісінде корпустық тәсілдерді қолдану тілдің функционалдық табиғатын ашып, білім алушылардың аналитикалық және зерттеушілік ойлау қабілеттерін дамытады. Зерттеу барысында корпустық лингвистиканың әдістемелік әлеуеті жүйелі түрде қарастырылып, қазақ тілін оқу үдерісінде корпустық технологияны қолданудың әдістемелік моделінің үлгілері көрсетіліп, оның шарттары айқындалды. Қазақ тілін оқыту тәжірибесіне корпустық лингвистиканы енгізу – тіл үйретудің деректерге негізделген жаңа парадигмасын қалыптастырады. Бұл тәсіл білім алушылардың тілдік материалды мағыналық және контекстік байланыста меңгеруін қамтамасыз етіп, олардың зерттеушілік ойлауын, сыни талдау қабілетін және сөз қолданысын нақты коммуникативтік жағдаяттарда жүзеге асыру дағдысын дамытады.

Қаржыландыру туралы ақпарат: бұл мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті тарапынан гранттық қаржыландырылған «AP25794379 Қазақ тілін оқытуда корпустық лингвистиканы қолдану арқылы лексикалық дағдыларды қалыптастыруды зерттеу және оның әдістемесін әзірлеу» ғылыми жобасы аясында жарияланды (Жоба жетекшісі – А.Н.Ораз, орындау мерзімі – 2025-2027 ж.).

ӘДЕБИЕТ

[1] Пассов Е.И. Теоретические основы обучения иноязычному говорению. – Воронеж: Издательство ВГУ, 1983. – 199 с.

[2] Жұбанов А.Қ. Қолданбалы лингвистика: қазақ тілінің статистикасы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 209 б.

[3] Johns T., & King P. (Eds.). Classroom concordancing. English Language Research Journal. – 1991. – № 4. – III–IV.

[4] Liu D., & Lei L. Using corpora to teach vocabulary // The TESOL Encyclopedia of English Language Teaching. – 2018. – Pp. 1-8. DOI: https://doi.org/10.1002/9781118784235.eelt0844

[5] Staples S., & Anthony L. Corpus linguistics in EFL language teaching: Insights from research and practice. JALT Journal. – 2023. – № 2. – Pp. 246-263. DOI: https://doi.org/10.37546/JALTJJ45.2-4

[6] Council of Europe, Council for Cultural Co-operation, Education Committee, Modern Languages Division. Common European Framework of Reference for Languages: Learning, teaching, assessment. – Cambridge : Cambridge University Press, 2001. – 234 p.

[7] Багарян, А.А. Методика расширения коллокационной осведомленности студентов языковых факультетов (английский язык) : автореф. дис. … канд. пед. наук. – Сочи, 2004. – 144 с.

[8] Гальскова Н. Д., Гез Н. И. Теория обучения иностранным языкам. Лингводидактика и методика. – Академия, 2013. – С. 334-334.

[9] Косымова Г., Ерхожина Ш., Каримова Г. Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы: Мектеп. 2019. – 216 с.

[10] Tosun S., & Sofu H. The effectiveness data-driven vocabulary learning: Hands-on concordancing through a pedagogical corpus // Journal of Language and Education. – 2023. – Vol. 9, № 3 (35). – Pp. 176-190. DOI: https://doi.org/10.17323/jle.2023.12426

[11] Khutorskoy A. V. Key competencies as a component of the personality-oriented paradigm of education //Public education. – 2003. – T. 2. – P. 58-64.

[12] Akasheva A.O., Magauova A.S., Segizbayeva M.A. Linguistic corpus teaching methodology in the study of colour terms to increase students' language competences // Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Series Pedagogical Sciences. – 2025. – T. 76. – № 1. – P. 416–428. DOI: https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.76.1.027

[13] Сысоев П. В., Евстигнеев М. Н. Компетенция учителя иностранного языка в области использования информационно-коммуникационных технологий: определение понятий и компонентный состав //Иностранные языки в школе. – 2011. – №6. – С. 16-20.

[14] Аитова Н.Н., Бақытқызы М.М. Қазақ фольклорлық мәтіндерінің корпусы: ғылыми талдау және зерттеу мүмкіндіктері //Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. – Т. 152. – № 3. – С. 11-27. DOI: https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-152-3-11-27

REFERENCES

[1] Passov E.I. Teoreticheskie osnovy obuchenija inojazychnomu govoreniju [Theoretical foundations of teaching foreign language speaking]. – Voronezh: Izdatel'stvo VGU, 1983. – 199 s. [In Rus.]

[2] Zhubanov A.Q. Qoldanbaly lingvistika: qazaq tilinin statistikasy [Applied linguistics: statistics of the Kazakh language]: Oqu quraly. – Almaty: Qazaq universiteti, 2004. – 209 b. [In Kaz.]

[3] Johns T., & King P. (Eds.). Classroom concordancing. English Language Research Journal. – 1991. – № 4. – III–IV.

[4] Liu D., & Lei L. Using corpora to teach vocabulary // The TESOL

Encyclopedia of English Language Teaching. – 2018. – Pp. 1-8. DOI: https://doi.org/10.1002/9781118784235.eelt0844

[5] Staples S., & Anthony L. Corpus linguistics in EFL language teaching: Insights from research and practice. JALT Journal. – 2023. – № 2. – Pp. 246-263. DOI: https://doi.org/10.37546/JALTJJ45.2-4

[6] Council of Europe, Council for Cultural Co-operation, Education Committee, Modern Languages Division. Common European Framework of Reference for Languages: Learning, teaching, assessment. – Cambridge: Cambridge University Press, 2001. – 234 p.

[7] Bagarjan, A.A. Metodika rasshirenija kollokacionnoj osvedomlennosti studentov jazykovyh fakul'tetov (anglijskij jazyk) [Methodology for expanding the collocation awareness of students of language faculties (English language)]: avtoref. dis. … kand. ped. nauk. – Sochi, 2004. – 144 s. [In Rus.]

[8] Gal'skova N. D., Gez N. I. Teorija obuchenija inostrannym jazykam. Lingvodidaktika i metodika [Theory of teaching foreign languages. Lingvodidactics and methodology.]. – Akademija, 2013. – S. 334-334. [In Rus.]

[9] Qosymova G., Erhozhina Sh., Karimova G. Qazaq tili men adebieti [Kazakh language and literature]. – Almaty: Mektep. 2019. – 216 c. [In Kaz.]

[10] Tosun S., & Sofu H. The effectiveness data-driven vocabulary learning: Hands-on concordancing through a pedagogical corpus // Journal of Language and Education. – 2023. – Vol. 9, № 3 (35). – Pp. 176-190. DOI: https://doi.org/10.17323/jle.2023.12426

[11] Khutorskoy A. V. Key competencies as a component of the personality-oriented paradigm of education //Public education. – 2003. – T. 2. – P. 58-64.

[12] Akasheva A.O., Magauova A.S., Segizbayeva M.A. Linguistic corpus teaching methodology in the study of colour terms to increase students' language competences // Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Series Pedagogical Sciences. – 2025. – T. 76. – № 1. – P. 416–428. DOI: https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.76.1.027

[13] Sysoev P. V., Evstigneev M. N. Kompetencija uchitelja inostrannogo jazyka v oblasti ispol'zovanija informacionno-kommunikacionnyh tehnologij: opredelenie ponjatij i komponentnyj sostav [Competence of a foreign language teacher in the field of using information and communication technologies: definition of concepts and component composition]//Inostrannye jazyki v shkole. – 2011. – №6. – S. 16-20. [In Rus.]

[14] Aitova N.N., Baqytqyzy M.M. Qazaq fol'klorlyq matinderinin korpusy: gylymi taldau zhane zertteu mumkindikteri [Corpus of Kazakh folklore texts: possibilities for scientific analysis and research]//L.N.Gumilev atyndagy Eurazija ulttyq universitetinin Habarshysy. Filologija serijasy. – 2025. – T. 152. – № 3. – S. 11-27. DOI: https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-152-3-11-27 [In Kaz.]

МЕТОДИЧЕСКИЕ ВОЗМОЖНОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ КОРПУСНОЙ ЛИНГВИСТИКИ В ОБУЧЕНИИ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ

*Ораз А.Н.[1], Маликов К.Т.[2], Байгутова Д.Н.[3]
*[1,3]Южно-Казахстанский педагогический университет им. О.Жанибеков, Шымкент, Казахстан
[2]Л.Н. Гумилев атындағы Евразийский национальный университет, Астана, Казахстан

Аннотация. В статье рассматриваются методические основы применения корпусной лингвистики при формировании лексических навыков обучающихся в процессе обучения казахскому языку. Актуальность исследования обусловлена необходимостью внедрения новых, основанных на языковых данных подходов к формированию лексических навыков в современной образовательной практике. Цель исследования заключается в определении методических предпосылок использования корпусных технологий в обучении казахскому языку и выявлении их эффективности в развитии лексических навыков обучающихся. В статье анализируются возможности корпусной лингвистики в расширении словарного запаса обучающихся, понимании значения слов в естественном контексте и выявлении различий в употреблении близких по значению языковых единиц. В качестве методов исследования использованы теоретический анализ, сравнение, систематизация и обобщение, а также качественные и количественные методы педагогического исследования. Кроме того, были проанализированы частотность текстовых данных, корреляционные связи между лексическими единицами и особенности их коллокационного употребления. На закрытой платформе Voyant Tools рассмотрены возможности анализа текстов из учебника «Казахский язык и литература», предназначенного для классов с обучением казахскому языку как второму. Показано, что интеграция корпусного анализа в образовательный процесс способствует развитию языковой компетенции обучающихся посредством выявления частотности, сочетаемости и семантических связей лексических единиц, а также повышает их исследовательскую и коммуникативную активность. Кроме того, представлены основные методические предпосылки применения корпусного подхода в обучении языку и предложены модели использования корпусных технологий в образовательном процессе. Результаты исследования свидетельствуют о высоком методическом потенциале корпусной лингвистики в отборе лексического материала, объяснении значений слов в контексте, освоении особенностей сочетаемости слов и развитии исследовательских навыков обучающихся.

Ключевые слова: казахский язык, корпусная лингвистика, лексические навыки, эффективность обучения, методика преподавания языка, образовательный процесс, корпусные технологии, подход

METHODOLOGICAL POSSIBILITIES OF APPLYING CORPUS LINGUISTICS IN TEACHING THE KAZAKH LANGUAGE

*Oraz A.N.[1], Malikov K.T. [2], Baigutova D.N.[3]
*[1,3]O. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan
[2]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Abstract. This article examines the methodological foundations of applying corpus linguistics to the development of learners' lexical skills in the process of teaching the Kazakh language. The relevance of the study is determined by the growing need for data-driven approaches to lexical skills development in contemporary language education. The aim of the research is to identify the methodological prerequisites for the use of corpus technologies in teaching Kazakh and to demonstrate their effectiveness in fostering learners' lexical competence. The article explores the potential of corpus linguistics for expanding learners' vocabulary, understanding word meanings in authentic contexts, and distinguishing between semantically related lexical units. The research employs theoretical analysis, comparison, systematization, and generalization, as well as qualitative and quantitative research methods. In addition, the frequency of textual data, correlations among lexical units, and collocational patterns were analyzed. The study also investigates the possibilities of text analysis using the closed-access Voyant Tools platform based on materials from the textbook "Kazakh Language and Literature" designed for learners studying Kazakh as a second language. The findings demonstrate that integrating corpus analysis into the educational process enhances learners' linguistic competence by enabling them to identify the frequency, collocational behavior, and semantic relationships of lexical items, while simultaneously promoting their research and communicative skills. Furthermore, the article proposes key methodological prerequisites for the implementation of corpus-based approaches in language teaching and presents models for incorporating corpus technologies into the learning process. The results indicate that corpus linguistics possesses significant methodological potential for selecting lexical material, explaining word meanings in context, mastering collocational patterns, and developing learners' analytical and research skills.

Keywords: Kazakh language, corpus linguistics, lexical skills, teaching effectiveness, language teaching methodology, educational process, corpus technologies, approach

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 03.01.2026.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 26.06.2026.

Авторлар туралы мәлімет:
Ораз Айдана Нурмаханқызы – PhD, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педаогогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан, e-mail: Aydana.oraz.1997@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-4283-9483

Маликов Қуанышбек Тұрарбекұлы – филология ғылымдарының кандидаты, доцент. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, e-mail: k.malikov@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-1563-1927

Байғұтова Динара Нышанқызы – филология ғылымдарының кандидаты, доцент. Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педаогогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан, e-mail: dinar_1378@mail.ru, https://orcid.org/0009-0002-2001-818X

Информация об авторах:

Ораз Айдана Нурмаханкызы – автор для корреспонденции, PhD. Южно-Казахстанский педагогический университет имени О.Жанибекова, Шымкент, Казахстан, e-mail: Aydana.oraz.1997@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-4283-9483

Маликов Куанышбек Турарбекович – кандидат филологических наук, доцент. Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан, e-mail: k.malikov@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-1563-1927

Байгутова Динара Нышановна – кандидат филологических наук, доцент. Южно-Казахстанский педагогический университет имени О.Жанибекова, Шымкент, Казахстан, e-mail: dinar_1378@mail.ru, https://orcid.org/0009-0002-2001-818X

Information about the author:

Oraz Aidana Nurmakhankyzy – corresponding author, PhD. O. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan, e-mail: Aydana.oraz.1997@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-4283-9483

Malikov Kuanishbek Turarbekuly – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor. L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, e-mail: k.malikov@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-1563-1927

Baigutova Dinara Nyshankyzy – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor. O. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan, e-mail: dinar_1378@mail.ru, https://orcid.org/0009-0002-2001-818X

ӘОЖ 376
ҒТАМР 14.25.09
https://doi.org/10.48371/PEDS.2026.82.3.027

БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ АЙТЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Анарбаева А.Қ.[1], *Таутаева Г.Б.[2], Ахатаева Ұ.Б.[3], Уристенбекова Г.К.[4]
[1,*2,3,4]Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі таңда білім беру саласында цифрлық технологиялардың дамыған кезеңінде білім алушылардың айтылым дағдысын қатар дамыта алу мәселесі кеңейтілген зерттеуді қажет ететіндей ауқымды тақырыптардың бірі. Мақалада бастауыш білім беру үдерісінде цифрлық технологиялардың білім алушылардың айтылым дағдыларын дамытуға қаншалықты ықпал ететіндігін анықтау барысында авторлық әдістеме әзірленді. Ал, әдістеменің тиімділігін анықтау мақсатында тәжірибелік және бақылау топтарына зерттеулер жүргізілді.

Зерттеуге Шымкент қаласындағы жалпы білім беретін мектептен ортақ саны 50 білім алушы қатысты. Тәжірибелік сыныпта 25, бақылау сыныбында 25 білім алушыны құрады. Зерттеу барысында білім алушылардың цифрлық технологияларға көзқарасын анықтау мақсатында Likert шкаласына негізделген авторлық сауалнама жүргізілді және айтылым дағдысының деңгейін бағалау үшін Т.А. Фотекова ұсынған «Сөздерден сөйлем құра» әдістемесі алынды. Авторлық сауалнаманың ішкі үйлесімділігі Cronbach's alpha көрсеткіші арқылы бағаланды. Анықтау және бақылау кезеңінде SPSS бағдарламасы арқылы зерттеу нәтижелері жинақталды. Айтылым дағдысы бойынша әдістеме нәтижелері pre-post өлшемдері арқылы бағаланды. Тәжірибелік топқа оқыту айтылымды дамытуға арналған цифрлық технологияларға негізделген әдістемемен жүзеге асырылса, бақылау тобында оқыту дәстүрлі түрде жүргізілді. Қалыптастыру кезеңіндегі жүргізілген жұмыстардан соң бақылау тобы мен тәжірибелік топтың арасындағы айтарлықтай айырмашылықтар болғандығы және тәжірибелік топта айқын өзгерістердің орын алғаны байқалды. Нәтижесінде, тәжірибелік топта статистикалық мәнді көрсеткіштер анықталды. Зерттеу соңында бастауыш білім беру үрдісінде айтылым дағдысын дамыту үшін цифрлық технологияларға негізделген әдістемені қолдану барысында нәтижелердің жақсарғаны расталды.

Тірек сөздер: айтылым дағдысы, цифрлық технология, бастауыш білім беру, интерактивті тақта, әдістемелік модель, онлайн платформа, жасанды интеллект, бейнематериал

Кіріспе

Қазіргі таңдағы білім беру процесінде жаңашылдық пен үздіксіздік басты талаптардың бірі және соған сәйкес білім беру мен оқытуда білім алушылардың қызығушылығы мен белсенділігін арттыру барысында цифрлық технологиялар кеңінен қолданылуда. Бастауыш сынып білім алушыларының коммуникативті дағдыларын дамытудың және білім берудегі цифрлық технологиялардың рөлінің маңыздылығы нормативтік құжаттарда айқындалып көрсетілген. Ең әуелі, бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «Тіл және әдебиет» білім беру саласындағы пәндер мазмұнында білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру, арнайы тәсілдер қолдану керектігі көзделген [1]. Коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру барысында оның ішінде тілдік пәндерде айтылым дағдысын қалыптастыру үшін сабақ өту кезеңінде түрлі тәсілдерді қолдану тиімді әрі көздеген мақсатқа ерте жетуге көмекші бола алады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына жолдауында жасанды интеллектінің барлық адамдар мен сала түрлеріне әсер етіп жатқандығын негізге ала отырып цифрландыруға толыққанды көшуге баса назар аударған [2]. Білім беруде цифрландыруға электронды оқулықтар, онлайн байланыс құралдары, оқу платформалары, интерактивті құралдар енеді.

Бастауыш білім беру процесінде коммуникативті дағдылардың тиімді түрде қалыптасып, дамуы маңызды. Ал, цифрлық технологияларды қолдану осы коммуникативті дағдылардың құрамдас бөлігі айтылым дағдысының дұрыс әрі тиімді түрде жүзеге асуына ықпал етеді. Осылайша цифрлық технологияларды білім алушының қызығушылығы мен айтылым дағдысын бір сарынға тоғыстыра отырып тиімді түрде қолдануға болады. Қазіргі зерттеулерде көбіне цифрлық технологиялар және білім берудегі цифрлық технологиялардың маңызы мен орны зерттелгенімен, алайда цифрлық технологиялар негізінде айтылым дағдысын дамыту тақырыбы әрі оған сай негізделініп жасалған авторлық әдістемелер саны шектеулі. Осы ғылыми олқылықтың орнын толтыру мақсатында білім алушылардың айтылым дағдысын дамытуда цифрлық технологиялардың тиімді екендігін дәлелдеу негізінде авторлық әдістеме даярлау қажеттілігі туындайды.

Зерттеу сұрағы:

1. Бастауыш білім беру үдерісінде цифрлық технологияларға негізделіп әзірленген әдістеме білім алушылардың айтылым дағдысын дамытуға қаншалықты ықпал етеді?

Зерттеу мақсаты – бастауыш білім беру үдерісінде білім алушылардың айтылым дағдысын дамытудағы цифрлық технологияларды қолдану әдістемесін әзірлеу және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы тиімділігін анықтау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – бастауыш білім беру үрдісіндегі білім алушылардың айтылым дағдысын дамытуда цифрлық технологияларды қолданудағы әдістеменің және моделінің әзірленуі.

Аталған мақсатты іске асыруда «коммуникативті дағдылар», «айтылым дағдысы», «цифрлық технология» ұғымдарын зерттеген ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалынып, бастауыш білім беру үрдісінде білім алушылардың айтылым дағдысын цифрлық технологиялар арқылы дамытудың жолдары қарастырылды.

Әдебиетке шолу. «Коммуникативті дағдылар», «тілдік дағдылар», «айтылым дағдысы», «цифрландыру», «цифрлық технологиялар» жайлы ойлар мен зерттеулер отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан. Нақтырақ айтқанда, Ф.Ш. Оразбаева, Р.С Исмагулова, Г.К. Нургалиева,

А.Е. Шаймерденова, S. Almukhanbet сынды бірлескен отандық, B. Li, J. Harverson, P. Kwangmuang, M. Maulyda секілді біріккен шетелдік ғалымдар жоғарыдағы ұғымдарды тереңдете зерттеген және осы авторлардың еңбектеріне талдау жасалынды.

Р.С Исмагулова өз диссертациясында коммуникативтік дағдылардың бастауыш сыныпта топпен жұмыс жасау барысында қалыптасатындығын және бұл оқушылар арасындағы ынтымақтастықты, сыртқы ортамен қарым-қатынас жасауға деген ұмтылысты тудыратындығын баяндайды[3]. Коммуникативтік дағдылар топтық, жұптық жұмыстар арқылы және бағытталған тәсілдер арқылы қалыптасады.

Ф.Ш. Оразбаева өз еңбегінде бастауыш мектеп жасында коммуникативті дағдылардың дұрыс қалыптасуы басты әрекет, себебі жасөспірім кезеңінде дағдылардың дұрыс қалыптаспағандағы ортада, өзін-өзі ұстауында, оқуда және қарым-қатынас барысында көрініс табатындығын айта кетеді[4]. Коммуникативті дағдылардың алғашқы сатысы мектепке дейінгі жаста қалыптаса бастаса, бастауыш білім беру сатысында бұл дағдылар тиімді түрде толыққанды қалыптасу керек. Дағдылардың дұрыс бағытта қалыптасқандығы өмірде және оқуда айқын көрінеді. Ауызша сөйлеуге үйрену барысында білім алушылар ойын тек қазақша жеткізуді үйренуімен қатар, пікір айтуға, көзқарасын білдіруге де тәрбиеленеді. Ауызша сөйлеуге үйрену тек тілді меңгерумен шектелу емес, ойлау қабілетін жетілдіру, кеңейтумен де толықтырылады[5]. Айтылым дағдысын меңгеруде тек тілді немесе жалаң сөйлеуді үйреніп емес, саралап ойлауды, ойын сыртқы ортаға дұрыс әрі көркем жеткізіп сөйлеуді, қарым-қатынаста да сөздік қорды дұрыс қолдануды үйрену қажет.

Тілдік дағдылар негізгі төрт дағдының (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) дамуы арқылы қалыптасады. Бастауыш сынып білім алушылары үшін аталған дағдылар сыртқы ортамен тиімді қарым-қатынас барысында маңызды. Тілдік дағдылар бастауышта дами отырып, функционалдық сауаттылықтары да қалыптасатын болады [6]. Яғни, білім алушылар тек түсініп, дағдыларды қалыптастырып ғана қоймай өмірде өз білімдері мен қалыптасқан дағдыларын тиімді пайдалана алады. Жоғарыдағы шолуларға

сәйкес ғалымдардың зерттеулерінің ортақ тұсы – бастауыш сынып білім алушыларының коммуникативті дағдыларына және айтылым дағдыларына мән беруі. Осыған орай зерттеулердің өзіндік ерекше тұстары да бар. Айта кетсек, Р.С Исмагулова коммуникативті дағдыларды ағылшын тілін оқыту арқылы дамытудың ғылыми әдістемелерін талдап, айтылым дағдысының маңызды рөл атқаратындығын көрсетеді. Ал, А.Е. Шаймерденова коммуникативті дағдылардың психологиялық ерекшеліктеріне баса назар аударса, Ф.Ш. Оразбаева тілдік қатынастың теориялық негіздеріне мән берсе, S. Almukhanbet және біріккен ғалымдар тілдік дағдыларды дамытуда сыни ойлауға негізделген оқыту тәсілдерін қарастырады.

Г.К. Нургалиева қазіргі таңда білім беру саласын цифрландырмай, жаңа білім беру жүйесіне көшу және оны дамыту мүмкін еместігін түсіндіреді. Дәстүрлі білім беру жүйесін озық білім беру жүйесіне айналдыру маңызды. Цифрландырудың басты артықшылығы - білім беру жүйесіне жаңаша серпін әкеледі, білім алушылардың жеке дамуына ықпал жасай отырып, мұғалімдердің уақытын үнемдейді. Цифрлық технологиялардың білім беруге енуі арқылы білім алушыларға жаңа мүмкіндіктер ұсынылса, мұғалімдерге жаңа талаптар қойылады [7]. Цифрлық технологияларды қолданып білім беру барысында білім алушылар өз бетінше ілімге ізденісі артады, қосымша білім жинақтайды, өзін-өзі дамытып, дағдыларды қалыптастырады. Мұғалімдер жаңа идеялар ізденіп, үнемі жаңашылдық үстінде болады.

Цифрлық технологиялар білім беруде қашықтықтан оқытуда, тапсырмаларды даярлау кезінде, шығармашылық тапсырмалар және презентациялар орындау кезеңінде кеңінен қолданылады. Цифрлық технологиялар білім беруде процесті жеңілдетіп, білім алушыларға тақырыпты қызықты әрі түсінікті игеруге көмекші. Осы цифрлық технологияның бір бөлшегі жасанды интеллектпен жұмыс жасау кезінде мұғалім де, оқушы да тек идея ала отырып, оқытушы педагогикалық әдістерді жаңартса, ал оқушыға тапсырма орындау кезіндегі көмекші ғана болуы қажет. Білім беру процесінде цифрлық технологияларды тиімді қолдана алуда мұғалім - басты тұлға [8,9,12].

Цифрлық технологиялардың білім берудегі орнын J. Harverson, C. Zomer және басқа да біріккен зерттеушілер талдай келе, цифрлық технологиялар балаларды оқу мазмұнымен немесе оқу жүріп жатқан ортамен араластыруға арналған «арна» ретінде қарастырады [10]. Демек, цифрлық технологиялар білім беруде оқуға қызықтыру, талпындыру, зейінін аудару кезіндегі көмекші құрал екендігін аңғара аламыз.

Таиланд ғалымдары P. Kwangmuang және бірлескен ғалымдардың жүргізген зерттеулерінде бастауыш білім беру аясында аналитикалық ойлауға бағытталған педагогикалық стратегияларды бағалай отырып, оқушыға бағытталған тәсілдердің тиімді екендігін көрсетті. Зерттеу бойынша аналитикалық ойлауды тиімді дамыту үшін интерактивті әдістемелерді және анимациялық мультфильмдерді енгізуді қолдайды [11]. Аналитикалық ойлау тиімді түрде дамыса, оқушыда зейін қойып,

қажет ақпараттарды саралап тыңдай алу дағдысы, ойын жүйелі әрі дәл сөздерді қолданып, жеткізе отырып сөйлеу арқылы айтылым дағдылары қалыптасады. Бұл дағдыларды тиімді қалыптастыру барысында заманауи тәсілдер мен әдістемелерді енгізу, қолдану қажеттігін зерттеу нәтижелері көрсетіп отыр.

Осылайша, шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып талданған зерттеулер бастауыш білім беру үрдісінде білім алушылардың айтылым дағдысын дамыту мәселесінің өзекті екендігін көрсетеді. Зерттеулерде білім алушылардың айтылым дағдысын дамыту туралы қарастырылғанымен, білім беруде цифрлық технологияларды мақсатты түрде қолдану арқылы айтылымды дамыту мәселесі әлі де қосымша тереңірек зерттеуді қажет етеді. Осы негізге сай зерттеудің келесі кезеңдерінде бастауыш білім беру үрдісінде айтылым дағдысын онлайн платформалардың көмегімен дамытудың тиімді әдістемесін ұсынамыз әрі тиімділігін тәжірибелік тұрғыдан анықтайтын боламыз.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысына 4-сыныптардан жалпы саны 50 оқушы қатысты. Тәжірибелік сыныпта-25, бақылау сыныбында-25 қатысушы. Қатысушылар Шымкент қаласындағы жалпы орта білім беретін мектептерден іріктелініп алынды. Зерттеу 2026 жылдың 3-тоқсанында жүргізілді. Зерттеу барлық этикалық нормалар талаптарына сәйкес жүзеге асырылды. Қатысушылардың заңды қамқоршысы және жақын туыстары осы зерттеуге қатысуға келісімдерін берді. Сауалнама және әдістеменің білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сай әрі оларға түсінікті екендігін айқындап алу мақсатында анықтау және бақылау кезеңінен бұрынғы жұмыстар жүргізілді.

Бірінші, бастауыш сынып білім алушыларының цифрлық технологияларды қолдану деңгейін және білім алудағы цифрлық технологияның маңызын анықтау мақсатында авторлық сауалнама жүргізілді және Likert шкаласы арқылы бағаланды. *Сауалнаманың мақсаты:* бастауыш сынып білім алушыларының цифрлық технологияларға көзқарасын, қолдануын, цифрлық технологиялардың білім беру процесіндегі рөлін анықтау. Сауалнама мазмұны білім алушылардың цифрлық технологияларға қызығушылығына және цифрлық технологиялар қолданылған сабақтарда білім алушылардың оқу материалын түсінуі, меңгеруі мен өз ойын айтуы әрі топтық әрекеттеріне байланысты көзқарастарын анықтау мақсатында 10 сұрақтан құралды және 5 баллдық Likert шкаласымен бағаланды (1-толық келіспеймін, 2-келіспеймін, 3-бейтараптын, 4-келісемін, 5-толықтай келісемін). Сауалнаманың ішкі сенімділігін бағалау үшін Cronbach’s alpha коэффициенті қолданылды. Зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеу барысында SPSS бағдарламасы қолданылды. Тәжірибелік және бақылау топтарының көрсеткіштерін салыстыруда тәуелсіз таңдамаға арналған t-критерийі таңдалынып алынды. Статистикалық мәнділік деңгейі $p < 0,05$ деп қабылданды.

Екінші, бастауыш сынып білім алушыларының айтылым дағдысындағы сөздік қорын анықтауға арналған Т.А. Фотекованың «Сөздерден сөйлем құра» әдістемесі арқылы бастапқы деңгейі анықталды. *Әдістеменің мақсаты:* бастауыш сынып білім алушыларының айтылым дағдысындағы сөздік қорлары мен сөйлеу тілі дамуының грамматикалық деңгейін анықтау. Әдістеме мазмұны орындары алмасқан 6 сөйлемдік тапсырмадан тұрды.



Сурет 1 – Зерттеу дизайны

Нәтижелер


Бірінші, бастауыш сынып білім алушылар арасында цифрлық технологияның білім берудегі маңызын анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнама сұрақтары 1-ден 5-ке дейінгі аралықтағы Likert шкаласына салынып, нәтижелері SPSS бағдарламасында сандық деректер арқылы алынды. Сауалнаманың үйлесімділігін анықтау Cronbach's alpha коэффициенті арқылы жүргізілді. Анықтау кезеңіндегі Cronbach's alpha мәні $\alpha = 0{,}765$ құрады. Бұл шыққан мән сауалнама сұрақтарының ішкі үйлесімділігінің жеткілікті деңгейде екендігін дәлелдейді. Анықтау кезеңіндегі сауалнама нәтижелері 1-кестеде берілді.

Кесте 1. SPSS Independent Samples Test (Анықтау кезеңі)

Сұрақ	t	df	p	Cohen's d
1-сұрақ	-1.64	43.1	.109	-0.46
2-сұрақ	0.18	48	.857	0.05
3-сұрақ	-2.39	48	.021	-0.68
4-сұрақ	1.30	48	.199	0.37
5-сұрақ	0.28	48	.779	0.08
6-сұрақ	0.69	48	.493	0.20
7-сұрақ	-1.91	48	.062	-0.54
8-сұрақ	-1.77	48	.084	-0.50
9-сұрақ	0.81	45.2	.424	0.23
10-сұрақ	0.32	48	.753	0.09

Жоғарыда берілген кесте – SPSS бағдарламасында жүргізілген тәуелсіз таңдамаларға арналған t-тест нәтижелері. Талдау барысында тең (Equal variances assumed) және тең емес (Equal variances not assumed) нәтижелер көрсетілген. Барлық 10 сұрақ бойынша басым сұрақтарда p-мәндері 0.05-тен жоғары ($p > 0.05$) және тек 3-сұрақ ($p = .021$) бойынша статистикалық мәнді айырмашылық болғандықтан, цифрлық технологияларды қолдануға байланысты сауалнама нәтижелері екі топ арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ екендігін айқындайды. Сұрақтардың басым бөлігінде эффект өлшемі шағын көрсеткіштерді көрсетіп отырғанын және топ арасындағы айырмашылықтың да аз екендігін байқаймыз. Осылайша, анықтау кезеңіндегі көрсеткіштерге сай зерттеудің қалыптастырушы кезеңінде тәжірибелік топқа білім беру үрдісінде цифрлық технологиялар қолданылды.

Екінші, Т.А. Фотекованың «Сөздерден сөйлем құра» әдістемесі арқылы бастауыш сынып білім алушыларының айтылым дағдысындағы сөздік қор көлемі және сөйлеудің грамматикалық деңгейі анықталды. Анықтау кезеңіндегі нәтижелер 2-суретте берілді.




Сурет 2 – Stacked Bar Chart (Анықтау кезеңі)

Мұнда, Т.А. Фотекованың ұсынғаны бойынша жоғары, орта, төмен деңгейлі нәтижелерге бөлініп қарастырылды. Сөйлемді грамматикалық жағынан дұрыс құрған білім алушылар – жоғары нәтижеге, сөздерде аздаған олқылықтар мен грамматикалық қателер болып, мағыналары синонимдеріне ауысқан жағдайда- орта деңгейге, мүлдем сөйлем мағынасын жоғалтып, дұрыс құрылмаған кезінде-төмен деңгейге енгізілді. Зерттеу кезеңінде мәліметтерді статистикалық өңдеу және талдау үшін SPSS бағдарламасы қолданылып нәтижелер диаграмма түрінде алынды. Жоғарыда көрсетілген диаграмма бойынша пайыздық мөлшерлемелер екі топта да төмен деңгейдің көптігін және орта, жоғары деңгейдің әлсіз екендігін байқатады. Нақтылай айта кететін болсақ, бақылау тобында жоғары деңгейлі көрсеткіштер 16%-ды, орта деңгей – 28%-ды, төмен деңгей – 56%-ды көрсетті. Тәжірибелік топта жоғары деңгей – 20%-ды, орта деңгей – 28%-ды, төмен деңгей – 52%-

ды құрады. Бұл көрсеткіштердегі екі топта да төмен деңгейдің жоғары болуы білім алушылардың айтылым дағдысындағы сөздік қорының аздығын және грамматикалық сөздік жағынан да осалдығын көрсетеді. Ал айтылым дағдысының дұрыс дамуы үшін сөздік қордың кең болуы, мағынасын түсінуі, сөздерді байланыстыра алып сөйлеу қабілеті өте маңызды. Сондықтан, жинақталып алынған жалпы қорытындыларға сәйкес бастауыш сынып білім алушыларының айтылым дағдыларын цифрлық технологиялар көмегімен дамытатын жолдарын, арнайы платформаларды және негізделген әдістемелік жүйе мен моделін ұсынатын боламыз.

Ендігі кезекте, бастауыш сынып білім алушыларының айтылым дағдысын цифрлық технологияларды қолдана отырып дамытудың авторлық әдістемелік жүйесін және оның моделін ұсынамыз:



Сурет 3 – Цифрлық технологияларға негізделген айтылым дағдысын дамытуға арналған авторлық әдістемелік модель

Ұсынылып отырған авторлық әдістеме 4-сыныптың қазақ тілі оқулығындағы 3-тоқсанындағы түрлі тақырыптарға төмендегідей негізделіп жасалынды. Әр кезеңде әртүрлі тақырыптар қамтылып және соған сәйкес цифрлық технологиялар көмегімен тапсырмалар берілді. Әдістеменің мақсаты – бастауыш сынып білім алушыларының айтылым дағдыларын цифрлық технологиялар көмегімен тиімді түрде дамыту. Авторлық әдістеменің мазмұны төмендегі 2-кестеде берілді.

Кесте 2. Айтылым дағдысын цифрлық технологиялар арқылы дамытуға арналған авторлық әдістеменің мазмұны

Кезең	Мақсаты	Қолданылған цифрлық технологиялар	Негізігі әрекет
Мотивациялық-дайындық кезеңі	Білім алушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру әрі жаңа тақырыпқа деген назарларын аудару	ChatGpt, Gemini, Grok	ЖИ көмегімен жасалған бейнематериалға байланысты білім алушылар қысқаша мазмұндады, сұрақтарға ауызша жауап берді және өз пікірлерін білдірді
Теориялық кезең	Жаңа оқу материалдарын түсіндіру, меңгерту	Genially (Quizzes) онлайн платформасы	Білім алушылар тыңдалған мәтін бойынша берілген сұрақтардың жауабын тауып өз ойларын ауызша білдірді

Практикалық кезең	Жаңадан меңгерілген білімді практикалық тұрғыдан қолдану және айтылым дағдысын қатар дамыту	Baamboozle онлайн платформасы	Топтық тапсырма берілді. Зат есім сөздерін дұрыс табады. Топтағы ұжымдастығы және айтылым дағдысындағы белсенділік деңгейлері көрінді.
Қорытынды кезең	Білім алушылардың тақырып бойынша алған білімдерін әрі ойларын қорытындылау және айтылым дағдыларын нығайту	Wordwall онлайн платформасы	Кездейсоқ дөңгелек айналу арқылы бір оқушы есіміне тоқтағанда білім алушыға тақырыпқа байланысты сұрақтар қойылды.Тақырыптың қорытынды сұрақтарына жауап берді, өз ойын ауызша білдірді.

Қалыптастыру кезеңі барысында жүзеге асырылған әдістемелік жұмыстардың тиімді екендігін анықтау мақсатында бақылау кезеңі жүргізілді және білім алушылардан сауалнама және әдістеме қайта алынды. Әуелі білім алушылардан цифрлық технологиялардың білім берудегі маңызын қарастыру мақсатында Likert шкаласы негізінде әзірленген сауалнама қайта жүргізілді.


Кесте 3. SPSS Independent Samples Test (Бақылау кезеңі)

Сұрақ	t	df	p	Cohen's d
1-сұрақ	-6,79	48	< .001	-1.92
2-сұрақ	-8.61	48	< .001	-2.44
3-сұрақ	-8.26	41.6	< .001	-2.34
4-сұрақ	-10.52	48	< .001	-2.98
5-сұрақ	-10.46	48	< .001	-2.96
6-сұрақ	-10.00	48	< .001	-2.83
7-сұрақ	-7.86	48	< .001	-2.22
8-сұрақ	-11.48	48	< .001	-3.25
9-сұрақ	-12.54	48	< .001	-3.55
10-сұрақ	-8.41	48	< .001	-2.38

Бақылау кезеңі бойынша алынған сауалнама сұрақтарының ішкі келісімділігі Cronbach's alpha коэффициенті бойынша анықталды. Cronbach's alpha мәні $\alpha = 0{,}943$ болып анықталды. Бұл аталған мән сауалнама сұрақтарының ішкі келісімділігінің жоғары деңгейде екенін көрсетті. Жоғарыдағы сауалнама нәтижесі бойынша p мәндері 0.01-ден кіші ($p < 0.01$) болуына байланысты екі топ арасында статистикалық тұрғыдан маңызды айырмашылықтар байқалды. Коэн шкаласы бойынша эффект мөлшерінің d мәні 0,2 – кішкентай, 0,5 – орташа, ал 0,8 және одан да жоғары – үлкен эффект деп саналады. Алынып отырған нәтижелер бойынша эффект өлшемдері -1,92 мен -3,55 аралығында және бұл көрсеткіштер жоғары мәнге ие. Анықтау кезеңінде екі топтың сауалнама нәтижелері шамамен ұқсас болса, қалыптастыру кезеңінен соң екі топ арасындағы

айырмашылықтан бастапқы деңгейге қарағанда өсу бар екендігін көре аламыз. Бұл қорытындылар қалыптастыру кезеңіндегі тәжірибелік топқа таңдап алынған цифрлық технологиялардың оң нәтиже көрсеткіндігін аңғартады.

Келесі кезекте, Т.А. Фотекова ұсынған «Сөздерден сөйлем құра әдістемесі» қалыптастыру кезеңінен соң қайта жүргізілді. Нәтижелері төмендегі 4-суретте диаграмма түрінде берілді.



Сурет 4 – Stacked Bar Chart (Бақылау кезеңі)

Бақылау кезеңіндегі нәтижелер тәжірибелік топта төмен деңгейдің айтарлықтай кемігендігін және жоғары деңгейдің көтерілгендігін көрсетеді. Диаграмма бойынша қалыптастыру кезеңінен соң тәжірибелік топта жоғары деңгей 20%-дан 32%-ға дейін, ал орташа деңгей 28%-дан 44%-ға дейін өскендігін және төмен деңгей бойынша 52%-дан 24%-ға азайғандығын аңғарамыз. Бақылау тобында сәл ғана айырмашылықтар байқалғанымен, үш деңгейде де айтарлықтай өзгеріс болмаған. Қалыптастыру кезеңінде жүргізілген авторлық әдістемелік жұмыстардан соң тәжірибелік топтың жоғары және орта деңгейінің артқандығын байқай аламыз.

Кесте 4. Бақылау және тәжірибелік топтардың pre–post өлшеу нәтижелерін статистикалық талдау (SPSS)

Топ	Дейінгі өлшеу (pre)	Кейінгі өлшеу (post)	t-критерийі (t)	Еркіндік дәрежесі (df)	Маңыз-дылық деңгейі (p)	Эффект өлшемі (Cohen's d)
БТ	M=1.60 (SD=0.764)	M = 1.72 (SD=0.792)	-0.827	24	.417	-0.165
ТТ	M=1.68 (SD=0.802)	M = 2.08 (SD=0.759)	-3.46	24	.002	-0.693

Жоғарыда берілген 3-кестедегі топ ішіндегі pre-post өлшеу нәтижелерін статистикалық талдау SPSS бағдарламасындағы paired t-test критерийі арқылы бағаланды. Өлшеу нәтижелері реттік деңгейлер бойынша

сандық кодтарымен (төмен деңгей-1, орта деңгей-2, жоғары деңгей-3 балл) белгіленді.

Кестеде бақылау және тәжірибелік топ білім алушыларының айтылым дағдысын бағалау нәтижелерінің бастапқы (pre) және кейінгі (post) өлшеулері бойынша статистикалық топішілік көрсеткіштері берілген. Топішілік салыстыру барысында бақылау тобында pre-post көрсеткіштері бойынша статистикалық мәнді айырмашылық анықталмады. Ал тәжірибелік топта көрсеткіштер арасындағы айырмашылық статистикалық мәнді болды әрі эффект өлшемі де орташа деңгейді көрсетті.

Кесте 5. Топаралық өзгерістерді Mann-Whitney U критерийі бойынша статистикалық талдау (SPSS)

Көрсеткіш	**БТ (бақылау тобы)**	**ТТ (тәжірибелік топ)**	**Манн-Уитни U критерийі**	**Маңыздылық деңгейі (p)**
Кейінгі-дейінгі (post-pre)	0.12	0.40	215	.033

Айтылым дағдысындағы көрсеткіштердегі өзгерістердің статистикалық мәнділігін анықтау барысында SPSS бағдарламасы арқылы өңделген нәтижелер жоғарыдағы кестеде берілді. Анықтау және бақылау кезеңдеріндегі нәтижелер әр білім алушы үшін post-pre формуласы бойынша есептеліп, топтар арасындағы өзгерістер өзара салыстырылды. Сандық кодтар негізінде екі топ бойынша өзгерістер салыстырылды. Топтар арасындағы айырмашылықты анықтау үшін Mann-Whitney U критерийі қолданылды.

Талдау нәтижесі көрсеткендей бақылау тобында post-pre өзгерісінің орташа көрсеткіші 0,12, ал тәжірибелік топта 0,40 болды. Бұл тәжірибелік топтағы айтылым дағдысы деңгейінің өзгерісі бақылау тобына қарағанда жоғары болғандығын әрі оң өзгерістің бар екендігін көрсетеді. Mann-Whitney U критерийі бойынша айырмашылық статистикалық мәнді болды. Маңыздылық деңгейі 0,05-тен төмен болғандықтан ($p<0,05$), бақылау және тәжірибелік топтардың өзгерістері арасында статистикалық мәнді айырмашылық анықталды. Қорытындылай келе, тәжірибелік топта айтылым дағдысы бойынша көрсеткіштер бақылау тобына қарағанда жоғарылағаны байқалды. Алынған нәтижелер қалыптастыру кезеңіндегі жүргізілген жұмыстардың тәжірибелік топтың деңгейінің өсуіне және айтылым дағдысында оң өзгеріс қалыптасуына ықпал еткендігін растайды.

Талқылау

Алдыңғы зерттеулер цифрлық технологияларды бастауыш сынып білім алушыларының айтылым дағдыларын дамыту үшін қолдану барысында статистикалық тұрғыдан көрсеткіштердің жоғары болғандығын растайды.

A.A. Almulla және бірлескен ғалымдар білім алушылардың айтылым дағдыларын цифрлық технологиялар көмегімен дамитындығын зерттеген [13]. Зерттеуде бақылау тобына әңгіме мазмұны қағаз түріндегі мәтін күйінде

оқылады, білім алушылармен дәстүрлі түрде талқыланады. Эксперименттік топқа әңгіменің тақырыбы таныстырылып, соған сәйкес дайын бейне көрсетеді және содан соң тақырыпқа сай көрсетілген бейнеге байланысты сұрақтар қойылып, жеке және жұппен жұмыстар жүргізеді. Нәтижесінде эксперименттік топтағы білім алушылардың мазмұнды түсінуі, сөйлеудегі еркіндігі, айтылым дағдысының дамуы бақылау тобымен салыстырғанда жоғары болған. Бұл зерттеу арқылы бастауыш білім алушыларының айтылым дағдыларын дамытуда цифрлық технологияның оң ықпал еткендігін байқаймыз.

P.C. Wei және тағы басқа біріккен ғалымдар бастауыш білім беруде интерактивті тақтаның қолданудың тиімділігін ғылыми мақалаларында анықтаған [14]. Ғалымдар дәстүрлі оқыту мен интерактивті тақтаны пайдаланатын заманауи оқытуды салыстырып, тиімділігін зерттейді. Көптеген зерттеулерді қарастыра келе, бастауыш сынып білім алушыларына интерактивті тақтамен сабақ өткізу тиімді екендігі нақтыланды. Интерактивті тақталарды қолдана отырып сабақ өткізу білім алушыларға қызықты болатындығы, түрлі қабілеттері ескерілетіндігі, сөйлем құрау дағдылары артатындығы, сондай-ақ, мұғалімдерге де тиімді екендігі зерттеуде айқындалған.

Бұл талқылаулар цифрлық технологиялардың бастауыш сынып білім беру үдерісінде айтылым дағдысын дамытуда оң ықпал ететіндігін және біздің зерттеулерімізбен ортақ тұсы осы екендігін айқындап көрсетеді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, бастауыш білім беру үдерісінде білім алушылардың айтылым дағдыларын дамыту маңызды мәселелердің бірі. Біздің зерттеуімізде бастауыш білім беру үрдісіндегі айтылым дағдысын дамытудағы цифрлық технологияларды қолданудың төрт кезеңнен тұратын авторлық әдістемесін әзірледік әрі эксперименттік тұрғыдан жүзеге асырдық. Бұл жүзеге асырылған жұмыстар білім алушылардың қызығушылығы мен белсенділігін арттыра отырып, айтылым дағдыларын цифрлық технологиялар арқылы дамытуда өзгерістер болатындығын растады. Атап айтқанда, Фотекова әдістемесі бойынша жүргізілген өлшеу нәтижелерінде тәжірибелік топтағы көрсеткіштердің статистикалық тұрғыдан мәнді өзгеруі байқалды. Сонымен қатар, цифрлық технологияларды қолдануға арналған сауалнама нәтижелері де ұсынылған авторлық әдістемеден соң тәжірибелік топтағы білім алушылардың нәтижелері бойынша оң көзқарас көрсетті. Зерттеу нәтижелері цифрлық технологияларды білім беру үрдісіне кіріктіру арқылы білім алушылардың айтылым дағдысын дамытуға бағытталған авторлық әдістемені қолдану арқылы тәжірибелік топтарда оң өзгерістер байқалғандығын айқындайды.

Зерттеу бастауыш білім беруде коммуникативті дағдыларды дамытудағы цифрлық технологиялардың рөліне байланысты мынадай қорытындылар мен ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді:

- білім алушылардың айтылым дағдыларын цифрлық технологиялар көмегімен дамытуда топтық және жекеленген тапсырмаларды көбейту;
- бастауыш сынып білім беру үдерісінде интерактивті тақталарды пайдаланып, уақытты үнемдейтін әрі айтылым дағдыларын дамытатын тиімді тапсырмалар даярлау;
- цифрлық технологияларды пайдалана отырып, білім беру үдерісіне геймификация элементтерін енгізу.

ӘДЕБИЕТ

[1] Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі, орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы. – Кіру режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031 [Қаралған күні: 12.01.2026]

[2] Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына жолдауы. – Кіру режимі: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-dauirindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifrlyk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957 [Қаралған күні: 12.01.2026]

[3] Исмагуова Р.С. Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын ағылшын тілін оқыту арқылы қалыптастыру: филос. док (PhD) ... дис.: 6D010200. – Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2025. – 225 б. – Кіру режимі: https://abaiuniversity.edu.kz/docs/docs/1ismagulova/2.pdf [Қаралған күні: 15.01.2026]

[4] Шаймерденова А.Е. Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативті-сөйлеу қабілетін дамытудың психологиялық ерекшеліктері // Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ Хабаршысы: «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2021. – Т. 60. – № 1. – Б. 143-151. – Кіру режимі: https://doi.org/10.48371/PEDS.2021.60.1.015 [Қаралған күні: 15.01.2026]

[5] Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: Оқу құралы. – Қарағанды: Medet Group, 2014. – 184 б.

[6] Almukhanbet S., Moldabek K., Orynbassarova G., Yesnazar A., Zhorabekova A. Developing primary school students' language skills from a critical thinking perspective: A methodological system // Frontiers in Education. – 2025. – Vol. 10. – Article 1565783. – Access mode: https://doi.org/10.3389/feduc.2025.1565783 [Date of access: 19.01.2026]

[7] Нургалиева Г.К. Ценностное ориентирование личности в условиях информатизации образования. – Алматы: Республиканский центр информатизации образования (РЦИО), 2004. – 311 с.

[8] Aidarbekova K., Abildina S., Kolomiets O. Possibilities of using digital educational resources in the teaching process of primary school // Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2024. – Т. 73. - № 2. – Б. 482-501. – Access mode: https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.73.2.029 [Date of access: 20.01.2026]

[9] Li B., Tan Y.L., Wang C., Lowell V. Two years of innovation: A systematic review of empirical generative AI research in language learning and teaching // Computers and Education: Artificial Intelligence. – 2025. - Vol. 9. – Article 100445. – Access mode: https://doi.org/10.1016/j.caeai.2025.100445 [Date of access: 20.01.2026]

[10] Harverson J., Zomer C., Chu C., Horwood S., Horwood M., Nicholas M., Paatsch L. Children's engagement with digital technology in educational spaces: A scoping review // Computers & Education. – 2025. – Vol. 240. – Article 105454. – Access mode: https://doi.org/10.1016/j.compedu.2025.105454 [Date of access: 23.01.2026]

[11] Kwangmuang P., Jarutkamolpong S., Duangngern P., Gessala N., Sarakan P. Promoting analytical thinking skills development in elementary school students through animated cartoons // Computers in Human Behavior Reports. – 2024. – Vol. 15. – Article 100467. – Access mode: https://doi.org/10.1016/j.chbr.2024.100467 [Date of access: 26.01.2026]

[12] Maulyda M.A., Wuryandani W., Sulistyani N., Annizar A.M. Investigating the role of digital capabilities on the relationship between teacher readiness and teacher skills using augmented reality media in elementary schools: A mediation and moderation analysis // Social Sciences & Humanities Open. – 2025. – Vol. 11. – Article 101411. – Access mode: https://doi.org/10.1016/j.ssaho.2025.101411 [Date of access: 28.01.2026]

[13] Almulla A.A., Khasawneh M.A., Tashtoush M.A., Alsayed A. Digital storytelling interventions to enhance the speaking abilities of elementary-level students with English language difficulties // Frontiers in Psychology. – 2026. – Vol. 17. – Article 1825184. – Access mode: https://doi.org/10.3389/fpsyg.2026.1825184 [Date of access: 19.03.2026]

[14] Wei P.C., Wong K.T., Abdullah N., Hamzah M. Interactive whiteboards (IWBs): Its effectiveness in academic achievement, motivation and interest among early year students // International Journal of Academic Research in Progressive Education and Development. – 2024. – Vol. 13. – No. 1. – P. 824-832. –Access mode: https://doi.org/10.6007/IJARPED/v13-i1/18599 [Date of access: 19.03.2026]

REFERENCES

[1] Mektepke deiıngı tärbie men oqytudyñ, bastauyş, negızgı, orta, jalpy orta, tehnikalyq jäne käsıptık , orta bılımnen keiıngı bılım berudıñ memlekettık jalpyğa mındettı standarttaryn bekıtu turaly (On the approval of the state mandatory standards of preschool education and training, primary, basic secondary and general secondary, technical and vocational, post-secondary education) Qazaqstan Respublikasy Oqu-ağartu ministrınıñ 2022 jylğy 3 tamyzdağy №348

būiryğy. – Kıru rejimı: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031 [Qaralğan künı:12.01.2026] [in Kaz]

[2] Qasym-Jomart Toqaevtyñ «Jasandy intelekt däuırındegı Qazaqstan: özektı mäseleler jäne ony tübegeilı sifrlyq özgerıster arqyly şeşu» (Kazakhstan in the era of artificial intelligence: current challenges and their solutions through digital transformation) atty Qazaqstan halqyna joldauy. – Kıru rejimı: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-dauirindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifrlyk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957 [Qaralğan künı:12.01.2026] [in Kaz]

[3] İsmaguova R.S. Bastauyş synyp oquşylarynyñ komunikativtık dağdylaryn ağylşyn tılın oqytu arqyly qalyptastyru: (Developing elementary school students' communicative skills through English language teaching) filos. dok (PhD) ... dis.: 6D010200. – Almaty: Abai atyndağy Qazaq ūlttyq pedagogikalyq universitetı, 2025. – 225 b. – Kıru rejimı: https://abaiuniversity.edu.kz/docs/docs/1ismagulova/2.pdf [Qaralğan künı:15.01.2026] [in Kaz]

[4] Şaimerdenova A. E. Bastauyş synyp oquşylarynyñ komunikativtı-söileu qabıletın damytudyñ psihologialyq erekşelıkterı (Psychological features of developing primary school students' communicative and speaking skills) // Abylai han atyndağy QazHQjäneÄTU Habarşysy: «Pedagogika ğylymdary» seriasy. – 2021. – T. 60. – №1. – B. 143-151. – Kıru rejimı: https://doi.org/10.48371/PEDS.2021.60.1.015 [Qaralğan künı:15.01.2026] [in Kaz]

[5] Orazbaeva F.Ş. Tıldık qatynas (Language communication): Oqu qūraly. – Qarağandy: Medet Group, 2014. – 184 b. [in Kaz]

[6] Almukhanbet S., Moldabek K., Orynbassarova G., Yesnazar A., Zhorabekova A. Developing primary school students' language skills from a critical thinking perspective: A methodological system // Frontiers in Education. – 2025. – Vol. 10. – Article 1565783. – Access mode: https://doi.org/10.3389/feduc.2025.1565783 [Qaralğan künı:19.01.2026]

[7] Nurgalieva G.K. Senostnoe orientirovanie lichnosti v usloviah informatizasii obrazovania (Value orientation of the personality in the conditions of education informatization). – Almaty: Respublikanski sentr informatizasii obrazovania (RSİO), 2004 – 311 s. [in Rus]

[8] Aidarbekova K., Abildina S., Kolomiets O. Possibilities of using digital educational resources in the teaching process of primary school // Abylai han atyndağy QazHQjäneÄTU Habarşysy, «Pedagogika ğylymdary» seriasy. – 2024. – T. 73. – №2. – B. 482-501. – Access mode: https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.73.2.029 [Date of access: 20.01.2026]

[9] Li B., Tan Y.L., Wang C., Lowell V. Two years of innovation: A systematic review of empirical generative AI research in language learning and teaching // Computers and Education: Artificial Intelligence. – 2025. – Vol. 9. – Article 100445. – Access mode: https://doi.org/10.1016/j.caeai.2025.100445 [Date of access:20.01.2026]

[10] Harverson J., Zomer C., Chu C., Horwood S., Horwood M., Nicholas M., Paatsch L. Children's engagement with digital technology in educational

spaces: A scoping review // Computers & Education. – 2025. – Vol. 240. – Article 105454. – Access mode: https://doi.org/10.1016/j.compedu.2025.105454 [Date of access:23.01.2026]

[11] Kwangmuang P., Jarutkamolpong S., Duangngern P., Gessala N., Sarakan P. Promoting analytical thinking skills development in elementary school students through animated cartoons // Computers in Human Behavior Reports. – 2024. – Vol. 15. – Article 100467. – Access mode: https://doi.org/10.1016/j.chbr.2024.100467 [Date of access:26.01.2026]

[12] Maulyda M.A., Wuryandani W., Sulistyani N., Annizar A.M. Investigating the role of digital capabilities on the relationship between teacher readiness and teacher skills using augmented reality media in elementary schools: A mediation and moderation analysis // Social Sciences & Humanities Open. – 2025. – Vol. 11. – Article 101411. – Access mode: https://doi.org/10.1016/j.ssaho.2025.101411 [Date of access: 28.01.2026]

[13] Almulla A.A., Khasawneh M.A., Tashtoush M.A., Alsayed A. Digital storytelling interventions to enhance the speaking abilities of elementary-level students with English language difficulties // Frontiers in Psychology. – 2026. – Vol. 17. – Article 1825184. – Access mode: https://doi.org/10.3389/fpsyg.2026.1825184 [Date of access: 19.03.2026]

[14] Wei P.C., Wong K.T., Abdullah N., Hamzah M. Interactive whiteboards (IWBs): Its effectiveness in academic achievement, motivation and interest among early year students // International Journal of Academic Research in Progressive Education and Development. – 2024. – Vol. 13. – No. 1. – P. 824-832. – Access mode: https://doi.org/10.6007/IJARPED/v13-i1/18599 [Date of access: 19.03.2026]

СПОСОБЫ РАЗВИТИЯ НАВЫКОВ УСТНОЙ РЕЧИ У УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ С ПОМОЩЬЮ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Анарбаева А.К.[1], *Таутаева Г.Б.[2], Ахатаева У.Б.[3], Уристенбекова Г.К.[4]
[1,*2,3,4]Южно-Казахстанский педагогический университет
имени Узбекали Жанибекова, Шымкент, Казахстан

Аннотация. В современную эпоху внедрения передовых цифровых технологий в сферу образования задача развития навыков устной речи у обучающихся представляет собой важную тему, требующую всестороннего исследования. В статье представлена методика, предназначенная для оценки степени влияния цифровых технологий на развитие навыков устной речи у учащихся начальной школы. Кроме того, в рамках исследования был проведен эксперимент с участием экспериментальной и контрольной групп для оценки эффективности данной методики.

В исследовании приняли участие 50 учащихся общеобразовательной школы города Шымкента, разделенных на экспериментальную (25 человек) и контрольную (25 человек) группы. В ходе работы

использовались анкетирование с применением шкалы Лайкерта и методика Составление предложений из слов предложенная Т.А. Фотековой. Результаты диагностического и контрольного этапов были обработаны и проанализированы с помощью программного обеспечения SPSS. Полученные данные представлены в виде таблиц (тест для независимых выборок) и диаграмм (гистограммы с накоплением). С учетом целей исследования была разработана и внедрена методика использования цифровых технологий для развития навыков устной речи у учащихся начальных классов. Обучение в экспериментальной группе проводилось по методике, основанной на цифровых технологиях, тогда как в контрольной группе применялся традиционный подход. По завершении этапа реализации программы были выявлены значительные различия между контрольной и экспериментальной группами. Результаты показали, что благодаря использованию цифровых технологий для развития навыков устной речи в начальной школе уровень владения языком в экспериментальной группе существенно повысился по сравнению с этапом начальной диагностики. В результате учащиеся экспериментальной группы продемонстрировал и положительные изменения в навыках устной речи, а также в процессах словообразования и построения предложений благодаря применению методики и исследовательской деятельности с использованием цифровых технологий. Исследование показало, что методика, основанная на цифровых технологиях, эффективна для развития навыков устной речи в процессе начального обучения.

Ключевые слова: навыки устной речи, цифровые технологии, начальное образование, интерактивная доска, методическая модель, онлайн платформа, искусственный интеллект, видеоматериал

WAYS TO DEVELOP STUDENTS' SPEAKING SKILLS THROUGH DIGITAL TECHNOLOGIES IN THE PRIMARY EDUCATION PROCESS

Anarbaeva A.K.[1], *Tautaeva G.B.[2],
Akhatayeva U.B.[3], Uristenbekova G.K.[4]
[1,*2,3,4]South Kazakhstan Peadagogical University named after O.Zhanibekov,
Shymkent, Kazakhstan

Abstract. In the current era of advanced digital technologies in education, the challenge of developing learners' speaking skills is a significant topic requiring extensive research. The article outlines a methodology designed to assess the extent to which digital technologies influence the development of learners' speaking skills within the primary education process. Furthermore, the study involved conducting research with experimental and control groups to evaluate the effectiveness of this methodology.

A total of 50 students from a general education school in Shymkent participated in the study, comprising 25 students in the experimental group and 25 in the control group. The research involved administering a custom questionnaire based on the Likert scale and utilizing the «Sentence Construction from Words» methodology proposed by T.A. Fotekova. Research results from the diagnostic and control stages were compiled stages were compiled and analyzed using the SPSS software, with findings presented in the form of tables (Independent Samples Test) and charts (Stacked Bar Chart). Based on the study's objective, a methodology for utilizing digital technologies to develop speaking skills among primary school students was developed and implemented. Instruction for the experimental group was conducted using a methodology based on digital technologies, whereas the control group received traditional instruction. Following the development phase of the study, significant differences were observed between the control and experimental groups. The results demonstrated that, through the use of digital technologies to develop speaking skills in primary education, the proficiency level of the experimental group improved significantly compared to the initial assessment stage. As a result, learners in the experimental group demonstrated positive changes in speaking skills and in the construction of words and sentences through the use of a methodology and research activities incorporating digital technologies. The study concluded that a methodology based on digital technologies is effective for developing speaking skills within the primary education process.

Keywords: speaking skills, digital technology, primary education, interactive whiteboard, methodological model, online platform, artificial intelligence, video material

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 29.02.2026.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 26.06.2026.

Авторлар туралы мәлімет:

Анарбаева Ардақ Қанатқызы – магистрант, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, e-mail: ardak_1303@mail.ru

Таутаева Гүлдариға Батыршақызы – тарих және педагогика факультетінің деканы, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, e-mail: dariga06-73@mail.ru

Ахатаева Ұлсана Борашқызы - философия докторы (PhD), аға оқытушы,

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, e-mail: akhatayeva.ulsana@gmail.com

Уристенбекова Гулбану Кауасовна - п.ғ.к., аға оқытушы, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, e-mail: uristenbekovagulbanu@gmail.com

Информация об авторах:

Анарбаева Ардак Канатовна – магистрант, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова, e-mail: ardak_1303@mail.ru

Таутаева Гулдарига Батыршаевна – декан факультета истории и педагогики, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова, e-mail: dariga06-73@mail.ru

Ахатаева Улсана Борашовна – доктор философии (PhD), старший преподаватель, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова, e-mail: akhatayeva.ulsana@gmail.com

Уристенбекова Гулбану Кауасовна - к.п.н., старший преподаватель, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова, e-mail: uristenbekovagulbanu@gmail.com

Information about the authors:

Anarbaeva Ardak Kanatkyzy – master's sudent, South Kazakhstan Pedagogical University named after Ozbekali Zhanibekov, e-mail: ardak_1303@mail.ru

Tautaeva Guldariga Batyrshakyzy – Dean of the Faculty of History and Pedagogy, South Kazakhstan Pedagogical University named after Ozbekali Zhanibekov, e-mail: dariga06-73@mail.ru

Akhatayeva Ulsana Borashkyzy – Doctor of Philosophy (PhD), senior lecturer, South Kazakhstan Pedagogical University named after Ozbekali Zhanibekov, e-mail: akhatayeva.ulsana@gmail.com

Uristenbekova Gulbanu Kauasovna - candidate of Pedagogical Sciences, senior lecturer, South Kazakhstan Pedagogical University named after Ozbekali Zhanibekov, e-mail: uristenbekovagulbanu@gmail.com

ӘОЖ 37.013.32
ҒТАМР 14.25.09
https://doi.org/10.48371/PEDS.2026.82.3.028

ЛИНГВОАКСИОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕР НЕГІЗІНДЕ ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МОДЕЛІ

*Мұхиддинова Г.Ә.[1], Есенова Қ.Ө.[2], Алмауытова Ә.Б.[3], Сейітова Б.Б.[4]
*[1,3]Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан
[2,4]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада жоғары сынып оқушыларының құндылықтық бағдарын қалыптастыруда лингвоаксиологиялық бірліктерді жүйелі қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздері қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі жаңартылған білім мазмұны жағдайында құндылықтық тәрбиенің маңызы арта түскенімен, қазақ тілі сабақтарында тілдік бірліктердің аксиологиялық әлеуетін іске асыру жолдарының жеткілікті жүйеленбеуімен айқындалады. Зерттеудің мақсаты – лингвоаксиологиялық мазмұнға негізделген құндылыққа бағдарланған оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеп, оның тиімділігін тәжірибе арқылы тексеру. Зерттеу аксиологиялық, тұлғалық-бағдарлы және іс-әрекеттік тұғырларға сүйенді. Материал ретінде 10–11-сыныптарға арналған қазақ тілі бағдарламалары, оқулықтар, мәтіндер мен жаттығулар пайдаланылды. Мазмұндық талдау, модельдеу, сауалнама, бақылау, жазба жұмыстарын саралау және эксперимент нәтижелерін салыстырмалы-статистикалық өңдеу әдістері қолданылды. Ұсынылған модель мақсаттық, мазмұндық, үдерістік және бағалау-рефлексиялық компоненттердің өзара байланысы негізінде құрылып, нәтижені білім, ұстаным және тәжірибе көрсеткіштері арқылы кешенді бағалауға мүмкіндік береді. Педагогикалық экспериментке 10-сыныптың 48 оқушысы қатысып, олар эксперименттік және бақылау топтарына тең бөлінді. Нәтижесінде эксперименттік топта ұлттық құндылықтарды түсіну, ана тіліне құрмет және оқу уәжі бойынша сипаттамалық оң динамика байқалды. Жинақталған пайыздардың топ көлемімен сәйкессіздігі және бақылау тобының бір индикаторы бойынша деректің жетіспеуі χ^2 пен p-мәнін сенімді есептеуге мүмкіндік бермеді, жоспарланатын бинарлық топаралық салыстыру үшін df = 1. Сондықтан нәтижелер қысқа мерзімді оң үрдіс ретінде түсіндірілді. Зерттеудің ғылыми құндылығы тілдік бірліктердің аксиологиялық әлеуетін оқыту мазмұны, белсенді әдістер және бағалау құралдарымен бір жүйеге біріктіруінде. Алынған нәтижелер модельдің теориялық тұтастығын ғана емес, оны мектеп тәжірибесіне кезең-кезеңімен енгізудің орындылығын да көрсетіп, мұғалімнің аксиологиялық

құзыреттілігін жетілдіруге негіз болады. Практикалық маңызы – модельді қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында құндылықтық тәрбиені мақсатты ұйымдастыруға, нәтижесін бағалауға және педагогикалық тұрғыдан басқаруға қолдану мүмкіндігі.

Тірек сөздер: лингвоаксиология, құндылықтық бағдар, құндылыққа бағдарланған оқыту, құрылымдық-мазмұндық модель, аксиологиялық тұғыр, тілдік бірліктер, педагогикалық эксперимент, жоғары сынып оқушылары

Кіріспе

Қазіргі кезеңде ел болашағын айқындайтын жас ұрпақты ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу білім беру жүйесінің өзекті міндеттерінің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев Ұлттық құрылтайдағы сөзінде жаһандану жағдайында ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ қалыптастырудың маңызын атап өткен [1]. Осыған байланысты білім беру жүйесінде құндылықтық бағдарларды қалыптастыру мәселесі мемлекеттік деңгейдегі стратегиялық құжаттарда нақты көрініс табуда.

Жаңартылған білім мазмұны аясында әзірленген жалпы орта білім беру бағдарламаларында оқушыларды адамгершілікке, патриотизмге, толеранттылыққа тәрбиелеуге басымдық беріледі. Атап айтқанда, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-сыныпқа арналған қазақ тілі пәні бағдарламасына «Қазіргі қоғам құндылықтары», «Құндылықтар жүйесі», «Ұлттық құндылықтар» сияқты бөлімдердің енгізілуі тілдік білім беру арқылы оқушылардың құндылықтық санасын дамытуға бағытталғанын аңғартады [2].

Қазіргі тіл біліміндегі жаңа бағыттардың бірі – лингвоаксиология. Бұл бағыт тілді құндылықтарды бейнелейтін және жеткізетін маңызды құрал ретінде қарастырады [3, 128–131 бб.]. Тіл тек қатысым құралы емес, ол ұлттың дүниетанымын, мәдени болмысын және рухани тәжірибесін танытатын күрделі жүйе [4, 29 б.]. Тұлғаның ішкі дүниесі, көзқарастары мен эмоциялары тіл арқылы көрініс тауып, мәтіндер арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріледі. Сондықтан оқу үдерісінде тілдік бірліктерді құндылықтық мазмұнмен ұштастыра оқыту оқушылардың тұлғалық дамуына әсер етіп, олардың құндылықтық бағдарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Шетелдік зерттеулерде де тілдік білім беру мен құндылық тәрбиесінің өзара байланысына ерекше назар аударылады. Н. Зеркина шетел тілін оқыту үдерісін ізгілікті құндылықтарды қалыптастырудың тиімді құралы ретінде қарастырады. Ғалымның пікірінше, мәдени-аксиологиялық сипаттағы қателіктер коммуникативтік ортада грамматикалық қателіктерден де күрделірек салдарға әкелуі мүмкін. Осыған байланысты көпмәдениетті

кеңістікте тіл үйрету барысында білім алушылардың мәдени және рухани құндылықтарын дамыту маңызды міндеттердің бірі ретінде айқындалады [5, 255 б.].

Отандық ғылымда тұлғаның құндылықтық бағдарын қалыптастыру мәселесі педагогика, психология және этнопедагогика салаларында жан-жақты зерттелген. Мысалы, Ә. Табылдиев ұлттық тәрбиенің мазмұнын бірнеше құрамдас бөлікке жіктей отырып, ақыл-ой, адамгершілік, отансүйгіштік, еңбек, эстетикалық, дене және экологиялық тәрбиені өзара байланысты құндылықтар жүйесі ретінде қарастырады [4, 94 б.].

Халықтық педагогика мұраларын пайдалану арқылы жас ұрпақтың ұлттық дүниетанымын қалыптастыру идеясы Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев еңбектерінен бастау алып, қазіргі кезеңде С. Қалиев, Қ. Жарықбаев, С. Ұзақбаева және басқа да ғалымдардың зерттеулерінде жалғасын тапқан [6, 10 б.]. Зерттеушілердің пайымдауынша, тәрбие үдерісі ана тілінде жүзеге асқанда ғана бала бойында ұлттық сана мен рухани құндылықтар толық қалыптасады [6, 12 б.]. Сондықтан мектептегі қазақ тілі пәні оқушылардың мемлекеттік тіл арқылы ұлттық құндылықтарды меңгеруіне қызмет етуі тиіс.

Қазіргі орта мектеп оқушыларының құндылықтық бағдарын қалыптастыруға арналған зерттеулерде көбінесе бастауыш және негізгі білім беру деңгейлері қарастырылғаны байқалады [7, 120 б.].

Жоғары сынып кезеңі, яғни жасөспірімдік шақ тұлғаның құндылықтық бағдары қалыптасып, тұрақтанатын маңызды кезеңдердің бірі болып саналады. Осыған байланысты 10–11-сынып оқушыларын мектептен кейінгі өмірге даярлау барысында олардың өмірлік ұстанымдары мен құндылықтарын дұрыс бағытта қалыптастыру ерекше маңызға ие. Бұл міндетті жүзеге асыруда қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқытылатын тілдік материалдардың аксиологиялық мүмкіндіктерін тиімді пайдалану өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Зерттеу барысында келесі ғылыми мәселе айқындалды. Орта мектептің қазақ тілі сабақтарында оқу бағдарламасына сәйкес ұсынылатын тілдік бірліктерді, атап айтқанда сөздер, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер мен мәтіндерді жүйелі қолданудың қандай ғылыми-әдістемелік негізі оқушылардың құндылықтық бағдарын нәтижелі қалыптастыруға ықпал етеді деген сұрақ туындайды. Осы мәселені зерделеу зерттеудің мақсаты мен міндеттерін нақтылауға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты – жоғары сынып оқушыларының құндылықтық бағдарын қалыптастыруға арналған ғылыми негізделген модель ұсыну және оны жүзеге асырудың педагогикалық шарттарын анықтау. Осы мақсатқа сәйкес келесі міндеттер алға қойылды:

– лингвоаксиологиялық бірліктердің тәрбиелік және құндылықтық мазмұнын теориялық тұрғыда талдау

– 10–11-сыныптарға арналған оқу бағдарламасы мазмұнын құндылықтық тұрғыдан толықтыру жолдарын айқындау

– оқушылардың құндылықтық бағдарын қалыптастыруға бағытталған құрылымдық-мазмұндық модель құрастыру және оның тиімділігін тәжірибеде тексеру

Зерттеудің ғылыми жаңалығы білім беру үдерісінде лингво-аксиологиялық бірліктерді қолдану арқылы оқушылардың құндылықтық бағдарын қалыптастыруға арналған кешенді модельдің ұсынылуымен сипатталады. Ұсынылған модель оқытудың мақсаттары мен міндеттерін, мазмұнын, қолданылатын әдістерін және күтілетін нәтижелерін өзара байланыста қарастыратын біртұтас жүйе ретінде құрылды. Модель құрамдастарының өзара сабақтастығы қазақ тілі сабақтарын құндылыққа бағдарланған мазмұнда ұйымдастырудың тиімді жолдарын анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің теориялық маңызы тіл мен құндылық арасындағы өзара байланысты тереңірек қарастыруға және тілдік бірліктерді құндылықтық тұрғыдан талдау тәсілдерін жетілдіруге қосқан үлесімен айқындалады. Ал практикалық маңызы ұсынылған әдістеме мен модельдің мектеп мұғалімдері тарапынан қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында, сондай-ақ тәрбие жұмыстарында қолдануға жарамдылығымен ерекшеленеді. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері негізінде құндылықтық бағдарды қалыптастыруға бағытталған авторлық элективті курс бағдарламасын әзірлеуге мүмкіндік бар.

Зерттеу нәтижесінде оқушылардың құндылықтық бағдарын қалыптастыруға арналған құрылымдық-мазмұндық модель ұсынылды (Сурет 1).


Қазіргі педагогикалық зерттеулерде күрделі білім беру үдерістерін жүйелі түрде түсіндіру және оларды жобалау мақсатында модельдеу әдісі кеңінен қолданысқа ие. Педагогикалық модельдеу нақты педагогикалық құбылыстың құрылымдық құрамдас бөліктерін, олардың өзара байланысын және күтілетін нәтижелерін теориялық тұрғыдан ықшамдап сипаттауға мүмкіндік беретін тиімді ғылыми тәсіл болып табылады. Модель зерттелетін нысанның барлық қырларын толық көшіріп көрсетуге бағытталмайды, керісінше оның мәнді байланыстары мен қызмет ету тетіктерін жүйелі түрде бейнелеуді көздейді.

Құндылықтық бағдарды қалыптастыру үдерісі психологиялық, әлеуметтік және мәдени факторлармен тығыз байланыста дамитын күрделі жүйе болғандықтан, оны тек эмпирикалық сипаттаумен шектеу жеткіліксіз. Осыған орай зерттеу барысында құрылымдық-мазмұндық модельдеу тәсілі таңдап алынды. Аталған тәсіл оқытудың мақсаты, мазмұны, ұйымдастырылу

жолдары мен бағалау өлшемдерін өзара байланыста қарастыруға мүмкіндік береді.

Модельді құрастыру барысында бірнеше әдіснамалық тұғырлар басшылыққа алынды. Атап айтқанда, аксиологиялық тұғыр білім мазмұнын құндылықтар жүйесімен ұштастыруды негіздейді. Тұлғалық-бағдарлы тұғыр оқушыны білім алудың белсенді субъектісі ретінде қарастырады. Ал іс-әрекеттік тұғыр құндылықтардың тек білім деңгейінде емес, нақты әрекет барысында меңгерілетінін айқындайды.

Аталған тұғырлардың өзара үйлесуі құндылықтық бағдарды қалыптастыру үдерісін мазмұндық материал мен педагогикалық тетіктердің бірлігінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осыған сәйкес ұсынылып отырған құрылымдық-мазмұндық модель оқу мазмұнындағы лингвоаксиологиялық бірліктерді жүйелеумен қатар, оларды меңгертудің әдістемелік жолдарын да қамтиды.



Сурет 1 – Құндылыққа бағдарланған оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Модельдің *мақсаттық бөлімінде* оқушылардың құндылықтық бағдарын қалыптастыру негізгі мақсат ретінде айқындалады. Бұл мақсатқа жетудің көрсеткіштері ретінде тілге құрмет, ұлттық сана деңгейі және адамгершілік қасиеттердің қалыптасу дәрежесі анықталады. Осылайша, мақсаттық компонент құндылықтық бағдарды тек жалпы сипаттағы ұстаным ретінде емес, нақты өлшенетін педагогикалық нәтиже ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Құндылықтық бағдар құрылымында когнитивтік, эмоционалдық-ұстанымдық және мінез-құлықтық деңгейлердің бөлініп көрсетілуі тұлға құрылымын үш деңгейде қарастыратын психологиялық-

педагогикалық тұжырымдарға сәйкес келеді. Мұндай жіктеу құндылықты тек ақпараттық деңгейде меңгеру жеткіліксіз екенін, оның жеке көзқарас пен нақты әрекетте көрініс табуы қажет екенін дәлелдейді. Осы тұрғыдан алғанда, мақсаттық бөлім модельдің нәтижелік бағытын айқындайтын негіз ретінде қызмет атқарады.

Мазмұндық бөлімде құндылықтық мәнге ие лингвоаксиологиялық тілдік бірліктер қамтылады. Олардың қатарында мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, ұлттық мәдениетке тән лексика және құндылық мазмұнын ашатын мәтіндер бар. Сонымен қатар осы бірліктерді меңгеруге арналған тапсырмалар жүйесі ұсынылады. Мазмұндық компоненттің ерекшелігі тілдік материалдарды тек мысал ретінде емес, құндылықтық мағына жеткізетін жүйе ретінде қарастыруында. Лингвоаксиологиялық тұрғыдан алғанда тілде бағалауыштық мән, мәдени код және ұлттық дүниетаным өзара сабақтасып жатады. Сондықтан мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер, сондай-ақ көркем мәтін үзінділері оқушыға дайын мораль ұсынбайды, керісінше құндылықтарды мәдени контексте ұғынуға мүмкіндік береді.

Әдістемелік бөлімде құндылыққа бағдарланған оқытуды жүзеге асыруға арналған әдіс-тәсілдер мен педагогикалық шарттар жүйеленеді. Бұл қатарға коммуникативтік ойындар, пікірталастар, жобалық жұмыстар және өзге де белсенді оқыту әдістері кіреді. Аталған компонент тұлғалық-бағдарлы және іс-әрекеттік тұғырлармен тығыз байланысты. Құндылықтар тек түсіндіру арқылы емес, оқушының белсенді әрекеті мен рефлексиясы барысында ішкі сенімге айналады. Пікірталас, жағдаяттық тапсырмалар, эссе жазу, жобалық жұмыс сияқты әдістер оқушыны белсенді позицияға бағыттап, құндылықты саналы түрде таңдау және оны негіздеу дағдыларын қалыптастырады.

Бағалау-рефлексия бөлімінде оқушылардың құндылықтық түсініктерінің қалыптасуын анықтауға арналған диагностикалық құралдар жүйесі ұсынылады. Олардың қатарына сауалнама, бақылау, сұхбат, эссе және тест тапсырмалары жатады. Сонымен қатар алынған нәтижелерді бағалау өлшемдері де нақтыланады. Бұл компонент модельдің ғылыми негізділігін қамтамасыз ететін маңызды бөліктердің бірі болып табылады. Құндылықтық бағдарды анықтау күрделі болғандықтан, оны бір ғана әдіс арқылы бағалау жеткіліксіз. Осыған байланысты когнитивтік, ұстанымдық және мінез-құлықтық көрсеткіштерді біріктіретін кешенді диагностика қолданылды. Мұндай көпқырлы бағалау жүйесі құндылықтық өзгерістерді бірнеше дереккөз арқылы сипаттауға мүмкіндік береді. Аталған бөлімдердің өзара байланысы негізінде құндылықтық бағдарды қалыптастыруға бағытталған тұтас модель жасалды.

Модельдің мазмұны педагогикалық практика барысында жоғары оқу орны оқытушылары мен тәжірибелі мұғалімдерден алынған әдістемелік кері

байланыс арқылы нақтыланды. Бұл материал модельді әзірлеуге арналған консультациялық сипатта болды.

Ұсынылған тілдік материалдар модельдің мазмұндық негізін құрай отырып, құндылыққа бағдарланған оқытудың бірізділігін қамтамасыз етеді. Мақсат, мазмұн, әдіс және бағалау өзара байланыста қарастырылып, оқыту үдерісінің тұтастығы сақталады. Бұл тұтастық құндылықтық білім беруді ғылыми тұрғыдан негізделген, нәтижесі өлшенетін және тәжірибеде қолдануға болатын жүйе ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.

Кесте 1 – Жаңартылған оқу бағдарламасы негізіндегі тақырыптық лингвоаксиологиялық тілдік бірліктер

№	Тақырып	Лексика	Фразеологизм	Мақал-мәтелдер	Мәтін/үзінді
1	**Тіл және мәдениет тақырыбы**	Асар, қонақжай, жеті ата, қарашаңырақ, бата, сәлем салу, тектілік, ұстаздық, киіз үй, киіт.	Аузы дуалы; сөз ұстаған; сөзге тоқтау; бетке ұстар; топ жарған; қара сөзді қамшы қылу; сыбаға тарту; бір түндік астында түтін түтету.	«Өнер алды – қызыл тіл»; «Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады»; «Айтылған сөз – атылған оқ».	Абайдың қара сөздерінен (қысқа үзінділер) – тіл, ғылым, адам болмысы туралы ойлар (1–2 сөйлемдік дәйексөздер).
2	**Отбасы тақырыбы**	Отбасы, шаңырақ, төр, құда түсу, сыңсу, бесікке салу, тұсаукесер, енші, ағайын.	Жан дегенде жалғызы; көзінің ағы мен қарасындай; қаны бір; от басы, ошақ қасы; көңіл жетер ағайын; шаңырақтың иесі.	«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің»; «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер»; «Ынтымақ түбі – береке»; «Бірлік болмай – тірлік болмас».	Ы.Алтынсарин әңгімелерінен отбасы тәрбиесі туралы қысқа үзінді.
3	**Адами құндылықтар (әдеп, әділдік, сыйластық)**	Ізгілік, адалдық, әділдік, мейірім, ар-намыс, парыз, жауапкершілік, қайырым, қайрат, ынсап.	Көңілі түзу; сүттей ақ, судай таза; ет-жүрегі елжіреген; біреудің ала жібін аттамау, қолы ашық; орақ ауыз, от тілді; сөзі сөз; аттының аяғын, жаудың таяғын алу	«Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын»; «Жақсы сөз – жарым ырыс».	Абай, Шәкәрім, М.Жұмабаев шығармаларынан қысқа дәйексөздер (1–2 сөйлем).

Кестеде ұсынылған лексикалық, фразеологиялық және паремиологиялық бірліктердің семантикалық құрылымында бағалауыштық мазмұнның айқын көрінетіні байқалады. Мысалы, *«қарашаңырақ», «жеті ата», «асар», «тектілік»* сияқты этнолексемалар тек заттық ұғымды білдіріп қана қоймайды, олардың мағынасында тарихи сабақтастық, туыстық жауапкершілік, ұжымдық сана және моральдық нормалар біртұтас сипатта көрініс табады. Бұл тілдік бірліктер атау қызметімен шектелмей, ұлттық мәдени кодтың маңызды көрсеткіші ретінде қызмет атқарады. Сол сияқты *«аузы дуалы», «бетке ұстар», «сөзге тоқтау»* тәрізді тұрақты тіркестер әлеуметтік беделді, моральдық бағалауды білдіретін мәдени көрсеткіштер ретінде танылады. Демек, тілдік бірліктер белгілі бір мінез-

құлық нормаларын, қоғамдық талаптарды және әлеуметтік үлгілерді бекітетін құрал қызметін атқарады.

Тілдік материалдарды концептуалдық тұрғыдан талдау олардың қазақ дүниетанымының өзегін құрайтын негізгі құндылық концептілері төңірегінде топтасқанын көрсетеді. *«Тіл және мәдениет»* тақырыбы тіл ұғымын ұлттық бірегейлік пен рухани тұтастықтың негізі ретінде танытады. «Отбасы» тақырыбы ұрпақ сабақтастығы мен әлеуметтік жауапкершілікті сипаттайтын концептуалдық өрісті қалыптастырады. Ал *«Адами құндылықтар»* бөлімі ізгілік, әділдік, адалдық сияқты жалпыадамзаттық моральдық категорияларды тіл арқылы бейнелейді. Мақал-мәтелдер мен көркем мәтін үзінділері осы концептілердің өмірлік мазмұнын нақтылап, құндылықтарды абстрактілі деңгейден практикалық бағдар деңгейіне көшіруге ықпал етеді. Мысалы, «*Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің»* мақалында отбасы құндылығы тәрбиелік тәжірибе арқылы меңгерілсе, *«Өнер алды – қызыл тіл»* мақалында тіл қоғамдық беделмен рухани құндылық ретінде бағаланады.

Дидактикалық тұрғыдан қарастырғанда, кестеде берілген тілдік бірліктер деңгейлік күрделілік қағидатына сәйкес ұйымдастырылған. Лексикалық деңгей құндылықтың атаулық сипатын айқындайды. Фразеологиялық деңгей құндылықты бейнелі және эмоциялық тұрғыда түсіндіреді. Ал паремиологиялық және мәтіндік деңгейлер құндылықтарды мәдени және тарихи контексте қарастыруға мүмкіндік береді. Мұндай құрылым оқушының құндылықты қабылдау, түсіну және талдау үдерісін біртіндеп тереңдетуге жағдай жасайды. Нәтижесінде бұл мазмұндық жүйе құндылықтарды жай ақпарат ретінде меңгертумен шектелмей, оларды тұлғалық ұстаным деңгейіне жеткізуге бағытталады.

Кесте 2 – Құндылыққа бағдарланған қазақ тілі сабағының интеграцияланған схемасы (құрылымдық блоктар – рубрикалық бағалау – логикалық модель)

Құрылымдық блоктар және мазмұндық-әдістемелік компоненттер	
Блок	**Компоненттері**
Мақсаттық	– Құндылық бағдар мақсаттары – Индикаторлар: білім, ұстаным, тәжірибе – Күтілетін нәтижелер
Мазмұндық	– Лексика (құндылықтық лексемалар) – Фразеология (тұрақты тіркестер) – Паремиология (мақал-мәтелдер) – Құндылыққа бай мәтіндер (әдебиет, публицистика) – Мәдени реалий, этнолексика
Үдерістік (әдістемелік)	– Әдістер: пікірталас, жобалық жұмыс, эссе, драмалау, жағдаяттық тапсырмалар, цифрлық сторителлинг – Қағидалар: диалогтік, іс-әрекеттік, тұлғалық-бағдарлылық, интеграция – Оқу форматтары: жұптық, топтық, сыныптық
Бағалау-рефлексия	– Құралдар: сауалнама, бақылау, эссе, тест, портфолио – Рубрика: 3 деңгей (Бастапқы – Орташа – Жоғары) – Кері байланыс және өзін-өзі бағалау

Құрылымдық блоктар және мазмұндық-әдістемелік компоненттер			
Блок	**Компоненттері**		
Құндылықтық бағдарды бағалау			
Критерий	**Бастапқы деңгей**	**Орташа деңгей**	**Жоғары деңгей**
БІЛІМ (құндылықтық түсінік)	Құндылық ұғымдарын атайды, анықтамалары үстірт.	Құндылықтар арасындағы байланыстарды түсіндіреді, мысал келтіреді.	Құндылықтардың мәдени-тарихи негізін дәлелмен талдайды, дәйекке сүйенеді.
ҰСТАНЫМ (жеке көзқарас)	Құндылық туралы пікірін жалпы айтады.	Өз ұстанымын мысалмен негіздейді, өзгелер пікірін құрметтейді.	Күрделі дилеммаларда этикалық пайым жасайды, баламаларды салыстырады.
ТӘЖІРИБЕ (іс-әрекет)	Тапсырмаларда құндылыққа сай әрекет кейде көрінеді.	Тұрақты дағдылар қалыптасуда, мектеп өміріне қолданылады.	Құндылықты жүйелі ұстанады, сыныптастарға үлгі, бастама көтереді.
Логикалық модель			
Ресурстар	Оқу бағдарламасы, оқулықтар; мәтін құзыреттілігі; лингвоаксиологиялық материалдар; уақыт, мектеп қолдауы		
Іс-әрекеттер	Сабақты жоспарлау; құндылықтық тақырыптарды талқылау; жобалар; рефлексия; ата-анамен байланыс		
Өнімдер	Сабақ жоспарлары; тапсырмалар кешені; оқушы портфолиосы; мектепішілік іс-шаралар		
Нәтижелер	Қысқа мерзім: түсінік пен қарым-қатынас өзгерісі; Орта мерзім: құндылықты мінез-құлықта ұстану		
Ықпалы	Мектеп мәдениетінің құндылыққа бағдарлануы; тілге құрмет пен азаматтық жауапкершіліктің артуы		

Ұсынылған модельдің жүйелік сипаты оның құрылымдық тұтастығынан көрінеді. Құндылыққа бағдарланған оқыту жекелеген элементтердің жиынтығы ретінде емес, өзара тығыз байланыста әрекет ететін құрылымдық бөліктердің бірлігі ретінде қарастырылады. Модельдің әрбір компоненті, яғни мақсат, мазмұн, оқыту үдерісі және бағалау, өзіндік қызметтік ерекшелігімен сипатталады. Сонымен қатар олардың барлығы ортақ нәтижеге бағытталған өзара үйлесімді жүйе құрайды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу материалы ретінде жаңартылған білім мазмұнына сәйкес оқытылатын 10–11-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы мен оқулықтары, сондай-ақ осы бағдарламалар аясындағы тілдік оқу материалдары, яғни мәтіндер мен жаттығулар қарастырылды. Сонымен қатар қосымша түрде іріктелген лингвоаксиологиялық бірліктер зерттеу нысанына енгізілді. Оқушылардың құндылықтық дүниетанымын қалыптастыру әлеуеті жоғары тілдік материалдар ретінде қазақ халқының рухани-мәдени мұрасынан алынған мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, қанатты сөздер, сондай-ақ көркем әдебиет пен публицистикалық мәтіндердің шағын үлгілері сұрыпталып, оқу мазмұнымен ықпалдастырылды.

Зерттеудің теориялық негізін айқындау барысында отандық ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, тұлғаның құндылықтар жүйесі, ұлттық тәрбие және тіл арқылы тәрбие беру мәселелеріне қатысты ғылыми тұжырымдар сараланды [8], [9], [10], [11], [12]. Сонымен бірге тіл біліміндегі аксиологиялық бағыт бойынша шетелдік зерттеулердің нәтижелері де қарастырылды [3], [5], [13]. Аталған ғылыми еңбектерді талдау лингвоаксиологиялық бірліктерді оқу үдерісінде тиімді қолданудың педагогикалық шарттары мен ұстанымдарын анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің эмпирикалық кезеңі Алматы қаласындағы А. Байтұрсынұлы атындағы №139 мектеп-гимназияда 2024–2025 оқу жылының бірінші жартыжылдығында жүргізілді. Экспериментке екі параллель 10-сыныптың 48 оқушысы қатысты, эксперименттік және бақылау топтарының әрқайсысында 24 оқушы болды. Топтарды қалыптастыру бірлігі жеке оқушы емес, бұрыннан қалыптасқан сынып. Яғни бір сыныпта ұсынылған модель іске асырылып, екінші сынып салыстыру тобы ретінде алынды. Оқушыларды қайта бөлу және дара рандомизация жүргізілмеді. Сондықтан зерттеу бастапқы және қорытынды өлшемдері бар, рандомизациясыз квазиэксперимент ретінде сипатталады.

Оқушыларға арналған авторлық диагностикалық құрал «Білім – Ұстаным – Тәжірибе» өлшемдеріне негізделді. «Білім» өлшемі құндылықтарды атау, мағынасын түсіндіру және тілдік материалмен байланыстыру арқылы сипатталды. «Ұстаным» өлшемі бес сатылы келісу шкаласындағы жауап пен оның қысқаша негіздемесін қамтыды. «Тәжірибе» өлшемі жағдаяттық таңдау, сабақтағы әрекетті бақылау және жазбаша рефлексия арқылы қарастырылды.

Ашық және жағдаяттық жауаптарды бағалау Кесте 2-дегі дескрипторларға сүйенді. Яғни, бастапқы деңгей – 0 балл, орташа деңгей – 1 балл, жоғары деңгей – 2 балл. «Білім» бойынша атау немесе үстірт анықтама 0 баллға, байланысты түсіндіріп, мысал келтіру 1 баллға, мәдени-тарихи негізді дәйекпен талдау 2 баллға сәйкес келеді. «Ұстаным» бойынша жалпы пікір, мысалмен негізделген көзқарас және баламаларды салыстыратын этикалық пайым ажыратылады. «Тәжірибе» бойынша құндылыққа сай әрекеттің жекелеген көрінісі, мектеп жағдайында қайталанатын қолданылуы және жүйелі бастама көтеру ажыратылады.

Кесте 3-те рубриканың жиынтық балдары емес, екі жеке индикатор бойынша нысаналы жауаптардың үлесі берілген. Бірінші индикатор «отбасы – Отан – тіл – дәстүр» құндылықтарының төртеуін бірге атауды, екінші индикатор «Ана тілі – ұлттық құндылық» тұжырымына «толық келісемін» жауабын таңдауды білдіреді.

Эксперименттік оқыту кезеңінде қазақ тілі сабақтарының мазмұнына лингвоаксиологиялық бағыттағы тапсырмалар мен құндылықтық мазмұны

бай мәтіндер жүйелі түрде енгізілді. Оқу материалы ретінде оқулық тақырыптарымен мазмұндық тұрғыдан сабақтас келетін тәрбиелік мәні жоғары мақал-мәтелдер, нақыл сөздер және көркем мәтін үзінділері пайдаланылды. Мысалы, «Қазіргі қоғам құндылықтары» тақырыбын меңгерту барысында бірлік, келісім және отбасы құндылықтарына қатысты мақал-мәтелдер талданып, олардың мағыналық және тәрбиелік мазмұны сынып ішінде талқыланды. Лексикалық тақырыптарды оқыту кезінде тұрақты тіркестердің қалыптасу негізіндегі ұлттық таным элементтеріне назар аударылды. Сонымен қатар әр оқу модулі аяқталған сайын құндылықтар тақырыбына байланысты пікірталас немесе шағын эссе жазу жұмыстары ұйымдастырылып отырды. Бұл тапсырмалар оқушылардың өз көзқарасын білдіруіне және жеке ұстанымдарын пайымдауына ықпал етті.

Эксперимент соңында бастапқы сауалнама қайта жүргізіліп, қорытынды диагностикалық жұмыс алынды. Сандық нәтижелер жинақталған пайыздар мен олардың өзгерісі арқылы сипатталды.

Нәтижелер

Жинақталған есепте «отбасы – Отан – тіл – дәстүр» құндылықтарын бірге атау көрсеткіші эксперименттік топта 58%-дан 83%-ға, бақылау тобында 60%-дан 65%-ға өзгерген. Есептегі пайыздарға сүйенген сипаттамалық өсім тиісінше +25 және +5 пайыздық пунктті құрайды; өсімдер айырмасы +20 пайыздық пунктке тең.

«Ана тілі – ұлттық құндылық» тұжырымымен толық келісу үлесі эксперименттік топта 45%-дан 75%-ға өскен, яғни жинақталған есеп бойынша өзгеріс +30 пайыздық пунктті құраған (Кесте 3).

Кесте 3 – Екі индикатор бойынша жинақталған сипаттамалық деректер

Өлшем және индикатор	ЭТ баст., %	ЭТ соңғы, %	Өзгеріс (п.п.)	БТ баст., %	БТ соңғы, %	Өзгеріс (п.п.)	χ^2; df; p	Талдау мәртебесі
Білім Отбасы – Отан – тіл – дәстүр құндылықтарын бірге атау	58*	83*	+25*	60*	65*	+5*	Есептелмеді	Сипаттамалық
Ұстаным «Ана тілі – ұлттық құндылық» пікіріне толық келісу	45*	75*	+30*	ДЖ	ДЖ	ЕЖ	Есептелмеді	БТ дерегі жоқ

*Ескертпе. ЭТ – эксперименттік топ; БТ – бақылау тобы; бастапқы топ құрамы – әрқайсысында 24 оқушы; п.п. – пайыздық пункт; ДЖ – дерек жоқ; ЕЖ – есеп жүргізілмеді. * Пайыздар бастапқы жиіліктермен расталмаған жинақталған есептен келтірілді; олар түзетілген статистикалық бағалар емес. «Ана тілі – ұлттық құндылық» индикаторы*

бойынша бақылау тобының мәндерін қалпына келтіруге жеткілікті бастапқы жазбалар жоқ. Деректің жоқтығын нөлдік нәтиже ретінде түсіндіруге болмайды. Жарамды 2 × 2 кесте үшін df = 1 болар еді, бірақ бұл кесте бойынша χ^2 пен p есептелген жоқ.

Ұсынылған деректер эксперименттік топтағы жауаптардың оң бағыттағы өзгерісін сипаттайды. «Білім» өлшеміндегі төрт құндылықты бірге атау үлесінің +25 пайыздық пунктке өзгеруі құндылықтық атауларды танудың кеңеюін сипаттайды. «Ұстаным» өлшеміне қатысты толық келісу үлесінің +30 пайыздық пунктке өзгеруі ана тіліне жарияланған оң қатынастың күшеюін сипаттайды. «Тәжірибе» өлшемі жағдаяттық тапсырмалардағы таңдау, сабақтағы әрекет және рефлексия мазмұны арқылы сапалық тұрғыдан сипатталды.

Мысалы, «Достық құндылығы» тақырыбы аясында ұсынылған бірнеше мақалдың ішінен оқушылар өздері маңызды деп есептегенін таңдап, таңдау себептерін негіздеді. Бұл тапсырма олардың сыни ойлау қабілетін дамытуға және жеке құндылықтық басымдықтарын пайымдауға ықпал етті. Оқушылардың бір бөлігі достықты жоғары бағаласа, енді біреулері білім мен ақылдың маңыздылығын алға тартты. Осындай талқылаулар барысында әртүрлі көзқарастар негізінде мазмұнды пікір алмасу жүзеге асып, оқушылардың өзгенің пікірін құрметтеу және өз ойын дәлелдеу дағдылары қалыптаса бастағаны байқалды.

Жазбаша рефлексия тапсырмаларының нәтижелері де оң динамиканы көрсетті. Оқу кезеңінің соңында «Маған рухани күш беретін құндылық» тақырыбында эссе жаздырылды. Эксперименттік сынып оқушыларының жұмыстарында отбасы, тіл және дәстүр құндылықтарына қатысты мазмұнды әрі шынайы ой-толғамдар жиі кездесті. Мысалы, бір оқушы өз эссесінде отбасылық тәрбиенің өмірлік ұстанымына әсерін атап өтіп, отбасының тұлғалық қалыптасудағы рөлін жоғары бағалаған. Мұндай жауаптар оқушылардың құндылықтық пайымының мазмұнын ашатын сапалық мысалдар ретінде қарастырылады. Жұмыстардың толық кодталған жиынтығы мен бағалаушылар келісімі туралы мәліметсіз олардың жиілігіне немесе тұлғалық дамудың шамасына сандық қорытынды жасалмайды.

Эксперимент барысында қазақ тілі сабағында құндылықтық мазмұнды тиімді жүзеге асыру үшін бірқатар педагогикалық шарттардың маңыздылығы анықталды. Біріншіден, мұғалімнің ұлттық мәдениет пен құндылықтарды терең меңгеруі және оларды оқу мазмұнымен үйлестіре алуы қажет. Екіншіден, оқушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарына сәйкес әдістерді қолдану тиімді нәтиже береді. Үшіншіден, құндылықтық тәрбиені жүйелі ұйымдастыру үшін оны мектептің тәрбие жұмыстарымен сабақтастыра жүргізу маңызды. Мысалы,

қазақ тілі мен әдебиеті пәндері аясында өткізілген тәрбие сағаттарын оқу тақырыптарымен байланыстыру оқушылардың құндылықтарды кешенді қабылдауына ықпал етеді. Мұндай ықпалдастық тұрақты құндылықтық бағдардың қалыптасуына ықпал етуі мүмкін және оның ұзақ мерзімді нәтижесін кейінгі өлшемдер арқылы бөлек тексеріледі.

Құндылықтық бағдарды қалыптастыру үдерісі көпдеңгейлі психологиялық-педагогикалық құрылым ретінде қарастырылады. Педагогикалық модельдеу теориясына сәйкес кез келген модель зерттелетін құбылыстың маңызды байланыстары мен құрылымдық элементтерін жүйелеу арқылы жасалады. Осы тұрғыдан алғанда ұсынылған құрылымдық-мазмұндық модель аксиологиялық, тұлғалық-бағдарлы және іс-әрекеттік тұғырлардың бірлігі негізінде құрылған жүйе болып табылады.

Модель құрылымын анықтауда құндылықтық бағдардың үш деңгейлі сипаты басшылыққа алынды. Олар білім, ұстаным және мінез-құлық деңгейлері. Осыған сәйкес модельдің мақсаттық бөлігі құндылықтық сананың қалыптасу көрсеткіштерін айқындайды. Мазмұндық бөлім тілдік бірліктердің құндылықтық әлеуетін жүйелейді. Үдерістік бөлім құндылықтарды ішкі сенімге айналдыратын педагогикалық тетіктерді сипаттайды. Ал бағалау бөлімі алынған нәтижелерді анықтауға мүмкіндік береді.

Модель компоненттерінің өзара байланысы сызықтық емес, өзара ықпалдасқан циклдік сипатта жүзеге асады. Яғни мазмұнды меңгеру, әрекетке көшу, рефлексия жасау және нәтижені түзету кезеңдері өзара сабақтасып, құндылықтық бағдардың қалыптасуына негіз болады. Мұндай құрылым педагогикалық үдерісті басқару логикасына сәйкес келеді және құндылыққа негізделген білім беруді жүйелі әрі нәтижесі айқын үдеріс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Талқылау

Зерттеу нәтижелерін педагогикалық ғылымдағы алдыңғы еңбектермен салыстыра талдау барысында бірқатар ортақ заңдылықтар мен өзіндік ерекшеліктер айқындалды. Ең алдымен, жүргізілген жұмыс ұлттық тәрбие беруде халық ауыз әдебиеті мен тілдік мұралардың маңыздылығы туралы бұрын қалыптасқан ғылыми тұжырымдарды тәжірибелік тұрғыдан нақтылай түседі. Мәселен, С. Сыздықов зерттеулерінде қазақ мақал-мәтелдерінің халықтық тәрбиенің негізгі қайнар көзі екені атап көрсетіледі [8]. Біздің зерттеу нәтижелері де осы пікірді қуаттайды. Эксперимент барысында мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер оқушылардың қызығушылығын арттырып, оларды адамгершілік мазмұндағы мәселелерді талқылауға белсенді тартудың тиімді құралы болғаны байқалды. Сонымен қатар көркем әдебиеттен алынған мәтін үзінділері де оқушылар тарапынан жоғары

қабылданды. Бұл жағдай әдеби шығармалардың тәрбиелік әлеуетін қазіргі білім беру үдерісінде кеңінен пайдаланудың қажеттілігін көрсетеді.

Лингвоаксиологиялық бірліктерді сабақ мақсатына тікелей байланыстыру қажеттілігі оқу бағдарламаларын, сабақ материалдарын және модельді әзірлеуге арналған әдістемелік кері байланысты талдау аясында қарастырылды. Мұғалімдерге қатысты материалдың іріктемесі мен бірыңғай құралы құжатталмағандықтан, одан мұғалімдердің басым бөлігіне немесе мектептердегі қолданылу жиілігіне қатысты эмпирикалық жалпылау жасалмайды. Ұсынылған модельде мақал-мәтелдер мен құндылықтық мәтіндерді сабақтың қосымша мысалы ретінде ғана емес, оқу мақсаты, тапсырма және бағалау өлшемімен байланысқан мазмұндық компонент ретінде қолдану ұсынылады.

Зерттеу нәтижелерін бұрынғы еңбектермен салыстыру барысында білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты айырмашылықтар да ескерілді. Бастауыш сыныптарда ұлттық құндылықтарды меңгертуде халық педагогикасының элементтері тиімді қолданылатыны белгілі [14, 182 б.]. Бұл деңгейде ұлттық ойындар, жұмбақтар мен ертегілер жақсы нәтиже береді. Ал жоғары сынып оқушыларымен жұмыс барысында басқа әдістердің тиімділігі байқалды. Атап айтқанда, талдау, пікірталас, проблемалық сұрақтар қою сияқты әдістер нәтижелі болды. Осыған байланысты құндылықтық тәрбиенің әдістемесін білім алушылардың жас ерекшеліктеріне бейімдеу маңызды екені анықталды. Ұсынылып отырған модельдің ерекшелігі жоғары сынып оқушыларын өздігінен ойлануға және жеке құндылықтық таңдауларын негіздеуге бағыттауында. Бұл тәсіл оқушылардың құндылықтарды саналы түрде қабылдап, оларды ішкі сенімге айналдыруына ықпал етеді.

Зерттеу барысында «тіл – мәдениет – құндылық» өзара байланысының маңыздылығы тағы да нақтыланды. Осы тұрғыдан алғанда ұсынылған лингвоаксиологиялық бірліктер жүйесі мен оларды меңгертудің әдістемелік үлгісін басқа тілдерді оқыту үдерісіне де бейімдеуге болады. Өйткені кез келген тілде сол халықтың дүниетанымы мен бағалау жүйесі тілдік қорда көрініс табады. Бұл мазмұнды білім алушыға жеткізу тілдік құзыреттілікті толық қалыптастырудың маңызды шарты болып табылады.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері құндылыққа бағдарланған білім беру теориясын толықтыра түседі. Атап айтқанда, тілдік білім беру арқылы құндылықтарды қалыптастыру тетіктері модельденіп, олардың педагогикалық мүмкіндіктері айқындалды. Құндылықтарды тек тәрбиелік іс-шаралар немесе насихат арқылы қалыптастыру жеткіліксіз екені анықталды. Күнделікті оқу үдерісіне құндылықтық мазмұнды жүйелі енгізу арқылы ғана тәрбие үздіксіз сипат алады. Бұл қазіргі білім беру жүйесіндегі оқыту мен тәрбиенің бірлігін қамтамасыз ету қағидасына сәйкес келеді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, жүргізілген зерттеу нәтижелері негізінде келесі тұжырымдар жасалды:

1. Оқушылардың құндылықтық бағдарын қалыптастыруда ана тілін оқыту пәнінің мүмкіндігі жоғары екені анықталды. Әсіресе тілдік бірліктердің астарындағы ұлттық дүниетаным мен тәрбиелік мазмұнды ашу арқылы оқыту оң нәтижемен сабақтасатыны қысқа мерзімді сипаттамалық деректер арқылы көрсетілді. Бұл деректер лингвоаксиологиялық бірліктерді жүйелі қолданудың педагогикалық әлеуетін көрсетеді.

2. Лингвоаксиологиялық бірліктер негізінде құндылыққа тәрбиелеудің құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді. Модель құрамына оқыту мақсаттары мен міндеттері, мазмұндық компонент, әдістер мен құралдар, сондай-ақ бағалау өлшемдері енгізілді. Бұл модель оқу үдерісін кешенді түрде ұйымдастыруға мүмкіндік беріп, құндылықтық мазмұндағы білім берудің жүйелілігін қамтамасыз етеді.

3. Педагогикалық эксперименттің жинақталған деректерінде ұлттық құндылықтарды бірге атау және ана тілін ұлттық құндылық ретінде толық қолдау бойынша оң сипаттамалық өзгеріс тіркелген. Бұл нәтижелер «Білім» мен «Ұстаным» өлшемдерінің жекелеген индикаторларына қатысты.

4. Зерттеу барысында қазақ тілі пәні мұғалімдеріне құндылыққа бағдарланған оқытуды жүзеге асыруға бағытталған әдістемелік ұсыныстар жасалды. Атап айтқанда, оқу мазмұнын халық педагогикасы материалдарымен толықтыру, сабақ барысында құндылықтық талдауға арнайы уақыт бөлу, сондай-ақ оқушыларды жобалық жұмыстар арқылы құндылықтарды тәжірибеде қолдануға ынталандыру ұсынылады.

5. Жалпы білім беретін мектептерде ұсынылған модельді тиімді енгізу үшін әдістемелік құралдар әзірлеу және мұғалімдерге арналған арнайы семинарлар мен тренингтер өткізу қажет. Мұғалімдердің аксиологиялық құзыреттілігін дамыту құндылыққа бағдарланған білім берудің маңызды шарттарының бірі болып табылады. Осыған байланысты болашақта «Тіл және құндылық» тақырыбы бойынша арнайы курс бағдарламасын әзірлеу қажеттілігі туындайды.

Зерттеудің теориялық нәтижесі – лингвоаксиологиялық мазмұнды оқыту мақсаты, әдістер және бағалау өлшемдерімен байланыстыратын модельдің әзірленуі. Эмпирикалық нәтижесі – модель қолданылған кезеңдегі екі индикатордың сипаттамалық динамикасы. Алдағы зерттеуде бастапқы жауаптарды толық сақтау, диагностикалық құралды тексеру, бірнеше сынып пен мектепті қамту және үш пен алты айдан кейінгі өлшемдер арқылы нәтижелердің сақталуын бағалау қажет. Сонымен бірге лингвоаксиологиялық тапсырмаларды цифрлық білім беру ресурстарына кіріктіру жеке зерттеу бағыты ретінде қарастырылады.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижесінде жоғары сынып оқушыларының құндылықтық бағдарын лингвоаксиологиялық мазмұн негізінде қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік моделі ұсынылды. Аталған модельді қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында және тәрбие жұмыстарында қолдану оқушылардың тілдік білімін тереңдетумен қатар, олардың ұлттық құндылықтарды құрметтеу және адамгершілік қасиеттерді бағалау деңгейін арттыруға мүмкіндік береді деп тұжырымдауға болады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Тоқаев Қ. Қ. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі [Электрондық ресурс]. – Астана: Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. – URL: https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adilettikazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959 [қаралған күні: 09.07.2025].

[2] Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10–11-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы, 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 және 2023 жылғы 5 шілдедегі № 199 өзгерістерімен. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033600

[3] Komilova G. R. Formation and development of axiolinguistics // International Journal on Integrated Education. – 2020. – Vol. 3, No. 9. – P. 128–131. – https://doi.org/10.31149/ijie.v3i9.602.

[4] Табылдиев Ә. Ұлттық тәрбие иірімдері. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 94 б.

[5] Zerkina N., Lomakina A., Kostina N. Axiological Linguistics and Foreign Language Teaching // Procedia – Social and Behavioral Sciences. – 2015. – Vol. 199. – P. 254–260. – https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2015.07.514.

[6] Ермекбаева М. А., Кенжалин Қ. Қ., Қапантайқызы Ш. Өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі мақал-мәтелдердің педагогикалық құндылығы // Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2024. – Т. 74, № 3. – 5–16 бб. – https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.74.3.031.

[7] Мұхаметжанова А. О., Тлеуберлинова Э. Б. Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың педагогикалық шарттары // Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2024. – Т. 72, № 1. – 120–129 бб. – https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.72.1.035.

[8] Сыздықов Қ. Ә. Мақал-мәтелдер – ұлттық тәрбие бұлағы // ҚазҰУ хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы. – 2018. – № 3 (56). – 13–19 бб.

[9] Кавакли М. Тұлғаның құндылықтық бағдарларын қалыптастыру арқылы қазақ тілін оқыту әдістемесі (5–7-сынып): PhD диссертациясының автореферат. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2022.

[10] Құрманбай Ғ. Сөзтәрбие: мақал-мәтелдер тағылымы. – Астана: Фолиант, 2011. – 49 б.

[11] Жарықбаев Қ. Б., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995. – 352 б.

[12] Ұзақбаева С. А. Тамыры терең тәрбие: қазақтың халық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие. – Алматы: Білім, 1997. – 200 б.

[13] Kırkgöz Y. Values Education in Foreign Language Curriculum through the Eyes of Pre-Service Teachers // Journal of Educational Leadership and Policy Studies. – 2021. – Vol. 5, No. 1. – P. 1–17.

[14] Сарқанбаева Г. Жаңартылған білім беру жағдайында болашақ мұғалімнің этнопедагогикалық даярлығы // Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2022. – Т. 64, № 1. – 182–192 бб. – https://doi.org/10.48371/PEDS.2022.64.1.013.

REFERENCES

[1] Toqaev Q. Q. Memleket basshysy Qasym-Zhomart Toqaevtyń Ulttyq quryltaídyń «Ädiletti Qazaqstan – Adal azamat» atty ekinshi otyrysynda söilegen sözi [Speech of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev at the second meeting of the National Kurultai "A Just Kazakhstan – An Honest Citizen"] [Electronic resource]. – Astana: Official website of the President of the Republic of Kazakhstan. – URL: https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adilettikazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959 [Qaralgan kuni: 09.07.2025]. [in Kaz.]

[2] Qazaqstan Respublikasy Oqu-aǵartu ministrligi. Qoǵamdyq-gumanitarlyq baǵyttaǵy 10–11-synyptarǵa arnalǵan «Qazaq tili» oqu päniniń ülgilik oqu baǵdarlamasy [Model curriculum for the Kazakh language subject for Grades 10–11]. – Astana: Y. Altynsarin National Academy of Education, 2022. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033600 [in Kaz.]

[3] Komilova G. R. Formation and development of axiolinguistics // International Journal on Integrated Education. – 2020. – Vol. 3, No. 9. – P. 128–131. – https://doi.org/10.31149/ijie.v3i9.602.

[4] Tabyldiev Ä. Ulttyq tärbie iirimderi [Contours of national upbringing]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2001. – 94 p. [in Kaz.]

[5] Zerkina N., Lomakina A., Kostina N. Axiological Linguistics and Foreign Language Teaching // Procedia – Social and Behavioral Sciences. – 2015. – Vol. 199. – P. 254–260. – https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2015.07.514.

[6] Ermekbaeva M. A., Kenzhalin Q. Q., Qapantaiqyzy Sh. Öskeleń urpaqty tärbieleudegi maqal-mätelderdiń pedagogikalyq qundylyǵy [Pedagogical value of proverbs and sayings in educating the younger generation] // Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Series "Pedagogical Sciences". – 2024. – Vol. 74, No. 3. – pp. 5–16. – https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.74.3.031. [in Kaz.]

[7] Mukhametzhanova A. O., Tleuberlinova E. B. Bastauysh synyp oqushylaryna ulttyq qundylyqtardy qalyptastyrudyń pedagogikalyq sharttary [Pedagogical conditions for forming national values in primary school students] // Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Series "Pedagogical Sciences". – 2024.

– Vol. 72, No. 1. – pp. 120–129. – https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.72.1.035. [in Kaz.]

[8] Syzdyqov Q. Ä. Maqal-mätelder – ulttyq tärbie bulaǵy [Proverbs and sayings as a source of national education] // QazUU habarshysy. Pedagogika ǵylymdary seriiasy [Bulletin of Al-Farabi Kazakh National University. Educational Sciences Series]. – 2018. – No. 3 (56). – pp. 13–19. [in Kaz.]

[9] Kavakly M. Tulǵanyń qundylyqtyq baǵdarlaryn qalyptastyru arqyly qazaq tilin oqytu ädistemesi (5–7-synyp) [Methodology of teaching Kazakh through the formation of personal value orientations in Grades 5–7]: PhD dissertation abstract. – Almaty: Abai KazNPU, 2022. [in Kaz.]

[10] Qurmanbai Ǵ. Söztärbie: maqal-mätelder taǵylymy [Word education: lessons from proverbs and sayings]. – Astana: Foliant, 2011. – 49 p. [in Kaz.]

[11] Zharyqbaev Q. B., Qaliev S. Qazaq tälim-tärbiesi [Kazakh pedagogy]. – Almaty: Sanat, 1995. – 352 p. [in Kaz.]

[12] Uzaqbaeva S. A. Tamyry tereń tärbie: qazaqtyń halyq pedagogikasyndaǵy estetikalyq tärbie [Deep-rooted upbringing: aesthetic education in Kazakh folk pedagogy]. – Almaty: Bilim, 1997. – 200 p. [in Kaz.]

[13] Kırkgöz Y. Values Education in Foreign Language Curriculum through the Eyes of Pre-Service Teachers // Journal of Educational Leadership and Policy Studies. – 2021. – Vol. 5, No. 1. – pp. 1–17.

[14] Sarqanbaeva G. Zhańartylǵan bilim beru zhaǵdaiynda bolashaq muǵalimniń etnopedagogikalyq daiarlyǵy [Ethnopedagogical training of a future teacher under updated education] // Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Series “Pedagogical Sciences”. – 2022. – Vol. 64, No. 1. – pp. 182–192. – https://doi.org/10.48371/PEDS.2022.64.1.013. [in Kaz.]

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ МОДЕЛЬ ФОРМИРОВАНИЯ ЦЕННОСТНЫХ ОРИЕНТИРОВ СТАРШЕКЛАССНИКОВ НА ОСНОВЕ ЛИНГВОАКСИОЛОГИЧЕСКИХ ЕДИНИЦ

*Мұхиддинова Г.А.[1], Есенова К.У.[2], Алмауытова А.Б. [3], Сейтова Б.Б [4]
*[1,3]Кызылординский университет имени Коркыт Ата,
Кызылорда, Казахстан
[2,4] Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье рассматриваются научно-методические основы системного использования лингвоаксиологических единиц в формировании ценностных ориентиров старшеклассников. Актуальность исследования обусловлена тем, что в условиях обновленного содержания образования возрастает значение ценностного воспитания, однако способы реализации аксиологического потенциала языковых единиц на уроках казахского языка остаются недостаточно систематизированными. Цель исследования – разработать структурно-содержательную модель ценностно-ориентированного обучения на основе лингвоаксиологического

содержания и экспериментально проверить ее эффективность. Исследование опирается на аксиологический, личностно-ориентированный и деятельностный подходы. Материалом послужили программы, учебники, тексты и упражнения по казахскому языку для 10–11 классов. Применялись методы содержательного анализа, моделирования, анкетирования, наблюдения, анализа письменных работ и сравнительно-статистической обработки результатов эксперимента. Предложенная модель построена на взаимосвязи целевого, содержательного, процессуального и оценочно-рефлексивного компонентов и позволяет комплексно оценивать результат по показателям знаний, установок и опыта. В педагогическом эксперименте приняли участие 48 учащихся 10 класса, поровну распределенных между экспериментальной и контрольной группами. В экспериментальной группе наблюдалась положительная описательная динамика в понимании национальных ценностей, уважении к родному языку и учебной мотивации. Несоответствие агрегированных процентов численности групп и отсутствие данных по одному индикатору контрольной группы не позволили достоверно рассчитать χ^2 и p, для предполагаемой бинарной межгрупповой таблицы df = 1. Результаты интерпретированы как краткосрочная положительная тенденция. Научная ценность исследования состоит в объединении аксиологического потенциала языковых единиц с содержанием обучения, активными методами и средствами оценивания в единой системе. Практическая значимость заключается в возможности применять модель для целенаправленной организации, оценивания и педагогического управления ценностным воспитанием на уроках казахского языка и литературы.

Ключевые слова: лингвоаксиология, ценностные ориентиры, ценностно-ориентированное обучение, структурно-содержательная модель, аксиологический подход, языковые единицы, педагогический эксперимент, старшеклассники

A PEDAGOGICAL MODEL FOR DEVELOPING VALUE ORIENTATIONS OF HIGH SCHOOL STUDENTS BASED ON LINGUO-AXIOLOGICAL UNITS

*Mukhiddinova G.A.[1], Yessenova K.U.[2], Almauytova A.B.[3], Seyitova B.B.[4]
*[1,3]Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan
[2,4]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. The article examines the scientific and methodological foundations for the systematic use of linguo-axiological units in developing the value orientations of high school students. The relevance of the study is determined by the growing importance of value-based education within the updated curriculum, while the ways of realizing the axiological potential of linguistic units in Kazakh language classes remain insufficiently systematized. The study aims to develop a structural and content-based model of value-oriented

teaching grounded in linguo-axiological content and to verify its effectiveness experimentally. The research draws on axiological, learner-centered, and activity-based approaches. Its materials include Kazakh language curricula, textbooks, texts, and exercises for Grades 10–11. The methods comprise content analysis, modeling, questionnaires, observation, analysis of students' written work, and comparative statistical processing of experimental results. The proposed model integrates goal-oriented, content, procedural, and evaluation-reflective components and enables comprehensive assessment through indicators of knowledge, attitudes, and experience. The pedagogical experiment involved 48 tenth-grade students equally divided between experimental and control groups. The experimental group showed a positive descriptive trend in understanding national values, respecting the native language, and learning motivation. Inconsistencies between the aggregated percentages and group sizes, together with missing control-group data for one indicator, prevented reliable calculation of χ^2 and p, the proposed binary between-group table would have df = 1. The findings were therefore interpreted as a short-term positive trend. The scientific value of the study lies in integrating the axiological potential of linguistic units with instructional content, active methods, and assessment tools in a unified system. Its practical significance is that the model can support the purposeful organization, assessment, and pedagogical management of value-based education in Kazakh language and literature classes.

Keywords: linguo-axiology, value orientations, value-oriented instruction, structural-content model, axiological approach, linguistic units, pedagogical experiment, high school students

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 13.02.2026.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 26.06.2026.

Авторлар туралы мәлімет:

Мұхиддинова Гүлжанат – докторант, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан, e-mail: guljdil@mail.ru, https://orcid.org/0009-0002-9902-8590

Есенова Қалбике – филология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: kalbike_65@mail.ru, https://orcid.org/0000-0001-7402-3625

Алмауытова Әсия – филология ғылымдарының кандидаты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» білім беру бағдарламасының қауымдастырылған профессоры, Қызылорда, Қазақстан, e-mail: almauytova73@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-4719-4685

Сейітова Бағдагүл – докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: seyitova.bagdagul@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-1706-1988

Информация об авторах:

Мұхиддинова Гүлжанат – докторант Кызылординского университета имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан, e-mail: guljdil@mail.ru, https://orcid.org/0009-0002-9902-8590

Есенова Калбике – доктор филологических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан, e-mail: kalbike_65@mail.ru, https://orcid.org/0000-0001-7402-3625

Алмауытова Асия – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор образовательной программы «Казахский язык, литература и журналистика» Кызылординского университета имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан, e-mail: almauytova73@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-4719-4685

Сейитова Багдагул – докторант Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан, e-mail: seyitova.bagdagul@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-1706-1988

Information about authors:

Mukhiddinova Gulzhanat – Doctoral Student at Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan, e-mail: guljdil@mail.ru, https://orcid.org/0009-0002-9902-8590

Yessenova Kalbike – Doctor of Philological Sciences, Professor at Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: kalbike_65@mail.ru, https://orcid.org/0000-0001-7402-3625

Almauytova Assiya – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of the Educational Program “Kazakh Language, Literature and Journalism” at Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan, e-mail: almauytova73@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-4719-4685

Seyitova Bagdagul – Doctoral Student at Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: seyitova.bagdagul@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-1706-1988

Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ
ХАБАРШЫСЫ
«ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ» сериясы

ИЗВЕСТИЯ
КазУМОиМЯ имени Абылай хана
серия «ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ»

BULLETIN
of Ablai Khan KazUIRandWL
series «PEDAGOGICAL SCIENCES»

T., Vol. I
3 (82) 2026
ISSN 2412-2149 (Print)
ISSN 2710-3269 (Online)
pedagogika.bulletin@ablaikhan.kz

«Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ» АҚ «Полилингва» баспасында басылып шықты
«Баспа авторлық құқық материалдарының мазмұнына және фактілерді
жариялауға байланысты кепілдіктер бермейді, мақалалар нәтижелері
туралы деректер және басқа ақпараттар туралы мәліметке жауапты емес»

Отпечатано в издательстве «Полилингва» АО «КазУМОиМЯ имени Абылай хана»
«Издательство не несет ответственности за содержание авторских материалов и
не предоставляет гарантий в связи с публикацией фактов,
данных результатов и другой информации»

Ответственный за выпуск журнала
директор издательства:
Б.А. Есенгалиева

Технический редактор,
компьютерная верстка:
Б.С. Кынырбеков

Подписано в печать 29.09.2026 г.
Формат 70х90 1/8. Объем 92.00 п.л.
Заказ № 3712. Тираж 300 экз.

Издательство “Полилингва” КазУМОиМЯ имени Абылай хана
050022, г. Алматы, ул. Муратбаева, 200
Тел.: +7 (727) 292-03-84, 292-03-85, вн. 24-18
E-mail: kazumo@ablaikhan.kz, ablaikhan@list.ru